ӘЗ 2
С52




СОФЫ СМАТАЕВ

# АЛАУ

Каз 2
С 52

СОФЫ СМАТАЕВ

# АЛАУ

ПОВЕСТЕР

222 40.

"ЖАЗУШЫ" БАСПАСЫ. АЛМАТЫ - 1974

С 52

Центральная

**Сматаев Софы**

С 52 "Алау" Повестер. Алматы "Жазушы",1974

200 бет.

Бұл жинақ жазушы Софы Сматаевтың үшінші кітабы. Жинаққа автордын әр жылдары жазылған үш повесі енін отыр. " Бәсер, Айкүміс және басқалар", "Алау" повестерінде қазақ жұмысшыларының туу, қалытасу, өсу кезеңдері суреттелсе, «Бір күй бар» повесінде атақты халық композиторы Біржан сал өмірінің ең соңғы аянышты сәті бейнеленген.

Кітаптың тілі құнарлы, жеңіл оқылады.

**Қаз 2**

0733 129 / М 402 (07) 74 24—74

© «ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, 1974

# БӘСЕР, АЙКҮМІС ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

## БІРІНШІ ТАРАУ

*- Күй.-Жұмыс істеуім керек.-Қарағұл және оның колхоздан қашу себебі.- Бәсер деген кім?*

Қызыл іңір. Қараңғылық қоюланып келеді. Шамы жағылмаған төрт қанат жолым үйдің іші қаракөлеңке, күңгірт. Тыстағы бір-екі күннен бері тынбай сіркіреп тұрған ақ жауын осы кештің көңілсіз тірлігін көбейте түскендей. Шылп-шылп сорғалап тылсымдай жұмбақ, әрі таусылмас, әрі бітпес бір сарынымен сөйлеп кеткендей, Ыс басқан ескі туырлықтың әр жер, әр жерінен тамшы ағып, онсыз да сұрықсыз кешкі көрініске жүдеулік енгізеді. Оң жақтағы ағаш төсектің тұсындағы брезент кенептен жамау салынған туырлық қана әзірше төтеп беріп тұр. Ол тұс құрғақ. Берекесі кеткен киіз үйдің ішіндегі «жұмақ» бұрышы да сол.

Жүктің алдындағы ескі сырмақтың үстінде арқасын төсекке сүйеп, иығына қалың күпісін желбегей жамылып алып әкем отыр. Малдасын құрып алғанда, қос тізесінде қос бала отырғандай қомақтанып көрінеді. Еңгезердей үлкен кісі. Түсі суық. Шүңірек көздің жарлауытынан қалың қабақ төніп тұрады. Зәуіде бір оқшырая қадалғанда әлгі қабақтар кіші-гірім мұрттай боп тікірейіп жүрегіңді алады.

Киіз есікті серпи ашып шешем бір кіріп, бір шығады. Қима шапанын қаусырмалай киіп, белін шүберекпен байлап алыпты. Үн-түнсіз отырған әкелі-балалы екеуміз-кезек-кезек карап қойып, бірде тезегін, бірде қара қазаның әкеліп кешкі тірлік қамында қыбырлап жүр.

Есік ашылған кездерде жарты шақырымдай жердегі «Жүндінің» тұмсығы қарауытып қана көрінеді. Ымырт жабылып, жаңбыр күшейген сайын сол төбе алыстап,

жым-жырт мелшиіп, қою қараңғылыққа бірте-бірте сіңіп манағы ап-анық тұлғасын өзгертіп, жоғалып бара жатады.

Әкем қара домбырасын алды. Сабаудай-сабаудай он саусақ қалақшадай ғана кішкене ағаштың өнбойын аралап жүгірІп кетті. Жолым үйді күй тербетті. Көңілсіз тірлікті үркіте келген қоңыр үн. Кейбіреулердей домбыраның шанағын сындырып жіберердей салдыр-гүлдір қағатын әдет әкемде жоқ. Ұзын саусақтарын еппен қозғап, майда шертіп, нәп-нәзік қоңырлатады. Осы ырғақ, осы саз көпке дейін үзілмейді. Тереңнен сәл-сәл дірілдеп кеудеме әлдебір мұң ұялайды. Сырт қараған адамға бұл күйде оншалық әсер қалдырар ерекшелік те жоқ шығар, Бірақ ес білгеннен естігенім осы күй болғандықтан ба, бұл саз маған етене жақын.

Күй ұзақ. Сырттағы жаңбырдың күйі одан да ұзақ, Бірімен бірі тайталасып қап, артынша ортақ тіл табысып, іштей мені серпілтіп әкетеді.

Құлағым күйде. Көзім әкемде. Ол да мені бағып қапты. Мынау тұлабойымды ұйытып бара жатқан күйімен тек маған ғана бір сырды арнап айтатын тәрізді. Содан ба, әкемнін баяу ырғақты әңгімесін ап-анық еститіндей қыбыр етпеймін.

Суық күндердің салқын ызғары шалған қатпар-қатпар тірліктің керуені алыстап кетіпті. Тапқаны не екен, ұтқаны не екен? Қырдан қылт еткен алтайы түлкідей аз Дәурен бәйшешек гүлдей, мамырын сағынып отыр ма. Суыққа шалынғанын сезініп, бой көтерер көктемін аңсайма. Ғұмыр атты саят пәнидің олжасы қанша? Өкініші қанша? Күйкі тірлікпен күйбеңдеген көңілдің қосқаны көп пе, жоғалтқаны мол ма? Дауыл соққан кәрі ағаштай еңсесін көтеріп келіп-қеліп, бір күні күрт құлар ма? Сонда көлеңкесін саялап өскен бір шынар күн көзінде еркелеп, жапырағын жаяр ма? Кім білсін. Апырай, осы кәрі жүрегі құрғырдын кей- кейде бүлк етіп бұлқына соғатыны несі екен. Сонау күнгейі алыстап кеткен ай астында алтыбақан құрған тәтті шағы есіне неге жиі-жиі түсе береді екен. Сыландап, шолпысы шылдырап қай бір қыз мұны емексітіп еді. Қорбаң-қорбаң қимылын, арбаң-арбаң аюдай денесін оңаша қызықтап, оңаша шымшылаған бірен-саран көңілшек жеңгейлері ғана болмаса, іңкәрлік дүниесінен бал шырын сордым дей алмас-ау. Әй, өнбеген іс, өрістемеген киял, аяқ- қолды матап, адымды аштыр-

май барасың. Белесі көп, бедері көп өткеннің белгіленіп, атой салып тұрар белгісі шамалы. Тобылғысы мен қарағаны, бетегесі мен бидайығы тұнған сар далада жыбырлап ізім қалды демесең, көңілді көншітіп, жаныңды жадыратып кетерліктей не тындырдың. Әуелде маңдайыңа жазылған болмыстың өз жолымен, өз жөнімен кете беріпті. Шіркін-ай деген! Ең болмаса, жаутаң көз, жылы қабақ сол бір бойжеткеннің оңаша төгілер сырын да білмей кетіпті-ау! Таң атар-атпастан оң жақтан отау тігіп ұзатылар жат жұрттыққа жаралған қапалы қыздың ақырғы түнін үнсіз егілген ып-ыстық жасымен қарсы алғанында, ретін тауып қасына да бара алмап еді ғой. Күйіс қайырған жырық ерін сары атанның оң бүйіріне сүйеніп отырып, қой күзетіп атырып еді-ау сол атпай қалғыр таңды. Әміркен кебісі жылтырап, қос етекті шәйі көйлегі бұрала толқып, туған үйінен түнере шыққан қыздың күңіренген үні әлі күнге дейін құлағынан бір кетті ме. Тап сонда құлазыған үнде қарғыс атқан нала сызы леп бермеп пе еді. Сол ызғар бұның да кеудесіне түсіп, өмір бойы бір жадыратпай, көңілді тоң қылып басып еді ғой. Жер ортадан асқанда ТОЗ деген әрекет басы боп өзгеше тірлік келді. Маңай өзгерді, тұрмыс түзелді, бірақ қатқан көңілдің иі табылмады. Сол бір түн жанының бар қалтарысын құлыптап, ашылмас берік тас қорғандай мелшитіп кетті. Томаға тұйық мінезі жұмыскер болып, күрек көтеріп, атаққа ілініп жүрсе де, бұрынғы қалпын бір бұзбайды. Емірентіп кетер ме деген жалғыз ұлына да қаталдау. Ішінен белгісіз күймен құлап түсердей босаңсып кетер сәттерінде де бағасын бермес суық сырты түсін өзгертпейді. Өбектеген ұлдан өжеттік шығар ма, тәйірі. Табанын тас тіліп, маңдайын күн қағып өскен ұлан-ұлан ғой. Ондай ұлдың талайы артық, талабы үстем. Жазған, осы бәйбішенің мінезі-ай! Отасқалы жиырма жылдай болыпты. От басы, ошақ қасы күйбеңде, «ей» деп алдына бір келмепті-ау. Қасиеті ме, қасіреті ме бұл байғұстың. Әй, қайдам, іштен тынып қапаланып қана қоя ма екен. Қайтсін, сыбырласып, сыр ашып дегендей күңкіл, шүңкілді о баста шығармай келіп, енді қалай ақтарылар. Дүние-ай!..

Домбыра бір сарыннан ауыспайды. Әкемнің аяқ жағында үнсіз тыңдап жатырмын. Ойлап жатырмын. Қоңыр әуен күй емес сыр төгетіндей. Дәл сонда әкемнің еш уақытта айтылмай келген ұзақ-ұзақ әңгімесін анық ести-

мін. Сол шақты бітіпесе, созыла берсе, жалғаса түссе екен деп отырмын.

Шешем тезегін қалап, үйдің ортасына от жақты. Бақанмен көтеріп түңліктен түтін шығатындай саңылау жасады. Қара мосыға асылған қара шәугімнің түбін жалап өтіп, жұлым-жұлым қызыл жалын сумандай түседі. Сумаңдай түсіп және жалп етіп басылады. Су тиген тезектің жануынан бықсуы көп. Көк түтін көз ашытып ұйлығып тұр. Жауын сабалаған саңлаудан шығар емес.

Көсеуімен отынды қағыстырып, түртіп-түртіп жіберіп апам әбігер. Еңкейіп барып үрлеп қояды. Шашалып,тұншығып жатыр. Сонда да сабырынан айрылып, дегібірі қашар емес. Жаулығының қайта-қайта сусып түсе берген екі шетін шапанынын өңіріне қыстырып, бір үрлеп,бір түрткілеп отырып, отты - маздата жақты. Қараңғылық сейіліп, бұрыш-бұрышқа қашып тығылды, үй ішіне әжептауір көңілділік кіріп, қоңырқай тірлік орнады.

Әкем домбырасын әлі шертіп отыр. Тіп-тік кеудесін қаққан қазықтай шаншып ап, мелшиіп қадалып қалған қос жанарында қос ұшқын бұлдырайды. Ол да тәлтіректеп, ол да күшейіп кетеді.

Шәйнектегі су қайнады. Шүмектен атқып кеткен бірер тамшы қып- қызыл шоққа тиіп, быж-быж етті де тынды. Күй де тоқтады.

Алдымызға шай келді. Үшеуміз әлі үнсізбіз. Сораптап тартып, ысылдап ішеміз. Бейуақ шақтың осы бір айнымас машықтай әдетіне айналған бұл отырысымыз жайшылықтағыдай үнсіз аяқталар деп едім, әкем ол салтымызды бұзды. Қолындағы кішкене кеседегі шайды шайқан-шайқап отырып суытып алды да, бір ғана қылғытып жұтып жіберді. Әдетінше қисая кетер деп жастық әперуге тұра беріп ем, оң колымен иығымнан басып отырғызып қойды. Апам екеуміз қарап қаппыз. Үндемейміз. Әкем отырып-отырып бетіме қарады. Ұзақ қарады. Қысылып барам. Сексеуілдің шоғындай жылтыраған жанардың қызуын сезінем бе, бүрісе түсем. Әкем көп сөйлеген жоқ, бұйрық еткендей шолақ қайырды.

- Әйкеш; жұмыс істейсің енді.

Мұғалімдерімді шулатып жүріп, дәл сол мың тоғыз жүз қырқыншы жылдың жазында ауылдың орта мектебін бітіріп едім. Енді бір емін-еркін дем алам ба деп жүрген маған әкемнің бұлтартпас бұйрығы сарт етіп кеп қылмойынға оралған бұғалықтан да кем сезілмеді.

Қарсы айтар дәрмен қайда. Маңдайдан бұрқ ете қалған ащы терді сүртіп тастауға да шамам жоқ. Кесемді қысып-ұстап алыппын. Мелшиіп отырып қалып, жай ғана күбір еттім:

- Істейін...

- Айтарын айтсам да, ішім біртүрлі ашып қоя берді.

Ертеңінде тұра алсамшы. Басымда бақырып әкем тұр. Қасымда құрақ ұшып шешем жүр. Бірі «жатыпішер» десе, бірі «құлыным» дейді. Мені шарпып та, сипап та жатқан осы үндер.

Киіне беріп төсегіме қарағаным. Көңілшектікті қойсаңшы, құс жастықты қия алмадым. Буын-буыным босап, керуетіме сылқ етін отыра кеттім. Әбүйір болғанда, кемсеңдеген иегімді әкемнің өткір көзі шалмаса керек. Сезімтал ғой шеше шіркін. Айналып, толғанып үстіме түсіп барады.

- Не болды?!- деп жұмсақ алақаны басымды сипады, мандайымды сипады.- Ойпырай, ауырып қалған жоқсың ба, етің күйіп тұр ғой?

— Екі шекем солқылдап, әкетіп барады, апа.

— Жұмысы құрысын, жатшы, қисайшы, құлыным! - деп апам байек таппай құрақ ұшып жүр,

Әкем үнсіз. Еңгезердей денесін екі бүгіп, доғадай иіліп тұрған қалпында алғашқы қатулы қабағын ашпайын-ақ десе де, аурулығым оның да осал жеріне тиген тәрізді. Түсі жылымаса да, «көңілшек» қолдары көрпемді қымтап, жастығымды түзеп жүгіріп кетті. Ыңқылдаған боп, қолымның астынан білдірмей қарап қоям.

- Бар болғыр, бүгінше жатсын. Тап ертең ауырмақ түгіл одан арғысы болса да, жұмысқа айдап апарам,- деп әкем бұрылып шығып кетті.

- Бір жолға құтылдым. Маңдайымнан бір иіскен алып шешем де шықты. Қатып ұйықтап кетіппін, бір кезде танауым жыбыр-жыбыр етіп, берекем қашып ояндым. Басымда жерден жеті қоян тапқандай ырғай мойын, қазық бас жігіт Қарағұл отыр. Ыржың-ыржың, екі езуі екі құлағында.

- Қасқа, қашаңғы жата бересің,- дейді ол әлі де болса қолындағы қауырсынды танауыма жақындата беріп.

- Жамбас өзімдікі,-деп шалқама аунап түстім. Мінезінде де, істеген ісінде де береке жоқ судырлақ жігітті үлкендердің жақтырмай жазғыра сөйлеуін көп естігендік-

тен бе, кейбір байыбы аз, байбаламы көп қылықтарын сырттай қызықтасам да өз ішімде Қарағұлға деген салқындық сызы бар сияқты. Сондықтан да жақындығымыз шамалы. Біз отырған рудниктен таяқ тастам жердегі «Үлкенбұлақ», «Ақжартас» колхоздарының құрылғандарына бес-алты жыл өтсе де, мүшелерінің қатары құтаймай-ақ қойды. Жаз жайлауды сағынса, барлы-жоғын тиеп алып колхоз қайдасын деп тартып отыратындардың алғашқы шаңын бұрқырататын да, күз түсе өндірістің жылы үйін аңсап, кері шұбыратын көштің бірінші сүрлеуін салатын да дәл осы Қарағұл. «Әй, енді келсең маңайыма жолатпаспын» деп басқарма қалады... «Бәрі өзімнен, неге алдым жұмысқа. Осы да кадр ме? Жоспарды қайттім?» деп бармағын тістеп бастық бүлінеді. Ауыл үй, ағайын ұрсып та, ұялтып та сөйлеген. Дес берер Қарағұл ма. Күн жылт етіп, жер көгере баяғы әдетін бастайды. Жалғыз сиырды сықырлауық арбаға тіркеп қойып, туырлықтарын тиеп жатқаны. Оны көріп басқалар қайтып құтырмасын. Қайтқан қаздай сап түзеп тізіліп кеп береді сонсоң...

— Әй жарайды. Болмашыға түс шайыспайық,- деп Қарағұл ырыққа көне кетті. Енді байқадым. Қаракөлеңкеде көрмеппін, көзінің дәл алдында жұдырықтай ісік тұр екен.

— Ей, мынауың не?

— Сұрама, мұның қызығы бар. Таңдайым кеуіп барады. Бір жұтым қымызың бар ма?

Орнымнан атып тұрдым. Сұрағанын бермесең, қанша суыртпақтасаң да сыр ашпайтын жайы өзіме белгілі. Тостағанды толтырып ұсындым. Қарағұл құя салды ма, төге салды ма, заматта бос тостағанды қолыма ұстата берді.

— Бала, енді қызығымды айтайын.- Қарағұл еңбектеп барып іргені түріп ашты да,- көрдің бе құланы,- деп маған бұрылды.

Құла - «Үлкенбұлақ» колхозының басқармасының тақымынан бір босамайтын атақты ат - біздің үйдің жанында қаңтарулы тұр екен. Басқаны құланың маңына жолатпайтын басқарманың тапа-тал түсте дәл мына Қарағұлға мінгізіп жіберуіне есім кете таң қалдым. Қарағұл құланы мақтап ала жөнелді.

— Жорғасы сұмдық! Су төгілместің нақ өзі. Жүрісі. білінбейді-ау!. Көптен тісімді басып жүр едім, ой майпаңдаттым-ау бір. Бұған ба, бұған бұл атырапта пар ке-

летін ат жоқ. Алты айлықты алты-ақ аттаттым кеп,- деп жігітім қарқылға басты.

- Жөндеп айтсаңшы адамның діңкесін құрытпай,- деп шала бүлініп мен отырмын.

- Әңгіме былай: кеше жұмыстан шаршап оралып, тамақ ішпестен жатып қалып, қиял ойладым, (Сен менің өгіз жетектейтінімді білесің ғой.) Әлгі Садырдың өзі бір ит. Соқаның тұтқасынан ұстап мықшиып кеп жармасқан-
да бір шаршамайды. Ышқыры төмендеп, мұрнынаң сорасы ағып келе жатса да, тоқтамайды-ау. Әбден ит-әлегім-
ді шығарды. Өгіз дейтін оқалақ келгіріңнін кесірлігін қайтерсің. Аяғын санап басып қыбырлайды. Ышқышып-ышқынып кеп, олай да бұлай тартамын. Өгіз итің бір ғана соқаны сүйретсе, мен өгіз бен соқаны қабат сүйреп әбдей зықым шықты. Қойшы, сонымен батар күнді қолыммен көкжиектегі ұясына қондырғандай болып жүріп,
жатыр орныма да тәлтіректеп жеттім-ау. Түн ортасы ауа жұмыстан босаудың амалын ойлап таптым. Мысық жүріспен аяғымның ұшынан басып білдірмей тұрып барып, қостың жанында жатқан мойынтұрықтың самияндарын тығып тастадым. Сөйттім де, дүниені төрт шарлап келгендей алқына басып орныма жақындадым, жақындағаным құрысын, нанасын ба, төсегімде үрпиіп шайтан отыр. Жаным мұрнымның ұшына келді. Буын-буыным босап қыбырладым да қалдым.

- Карашжан!- дейді әлгім сыбырлап. Сөйтсем, Садырдың тоқалы - Әсия. Әйкеш, сен күлкішіл келіншек-. терді білетін шығарсың. Қынай бел камзолын киіп, қызыл желегін бүркеніп шыққанда анау-мынау қызыңнан артық. Әсем бұралып, әсерлене сөйлер сол шіркіндерді қалай ғана жек көрерсің. Аппақ тістеріне шейін күлдіре қарап, ойнақшыған көздің әлде не күткен сыңайымен ет жүрегіңді бір бүлк еткізер сәтін өмір бойы ұмытарсың ба.

Әсия да солардың бірі. Бірақ дәл осы келіншек

ойымнан бір кетпейді. Мен сол Әсияны бірге жүріп те сағынатын сияқтымын. Оның әдемі жүзі, сұңғақ денесі, қып-қызыл ерні - бәр-бәрі көз алдымда тұрады да қояды. Үнемі жүдеу тартып тұратын кескіні де маған қатты ұнайтын. Сондай жанның әкесіндей адаммен тұрмыс құрғанын көргенде, бір жақсыға балаған қымбаттым құрбан болғандай сезінем. Сәкеңнің қыжырта естілер үні жеткенде, жотасына қамшы тиген көк шолақтай оқыс

селк етіп, шошып қалатынын талай көрдім де. Жүздегі айықпай түскен жүдеулік сол халіне деген наразылық наласынан, да туатын шығар. Кім білсін? Қарлығаштың қанатында тартылған қара қастың кей-кейде құрысып-жазылып, артынша-ақ дірілге ауысуы - іштегі мұңның сыртқа тебуінен болар.

Сол Әсия төсегімде отыр екен. Жай келмегенін ұқтым ба, кенет кеудемде әлдебір күй шаттық әнін күмбірлей жөнелді.

- Әсия! Әсия! - деймін, басқа тіл де, үн де жоқ. Ондайда тіл дегенің де күрмеле береді екен.

- Ақырын, Қарашжан,- дегенде келіншектің даусы қоңыраудай сылдырлады,- Келші, отыршы берірек. Шаршап жүрсің-ау. Қажыдың ғой,- деп елжірей сөйлеген үнінен өзіне деген ыстық сезімді ап-анық сезінем. Сыбырлаған даусындағы мейірімге толы жылылық бар сырды айтқызбай-ақ ұғындырып еді.

- Қарашжан, Қарағұл! Келдім міне... Шыдай алатын емеспін. Түсінесің бе... Амалым жоқ,- деп майкемнің сыртынан мына ырсиған қабырғаларымды бір сипап өтті. Қолы от боп жанып тұр екен. Тұла бойым лапылдай жөнелді.- Арықтап кетіпсің ғой,- деп тағы бір елжіретіп алып еркін керілгенде, ай астында әдемі дене ақ сазандай жарқ етті. Ақ білегі, аппақ мойыны, ақ төсі дейді ғой; солардың бәрі ақ сәулемен тіпті аңғараңдап кетеді екен. Қалшылдап, дірілдеп барам. Келіншек тағы бір керіле беріп еді, қос білегінен ұстай алдым. Ып-ыстық демі бетімді шарпып өтті. Көзім қарауыта ма-ау, құлағым шуылдай ма-ау, әйтеуір еркімнен айрылғандай күйге түстім.

Дәл сол сәтте іштен Садырдың даусы естілді.

- Әсия, уа қатын, қайда құрып кеттің?

Құшағымыз ажырап кетті. Бауырға кіріп, жабысып құшқан Әсияның лебі мен демі бойымда қалғандай дуылдап өртеніп барам. Сылқ түсіп, әлде өкініш, әлде . өксік буып дір-дір етіп төсегіме құлай кеттім. Әсия қосқа кірді.

Таңертен елең-алаңнан тұрып алып, алысқа ұзап барам. Қос басына жолай алсамшы: Әсияны көрсем, шыдап тұра алмай бассалатын сияқтымын. Жынын алдырған бақсыдай қашанғы жүре берем. Сары самауырдың екі иінінен дем алдырып, стол басына апарылғанын көрген соң еріксіз қосқа оралдым. Ас үстіндегі, қиналғанымды

сұрама. Шай құйып беріп отырған Әсияның жүзіне туралап қарасам, ойымдағы бар құпиям бетіме қалқып шығатыны айдай, анық.

Түске дейін самиянды таба алмадық. Әр жер, әр жерді іздеген боп мен де қабағымнын, астынан Әсияға көп қараймын. Шалынын, қасынан бір елі ажырамайды. «Қап, шайтан алғырды кім ала қойды екен» деп көңілін аулап бәйек таппағансиды.

Тарпаңын жиі қамшылап, қабағынан қар жаудырын Шолан бргәдір де жетті. Жер жебіріміз, жекен суымызға мың барып, мың оралды. Сәкен екеуімізде үн жоқ, тіл жоқ: әр жерді бір шұқимыз. Ақ сайтаны бар ма, самиянды бргәдір тауып алды. Мысық мұрты тікірейіп үстіме төніп келді.

- Сен бе тыққан?- Шегір көзі өңменімнен өтіп барады. Шегіншектей бердім. Оқша қадалған жанардың мысы жеңеді екен.

- Немене?

- Мә саған немене! - Темір самиян жолымның шанын бұрқ еткізді.

- Ойпырмай, өлтіресің бе? - деп Әсия жүгіріп келіп самиянды қолынан жұлып алды. Түндегісінен де дәл мына қылығы артық көрініп кетті маған. Әсияны арқа тұттым ба, әлде әйел алдында таяқ жеуді намыс көрдім бе, бргәдірге бірді мен де қонжиттым. Оқыста қолым тұмсықты бұзып жіберсе керек, мұрнынан қан саулай жөнелді.

- Әй иттің ғана баласы, жоқтауыңды бір-ақ айтқызайын,-деп ызалы бргәдір дәу жұдырығын түйіп алып қайқайтып салып жібергені. Сондағы алғаным ғой мыпау,- деп Қарағұл көзінің алдындағы ісігін көрсетті.- Екіленіп мен де ұмтылдым. Мені-Әсия,Шоланды Сәкең ұстап қалып, екеумізді екі айырып әкетті. Қалшылдап жүрсем де, құшағымдағы Әсияны қысып-қысып қоям. Бәрінен бұрын көңіл құртыма айналған сұлу келіншекті тападай тал түсте құшақтағаныма мәзбін,

Кет! Жоғал, кезіме көрінбей! - дейді бргәдір.

- Кетем! -дедім мен. Іздегенге - сұраған. Әсияның қасында тағы бірер күн болсам, бар. сырымыз айдай әлемге аян болары белгілі. Әсияны аяймын ба, Сәкеңді сыйлаймын ба, жоқ әлде өзімді сынаймын ба, бір жаққа кете тұруды жөн көрдім. Сөйттім де бұрылып жүре бердім. Артымнан «қой-қойлаған» Әсия мен Сәкеңе де қара-

мадым. Біраз ұзасам керек, алдымда қаңтарулы тұрған атты көрдім, Басқарманың құласы. Болары болды ғой деп құлаға қарғып мініп, жөнеп бердім. Артымнан ышқырын көтере жүгірген басқармаға көзім түсіп еді, жануарға қамшыны одан сайын сілтедім. Содан тұп-тура ат басын тірегенім осы,-деп Қарағұл әңгімесін бітірді.

- Енді қайтерсін?

- Қайтушы ем, екі қолға бір жұмыс, өндіріске түсем-дағы.

- Мені де жұмысқа шық деп отырғаны,- деп мұңая қалдым. Екі мұңлық елжіреп табыстық. Қатты күрсініп алып, үнсіздікті Қарағұл бұзды.

- Әйкеш, әлгіні тісіңнен шығарма,- деп шырт еткізіп секірте түкіріп жіберіп, маған бұрылды.

- Нені?

- Әсияны айтам. Мені сатсаң, құдайды сатқаның. Ұқтың ба?

- Ұқтым.

Осы сәтте сырттан дабыр-дүбір естіліп қалды. Қарағұл маған, мен Қарағұлға қарадым. Әлгіндегі көңілсіз мүлгіген түрден еш белгі қалмапты. Елгезек жанның елпілдеген қызба мінезімен сырттағы дабырға асығып отыр екен. Екеуміз де тез қозғалып, тысқа ұмтылдық. Түс ауып кетсе де, күннің ыстығы қайтпапты. Ошақ басын тімískілеп, тінтініп жүрген бірен-саран салпан құлақ иттерден басқа қыбырлаған мал тұяғы көрінбейді. Әріде, «Жүндінің» тұмсығын ұңғи кеулеп, мүжи құлатып жүрген жұмыскерлердің қауқауласқан дауыстары, тас толы ауыр вагонетқаларды ширене тартқан жырық ерін қоспақ өркешті інгендердің ыңырана боздаған үндері ғана еміс-еміс жетеді. Қарағұл сырықтай ұзын денесін қайыстай созып, қос қолын жоғары көтере, ырғалып-толқып керіліп алды да, үй сыртына қарай бұрыла берді. Әкемнің тас кебісін тарп-тарп сүйретіп соңынан ілестім.

Біздің ауылға тағы бір үй көшіп келіпті. Жүктерді түсіріп болған әйелдер киіз үйдің керегесін құрып жүр екен.

- Пәлі, мынау Бәсердің үйі ғой,- деп Қарағұл қуанып жатыр.

- Бәсерің кім, Қарағұл?

- Бәсерді білмейтін кім едің сен?- деп Қарағұл таңданып тұр. Жеті ықылым дүниеде мен білмейтін нәрсе

болмаса да, тап бұл жолы Бәсерді танымайтыныма өзімнің де жер болғаным рас. Қарағұлдың шоқтығы көтеріліп қалды.

- Білмесең тыңдай бер: Бәсер - жаратылыстың жомарт жасай салған перзенті. Дәлелдейін. Рахаңның айтуынша: (Рахаң дегенім Бәсердің әкесі - Рахмет шал) Ол дүниенің төрт құлағын ұстап тұрған керемет. Ыңқ еткізсең, қыңқ етпес, айдасаң тоқтамас, отырғызсаң тұрмас. біртоға. Майлығым да, сулығым да бір өзі. Сүткенжем. Ырысым. Малымның құты, малымның оты» Бұл бір де. Енді Шолан бргәдірдің айтуын тыңда: «Бәсер есер емес. Екі айтқызбайды. Ерте тұрады, кеш жатады. Елдің бәрі Бәсер болса, тасқа да егін өсер еді.» Бұны екі де.

Бргәдірдің үйіндегі кербез жеңгейді тыңдасақ: «Бәсерде әсер жоқ. Садыр шалдың көк өгізінің сыңары. Жек те, «өк» дей бер. Басқаңа бұрылмайды. Албыраған бұғақты көрсе, бұға береді. Күлімдеген көзді көрсе, күмілжи береді. Одан арғыға жоқ. Сол қайнымды қойшы, өлген қойдың өкпесіндей солбырайған.» Бұл оның үшінші қыры.

Басқарманың баяндамасын есті енді: «Осы Бәсерде тіл бар ма өзі. Өткенде бір он сағат сөйлеп «о» дегізе алмадым. Тәкаппар-ау, шамасы. Аларып-аларып кеп қарағанда басқармалығым басымнан ұшқан бөрігіме ұқсағаны. Батшағар мыңқ етпеді».- Қарағұл Бәсердің сексен сегіз сырын, қырық тоғыз қырын айтып тауысқанша, киіз үй тігіліп, жүгі жиналып бітті. Дәл сол сәтте бойы менің кіндігімнің тұсына ғана жететін төртбақ, қазанбас, жуан мойын отыздың мол ішіндегі можантомпай біреу бізге қарсы жүрді.

- Ассалаумағалейкүм, Бәсер!-деп қос қолын қабат соза Қарағұлым қарсы ұмтылды.

- Әй, Қарағұл, қайдан жүрсің, ей?!- деп анауым мұрнынан сөйлеп күңгірлей жөнелді.

- Жұмысқа келдім, жайынауызым.

- Ішіңді ұрайын. Жүрмедің бе Шолан бргәдімен шолжаңдап.

- Үндемеске құдай берсе, өзің неге мұнда келдің,- Қарағұл да сойылын соғып алды.

- Ит-ай, ауыз аштырмайды өстіп,- деп Бәсер енді маған бұрылды - Әй, сен Әйкешпісің?

Мен оны танымағанда, бұл мені қайдан танып тұр дегендей біраз үнсіз қап жауап қаттым:

- Болсақ бolармыз.
- Әкеңнің аузынан түскендей екенсің.

Одан кейін үшеуміз біздің үйдегі шыны шараны ортаға ап, қулық қымызды сыздықтаттық кеп. Ішіп жатқан Бәсер, мақтап жатқан Қарағұл, құйып беріп отырған мен. Шараның түбі көрінуге жақындағанда әңгіменің бетін жұмысқа бұрдым да, қымызды алып кеттім.

Ертемен жұмыс басында кездеспек болып үшеуміз үш айрылдық,

## ЕКІНШІ ТАРАУ

*- Жұмыс басында.- Бәсер үйленбекші.- Майсара - мықты қыз.- Арқан үзілді,- Бәсер ер екен.*

Кішкене өзенсымақтың шығыс жағындағы шағын көгалға он шақты киіз үй тігілген. «Жүнді» аталатын төбенің тұмсығын жанай өтетін сол өзен бұл кезде, жаз ортасына таянған шақта, бөлініп-бөлініп қарасуларға айналған. Иістеніп, сортаң тартып, буланып азайып барады. Ауыл үстінде мал аз. Азын-аулақ қозы-лақ, бұзаутана, Желідегі бірлі-жарым құлыннан басқа қыбырлаған тұяқ кездеспейді.

Біздің осы мекенді рудник деп атайды. Бұрынғы ескі ауылды темір жол жанамалай өткелі бұл жерден кен орны ашылып, әк өртейтін шахта-пеш қазылып, пілдей бір өндіріс болып шыға келді. Сол-ақ екен, біздің ауылдың адамдары темір күректерін иығына салып ап, маңғаздана басып, маңайдағы колхоздың өткен-кеткен жандарына бір шекеден менсінбей қарайтынды шығарды.

Сол ауылға анда-санда көз тастап қойып, екі жүз-үш жүз қадамдай жердегі пеш басында бір топ жұмыскер түскі астарымызды ішіп отырмыз. Даңғыр-дұңғыр дыбысты баса, қарқ-қарқ күлкі жиі естіледі. Мамыражай шуақта тыныстаған ерлердің көңілді шағы.

- Бәсер, осы сен қайдан келдің?
- Қайдан келуші ем, колхоздан да.
- Бар болғыр, сонда-ақ жүре бермедің бе?
- Өндіріс-өндіріс деп өкпемді алып жетсем, бұныңыз не?- бұртиған Бәсер тамағын кейін ысырып он жа-

ғына бұрылып еді, көзі оңаша отырған екі қызға түсті.

Осыдан апта бұрын жұмысқа келгенімізде пештен шыққан күйдірілмей қалған тастан тазартып жүрген осы қыздарды көрген бойда Бәсер бала қораздан қодиланып, қастарынан олай-бұлай еткен. Сондағы байқағаны-бойы қыздардың иығынан-ақ келеді екен. Намыстанғандай болып, көп-қарайламай өз орнына тартқан-ды.

Енді міне кеудедегі әлдебір, желік тағы қозданды.

Шықшытты дөңгелек жүзі сатте жылынып, салпы еріні бұрынғыдан да салбырай түсті. Бәсердің бұл өзгеруін қасымдағы Қарағұл да сезіп қапты.

- Бәсер, осы екеуінің бірін ілмейсің бе?

- Несі бар, ілсем ілермін! Қызды көрсе тұра қашатын елдің бәрі Қарағұл емес.

- Өй, мынауың мықты ғой!

От шашып тұрған көзін көрмеймісің!

Алакөзденіп алған Бәсер шын қызғандай. Быртиған саусақтарымен Қарағұлдың санынан мыта бүріп, өзіне қаратты.

- Осы екеуінің ең мықтысын алмасам ба, қара да тұр.

- Бар,болғыр мықтысын қалай танисың?

- Оны саған тапсырдым.

- Қой әрі, сауырын сипар саулық деп пе едің. Бәлесінен аулақ! — Қарағұл шегініп отырды.

- Ерегіскесін дегенім ғой.

Бәсер де тыйылғандай ыңғай білдірді. Қызық күтіп отырған біз Қарағұлға жабыса кеттік.

- Қарағұл, қашқақтама!

- Бәсер дұрыс айтады. Көрсет мықты қызды. Содан кейінгіні жігітке қалдыр.

- Бәсе, ықғайын тап. Қиюын келтір.

Бұл кезде Қарағұл да ойыса бастап еді. Көзіне шайтан түкіріп кеткендей ойнақшып, бас изеп келісімін берді.

- Мен білсем, мықты қыз - Майсара!

- Қалай білдің?

- Вагонетканы жалғыз қолымен қанкөбелек ойнатады.

- Рас айтасың ба?-деп Бәсер ынтығады.

- Расым.

- Онда дәл сол кыз менікі!

- Сөзің сөз ғой!

— Бәсер екі айтпайды. Алам дедім аламын!

Енді біз үнсіз қалдық Бойы қолындағы күрегінің сабымен бірдей, төртбақ, қазанбас, ескі өңді бәкелтек қара жігіт аққұбаның әдемісі дерлік қаз мойын, үйрек төс, сұңғақ денелі қызға ынтыға қапты

Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Жайшылықта жер ошақты жанамалап, қала берсе ауыл сыртындағы ін біткенді тіміскілеп кететін сабалақ жүнді кәрі қаншықтар да-
бауырына күшіктерін тығып алып, қашқан көлеңкені қуалай жылжып алысқа ұзар емес, Бір заманда мол сулы, арынды ағысты өзен болған Қарасудың жағасындағы үлпек басты қамысы да үп еткен желі жоқ жаздың тымырсық күнінде мүлгіп тұр. Бірінен бірі оза мойындарын созып, мүше-мүше боп бөлектеніп, тұңғиықтың түбіндегі шырмала өскен балдырға тесіле қарап қыбырсыз қалған. Жар басында жалаңаш сандарын шапақтан жүгіріп-жүгіріп алып, күнге күйіп тотыққан денелерін бір ақ ырғып суға атып ұсақ балалар жүр. Солардың қарнымен шолп еткізіп жан-жаққа шашырата жайған тамшыларымен ғана бір-бір қозғалып, аз-аз шайқалып қалып нар қамыстар және тыным табады.

Манадан бері шомылған балалардың қызығына қарап, сол алыстап кеткен бұрынғы Таныс күйімді қол жетпес армандай ұғып шұбар атты самарқау айдап жүргенімде:

— Арқан үзілді! Қаш! Өлдің! - деген оқыс айқайды естіп қалдым. Сол екі ортада қос жауырныма қанжардай қадалған жан түршігерлік қатты ойбай да қабат шықты.
Пеш басына жүгірдім. Қас қағым шақта көз алдыма келе қалған сондағы көріністі өмірімде ұмыта алармын ба. Қажалып-қажалып үзілген темір арқанның айналма шығырдан сусып шығып бара жатқан тілкем-тілкем ұшы... Көлбеу жолмен төмен сырғанаған, ыстық әктен босаған ауыр вагонетка... Ал төменде, сонау шахтаның кірер аузында есі шығып, жанары шарасынан ұшардай бақырайып, жолдың дәл үстінде тізерлеп отырып қалғай әкем... менің аяулы әкем... Маңайымда аңырып тұрып қалған жұмыскерлер... Буын-буыным босап, сылқ етіп отыра кеттім. Сол сәт, сол қас қағыста тұрғандардың ортасынан біреу ұмтыла берді. «Тоқта! Кейін, өлесің!» деген айқайлар жамырай естілді. Әлгі адам тоқтаған жоқ. Жүрісін енді-енді жылдамдата бастаған вагонеткадан оза беріп, алдына түсті. Көзімді тарс жұма қойдым. Құлағым біте-

ліп қалғандай, түк көрмеймің, түк еетімеймін. Қатты қысып алған қос жұдырығыма, қайдан түскенін білмеймін, кесек тастың өткір сынығы батып барады.

Көзімді ашсам, вагонетка тоқтапты. Жапатармағай ұмтылғандарға ілесіп мен де жетсем, Бәсер (жаңағы жалғыз жүгірген жігіт сол екен) екі аяғын көлденең ағашқа көсілте тіреп,- жотасын вагонеткаға төсеп тұрып қапты. Жүзі күп-күрең, білем-білем тамырлары көгеріп көрінеді. Шып-шып тер басқан маңдайдың бәрін қос алақандай боп қан толған қос жанар алыпты. Сәл жыпылықтатса, сәл-сәл қасын қағып қалса төбесінен төніп тұрған дүние төңкеріліп түсетіндей көрінді маған. Вагонеткаға жармаса бердім. Ілесе жеткен жұмыскерлер жабыла қимылдап вагонетканы жоғары итеріп әкетті. Тәлтіректеп екі-үш аттады да, Бәсер қиралаңдап барып жолдың дәл-ортасына құлап түсті. Мені біреу бас салды. Әкем екен. Иегі кемсеңдеп бетіме қарайды да, екі иығы солқылдап булығып кетеді. Құшақтап-құшақтап алып, маңдайымнан, бетімнен сүйеді кеп. Қояр емес, босатар емес. Бір кезде әкем де күшінен айрылғандай Бәсердің аяқ жағын ала сылқ етіп отыра кетті. Екеуінің тап ортасында тұрмын. Әкем әлі жылап отыр. Бәсердің бадырақ көздері сонау жоғарыдағы сарғыш тартқан аспанға қадалып қалыпты. Әлгінде алақанның аясына сыйып кетердей болып көрінген тылсым тірліктің енді ұлаңғайыр кең, шексіз биік асқақтығына таңданатын тәрізді. Бәсердің дәл солай ойлап отырғанын қайдам, өзім дүниенің аяқ астынан бүрісіп, бірер өмірді елу қадамдай жолдың ұзақтығымен өлшеп алып, қайтадан жазылып, жайылып кететінін білдім.

Жоғарыдан Майсара түсіп келеді екен, Қызылы қызыл, ағы ақ жүзі оңған ескі шүберектей боп-боз. Қуарып тұр. Кібіртіктеп жүріп келіп Бәсердің қасына тоқтады. Үндеген жоқ. Тек бұндайда тілсіз ұғар, ішпен түсінер бір сырды жанармен айтар сәт болады екен, Соны ғана көріп қалдым. Сол-ақ екен, тұла бойымды шымырлата аралап әлдебір сезім баурап алды. Бұрын-соңды кездеспеген қуаныш па-ау, әлде сол қуаныштың түсін -танып, төркінін таптым ба-ау, әйтеуір, тамырымды матаған бір құдіретпен табысып, отырған екеуді де, үнсіз тұрған Майсараны да қалдырып, ұзай бердім. Құрсап келіп, бусанып шыққан ащы тердей жадыратып жанымды әлдилеп алған бір күй бар. Ол күй Бәсердің батылдығын желдірмелеп төге-



Центральная

тіндей, әкемнің аңдаусызда ашылған сырымен сыбырлайтындай.

Сол күнгі ашқан тағы бір жаңалығым - Майсара әнші екен. Бұрын-соңды «әу» деп аузын ашқанын көрмегендігімнен бе, дәл қасымда, шикі тасты қысып ұстап алып, алденеге таң қалғандай- үнсіз отырды да, кенет ықылдай жөнелді. Сол кезде демімді ішімнен алып, шұбар аттын мимырт жүрісіне ілесіп жүріп, тыңдадым оны Әннің сөзі жоқ, бірақ Майсараның созылтуы керім. Әлде бұл қыздың іштегі қуанышынан әсерленін толғанғанынан ба, әлде менін сол сәттегі әсемдікке еліткен көңіл күйімнің өзгеше қабылдауынан ба, білмеймін, мейірім қанар емес, Кіп-кішкене ноқаттай болып, қос қанаттық тынымсыз қозғалуымен ғана өз сайрауына өзі кәніккен боз торғай да Майсара әніне үн қосқандай. Маңайдағы аптап ыстықта күн ұзық қыбырсыз жатқан тыншу дала осы саялы саздың шарықтап ұшар сәтін күтіп саябырлап келіп, енді бар ынта-ықыласымен елти тыңдайтындай болып көрінеді маған. Сонау қөз ұшында, көктөбенің бауырынан қалықтап шығып, кілкіп тұнып тұрған самарқау сағым да, осы әуенмен бірдей ырғатылып,-бірдей толқитындай.

Кешкілік жұмыстан жалғыз оралдым. Қарағұлдың таусылмайтын көп қылжағынан қашқандаймын. Сол көп орынсыз күлкі бүгінгі тапқан бір асылыма тот боп жабысардай көрем. Әкемнің түріне де қараудан жасқанам ба, ұялам ба, ол да көңілімнін бір қалтарысында түсініксіз түйін боп жатыр. Қыбырсыз қарасудай ой-дүниемді шайқалтып алып, қоса толқып келем. Адам жаны дауылдағы толқын тектес әлемтапырық аласапыран тірлік екен. Інжу-маржан толқында туса, менің де бір асылым тебіренген талабымнан шықпас па. Шығар ма сол? Қашан, қалай жарқ етер екен?

## ҮШІНШІ ТАРАУ

*- Бәсер көңілді.- "Нәсір-нәсір" - ән аты.- Суға сүңгу.*

... Жазғы кеш көпке созылады. Күн көкжиекке ентелей құлағанымен түрлі-түсті бояуларын кең жайып, біразға дейін, бар төңіректі мұнарта бүркеп тұрып алады. Ақшам

жамыраған кезді әкем де, мен де ұнатам. Әсіресе, кешкілік асыңды далада, үй іргесіне текемет төсеп салқын самалда отырып ішкенге не жетсін! Ондайда әкемнің айдыны да керемет. Жайшылықтағы сұсты кейпі сәл-сәл жылып, бусанған қоңыр өңінде әжім ізі ұлғайып сала береді. Айқыш-ұйқыш мол сызықтар жиі қозғалып, көз алдымнан кетпей қояды. Әкемнің көзі алыстағы төбеде, менің көзім әкемде. Ой дегенің әр сақта. Жастықтың жалыны да, кәріліктің салқындығы да толғандырады.

- Әке?..

Әкем үндемейді. Дауысымды естіген-естімегені де белгісіз. Қайтып үн қатпаймын. Не сұрарымды өзім де білмеймін. Тек, әкеме қадалған күйімде аяушылық па, аялаушылық па түсініксіз бір сезім бар.

Әріректен дауыс естілді. Сәлемдескен Бәсер екен. Брезент шалбардың ышқырлығын қос қолдап көтере беріп, жалп етіп отыра кетті.

Әкем жалпылдап жатыр. Жанағы салғырт қалпынан түк қалмапты.

- Майыңды еселеші! - деп шешеме бір қарап қойып, Бәсерге бұрылды.- Үй арасы таяу ғой. Келіп ыстық шай ішіп тұрсаңшы.

Бәсерге үн жоқ. Қолына тиген кесенің босауы да тез. Маңдайдан жіпсіп тер шыққан сайын ысылдап қойып тартып отыр. Әкем тағы да үнсіз қалған. Кім білсін, ойына әнеукүнгі оқиға түсті ме, қабағы салбырап кетіпті. "Өткен күннің белгісі жоқ» дейтін осы үлкендер емес пе. Сөйте тұра, бар өмірін тірлігінің бір-бір баданадай-баданадай ұмытылмас сәттерімен, бұралаң жолдың бұлтарыс-жалтарыстарында кезігіп қалатын кезеңді шақтарымен байланыстырып, белгілеп отыратындар да тағы өздері. Әлде бұл олардың қасиеттері де шығар. Жыл өсіп, жас ұлғайған сайын қызуы суынып, күңгірті молайып, реніш-күйініштен, қуаныш-қызықтан бөлініп, көңілінің сонау бір күндерінің ыстық-ыстық елестерін күтетін шығар. Алыстап кеткен ағайын, жылыстап кеткен жекжат-жұрағатқа деген өкпенің өкініші ғана оралып, кикілжің тірліктің мағнасыз сұрқы қынжылтар да. Тап сонда елжіреген көңілдің құлазып аңсауы да, қатуланып ширығуы да мүмкін-ау.

Бәсер тіземнен түртіп отыр екен. Байқамаппын. Әкем нұқығандай етіп, арқамнанбір сүйкеп өтті.

- Тыңдасаңшы адамды. Саңырау болғанбысың!

Аң-таңмын. Сөйлеген ешкім жоқ. Бәсерге бұрылсам, ерні салбырап, ап-ала көзі күлімдеп түрегеліп кетіпті. Ымдайды. Шақырады. Тұра беріп, әкеме қарадым. Қадам басқанымды санап отырушы еді, басын изеп жатыр. Босатқаны ғой. «Бостан-бос секеңдеп не табасың, ойыныңақ таусылмайды екен сенің. Адам болмассың»,-деп қыжыртатын әкеме таңдана бақшиып тұрыңқырап қалсам керек. Бәсер иығымнан тартты. Артыма анда-санда бұрылып қойып, кетіп барам. Әкем де, шешем де үн-түнсіз үстелдің екі шетінде, кеселерін көтерген күйлері отырып қапты. Көздері менде. Бәсердің қасында сорайған биік бойымды көріп, ержетіп қалғанымды сезініп, шүкіршілік етіп отыр ма екен... .

Екеуміз ұзап барамыз. Аяқ астындағы майда топырақ баяу ғана шаңытып, іле басылып, сейіліп жатыр. Жел жоқ. Кешкі шу да басылған. Түп-түп қалың ши ғана майда самалмен әлсіз бұлғаң қағады. Ақ шаршы бүркенген сұлудай әлгі түп-түп шилер біз алыстаған сайын бірте-бірте түн қойнына тығыла түседі.

Бәсер үнсіз, танауы пысылдап алдымда бара жатыр, артында мен еріп келем. Бір кезде Бәсер тоқтады. Мен де тоқтадым.

- Әйкеш, үйленген жақсы шығар ә?

Бәсердің манадан бері көңілді жүруінің себебін ұққандаймын. Мына түріне қарағанда Бәсерге бір тықырдын таянғаны да рас сияқты. Жүзіне көз тастадым. Абыржып, қипақтап тұр. Жанарында қиыла тілеген өтініш, сол өтінішіне сай жақсы ниет күткен сыңайы да бар. Тілектеспін ғой. Қоштап жатырмын.

Бәсердің жүзіне көзім түсті. Апырай, біртоға тұйық жанның бар ықыласымен ынтыға күтер адамына деген ілтифаты оның ой-бойын, кескін-келбетін де өзгертіп жібереді екен ғой. Ала көздер бұрынғыдай енжар емес, жып-жылы мейірімге толып, елжіреп қарайды. Мүмкін бұл тәтті мұңның бойды билеп алар сиқырлы күші Шығар. Сол кезде өз қиялымен көңілі толқып, өзін өзі ұмытып, іңкәрліктің құмар дүниесін тауып, желпініп кетер. Мүмкін ол кең даланың кереметін ұққан жүректің сонау қой соңында жапа-жалғыз күндерде, одан кейін қотан шетінде жұлдызы жымыңдаған ұзақ түндерде зарығуынан, әлдекімді қиялмен тауып, соны ынтызар көңілмен аңсай іздеп сағынуынан туған күй шығар. Бәсерге сүйініп келем. Тілектес болып келем.

Енді менің көз алдыма Майсара келді. Сонау күнгі Майсараның мөлт еткен жасы кеудемнің тоңына түскен көктемнің алғашқы жаңбырындай болмап па еді. Тоң-торыс қалпымнан айрылып, елегзіп қалатындаймын. Өмірдің өз ағынымен өтіп жатыр дейтін бір сарынды ар-насынан да өзгеріс табамын. Тірліктің тынысы да айналамды қоршаған жанның демімен, бір-бірімен қарым-қатынасымен, солардың өзара түсінісуімен бірге соғатындай. Әсіресе, Майсараның Бәсерге деген жүрек жылуын анық сезгендей болушы едім. Неге екенін біл-меймін, сондай сәттерде кеудемде бір арман бұлқына бастағандай болатын. Оның қасиеті қандай, төркін-түбі қандай? Ол жағы белгісіз. Бар білерім - тұла бойымды толтырып, алып ұшып бара жатқан белгісіз қуаныш. Тап қазір мына Бәсердің қасында тұрып, сол қуанышымның досқа деген жақсы тілектен туғанын түсінгендеймін.

Бәсер қолымнан тартты.

- Әйкеш, сен жақсы жігітсің. Көңілің адал. Мен са-ған бірдеңе айтайын ба?

- Айта ғой.

- Айтсам, әкем бүгін Қарағұлды ертіп Майсараны-кіне құда түсе кетті.

Мына хабардың тосындығы әсер етті ме, алғашында тіл қата алмай біраз үнсіз тұрып қалдым.

Бәсер жүзін бұрды.

- Анада әкейге ет қызуымен айтып қап... Сонан бү-гін кеткені...

- Қайырымен болсын!

- Әйкеш кел отырайықшы.

Отырдық. Басер екі аяғың көсіліп жіберіп, кең балақ шалбардың қалтасынан сумаң еткізіп бір бөтелкені суы-рып алды.

— Мынауың не, әй?

— Арақ. Қуанышқа алып ем,- деп Бәсер от ұстаған-дай екі қолын соза береді.

— Ащы шығар.

— Білмеймін, ішіп көрерміз.

Бір қалтасынан кішірек кесені және шығарып, тол-тыра құйды. Маған ұсынды.

— Кәне, көтеріп қой.

— Алдымен өзің іш, Бәсер. Қуаныш сенікі.

Тартып жіберді. Тартып жіберді де шалқалап құлай берді. Қақалып-шашалып жатыр.

- Өй, не болды?!- Арақ дегенді бұрын қайдан көргем, сасып жүрмін.

Қырылдағаннан басқа Бәсерде тіл жоқ. Басын сүйеп отырмын. Бір кезде ол көзін ашын алды.

О-о-от екен! Күйдіріп барады.

- Күй онда маған. Не көрсек бір көрейік.

Құйды. Қағып салдым. Ойпырмай, Бәсердің от дегені әшейін екен. Қайнап тұрған у екен. Білдірмегенсіп жатырмын.

- Мықты екенсің! - Бәсердің ырза боп мақтағанда айтары сол. Сонысы жетеді.

Орталау ғып құйын алып Бәсер тағы көтерді. Мен де қайталадым. Бір кезде Бәсердің аларған көзінен сүйіп алғаным. Ол да менің бетімнен сілекейлемеген жер қалдырмады.

— Бәке, тез үйлен, сен үйленбесең өзім үйленем.

— Майсараны тап ертең үйге кіргіземін.

— Бәке, сен дүниедегі ең мықты адамсың. Сен бе, сен нарсың. Сен, сен басқармасың, тфу, басқарма кім ол, сен одан да артықсың. Сен Бәсерсің! Келші тағы бір сүйейін.

— Әйкеш, айналайын. Өзіме тартқансың, Өзім барда өкінбейсің. Кел, тағы бір-бірден алып жіберейік.

- Әкел онда

Шишаны босаттық. Өлең айтқым келеді. Ойыма бірі түссейші. Болжыратып Бәсер бастады.

«Нәсір- нәсір жанын-ай,
Жаны құрғыр фәни-ай.
Ине өткеннен жіп өтер,
Бұл жалғанның қызығына кім жетер».

Барылдап мен қосылдым. "Фәни" дейді. Қыз ба екен. Аты әдемі. Инемен көйлек тігіп отыр-ау. Сұлу шығар" деймін ішімнен. Көз алдыма саусағы майысып кесте тоқыған қыз келеді. Бадана гүлдей ырғалып толқып ән шырқай ма-ау, нәзік жанымен сыбырлап кең далаға сыр шерте ме-ау, әйтеуір, әлемді бір өзіне тартып, ұйытып бара жатқандай.

- Әйкеш, сен мен барда қорықпа. Сені ренжіткеннің бірінші жауы мен болам,- деген Бәсердің соңғы сөздерін шала естіп, ұйықтап кеттім...

- Қасқалардың жатысын! - Дауыс қатты шықты.

Көзімді ашсам, қасымызда Қарағұл тұр. Ыңыранып Бәсер де оянды. Қарағұл бос бөтелкені аударып-төңкеріп қарап қапты. Ай туған екен. Маңай жарық.

- Бірдемелерің қалған жоқ па?

- Ағатай, ертең араққа сүңгітейін. Майсара қалай? - деп Бәсер Қарағұлдың етегінен тартқылады.

- Болды. Майсара сенікі.

Кішкене адамның тұруы да жылдам болады екен.

Бәсер атып тұрды.

- Әй күресесің бе?- деп Қарағұлға бара жармасты.

- Күшіңді босқа ысырап етіп қайтесің. Жинай берсейші онанда,-деп анау шегініп жүр.

- ішіме сыймай барамын.

- Мен сен болсам Қарасуды кешіп өтер едім.

- Несі бар, өтсем өтем,-деп Бәсер өзеурейді.

- Әй, сен өте алмайсың.-деп Қарағұл бұрыла

берді.

Ішім қылп ете қалды. Бәсердің малту білмейтінін естігем-ді Қарағұл кегін алғысы кеп тұр, маған үндеме дегендей көзін қысын қояды.

Үшеуміз Қарасуға беттедік. Айдың сәулесімен беті жылтырап, тыныстап жатқан судың жағасына жеттік. Бәсер ентігіп тұр.

- Мен шешінбей-ақ өтер едім,- деді Қарағұл.

- Мен де шешінбеймін!

Бәсер күмп етіп киімімен суға қойып кетті. Бір батып, бір шығады. Қарағұлға керегі сол ғана. Дереу қолын созып, тартып алды.

- Ер екенсің ғон өзің!

- Аузынды ұрайын, адамды өлтірейін деп пе едің. Майсараны сен-ақ ал. Қастығың, бар-ма әлде,- деп суық суға түсіп шыққан Бәсер мастығы айығып бұрқан-талқан болды.

- Сенімен жұлдызым қарсы енді.

- Қой ей, Бәсер, тіріден көмдің ғой.

- Сенен шүршіт артық.

Біржола ашуланған Бәсер суын сорғалатып ұзап барады. Қарағұл екеуміздің шегіміз түйіліп қапты.

- Сол түнде бір қыз қалыңдық атанып, бір жігіт күйеу болды. Мен алғаш арақ ішіп, мас болдым. Бірақ осының бәрін елең етпестен ауыл қалың ұйқыға шомған еді...

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

*- Қарағұл да әнші.- Колхоз сапары.- Хат тасимын. - Келіншектің керемет әңгімесі,- Қашу.*

Алыста сағым бұлдырайды. Айналада мүлгіген қыбырсыздықта сан құбылып, жыбыр-жыбыр жымыңдап, сол сағым алданышқа бастайды. Қозғалысы, қимылы көп аласапыран тірлік белгісіндей. Тақыр күзге шейін бояуы оңбайтын даланың нағыз жасарған, жасанған шағы бұл. Көз ұшында толқыған теңіздей көк шидің үкілі шолпысы бұлғақтайды. Жолдың екі жағынан басталып көкжиекке ұласқаң көк шалғынның жұпар иісі мас қылғандай. Астымыздағы шобыр баяу қыбырлап келеді. Онымен жұмысым жоқ, Жүріс мандымаса да қиял жүйрік. Алыстап аспандап кеткен. Ол анау көгеріп көрінген "Кепеліден" де биік. Ыңылдап ән салған Қарағұлдың қоңыр дауысынан да жоғары. Қиялдың қанат қағуы әсем, қалықтауы әсем. Ол үмітіңді ұзартқандай, тілегіңмен табыстырғандай. Қиял - қуаныштың көшірмесі. Қиял - қызығыңның хабаршысы. Ол - Майсара мен Бәсер боп елеңдетіп жетеді. Қарағұл мен Әсия боп әсерлендіріп әкетеді. Әсия демекші, міне Қарағұл да желпініп келе жатыр. Мана жалынғандай болып мені ертіп шығып еді. Қайқы қара жол бұралаң-бұралаң етіп жер ортаға таянып та қалды. Қарағұлдың ыңылдауы да күшейе түсті.

Көшкенде жылқы айдаймын, ахау, аламенен,-
Аулыңа барушы едім-ау даламенен.
Түскенде сен есіме, беу қарағым,
Сағынып сарғаямын-ау, санаменен,-

деген жігіт өтініші, өтінішінен де ыстық жүрек лүпілі өнбойымды шымырлатып барады. Бәрі рас. Бәрі шын. Жылқы айдамағанымыз болмаса, даламен келе жатқанымыз да, сағынышпен сарғайғанымыз да (сағынған Қарағұл ғой), санамен сабылғанымыз да ып-рас. Ән керемет қой. Ал жүрек әнін шертуде дауыстың бар жоғы қажет те емес. Шын толқыса, қарасу да айбарлы. Шын тебіренсе, Қарағұл да әнші.

Мен дүниені ұмыттым, Қарағұл мені ұмытқан. Тек шобыр ғана «жолаушының жолы жүрсе өнер» дегендеймимырт кібіртігінен аумайды,ауыспайды. Қарағұлдың

желкесіне қарап отырмын. Ұзын мойынға орната салған кіп-кішкентай шақша бас, қаққан қазық дерсің, қозғалмайды. Күтпеген жерден шырқап кеткен өз әнін, тастақ жолға еріне тиген төрт тұяқтың тықырын қимылсыз аңдып, қызыға тыңдап тұрғандай.

Мен Қарағұлға сүйініп келем. Бұрынғы салдыр -күлдір мінезіне мына түрі ұқсамайды. Жанының жарқ етер бір асылдай меруертін оқыс ашып алып, соның әр қыынан шашыратып сәуле төккендей көңілімді жадыратып жіберді. Жайшылықтағы қылжақай тірлігі жан жаратқан дүниеге деген құштарлығын, жүрек құдіретіне айналған жанға деген сүйіпеншілігін жасырып келген пердесіндей сезіледі тап қазір. Бұл сәтте сонау сарғайған сағым да, қыбырсыз қалған құрақ та, алыстан баяу талып жеткен паровоз үні де бір ғана Қарағұлға табынған. Көсіліп жатқан кең дала да барынша жазылып, мүлгіп апты.

* * *

Шөпші ауылға түс қайта жеттік. Бұл - он шақты ғана үйі бар шағын ауыл екен. Жақында ғана көшіп келіпті, маңайдың шалғыны әлі басыла да қоймапты. Ауыл үсті тыныш та, әріректе, шақырымға жуық даланқайда шуылдасып мая салып жүрген шөпшілер үні, даурыққан күлкілері естіліп тұр. Қыбырлаған, қимылдаған жан, қалықтаған, шарықтаған ән - бәрі сол жақта, ал ауылдың да әбігері бөлек. Жер ошақтарда от жағылып, қазан асылып, көк түтін көлеңдеп көбейіп, әр тұстан, әр үйдің есігінің алдынан көтеріліп жатыр. Бірінен-бірі қалыспай, кей ошақтан қоп-қою боп будақтап, кей оттан жіңішке шудадай биязы ғана есіліп шыққан осы түтіндердің ауыл үстінде баяу қалықтауы, сонау шөпшілердің қарбаласын молайтып, әзілі мен әнін күшейтіп жіберді ме, сампылдаған дауыстары, қосыла шырқағап әуендері анық-анық жетіп тұр.

Жүрісіміз кібіртіктеп, тоқтап қаппыз. Қарағұл шобырды тепкіленіп алға лықсытты да, оң йығынан маған бұрылып қарады.

- Қай үй?

Шөпші ауылға бас сұққаным осы болса, қай үй екенін қайдан білейін. Басымды шайқадым. Қарағұл «адам болмассың сен» дегендей бетіме мүсіркей қарап тұрып,

ат басын қарақұрым үйге туралады. Манадан көрін келемін, ауылдағы бала-шағаның көз тіккені- біз. Үйге жақындасымен сыпырылын түсе беріп ем, бір әйелдің құшағына іліктім. Бас салып маңдайымнан сүйіп жатыр. Нағашы жеңгем екен, Дереу қазан көтеріп, абыр-сабыр боп қалды.

Қарағұл екеумізде үн жоқ. Жеңгей бір кіріп, бір шығып үй шаруашылығымен айналысып жүр.

- Алтыбақан құрар ма екен,- деп бір кезде Қарағұл сыртқа қарады.

- Қайдан білейін.

- Шіркін, алтыбақанға не жетсін!

Біздің тілегіміз тәңірінің құлағына шалынса керек ет, енді алдымызға келе бергенде ауыл сыртынанән естілді. Алтыбақан құрған жастардың әрекетінің хабаршысы.

Сол-ақ екен, Қарағұл өзгеріп сала берді Көзі жайнаң қағып, жүзі жылып елеңдеп отыр. Екеуміздің де елегізіп отырғанымызды сезіп қалған жеңгем:

- Алтыбақанға бармайсыңдар ма, ойбай-ау! Нағашыларың қызғаншақ, әйтпесе, өзім-ақ ертін апарар ем,- деп асықтырды.

Далаға шықтық. Қарағұл былай шыға мені тоқтатып тұрып:

— Әйкеш, базынам бар саған,- деді.

— Қиын емес пе?

— Онша қиын да емес. Мынаны Әсияға тапсыр,- деп қолыма төрт бүктеулі қағаз ұстатты.- Жан баласына сездірме. Достың көңілі қылдан таяды деген.

— Жарайды. Кеттік.

— Мен бармаймын. Осы жерде күтемін. Мына жалғыз түп шиді ұмытпа.

Әсияны қалай танимын? -

— Әп-әдемі келіншек. Талдырмаш, қараторы.

— Жақсы.

Жұлдыздар көбейіп, қараңғылық қоюланып, түн әбден кіріп алған. Ауық-ауық кісінеген ат, шәңкілдеп үрген ит, қыңқылдап жылаған бала үндерін баса түнгі аспандыән көтеріп тұр. Неге екенін білмеймін, осыән әлдебір сағыныш па-ау, сағыныштан да нәзік сезімді ме-ау шымырлата созғандай болады. Әлде бұл балалық шақтың адаңсыз күйінен бөлек ой-сезімнің алғаш рет елес беруі ме, осы сәтке шейін мен білмей келген жан тілегінің жаңа құбылысын табуы ма, білмеймін. Әйтеуір, түп шидің

түбінде қала бергенде Қарағұлдың жүзінен көрген қуаныш тектес бір күйдемін. Қайда- бастары, кашан тастары белгісіз.

Алтыбақанға келдім. Өндірістен келген жұмыскер атым бар емес пе, ауылдың жастар сый- құрмет көрсетіп алтыбақанға отырғызын ұзақ тербетті. Әнді де өздері шырқап, мені көп қинамады. Арқа-басым кеңіп, өзіме өзім келген соң Қарағұлымның тапсырмасын орындауға кірістім. Әр топқа бір жақындап, келіншекті іздеп қоям. Әдемі, талдырмаш деп еді., Мыңалардың бәрі бірінен бірі өткен сұлу. Шетінен талдырмаш. Қаракөлеңкеде бәрі қараторы боп көрінеді екен. Ай туды. Жоғары өрлеген сайын айнала кеңіп, жарық молая түсті. Алтыбақан басы мәре-сәре. Әнді ән ауыстырады. Әнге ән жалғасады. "Айттым сәлеммен» сәлем жолдасып жатқан жүректер қаншама еді!..

Алтыбақанды тастап бір кез «ақсүйек» ойнадық. Кенет құлағым елең ете қалғандай болды. Тап қасымнан біреудің "Әсия"! дегенін естіп қаядым. Сөйтсем, Әсиям қасымда жүр екен. Ыңғайын тауып қолына қағазды қыстыра салдым.

— Көтек-ай, бұның не?!

— Оқысаң түсінесің.

— Бетім-ау, не дейсің? Бұнынды қайтем?

— Анау жалғыз түп шидің түбінде күтіп отыр.

— Кім?..

— Өзің білетін.

Одан арғыға шамам болған жоқ. Ай астында жарқ ете қап, төмен құлдилаған сүйекке жапатармағай ұмтылған жұрттың соңынан тұра жүгірдім...

Үйге жалғыз оралдым. Жеңгей есікті жаппапты. Сипалап жүріп төсегімді тауып алып шешініп жата беріп едім, дәу жұдырық бүйірімнен ыңқ еткізді. Тынысым тарылып, демімді әрең алдым.

— Бұл кім-ей?! Неге ұрасың?

— Тан атсын осыдан,- деп бүркеніп алған Қарарғұлым тістене сөйлеп қалш-қалш етеді.

— Не бітірдің? Кездестің бе? Әсияңды жіберіп ем ғой.

— Бітіргеннің әкесін ертең көрсетем.

Адам деген осы-ау. Жақсылығыңа әманда жамандық қайырады. Бұртиып біраз отырдым. Өкпелемек тұрмақ өлейін деп жатсаң да өкінер Қарағұл жоқ. Қараңғыда

менің өкпелеп отырғанымды қайдап қөрсін. Теріс қарап жатып қалдым. Қайдағы бір түстердің қоршауына түстім.

Түс - күндізгі ойдың қөлеңкесі дейді ғой. Рас екен. Көк майсаның ортасында талма түсте қос ғашық ынтығып табысқан. Айнала жым-жырт, алысқа ұшып жатқан Қарағұлдың әні ғана. Дүние ұйып қалған, тынып қалған. Оңаша табысқан екі жастың ерке әнімен көсілген кең дала тым жомарт, тым дарқан. Елжіреп кетер жүрек үнімен балқып-ұйып, еш бөгетсіз, сыбдыр-қыбырсыз мүлгіп тұр. Сағым бұлдырайды, ақ торғынды ши толқиды. Балауса құрақ әлсіз ғана шайқала түсіп, әсем ырғақ, сазды әуенмен бірге ырғалады. Маңайда сорғалап төгіліп тұрған мейірім үні, құйқылжып шарықтап кеткен махаббат әні. Құлағымдағы үзілмей жүрген ызың енді міне сұлу саз боп ұйытып барады. Менің іздегенім де, таба алмай жүрген сергелдеңім де - осы ән екен. Осы ырғақты енді Қарағұлдың аузынан естіп, үзіп алуға қорыққандай қимылсыз қалдым. Ән бәсеңдеп, қайта күшейді. Сол сәтте Әсия Қарағұлдың иығына басын сүйеп тұрып қалды. Екі жасты ән әлдилеп, екі жүректі ән шырмады. Қең даланың төсінде құшақтасқан екеуді де ән қосты.

— Сүйем,-дейді Қарағұл.

— Сүйем,- дейді Әсия.

Түстің оңуы да оңай екен. Жаңағы ән үзіліпті, енді маңайдан жел үріп, қасқыр ұлығандай у-шу қаптады. Төңірек дүрлігіп, дүрілдеп алған. Ысылдап шуылдаған ши бастары торғай арбаған мың сан жыландай боп керініп кетті. Осы аласапыранда біріне-бірі үрке қарап екеу тұр.

— Сүйем,-дейді Қарағұл.

— Көтек-ай, не дейсің?!дейді Әсия, бірақ Әсияға ұқсамайтын да сияқты, қабағы қатулы.

Мә, оқы,- дейді Қарағұл қағазын ұсынып.

— Бетім-ау, мұның не?

— Оқысаң түсінесің.

Қастарына жақындаймын. Көзімді қысып қоям.

— Жалғыз түп шидің түбінде,-деймін мен. Қарағұл қабағын түйіп кеп дәу жұдырығымен бүйірімнен ыңқ еткізеді...

Күңгір-күңгір дауыстан оянып кетсем, мезгіл сәске шамасы болса керек, түңлігі ашылмаса да үйдің іші жарық. Қарағұл да әлі тұрмапты, Бүркеніп қасымда

жатыр. Дауыс аяқ жағымнан естіледі. Білдірмей сығаласам, жеңгем мен түндегі өзім Қарағұлға жіберетін келіншек сыбырласа қапты. Сыбырласулары айқайлаудан бетер.

- Ойпырмай, жігітім екен өзі, өзеуреп ала жөнелгені,-дейді келіншек сүйреңдей жөнеліп. Жеңгем тақала түсті.

- Ей, дұрыстап айтсаңшы емешемді құрытпай.

- Күнтайымды үйге алып қайтайын деп барғаным сол еді. Бір жүгермек жетіп келіп, қолыма қағаз ұстата салғаны. Түк түсінсем бұйырмасын. Қөтек-ай, масқарам шыққаны. Біреу-міреу көріп қалды ма деп қорқып та барам. Ішім сезетін де сияқты. Әлгі қиық мұрттың қыңқылдап жүретіні бар еді. Сол екен дегенім ғой.

- Сосын, сосын болсайшы енді соза бермей,-деп жеңгем ынтығып өліп барады.

-Түк білмегенсіп «Бұның не әй» дең жатырмын. Тақылдаған неме екен. «Оқысаң түсінесің» дейді. Тышқанның ізіндей жыбырлағанының мен тап бір түбін түсіргендей. Оқып жіберетіндей сумаң еткізгенім. Кетіп қала ма деп қорқып та барамын. Өзі де бір талайды көрген жалмауыз болса керек. «Жалғыз түп шидің түбінде тосып отыр» деп жылмың-жылмың, қылмың-қылмың етеді. Оңтайына келсем, мойныма орала кететіндей де түрі бар.

- Кім екен, осы ауылдың бозбаласы ма?

-Жоқ, бұрын көрмеген сылқымым. Бірақ көп тоқтамады. Ойнап кетті. Тұрып-тұрып, содан кейін жалғыз шиге тарттым:

- Қой, ей?!..

- Қатира-ау, сенен сыр жасырам ба. Бар шыным. Ойымда өзге болмаса да ойын бар. Қойшы, сонымен, түп шиге келдім. Ай да сол сәтте бұлтқа кіріп, маңай күңгірт тартып кеткені. Қуанбасам, ренжімедім. Қиықмұртты біраз әурелеп, тұлыпқа мөңіретіп кету ғой сондағым.

- Амал жоқ. Қелдім.

Ол да шыдай алмай отыр екен. Қарсы жүріп, құшағын аша берді, сығымдап әкетіп барады. Бұрынғы жоқ әдетін бастап шашымды иіскей ме-ау, көзімнен сүйе меау, қояр емес. «Өлтіресің бе» деймін. «Сағындым» дейді емешесі құрып. Алдында ғана шай ішіп кетіп еді қолымнан. Қарулы екен, сүйек-сүйегімді сындырардай құрсаулап барады. Өзіне сүйенбесем құлап кететіндеймін. «Толып кетіпсің ғой өзің» дейді. «Толмағанда

қайтейін» деймін мен Сонымен не керек, буын-буыным босап еркімнен айрылғандай бір сәтте жұлқынып шығып босанып алдым да, мұртынан тартатын әдетіммен қолымды алға созсам, бет-аузы жып-жылмағай. «Әй мұртың қайда?» дегенім.

Қандай мұрт? Нені айтып тұрсың, Әсия.

Көтек-ау, Әсиясы несі?! - көңіліме күдік енді, даусы да бөтен сияқты, қасына таяна түстім. Сол кезде бұлттан ай да көрінді. Сөйтсем. әлгім мархұм сулы көз қайнағаның селтекбайы. Мұндай жыным келмес. Қайқайып тұрып шапалақты жағына сарт еткіздім. Тұра жөнелді. Соншама ит-әлегімді шығарып масқара қылғаны,- деп келіншек (келіншек деймін-ау, сол кезде-анықтап байқасам, қырықты құсырған сарқарын бәйбіше) сәтте жүдей қалып, сөзін бітірді.

- Әй, Уәсила-ай, жеңге деп ойнағанын бір жолға көтере салмадың ба?

Уәсиламның Әсия боп жаңылыс естілгенін енді ұғып, бұғып жатырмын. Мен бүлдіріппін бәрін. Жалғыз жұдырықпен аман құтылсам, менен бақытты жан табылар ма екен!..

Қарағұл да ояу сияқты. Қыбырсыз. Тіпті демі де шықпайды. Ашумен түйілген дәу жұдырығын салмақтап, ішінен маған кіжініп жатқанына күмәнім қалмады. Маңдайдан суық тер бұрқ етіп, жауырынымның екі ортасы жыбырлап сала берді.

Отырған екеу енді кәкір-шүкірді әңгімелеп кетті. Жатырмыз. Сөйлескендер қояр емес. Қашанғы жата берем, солбырайып орнымнан тұрдым. Уәсила жеңгей бетіме бажырайып бір қарады да, көз жанары шарасынан шығып, ернін шылп еткізді. Сұқ саусақ бетті бір тіле төмен сырғыды.

Киініп алып, далаға шықтым.

Енді бұл ауылда қала алмайтын сияқтымын. Бір жағынан Қарағұлдан қорқып барам, Былай шыға жеңілжелпі ұшықтап алатыны өзіме аян.

Көзім белдеудегі шобырға түсе кетті. Бұл біз мініп келген ат. Басыма кенеттен бір ой келді. Атты шешіп алып, қарғый міңдім. Шобыр дүңк-дүңк желе жөнелді, Маңдайым - өңдіріс, үйім; желкем ауыл, Қарағұл.

... Сол күні кешке шаршап-шалдығып Қарағұл жаяу жетті. Мең әкемнің қасынан бір еді ажыраған жоқпын.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

*- Басер бәйгі алды.- Біз киім таңдаймыз-" Шіркіннің кербезі-ай!" - """"" Былшық Сара» - әннің аты.*

Терендігі отыз-қырық метрдей, көлденеңі он метр шыңырау-шахта деп аталады. Бұл - әк өртейтін қарапайым пеш. Үстінде айқыш-ұйқыш рельс төселіп, вагонетка жүреді. Бірі тас тастаса, екіншісі көмір салады. Қабат-қабат төселеді. Күндіз-түні будақ-будақ түтін бір арылмайды. Бірақ үстегі жұмыс, қанша айтқанмен, таза ауада жүрген соң онша қинамайды.

Бәсер де, Қарағұл да пештің астына, шахтаға ауысты. Бұл жердегі жұмыстың ең ауыры да, ең құрметтісі де - осы жер асты. Талай рет қызық көріп барып шыққам. Екі-үш метрдей ұзын-ұзын көсеулерімен жоғарыдағы темір тордын ара-арасын түртпектеп жүрген он шақты жұмыскер-кочегарлар ауыздарын ақ дәкемен тұмшалап алып, дәл ортадағы вагонеткаға күйген әкті түсіріп жатады. Пеш асты - шахта ыстық, иіс-көп тұрса бас айналдырып, тынысынды тарылтар көмір иісі. Бүкжең-бүкжен қимылдап, еппен қозғалып бірінен соң бірі тар есіктен сумақ етіп шыға келетін кочегарлар ертегінің батырларына ұқсап кететін. Тер жуған беттері ісіне қызарып, белбеуіне байлаулы құтыдағы сүттен бір-бір жұтып алып, көлбеу жолдың үстіне бір шынтақтап жамбастап жата кетіп, шақшаларын суырады. Киіз байпаққа шандып байлап алған тас кебісіне тық-тық тигізіп, қара күрең насыбайды алақанының шұңқырына салады. Содан кейін сұқ қолының ұшымен біраз үгіп отырып үш саусақпен бүре ұстап, еріндерінің астына тастап-тастап жіберіп, шырт-шырт түкіргенде бір жасап қалатын.

Бәсерді шахтаға ауыстырғаннан кейін, көп ұзамай Қарағұл да сонда түсті. Қарағұл Бәсермен бәсеке. Қалғысы келмейді. Жұмысқа бір күнде келіп, бірге орналасқан бұл екеуі жұрт аузында мақтаулы. Бригада мен бригада, жұмыскер мен жұмыскер болып өзара жарысқа түскенде, Бәсер рудянк бастығына айтып сонау «Жүндінің» тұмсығынан бастап ішке қарай сұғынып бара жатқан карьердегі тас қазушылардың арасына сұранған, Әрсен

десятник жібермепті. Жұмысқа мығым Бәсерден ол өлмей айырылсын ба.

Түскі үзіліс еді. Рудник бастығы, рабочком, десятниктер барлығы сау етіп келіп қалды. Жұмыс басындағы кішкене үйден үлкен кара столды көтеріп екі жұмыскер де жетті. Қайдан әкелгенін білмеймін, бір кезде әлдекім соның үстіне қызыл шытты жайып тастады. Стол қасына ұзын орындық та қойылып қалды. Бастықтар жайғасты. Жұрт мәз. Ентелеп келіп столдың алдына жиналды.

Сөзді рудник бастығы алды:

- Жолдастар, айлық жоспар артығымен орындалды. Завод бізге, мына сендерге риза. Бірінші сыйлық Далабай ақсақал мен Бәсерге беріледі. Дәке, бері келіңіз, Бәсер, сен де жақында,- деп бастық әкем мен Бәсерді қабат шақырып, екеуінің де қолын кезек-кезек қысты.- Мынау грамота, ал мынау біздің атағанымыз. Көңілімізге разы болыңдар.

Бәсердің алакөздері жаутаңдай береді. Көп ішінен біреуді іздегендей тіміскілеп тұр еді, мені көріп қалды да:

- Әй, оқышы мынаны,- деп грамотасын маған ұсына салды.

Оқып жатырмын. Бәсер алқынып тұр.

- Не жазыпты?

- Бәке, сенің аты-жөнінді жазып, жақсы істегенін үшін беріліпті. Мынау заводтың мөрі, ал мынау директордың қолы,- деп грамотаны көзінің алдына тоса бердім. Қос танау делдиіп кетіпті. Желді күнгі құрым үйдің түндігі дерсің.

- Рақметов Бәсер деп пе?—деп сенер-сенбес боп қайталай сұрады» Қасымызға жақындаған Қарағұлға да жалтақ-жалтақ қарады.

- Дәл солай. Рақметов Бәсер - озат жұмыскер депті.

- Рақмет, Әйкеш! - Қолымды сілкілеп жатыр, қысып жатыр, жаным мұрнымның ұшына келді. Сыйлык әлі үлестіріліп біткен жоқ. Жұрт у-шу. Жұрт кампит алған баладай.

Қарағұл, Бәсер үшеуміз оқшауланып бөлшіп шықтық.

- Грамотаң дұрыс. Бұл бір жапырақ қағазыңды біз де алармыз. Анау ораулыңды ашшы, ішінде не бар екен?-деп Қарағұл Бәсерді омыраулап барады.

- Әй, крәмітқа тиіспе. Мұнда менің атым жазылып-

ты. Керек болса ала бер мынаны,- деп Бәсер орауды ашпастан Қарағұлға бере салды. Екеуміз таласа ашып жатырмыз. Мәссаған! Орау толы ақша екен!..

Қарағұл аң-таң. От ұстағандай. Қолы дірілдеп қайта орамақшы болады. Бәсер жомарт екен, көзінің қиығын да тастамады.

- Сен ал,

- Мақтанба. Өзім де аламын әлі.- Қарағұл намыс - танып қалды. Бәсер енді маған бұрылды.

Әйкеш, жаңағы жақсылығың үшін сен ал.

Мен де қашқақтап жатырмын.

Рақмет, Бәке! Оныңыз не? Еңбек сіздікі. Бәйгені сізге берген,- Бәсерді шын құрметтеп "сіз" деп сызылып тұрмын. Еңбек адамды сұлуландырып жібереді дейтін рас. Сонау күнгі колхоздан алғаш келгендегі Бәсер бір бөлек те, мына грамота алып, ауызға ілінген стахановшы Бәсер тіпті басқа. Қызыға қараймын. Менің қызыға, қуана қарағанымды өзінше түсінсе керек, Бәсер қипақтап тұр. Екеуімізді ренжітіп алдым ба дегендей кезек-кезек қарайды... Жаутаңдап қарайды.

- Таптым, Бәсер! Өзіңе киім аласың,- деді Қарағұл. Мен де қоштай жөнелдім. Бәсер де көніп қалды. Киімнің аты естілісімен брезент шалбарды бір көтеріп қалып, көзінің астымен Майсара жақты бір сүзіп өтті. Ала көздерде ұшқын ойнады.

— Бірге барайық онда. Мен сауданың ретін көп біле бермеймін.

Біз де келістік.

Жұмыстан шыға ауылға соқпастан тура дүкенге тарттық.

Дүкенші бізді құшақ жая қарсы алды. Бөтен-бөгде бейсауат ешкім жоқ екен.

- Іздәрести, тамыр,— үшеуміз үш жақтан үн қостық.

- Аман, аман! Келіңдер.

- Тамыр, әй, жақсы-жақсы киімдеріңді бері шығар.- Сөйлеп жатқан Қарағұл. Ішіміздегі білгішіміз де сол. Бәсер екеуміз соның аузын бағамыз.

- Қара бастон костюм бар, көкшіл драп пальто бар. Қайсысын аласыңдар?- деп Иван ілулі тұрған киімдерді бір сипап өтті.

- Тамыр, алдымен шалбарыңды бері таста.

- Міне шалбар.

Ауы кең, балағы тар қуықтай бірдеңе.

- Тамыр, осы Бәсерге лайық шығар, ә?- деп Қарағұл аударып-төңкеріп қарап қояды.

- Тұп-тура өзіне арнап тіккендей. Фасонын айтсаңшы. Таптырмады,- деп дүкенші мактайды.

- Жақсы, соқ шотыңа.

Есепшот бір сырт етті,

- Көйлегіннің бірін апер енді,- деп Карағұл прилавкаға асыла мойнын созды.

- Қызылы ма, ағы ма, қарасы ма, қоныры ма?- Дүкенші лыпылдап тұр.

- Оу, тамыр, қайдан шықса одан шықсын, әпкел қызылын.

- Дұрыс таңдадың. Қызыл жүзге қызыл түс әбден жарасады.

- Сал онда шотыңа,

Есепшот тағы бір сырт етті.

- Тамыр, осы екеуін бір киіп көрсе қайтеді,- Қарағұл шалбар мен көйлекті Бәсерге ұстата берді.

- Кисін, алған соң киген дұрыс. Онда сен, Бәсер, бері кір.

Бәсер прилавканың ішіне өтіп, киініп алды.

- Қалай екен?- Екі көзі тостағандай. Қуанып тұр Бір жасап тұр.

- Катып кетті,- дедік біз.

- Тамыр, рақмет. Сен енді белдік босат. Біздін Бәсерден аянып қалма.

- Жоқ қой ол. Алған жоқпыз.

- Тамыр, Бәсер екі қолымен ышқырын көтеріп жүре алмайды. Амалын тап.

- Мына біреуді, жаратсандар, тіпті қатып кетер еді,- Дүкенші құйысқанды көрсетті. Кейін білдім, бұны орысша подтяжка деп атайды екен,

- Бұл құйысқаның немене өзі? Бәсер бәйгеге түспейді. Бәсер қызға қырындайды.

- О-о, онда тап осы сәнін кіргізбесе мені сатушы деме. Дәл осыған қызықпаған қызда да көз бар дей алмаспын,- деп сары Иван әлгіні сілкіп-сілкіп қойды.

Жақсы. Өзін байлап бере қой онда,- деп Қарағұл да тез келісе кетті.

Дүкенші подтяжканы тағып берді.

- Мына жеңді салақтатпай түріп алсам ба екен тамыр. ә?- деді.Бәсер саусақтарынан озып шыққан жеңіне қарап тұрып.

- Жо-жоқ. Жеңнің сәні мына резинка.

Сатушы қос білекке резинка өткізді.

Бәсер дүкеннің ортасына шығып, ойқастап жүр.

— Тамыр, шыныңды айтшы. Дәл қазір Бәсер қандай?-деп алакөзде нұр ойнап, мақтау күтті.

— Қазіргі Бәсерге жетер жігіт жоқ.

— Болды, болды. Адамым-ақ екенсің!...

Енді біз шуылдасып жатырмыз.

— Игілігіңе кигізсін!

— Тез тозсын, көңілің өссін!

Бәсерді босатып жібердік білем. Мұрны пысылдай бастады. Одан сайын үдей түсеміз. Бәсер дүкеншіге бұрылды:

— Тамыр, енді бір бөтелкеңді қос бұған.

Есепшот соңғы рет сарт-сұрт етті.

Қолымызға бір шөлмек арақ тиген соң біз де көңілденейін дедік. Алдымызға Бәсерді салып, сыртқа беттедік. Құйысқаны жоғары көтеріп, шалбардың ышқырын төсіне жеткізіп, қос балағын тізеден шығарғаны болмаса, үлкендеу көйлектің екі иығы білектегі резинкаға жетіп салбырағаны болмаса, жігітіміз әсем-ақ. Әсіресе, беліне бір, орап, бір байлап, екі ұшын салақтатып жіберген қызыл жібек белбеудің шашақтары тобығын соғып жарасып-ақ келеді. Қастарымыздан олай өткенде. бұлай өткенде ауылдастарымыздың қалшиып тұрып, сүзіле қарағандарына мәзбіз. Ондайда Бәсеріміздің жүрісі де мың құбылады. Бірде жорғалап, бірде қыбырлап, бірде текіректеп, бірде секіріңкіреп кетеді. Оқыста өзгеріп өзгеше мінез бастаған-ды.

- Әйкеш,- деді ол бір кезде.- Ұсташы мынаны, маған жараспайды екен,- деп қолыма ораулы жұмыс киімін ұстатты. Алдымызда Бәсер, соңында біз жүріп келеміз. Бәсер екі қолын қос бүйірге таянып мықынданып алды. Сұмдық жарасады екен! Жігіттің төресі-ау біздің Бәсер!

... Ауылдың соңғы оты сөнгенше біз Қарасудың жағасында отырдық.

- Өмір - өзен,- дейді Қарағұл үшеміз жартылықтың басына су құйғаннан кейін.- Ие, достарым, өмір - өзен. Сарқырап ағады, бұрқырап ағады. Сылдырлап ағады. Сонда да тоқтамайды. Біреуге нәр, біреуге әл береді. Ал қарасу дегеніміз өзеннің картаюы. Қарасу ақпайды, қарасу ақпаса да салқындатады. Ол карттықтың ақыл-

дылығы, сабырлылығы сияқты. Ал көктемде осы қарасу тасиды, оған су косылады, көбейеді. Күшейеді. Бұны неге айтады дейсіндер ме? Біз де осы сулардай бір болайық деймін.

Одан әрі біраз даурығысып барып ән салуға тірелдік. Білетін өлеңдерімнін, бірде-бірі тілім ұшына келмейді. Бәсерге жабыстық.

- «Нәсір-нәсірді» айтайын ба, «Былшық Сараны» айтайын ба?

- «Былшық Сараны» айт,-деймін мен.

Бәсер белбеуінің шашағымен ойнап отырып, бастап кетті. Шіркіннің даусы-ай! Жым-жырт түнде кесек-кесек тастың үстімен бос темір бөшкені домалатып жібергендей даңғырайды. Елтіп қалдық.

« Былшық Сара сақинасын салады-ай,
Салмақ тұрсын санымнан да қымқып-қымқып алады-ай».

«Қымқып-қымқып» дегеніне қалай түсінсем екен деп ойлағанымша, Бәсер қара санымнан бұрап шымшып алды. Баж еттім. Қарсы алдында отырған мен алакөз Бәсер досыма «Былшық Сара» болып көріндім-ау, шамасы.

...Сол күннен кейін Бәсер мұздай киініп шыға келгенде кездескендердің айтары бір-ақ ауыз сөз.

Бәсер ме-ай, мынау .

Бәсердің де қайтаратын жауабы белгілі,

- Өй, ақымақ!.. Не тамаша бар...

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

*- Мен күйеу жолдаспын.- Әзірейілдің қолына түсу.-" Ұрын түні" .-Бәсер Майсараны күзетіп отыр.- Таусылған төзім, шарт еткен шапалақ.*

Ойда жоқта мен күйеу жолдас болдым.

Түскі үзілісте қасыма Бәсер келді. Таза ауаға шыққан ол кеудесін кере дем алады. Кең жауырынды, төртпақ дененің өкпесі кіші-гірім көріктей. Тоғыта тартады, лақылдата шығарады ауаны.

Аспан айналып жерге түсердей шілденің ыстық күндері. Сарғайып тозған төңірек көңілімді құлазытып жібер-

ді. Бәсерге бұрылдым. Үндемеді. Мен де үндеместен тамақтануға кірістім. Бәсер отырды. Нығыздалып жайғасып алды. Ауыл үн қонғандай емес, қожамсынған түрі бар.

- Берірек отыр, Әйкеш!

Саусағы қысқа тегеурінді шеңгелімен бүріп алып иығымнан тартты.

Қара дорбадан дүниенің тағамы шығып жатыр.

- Бұл не?! Қайдан шыққан байлық?..

Бәсерде үн жоқ. Етті де, нанды да дәл ортасынан қақ бөліп тастап жатыр. Көсіп-көсіп алып, сап-сары түйір-түйір ірімшіктерді де төгеді. Аузы да жампандап кеткен. Жеп жатыр. Жеп жатырмын. Екеуміздің де аржағымызға ел қонды. Бәсердің кең пейіліндей мол дастарқаны ортайған да жоқ.

- Ал, Бәке, енді жөніңді айтшы.

- Айтайын...- Бәсер қоржиып көтеріліп алды да, бір жамбасымды баса, жақын отырды.- Саған сенгендіктен айтам. Басқа біреу естіп жүрмесін.

- Неге?

- Оның сұмдығы бар.

Бәсердің даусы естілер-естілмес сыбырмен шықты. Айналасына елеңдеп қарай береді. Шыдамым қашып, жақындай түстім. Бәсер «Үшбурылдың» өзеніне кездесіп қалып өтсем бе, өтпесем бе деп дал болған жан тәрізді. Жүзіме көп қадалып отырып қалды. Ренжи сөйледім.

- Сенбейтін болсаң неге келдің?

- Мен бүгін Майсараға «ұрын» барам.

Бәсер айтарын айтып салса да, әлденеге сабыры қашып, амалы таусылған жандай жүнжіп қалды. Сары майдай сақтаған құпиясын ашып алып, діңкесі құрып отырғандай. Аяп кеттім.

«Ұрын» түнін еміс-еміс қана түсінемін. Ертеде екі елдің ұл мен қызының тағдыры батадан өтіп бәтуаласып байланғанда, аралас-құраласы жоқ екі ауылдың қосақталған жастары оңаша табысып таныса, түсініс берсін деген ізгі ниеттен туған да шығар. Бақыт боп, сор боп жүздеген, мыңдаған ғұмырдан өткен де шығар. Атадан балаға мирас тірліктің тап осы «ұрыны», мына алакөз Бәсеріме жеткенде, бабалардың дәл бұл мұрасын ұнатпай қалғандаймын. Әлемге әйгілеп, махаббатымды көр, асықтығымды таны деп әшкерелеп аялар сезіміңді жан жүзінен жасырып, қара түннің көрсоқыр қыспағында

қалай қабылдарсың. Өзіңнен өзіңді ұрлап ұрлап табар қызықтан не барқадар табылмақ. Осы ойымды Бәсерге айтайын десем, көңлін қимаймын. Оның үстіне үлкендер түйіп қойған түйінді қайта шешер Бәсер ме.

- Бүгін маған серік бол. Міне Бәсердің айтары.

Келістім. Бәсер менен сыр жасырмағанда, бір түндік ұйқымды аяймын ба.

Қарағұл екеуміз жұмыстан бірге қайттық.

Қарағұл соңғы күндері қатты өзгерді. Әсияның күйеуі Садыр ақсақал қайтыс болғалы ай өтті. Жасы жеткен кісі көп ауырмай ма, бірер күн сырқаттанып жатып, көз жұмған, Содан бері Әсия қаралы келіншек. Ернің жылын күтпек. Қарағұлға осы бір жыл өтпестей көрініп, күрсінісін көбейтіп кетті. Қанша сабыр тақаты қалмай сөз салайын десе де, елдің сыпсыңынан қорқады. Кейде бойын буған ойдан айыққысы, серпілгісі келе ме, мені ертін аңға да шығады. Бірақ бұрынғы елгезектігі шамалы. Екеуміз ілгерілі-кейінді ұнжырғамыз түсіп ауылға құр қол ораламыз'. Ондайда менің ойлайтыным махаббат жайы. Соның тегі мен төркіні. Анау Бәсер іштей мәз. Жа - ңа тілек, жаңа сын-сипат тапқан. Мынау Қарағұл серпілтпес сергелдеңге түсіп, семіп барады. Махаббат деген құдірет бірін қуантып, екіншісін күрсінтіп жетіпті. Екі жігітті екі түрлі қаракетке салып қойғанына түсіне алмай дал боламын.

Қарағұлға Бәсердің хабарын айттым. Бірге баруын өтіндім. Жігітім серпіліп калды...

... Қас карая мұздай киініп-киініп алып (әрине мұздай киінген Бәсер) екеуміз қызы бар ауылдың ту сыртында жатырмыз.

Ауыл әлі тірлік қамында. Үй-үйдің арасында зыр жүгіріп ойнап жүрген - ұсақ балалардың даусы маңайды дүрліктіріп тұр. Суылдап жарғанат ұшады. Алыстан жылкы кісінейді. Түн тынық. Жұлдызы ірі-ірі, құрым киіздің шұрқ-шұрқ тесігіндей. «Жүнді» төбе қарауытып көрінеді. Күпісін көлденен тастап қалғып кеткен қас батырдай. Төбеден оңға қарай бұрылсаң, жалыны бірде көрініп, бірде сөніп пеш жұмыс істен жатыр. Барабанның шиқылдай айналғаны үздік-үздік естіліп қалады. Қырдағы көп барақтың маңынан гармоньға қосыла шыққан частушка бебеу қағады. Мен орыстын халық әндерін сұмдық ұнатам. Іштей қосылам, іштей қайталаймын. «Ана жақта ән салып жүрген жастар бақытты-ау. «Ұры-

ныңды» қайтсін олар. Частушкаларымен жауап қатысады да, жайраңдасып қол ұстасып кете береді...» Бір кез балалардың шуыла да тынды. Үй-үйдің оты азайып, шамы сөніп тыныштыққа бейімделе түсті. Әлі жатырмыз. Бұндайда уақыттын. жылжымайтынын қайтерсің. Сөз бастайтын Бәсер ме, сылдыр еткеннен сескеніп, жердің тесіті болса кіріп кетердей бүрісіп жатыр.

- Бәке, Карабай үлкен екен ә, өзін де өлшемей мол піше салыпты-ау,-деймін мен сыбырлай сөйлеп.

- Әй, Қарабайың кім сенің?-Бәсер елең етіп жалт бұрылды. Оқыста даусы да қаттырақ шығып кетті.

Ойпырмай, Бәке, шынымен білмейсің бе Қарабайды?- деп таңданған болып Бәсерге қарай аунап түстім.

- Қарабай дегенді тап қазір сенің аузыңнан ғана естігеніме ант-су іш десең де дайынмын,- дейді ол енді сыбырлай қалып.

- Міне, қызық! Ол сенің қайнағаң ғой.

- Немене?! - Бәсер қолымнан шап берді. Қысып жіберсе, сүйегімді уатып жіберетінін білем, тартып ала қойдым.

- Қарабай дегенім Майсараның немере ағасы. Тап бүгін ғана поездан түсіпті. Естуімше, осы құдалыққа қарсы көрінеді.

- Құрыдық онда,- деген Бәсер бұға түседі.

Ашуы қатты дейді. Милиционер болып істейді екен. Тапаншасын өз көзіммен көрдім.

Бәсерімде үн жоқ. Онан сайын үдей түсем.

- Адам ату Қарабайға шыбын өлтірумен бірдей көрінеді. Үйткені соның бәрінің заң-жосығын табады деседі. Ал енді дәл-мынандай түнде қарындасын қолынан беріп қарап отырмас. Тап қазір мен білсем, тапаншасын оқтап Қарабай «қанды басың бері тарт!» деп қолына түкіріп отыр.

Бәсерімнен дыбыс шығар емес. Ықылық атып болды да қалды. Қанша жүрек жұтсаң да, баратын жеріңе жеткен шығарсың деп мен жөтел қысқандай булығып күркілдеп ала жөнелдім. Сол-ақ екен, тап қасымыздан біреудің қылтия қоймасы бар ма. Зыта берем дегенше, көкжелкемнен бірді қонжитып жіберді. Қалпақтай ұштым.

- Ағатай-ай, өлтіре көрме! - Жыламсырап, танауды қорс-корс тартам.

- Кімсің? Не іздеп жүрсің?- деген адам әзірейілдей төбемнен төніп тұр.

— Әйкешпін мен, ағатай. Ештеңе де іздеген емеспін.

— Екеу едіңдер ғой. Қасыңдағың кайда?

— Білмеймін.

— Жаным аман қалсын десең айт шапшаң?-Мұндай да дауыс болады екен. Күндей күркірейді.

— Көрген жоқпын.

— Қызға «ұрын» барайын деп жүр дейді ғой сендерді.

— Ағатай, оныңыздан аулақпын әлі.

— Жоқ. Сендердің мына жүрістерің тегін емес.

Бәсерге қарасам, ес-тұстан айрылған. Басын қос қолмен бүркеп апты, бөксе жағы бүлк-бүлк етеді. Менің бұрылған тұсыма көз тастасымен әзірейлім Бәсерге ауды. Бара сала жігітіміздің отыратын жерінен ыңқ еткізіп бір тепті. Бәсерім балаша бақырды.

— Көкетай, қасық қанымды кеш! Майсаранын маңынан жүрмеймін.

— Тұр! Жатқан адамды жаным жек көреді.

— Ағатай, Бәсерді өлтіре көрмеңіз, онда айып жоқ,- деп әзірейлінің соңынан қалмаймын.

— Жарайды. Әділдікті мен де жақсы көремін. Әй, сен енді жата бермей кетеріл де, он қадам жерге барып тұр. Мен саған сол қолмен бір оқ арнаймын. «Тисе- айыбың, тимесе - айыпсыздығың. Одан басқа жол да жоқ.

Бәсер еңбектеген қалпымен әлгінің аяғын құшып жүр. Жалынып жүр.

— Көкетай, екі дүниеде алдыңа келмеймін, аман жібер. ӘйеЛсіз өтсем де «ұрын» деген бәленің маңына жоламаймын. Жібер мені. Тірі жібер!..

— «Ұрын» деп қырындамайсың ба? -деп анау қолындағы тапаншасын шошаңдатып қояды.

— Отыздан асқанша өз алдыма от жақпаппын. Жақпай-ақ өтейін. Құтқар! Қасықтай қанымды ая!

- Расың ғой?

- Енді қалай қарған дейсің!- Екі тізесін бүгіп, шарта жүгініп қос қолын жоғары созып жіберіпті. Басын көтерер емес.

Күлкіден қас нәрсе жоқ шығар. Манадан бері әрең-әрең шыдап тұр едім, қара түнді басыма көтеріп қарқылға басканым.

- Қап! Азырақ шыдағаныңда Бәсердің бес-қабат терісін сыпырып алатын едім,- деп Қарағұл да күліп жіберді. Бәсер сонда ғана таныды.

Жасаған-ау, жасаған, жасыныңды жібер мына екі

сұмға, қос алаяққа! -деп барқылдай түрегелген ол күйіп пісті.

— Бәке, өзіңнен көр бәрін.

- Аузыңды ұрайын, мен саған не істеп ем?

— Сен не істемедің маған. Өзің ұрын барғанда менен үйдің сыртын да қызғандың ғой. Неге шақырмадың?

Бәсер ауыр күрсінді. Түсінігі бар жан ғой, өз кінәсін мойындап үнсіз тұр. Аяп кеттім.

— Қой, тұрмайық. Айдын көлде жеке жүзген аққудай Майсара тосып қалған шығар,- дедім мен.

... Қарағұл екеуміз киіз үйдің іргесінде жатырмыз. Әлгінде Бәсерді зорлағандай етіп ішке кіргізіп жібергеміз. Уақыт өтіп жатыр. Еш дыбыс білінбейді. Біз де қыбырсызбыз. Бір кезде арт жағымыздан сыбдыр естілді. Бұндайда жүрек шіркіннің сескенгіштігі қандай, жарылып кетпегені болмаса, көр аузына барып қайттық.

- Әй, бері келіңдерші.

Дауыс таныс сияқты. Жалт-жалт қарадық. Бәсер екен..

- Өй, неғып жүрсің?!

- Тастай қараңғы екен. Байқаусызда басқа біреуді басып кетермін деп тұрып-тұрып шыққаным ғой.

- Әй, бұқамойным-ай, үйде қыздан басқа ешкімнің жоғын білмеуші ме ең.

- Апыр-ай, солай екен-ау!

- Сен еңді деміңді біраз бас та, тағы кір. Қыздан ұят-тағы. Обалына қалма.

Үшеуміз тағы аз-кем үнсіз қалдық.

- Жолың болсын! Бар енді.

Екеуміз Бәсердің екі қолтығынан демей көтеріп әкеп үйге кіргізіп жібердік те, сыртқы тиегін салып қойдық.

Жатырмыз. Тәніміз тыста, жанымыз жігітпен бірге. Бұзылар тыныштық жоқ. Тағы да ауыр жылжып уақыт созылады. Арқырап, кісінеп паровоз өтеді. Маңайдан түйе пысқырады. Тек үй ішінен еш хабар жоқ. Үмітіміз үзілуге айналған кезде Қарағұл екі аяғын көсіліп жіберіп жатуға ыңғайланды. Мен де түзелдім. Тап сол сәтте іштен күңкіл естілді. Зарыға күткен сағынышты лебізді естірдей Қарағұл екеуміз бастарымызды көтеріп-көтеріп алып, қыбыр етпей тосып тұрмыз, Мен қызық көрсем, Қарағұл міндеттен тезірек құтылуды қа-

лайды. Содан ба қатты алған демімді де жақтырмай алақанымен аузымды басады.

- Бұл кім,әй?

- Ме-мен ғой, Ма-майсара,- деп кекештенген Бәсердің үні тұншыға шықты.

- Сені кім шақырды?- Қыз ашулы сияқты.

- Қа-қарағым Майсара, мен Бәсермін ғой.

- Бәсер болсаң қайтейін.

Одан әрі үй ішінің күңкілі де үзілді. Келісімнің артынан ілесе шығар дыбыстарға құлақ түре, біз де демімізді іштен алып тына қалдық. Көзімізге тығылған ұйқы да зым-зия жоғалған. Бірақ қапырық тыныштық бұзылар емес. Қанша уақыт өткенін білмеймін, қимылсыз қалған аяқ-қолым ұйып барады.

- Әй, сен неғып отырсың?- Майсараның даусы жұмсақ шықты. Қайтсін, бұдан артық жалына ма енді.

- Май-майсара, мен Бәсер едім, - дейді жігітіміз баяғы бір сарынмен тұншыға сөйлеп.

- Бәсер екеніңді білем...

Бәсерде әлі үн жоқ. Сірә, қыздың аяқ жағында мөлиіп, қалшиып қалса керек, Қарағұлды білмеймін, менің денемді бір ыстық жалын шарпып әкетті. Күйіп-жанып барам. «Ойпырмай, бұл қалай өртенбей отыр. Тап қасында болып қалай шыдайды. Әлде «ұрынның жолы осы ма екен» деймін іштей өзіме өзім. Қыздын төсегі біз отырған тұста екен. Аунағанына шейін анық естіледі. Ол да лапылдап бара жатса керек, онын үстіне түн де бүгін тымырсық болатын, жиі қозғалады. Серпіп тастаған шәйі көрпенің суылына дейін қағып алып тұрмыз.

- Майсара, мен саған келдім,- деді бірде Бәсер, қанша дегенмен жігіт кой, өзі сөз бастап. «Е-е, тірілсеңші Еркек атың бар ғой» деген әлсіз үмітпен құлақ түрем.

- Иә, жай ма?

- Майсара, сен өкпелеме.

Бәсер тағы тығылды. Қос танаудын пысылы ғана естіледі. Ыңғайы енді келген екен деп біз ентелейміз, Бірақ бұзылмайтын әлі сол баяғы меңіреулік. Қызды білмеймін, ауыр азапқа өзім түстім. Қыздың аты қыз емес пе, қайтып қана «келе ғой қасыма» деп шақыра қойсың. Аунап түсіп, ыңыранудан басқа шарасы да жоқ. Бетімнен басып ұялып барам. Жігітіміздің дәл осы

қылығынз... куә екенімізді, Майсара біліп қалса, жер болмаған неміз қалсын.

«Еркек кіндіктің намысы бір» дейді ғой. Карағұлым да қалшылдап отыр.

- Әй, отырып болдың ба, шық үйден,- деді Майсара, жігітіміздің былқ етпегеніне намыстанда-ау деймін,- Мені күзетіп отыруға кеп пе ең?

- Жоға, Ма-майсара қарағым, бата алмай. Оның үстіне жүрексініп барам,- деп Бәсер ақталып жатыр.

-Жоғал, көрінбе көзіме, қарамды көрме ендігәрі! - Қыз орнынан атып тұрды. Естіп отырмыз.- Онысы несі-ей! Аяқ жағымда омалып отырғаны...

Бірдеме шарт етті. Дәуде болса шапалақ сияқты. Қыз дәтінің жеткен жері де сол болса керек. Тағы бір сарт еткен шалт дыбыс шықты. Бәсер опыр-топыр есікке ұмтылды. Жабық есік ашылар ма. Дүрсілдетіп жатыр.

- Әй, ашындар деймін!

Майсараны ашу билеп апты. Ырс-ырс жұдырық - тайды.

Қарағұл есікке ұмтылды. Мен орнымда қала бердім.

- Батыр-ау, бұларың не? Татулықтан тәтті жоқ дейді ғой. .

Қойыңдар. Қой, Майсара...

Майсараның қайбір ашуланғысы бар еді. Қарағұлдың иығына басын төсеп жылап жіберді.

- Өгіз жақсы ғой Бәсерден. Аузын буғандай,- деп еңіреп тұр.

- Бәсер, сенің мұның не қасқа-ау. Қалыңдығыңнан қашқанның қалай? Ұнатпаймысың әлде?

— Неге ұнатпайын. Өзі ғой жұдырығын ала жүгірген.

— Қой енді, сенде бір жолға кешіре сал. Келші бері, құшақташы былай. Е, жаңа жарастыңдар ғой. Сен, Бәсер, қазық жұтқандай болмай иліксеңші азырақ. Осылай ет. Ал жақсы. Түндеріңнің қайырын берсін,- деп екеуін үйге тағы оноша қалдырып, Қарағұл мені ілестірді де ұзай берді.

Екеуміз енді ауыл сыртына қеп жайғастық.

- Әйкеш, мен аздап мызғып алайын. Сен енді ұйықтай коймассың. Жассың ғой. Жаңағылардың көзі ілініп кеткендей болса, таң атар-атпастан оятып алармыз,-деп Қарағұл дереу қорылға басты.

Ояу жатырмын. Он жетіге келгелі қыз туралы ойлап көрмеген басыма мына түнде неше түрлі киял орнап алды, «Қаракөз», «қалыңдық» дегендер бар екен. Арман болады екен. Алаңдатып жүріп алдыңнан да шығады екен бір түні. Апыр-ау, сонда менің Майсарам кім екен? Қандай екен? Кім де болса кешікпей келсе екен өзі» деп біраз шарладым. Содан кейін шалқамнан жатып алып жұлдыз санауға кірістім. «Жеті қарақшының» шөміші еңкейіп қапты. Кулық қымызды іліп алып сапыратын біздің үйдің ожауы тәрізді.

Қарағұл қаннен-қаперсіз ұйықтауда. Майсараның үйіне қарап қойып сарылып мен жатырмын. Жаздың түні қысқа дейтіні қайда. Жылжыр емес.

Жел есті. Арқаның қоңыр самалы. Жарқырап Шолпан туды. Іле шығыс бозарып, бірте-бірте көкжиек ақшылдана түсті.

Қарағұлды ояттым. Есінеп, керіліп ол көп отырды. Көзін қайта-қайта уқалайды. Шала ұйқыдан қос жанары қызарып алған.

- Жүр Бәсерге барайық,-деймін.

- Қазір,- дегенмен Қарағұл тұрар емес.

Осы кезде есікті сықыр еткізіп ашып үйден Бәсер де шықты.

Көңілді екен. Қос танау дауыл күнгі түңліктей желпілдейді. Тоқтар емес, өзіміздің ауылға қарай салып ұрып барады. Солбырайып-солбырайып біз де ілестік.

Үйді-үйімізге жеткенде шекесін ғана қылтитып «ұрын» түнін ысыра күн көрінді. Содан ұялғандай үшеуміз үш есікті сықырлата ашып төсегімізге беттедік.

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

*- Апам.- Жаяу жарыстың бәйгесі - патефон. - Бейтаныс* қыз.- *Мен сері жігітпін.- Екі достың өкпе - леуі.- Біздің үйде той бар.*

Апамнын мінезі қызық. Әлі күнге шейін айналып-толғанып өбектей жүргені.- Менің ержетіп, ересектер қатарына қосылып, ерте тұрып, кеш жатқанымда жұ-

мысы да жоқ. Еркелетіп жүрген еркесі тап ертең бір шүйкебасты ертіп келер деп ойламайтын да сияқты. Басым жастыққа тиіп, көзім ұйқыға кетісімен маңдайымнан иіскеп, шашымды сипап қасымнан кетпейді. Кейде оянып алып көзімді ашпастан ұзақ жататынмын. Ана мейірімінің таусылар, сарқылар шегі болмайтын да шығар. Әр еміренуі сонау кеудемнің түкпірінде ұйып қалған балалық шақтың елжіреуін қайта қоздатып кететін. Екі-үш ұлдан жалғыз қалған «қоңыр қозысы» болғаныма өзімді кінәлі санаймын ба, жұрт алдында қабақ түйсем, осындай оңаша шақта алақан иісін құшырлана сіміріп шексіз қуанышқа бөленем. Ана алақанына жетер не бар екен. Ана мейірімін алмастырар құдірет бар ма екен!

Бүгін де апамның маңдайыма тиген жұп-жұмсақ еріндерінің лебімен оянып кеттім. Әкем жұмысқа кетіп қалыпты. Асығыс атып тұрдым. Апам үстел үстіне тағамдарын жайып жүр. Далаға шықтым. Өткір жарық көзге шағылысып тік қаратар емес. Күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Таң атқалы көп болмаса да, күннің қызуы түсе бастапты. Аспанда бұлт жоқ. Көптен бері жауын-шашынсыз шаңытқан дала күлгін, көмескі.

Үйге кіріп апамның бәйек болғанына қарамастан түрегеп тұрып қарбытып бірер асадым да, ораулы түстік тағамымды қолтығыма қысып, жұмысқа кеттім.

Көз алдымнан апам кетпей келеді... Әсіресе, жасы мөлдіреген жанары әлденеге зарыққандай, әлденеге көңлі ынтығып, соған мұңая қалғандай. Ақ шыттан салған жаулықтан сап-сары жүздің реңі сағыныш пен уайымнан жүдеген тәрізді күңгірттеніп көрінеді...

Жайдары жаз өтіп барады. Енді бірер айдан кейін мына жасылы азая бастаған далаға күз келіп түседі. Ондайда бұл жердің сұрқы адам көргісіз. Қап-қара бұлттар жөңкіле көшіп, жұлым-жұлым боп төмендеп жер бауырлай қалады. Содан әрі сіркіреп жауады-ай келіп. Жердің миы шығып, аяқ аттасың ақыретке айналып бітеді. Жұмысқа деп берген тас кебіс он жерден шандып тас қылып байлап алсаң да, сыпырылып түсіп қала береді. Бәрінен де жаманы, киіз байпақтан су өткішін қайтерсің. Әкемнің су-су шұлғау, байпақтарын кептіріп қойған қазан-ошақтың маңы кіші-гірім қой қораның шуаш иісіндей қолқанды атып, маңайына жолатпайды. Апамның қалай шыдайтынын білмеймін. Қа-

шан көрсем де соларды аударып-төңкеріп, кепкендерін жиып алып жүргені.

Күз - көңілсіздік. Торғын көкте үшбұрыштана тізіліп оңтүстікке қарай қаптап бара жатқан тырналар үнімен әлдебір қызығым, думаным бірге кетердей көрінетін. Қанат суылы мен сыңғырлаған әсем әндері тыйылысымен-ақ, тым-тырыс болып түнере, қалған далада көрінбес сесімен еңсені басып, жаншып бара жатқан меңіреулік жасырынып тұрғандай.

Аспанға қараймын. Ноқаттай боп-боз торғай тұр қос қанатын қамшылап. Алысқа қараймын. Көктөбеден сағым ұшады. Сағым шақырады. Мақай жап-жарық. Күн күйдіріп тұр. Айналайын жаз ғой бұл. Жаз ерке ғой.

Тағы да апамды ойлап кетемін. Ұзақ сонар өмірінің ащы-тұщысын, күйініш-сүйінішін еске алғанда қысқа ғұмырдың күңгірт күзіне тап болғанын сезетін де болар. Тап сол кездерде көз жетпеске кеткен жастықтың жайдары жазын сағынып іштей елжірейтін шығар. Сол күйіне аңсары ауғанда тірлігінің қайта ашылған гүліндей, қайта көктеген құрағындай мен көрінетін шығармын. Өбектейті

* * *

Түс қайта жұмыс басына дүкенші келді. Шуылдасып жатырмыз.

— Аман, тамыр.

— Дүкеніңе не түсті?

— Аққұйрық шайың бар ма?

— Патипоның келді ме?

- Дүкенші - сары Иван қолын көтерді. Онысы шуды тоқтатыңдар дегені. Тоқтадық.

— Айтқандарыңның бәрі бар, жолдастар. Жұмыскердін мұқтажын орындауға біз де күш салып жатырмыз. Ал енді патефонға келсек, бізге біреу түсті. Оған талас көбейіп тұр. Соны біз начальник бар, техноруқ бар, десятниктер бар былай шештік,- деп Иван аз бөгеліп жағалай қарап өтті...- Жұмыс бітісімен осы арадан магазинге дейін жарысасыңдар. Кім бірінші барса - патефон сонікі. Бұған талас та жоқ.

Келістік. Келіскенде жастар жағы ырза. Үлкендер тобы үнсіз қалғанмен, олардын да іші белгілі. Осы жұ-

мыс басында бірінін баласы, бірінің інісі дегендей әлекедей жаланғандар көп-ақ. Соларына сенеді. Осы сөзге "ия" десіп тарастық.

Біз Бәсер, Қарағұл үшеуміз оңшалана беріп ек, Бәсер Қарағұлға жатып жабысты.

- Қарағұл-ай, екі бағасын алсаң да осы латифонды маған ұстатшы.

- Қасқа, менің бірінші баратыныма көзің жете ме,-деп Қарағұл маңайлатар емес.

- Қашыртпа, қазықбас. Латифонды сенен басқа құдайдын құлы алмайды. Майсараны қуантайын да,-деп Бәсер болар емес.

Менің де кеудеме күдік кірейін деді. Өз шамамды білсем де, Қарағұлға қадалып ішіп-жеп барам. Бәсердің сөзінің де жаны бар сияқты. Әкемнің бір күдікті сипаттағаны есімде қапты. Сол сипаттау тап мына Қарағұлға да келіп тұр.

Тұлпар - «қой мойын» болса, бұл ырғай мойын қазықбас. Саңлақ - «қоян жақ» келсе, Қарағұл да одан кем емес. Жүзіне пышақ жанығандай. Жүйріктің жауырыны жалпақ келсе, Қарағұлдікі де бір талай бар. Бұл да тар мықынды, серке санды. «Қос аяқты серпе тастағанда шаңына ілестірмес» деп қоям. Тұлпар «сом аяқ, жұмыр тұяқты» болса, Қарағұлымның ол жағынан да қамы жоқ. Қырық бесінші размерлі етігіне көзім түскен сайын жаным шығып кете жаздайды.

Патефонға мен де қызығып едім, Қарағұлдың тасасында бұлбұл ұшқандай алыстап кетті.

- Жұмыс бітісімен Әрсен десятник бәрімізді қатарластырып тұрғызды да, өзі оқшау шығып қолындағы қалпағын бұлғап қап белгі берді. Тап сол сәтте «аттың басын» біз де қоя бердік. Салып ұрып-келеміз. Шақырымға жуық дүкен - мәреміз. Бұрқ-бұрқ шаң, тарп-тарп етік, бәтеңке. Пыс-пыс-танау, ырс-ырс дем алған өкпе. Қиыстай тартып желдің өтіне шықтым. Әкемнің шаң қаппау - тынысты тарылтпаудың бірінші жолы деген қағидасын сақтағаным бұл. Арттан да, қапталдан да қиқулаған дауыс талып-талып жетеді. Сол үндер көтеріп әкеткендей жүгіріп келем бе, жер бауырлап ұшып келем бе, білмеймін. Қол-аяғым жеп-жеңіл. Алдыма көз салдым. Оқшау үзіліп, ортекедей орғып Қарағұл суырылыпты. Ойпырмай, намыстан қуатты құдірет жоқ шығар. Көзіме қан ба, тер ме құйылып-құйылып кетті.

Мен құйылып кеп бердім. Көзімді бір ашқанымда, Қарағұл қапталымда қалып бара жатыр екен. Одан сайын үдедім. Қос аяқты әр жерден бір тигізіп, басымды иген қалпыммен тұнық ауаны найзадай үңгіп сызып келем. Бауыры еркін жазылған бәйгекердің анық шабысын тапқандаймын.

— Ұста, тез ұста шылбырдан!- дегенге көзімді ашсам, тайымен шоқырақтатып жеткен Рақаң шал екен. Жаман тайдың жетегіне несіне ілесейін. Басымды бір шайқап жіберіп қимылды одан сайын өршіттім. Сол ағындаған бойымда Қарағұлға да, басқаларға да дес бермей, шаң қаптырып, мәреге бірінші болып жеттім.

Дүкен басы қатын-қалаш, қыз-келіншек. Ақ шаршысын тұмшалай бүркеніп шешем де жүр. Әжімді жүзінде мейірім де, қуаныш та, мақтаныш та, бар.

Әлдебір жеңгем етегімнен үш қайтара ұстап, қолын маңдайына тигізді. Маңдайын сипаған сайын әлденені күбір-күбір іштей қайталап, көзін жұмып басын жоғары көтереді. Келін боп түскеніне төрт-бес жыл өтсе де, нәресте көрмей енесінің қылаулы жүзіне көбірек ілініп жүргенін білем, әлденеге жорып ырым ғып жатыр ма екен, Сол екі ортада Шекспирдің «Юлий Цезарынан» оқыған бір жағдай есіме түсті. Атақты Цезарь пұшпағы қанамаған бедеу жұбайы Қальпурнияға «Жарыста озып келген Антонийдің етегінен ұстасаң бала көтересің» дейді. Сонда римдықтардың нанымы мен біздің ырымымыздың байланысы болғаны ма? Жиналған жұртта да желпіну көп. Дуылдасып қолпаштап жатыр.

— Әй, Ділдә, той сенде!

— Шашуларыңды әзірлей беріңдер!

— Анау Қарағұл ғой!

- Үшінші болып Әбди көрінді.

— Әй, қара қатын, сенің байың да осал емес екен!

Сары Иван патефонды ұстата берді. Бәсекелес құрбылар үздік-создық келіп мені қоршап алғанда, жұрттың ең соңынан бүлкілдеп Бәсер жетті. Тілі салақтап екі бүйірі солықтап, қу жаны тұр. Қатындар енді Бәсерге ауысты.

— Соңғыға да бәйге бар! Беру керек.

— Бәсерге бермегенде кімге береді.

- Әй Иван, шығар тағы бірін!

— Өй, шаштарыңды ұрайын, не қызық бар,- деп Бәсер ентігін баса алмай отыра кетті,

Көп ішінен бір көз маған жиі қадалатын сияқты. Қарай қойдым. Құмай көз, қызыл ерін, аш белі қылдырықтай талдырмаш қыз екен. Үріп ауызға салғандай. Топ-толық қос өрімінің бірін әлде әдейі, әлде байқаусызда алдына шығарып қос анардың ойпатына сұлата салыпты, тізесіне түседі. Қап-қара, таудан құлап аққан ерке бұлақтай. Күнге күйіп тотыққан ауылдастарымның арасынан аппақ жүзі аршыған жұмыртқадай жарқ етті. Түсі жылы, күлімсіреп тұр, ақжарқын күліп тұр. Көктемнің бір шуақ толы күні мейірленіп ашылмай ма. Тап сондай. Кірбіңі жоқ, көлеңкесі жоқ. Тап-таза, мөп-мөлдір. Өзіміздің айтулы санап жүрген Майсарамыз бұл періштенің қасында адыра қалғандай. (Кім білсін, Бәсер көңілінде Майсараға жететін жер бетінде төменетек жоқ та шығар-ау.) Ойпырай, көзімді бұра алсамшы. Мектепте бір қыс бойы Әсен мұғалімді бажылдатып жүріп ұға алмаған магниттің қасиетін осы сәтте санама құйып алғандаймын. Магнит дегенің қыз болады екен. Онда да тап мына жәудір көз, оймақ ауыз, қара қас бейтаныс қыздың қырмызы көркімен көлбеңдеген бейнесінде екен.

Бас изеп амандастым. Ол да біздің ауылдың бетін басып, көзін көлегейлей қалатын ұялшақ қыздарына ұқсамай сәлемімді іркілмей, именбей қабыл алып, ашық жауап қатты.

Кенет жүрегім алып-ұшып дүрсілдей жөнелгені. Жарыста да шықпаған тер маңдайымнан бұрқ ете қалды. Мен бұрын-соңды кездестірмеген бір жай бар екен. Ойламаған жерден соның құрсауына түскенім. Сол сәтте ауылы алыс көрінетін «ұрынның» менің өрісімнің бір жайлауына жанаса қонғанын сезіндім. Дүниедегі қызық атаулының бәрі «ұрыннан» ғана басталатын сияқты.

Дәл осы ойымды маңайымдағылар сезіп қалды ма дегендей айнала тұрғандарды жағалай сүзіп өттім кенет әлдекімнің сол тыныштықты бұзған жарықшақ даусы естілді.

- Әу, бұрынғы-соңғыдан қалған ата жолы бар емес пе. Таласып бөліп, таласып айдап жатпаушы ма еді бәйге малын. Сауға, Әйкеш, тәбәрік дейміз!

Сол-ақ екен, әр жер, әр жерден жамырай сөйлескен топ дүрлігіп кетті.

- Иә, сауға! Тәбәрік!

- Әйкеш, ата жолы осындай!

- Атағы да жетеді озғанға!

Осы сөздер қамшы болды ма, білмеймін, қызға беттедім. Құшағымдағы жалт-жұлт еткен патефонның пластинкасын күнге шағылыстыра жоғары көтеріп, онсыз да айнадай жалтырап тұрған иір мойнын үрлеп-үрлеп жіберіп, қолымды созып, бейтаныс құрбыма ұсына бердім. Батыл ойдың оқыста -туғаны соншалық, сол сәттегі қимылымның байыбына өзім де барған жоқ едім.

— Алыңыз. Сізге лайық екен,- деп жатырмын.

— Рақмет! О не дегеніңіз. Бәйге сіздікі. Көңіліңізге ырзамын,— деп аппақ тістерін көрсете қыз қашқақтайды.

— Алыңызшы енді. Өтінемін!-деп мен қиылып барам. Маңайдағыларда үн жоқ. Дәл қазір сынға түскенім белгілі болды. Оның үстіне қыздың үні де нәп-нәзік сүйкімді естіліп, біртүрлі тартып әкетті. Мынау бар абыройатақты одан сайын көтеріп биіктетіп әкетер де, құлдыратып әкеп шаң-топыраққа былқ еткізіп сұлата салар да әсем бойжеткеннің бір ғана жомарт мінезі, жомарт қимылы. Содан үміттеніп, патефонды ұсына түсем.

Ауыл адамдарының жоқтан өзгеге қарап өздерінше тон пішетіні болады ғой. Дауыл алдындағы ішін тартқан көне сахарадай тыншуының өзі жанымды жегідей жеп барады. Менің сол халімді түсінді-ау шамасы, қыз да ер екен. Майда сыңғырлай күліп, патефонды алды.

— Рақмет, сері жігіті Абыройыңыз аса берсін!

Қайдан тапқанымды білмеймін, оң қолымды кеудеме төсеп иіле тәжім етіп, бойжеткеннің алғысын қабыл алдым. Осы кезде бұршақ қуырып жатқандай айналадағы көпшілік дүрілдесіп кетті.

— Жігіт қой мынау Әйкеш!

— Әй, Далабай, мұндайда соймаған бағланды қайда соясың?-деп тұрғандардың бірі әкеме бұрылып еді, қатындар шуылдасып барып шешеме жармаса бастады.

— Ділда, бір серпіл!

— Жалғызыннан ештене аяма!

— Әй сулы көз абысыным, құдайың жарылқап тұр. Жалғызыңның жұлдызы жайнай берсін! -

— Нәшендікпен құдандалы болсаң тасың өрге домалады дей бер,- дегенге;

— Ей ол қалай, қалайша? Қайтып?- деп елеңдей қалғандарға мен де қосыла құлақ түрдім.

- Бәлі, бұл Айкүміс қарындас біздің нәшендіктің

туған балдызы. Осы жерге дәрігер боп кеше ғана келген жоқ па,- деп білгішіміз мәре-сәре бой қалды.

Қыздың аты Айкүміс десе дегендей. Сұлулығы ай десе, ақтығы күмістей дерлік. Одан әрі көп тұра беруге шамам жоқ Айкүміске мағналы (әй, мағнасыз да шығар) қараспен бірер көз тастап топтан бөлініп шыға бердім. Бір бұрылғанымда, патефонды көтеріп жеңіл басып Айкүміс те орнынан қозғалған екен. Ауыл қыздары көп кимейтін шолақтау көйлектің етегінен шыққан толық балтыры жарқ етіп, киіктің лағындай жеңіл аттап бара жатты. .

Ойпырмай, қыз көзі ғажап қой. Бір ғана жалт етіп қадалып өткенде, жан дүниеңнің астан-кестеңін шығарып, бәз-баяғы қарабайыр әлеміңді көріктендіріп жібере ме. Ол шақта қонысың да, құбылаң да кілт өзгеріп, өнбойыңды әлдене дуылдата жөнеледі екен. Мен соны алғаш ұқтым. Дірілдеген тұлабойыммен сезіндім. Ұзап кетіппін. Артымнан дауыс-шықты.

-Тоқтасаңшы, тоқта, Әйкеш!

Селк етіп қап тоқтадым. Қуып келген екі досым - Қарағұл мен Бәсер екен. Аяқтарын сүйрете басып, ілбіп жетті. Мен өз түйсігімді екі досыма білдіргенше асықпын.

- Қалай екен? Сұлудың сұлуы, ә? Көзін көрдіңдер ме?!

- Бәлі, сұлуды тапқан екенсің,- деп Қарағұл көкірегіме мұп-мұздай су құйып жіберді.-Етімен ет қылып шолақ көйлек кигізіп қойсаң, қыздың бәрі сұлу. Әйтпесе, дәл өзбасым, сұлу тұрмақ сұмпайы да көргем жоқ.

- Айкүміске жетпейді бірі де,- деп мен берілмей жатырмын.

- Сен айтшы, Бәке. Қыз керім ғой,- деп үнсіз тұрған алакөз досымнан құптау күтемін. Біреу түсінсе қазіргі хал-күйімді дәл осы Бәсер түсінер деген сенімде едім.

- Шірік неме, латифонды маған бере салсаң сені жын ұра ма?- деп Бәсер құптаудын орнына өкпесін айтып салды. .

-Бәке, құдай ақы, сені ұшырата алмадым. Өзің ғой көзіме түспеген. Әйтпесе, жол сенікі еді. Майсараны бір қуантатын едің,- деп жайып-шуа жөнелдім.

— Көрерміз...- Бәсердің ашумен маған көрсеткен қыры. Басқа кезде естісем, астымдағы жер қозғалып кетердей сезер ем, ал енді қазіргі көңіл күйіме бұл қоқан лоққы шыбын шаққандай әсер еткен жоқ.

Ендігі өкпені Қарағұл бастады.

— Баламысың деген, бір жолға ағаңнан қала-ақ қойсаң бірдемең кетер ме еді. Соншама екі өкпеңді ұшырып дедектегеніңе болайын.

Бұнысына шыдай алмадым:

— Қарағұл, жөн сөйле. Адалыңмен кел. Мықты болсаң ағалығыңды бұлдама. Әлі талай жарыс бар. Сонда озып шық. Оза алмасаң, күндеуіңді қой.

— Көрерміз...

— Көрсек көрерміз. Тауықсыз да таңым атқан.

Үшеуміз екі айрылдық. Ойламаған жерден екі бірдей достан қағылып, мен кеттім. Бірақ бұл сәтте ол екеуін жоқтатпастай көңіліме орнаған бейнесімен Айкүміс менімен бірге кетті.

Ендігі үрейленетінім әкем, Ол кісінің бір қыңырайса, жуық арада түзелмейтіні бар. Абыройым асып-тасып жеткенімде бұзау тіс қамшымен жонымнан таспа тіле жөнелсе "патефонды тап" десе, қайтем деп тіксініп келем. Сонда да бұл корқынышым кеудемдегі әлдебір ширыққан толқыннан бой таса қылғандай лезде ғайып болды.

Мәссаған! Қайран аққөңіл әке! Сенің қадіріңді есер ұлың біліп пе еді. Көрінгеннің көзінен жасыратын бағланын алып ұрып, жайғап жатыр екен. Біздің үйдің маңына қатын-қалаш көп жинала қапты. Су әкеп, қазан көтеріп, шек-қарын тазалап, бас үйтіп әбігерде жүр.

— Азамат болған құлыным-ау, сол!- деп келіп шешем басымды иіп әкеп, маңдайымнан сүйді. Соқталдай жігіт қалпыммен сол көріністен ұялғандай үйге асыға кіре беріп ем, үстіме қант пен мейіз, бауырсақ пен құрт бұршақша жауып кетті. «Қайтсін-ай, шілдеде қызылсыраған байғұстар-ау, көмейлеріңді тесіп бара жатқан жас ет қой» деп ойлағанымша болмай шекем шодырайып ісіп шыға келді. Жалт қарап Қарағұлды көрдім. Бір тостаған жұдырықтай-жұдырықтай шақпақ қантты басыма дәлдеп атып тұр. Ашуланайын десем, іші-бауырыма кірердей жымыңдап, елжіреп барады. Қайтесің, дос қой. Кегі қайтты.

Екеуміз үйге құшақтасып кірдік.

## С Е Г І З І Н Ш І   Т А Р А У

*- Дала әсем! - Мен өзгердім.- Айлы кештер.- Айкүміс жұмыс басына келді.*

Апырау, меңіреулік дегеннің ой-бойыңды, қиял-сезіміңді құрсаулап келетінін қалай ғана білмейміз. Ол бір төрт қабырғасы тас берік, айналасы алты-ақ аттам өмір өрісіне қамалу екен ғой. Ондайда сонау төбенің қолтығынан сылдырап аққан бұлақ та, анау күлте жалын күдірейтіп сар даламен көсіле шапқан күрең төбелдің арқырап кісінегені де, тіпті кеш түсе екі ауылды басына көтере дуылдасқан жастардың аспандата шырқаған әні де онша елегзітпей салдырап жетіп, жаңғырып қайтатын. Енді білсем, соның бәрі тоңы жібімеген қатқыл көңілдің енжарлығы, қақпасы сықырламаған кеуденің тоңторыстығы ғана екен. Айкүміспен кездескеннен бері мен басқаша күйге түстім. Оқыс оянып, тіршіліктің әдемі көркіне таңдана қарайтындаймын. Дала әсем! Ықылым заманнан бері бұл дала не көрмеген. Шашақты найзасы көк тіреп, желекті дулығасы жарқылдап батырлар да өткен. Сонда анау қырдан тау суындай тасқындап қалың қол асып түскен. Ана төбедегі жалғыз атты шолушы келіп қалған жауды көріп хабарламақшы болғанда, жалт бұрылған аты сүрініп кетіп, майып болған. Жігіттің қаны тамған жерде жалғыз аяқ соқпақтай болып көктем сайын алқызыл қызғалдақ өседі. Көктем сайын бұл дала бір құлпырады. Дала әсем! Елсізде иен тірліктің бір жотасынан соң бір жотасы шыға келіп, жеткізбей өтетін алыстық, бұл күнде қос білектей қос рельспен бір-ақ буылып, бір-ақ тартылып, жүйрік паровоздың жер солқылдатқан дүбірімен жақындыққа ауысыпты.

Дала әсем! Күні-түні тынбайтын жұмысымен, жұмыскерлер үнімен әдемі өрнек тапқан...

Мені әлдебір күш сол далаға тартатындай. Үйде отыра алар емеспін. Ауыл сыртына жиі кетем. Кейде аңшылап қайтқан Қарағұл қарсы кездеседі. Бұрылмаймын. Көкіректе ұйыған белгісіз ызың бар. Ән сияқты. Ыңылдаймын. Шықпайды, бусанып тұр. Ұзай берем. Күн ашық. Жаз Күні. Әттең қазір көктем болар ма еді. Сонау төбеге барып бір құшақ гүл теріп апарар

едім Айкүміске. Жоқ қой гүлдер. Жан көктемі табиғат көктемімен неге бірге келмейді екен.

Қара жердің қыртысын тесіп шығып тасқындап алаулап атылатын вулкандай денемде бұрын-соңды кездеспеген дірілді сезім орнап, сол жанартаудай селк селк ететін кездерім көбейді. Бүршік атқан гүл шоғын-дай әлдебір түйсік жүрегімде оянып тыным бермес әбі-гер күйге түсірді де, алай-түлей мол ынтықтық дүлейіне тоғытып кетті.

Айкүмісті алыстан екі-үш рет көріп қалдым. Соған да мәзбін. Ақ көйлегі ағарандап көз алдымнан кетер емес, Сонау «ұрын» түнінде қарақоңыр бояуды ыдыра-тып көрінген бозала таңдағы шапақтай. Таң демекші, менің де бір таңым нұр атқандай. Сергелдеңге түсіп алдым. Оныма тәнтімін де. Бозала таңды болдыртып талай атқыздым. Ұйқы қашатын беймаза шақты бұрын кездестірмесем енді мен ол түндерді ең бір қуанышты күндеріме балайтын боп алдым. Ол түндер мені Айкү-міспен ойша Кездестіретін... Оңаша табыстыратын. Ол түндер - Айкүміс дейтін бір дірілді сезімге еріксіз же-телейтін.

* * *

Бір күні жұмыс басына Айкүмістің өзі келді. Ақ ора-мал, ақ халат бойына құйып қойғандай жарасады екен. Оның үстіне екі беттің қызылы осы шаңқан түсте ерек-ше бөлектеніп тұр. Мойыл көздің бояуы да өңін ашқандай. Қызға қызыққаныммен, істеп жүрген жұмы-сымды қорсынып (баяғы барабанға жегілген ат айдау-шылығымды), ұялып та барам. Сонда да үндемей қалу-ды жөн көрмедім.

- Айкүміс, саламатпысың!

- Сен осы жерде істеуші ме ң, Әйкеш? - деп қыз да үйіріле кетті. Сүйріктей саусақтарын ұсынды. Әсіресе, атымды атауынан өзіме деген бір жылылықтың лебін сезгендей қуанып барам. Атымды ұмытпаса, Айкүмістің маған теріс қарамағаны ғой.

— Әзірше осында істеп жатырмын. Жақында пеш басына ауысам ба деп жүрмін,-деп қолымнан үлкен іс келетінін білдіріп жатырмын,-Жай жүрсің бе, Ай-күміс?

«Айкүміс» деп айтудын, атаудың өзі ғанибет екен. Тәтті сорғандай тамсанамын. Және де елдің ең алдымен осы періште қызбен сөйлесуім де төбемді көкке тигізгендей.

— Жұмыс істейтін жерлеріңнің санитарлық нормасын тексеруге келіп едім,- деп Айкүміс жауабын тез қайырып, бетіме күлімдей қарады. .

— Айкүміс, онда мен ертіп жүріп көрсетейін.

— Жұмысың ше?

— Шұбар аттан қорықпа, бұл әбден үйренген. Қазір қызығын көресің,- деп мен шұбардың божысын жерге салбырап кетпестей етіп арқасына таңып қойып, Айкүмістің қасына барып тұрдым. Көп күттірмей-ақ шахтадан «тарт!" деген жарықшақ дауыс шығысымен шұбар ат аяғын санап басып, ілби айнала жөнелді. Қарап тұрмыз. Вагонетка айналма алаңға жеткенде шұбар да кілт тоқтады.

— Көрдің бе,- деп мақтанып жатырмын.

— Оқымысты-ақ екен!- деп Айкүміс мәз,

Екеуміз пеш басына кеттік. Қарағұл мен Бәсерді айрықша таныстырып өттім. Достықтың осындайда пайдасы тимей ме, олар да мәре-сәре. Қазықбас қу қызды ымдап маған бірер рет көз қысып үлгірді. «Қапы қалма, Әйкеш! Уақап бол» деген тілегін түсінем ғой. Айкүмістің тасасында тұрып бас изеп қоям.

* * *

Сол күннен кейін Айкүміс екеуміздің арамыз тіпті жақындап кетті. Талай рет киноға да бір бардық. Онымызды сөкет көріп жатқан да ешкім жоқ.

«Осыларың дұрыс» дегеңдей жарастығымызды өсекаяңсыз қабылдады.

Күндер өтіп жатты. Айкүміс екеуміздің оңаша кештеріміз де тату-тәтті ілесе берді. Жаз да жайсаң еді. Ылғи бір құрғақ кештерін өлшеусіз еншімізге сыйлап, маужырайды да тұрады. Талай сыр, талай әңгіме де төгілді сонда... Бірақ сол шертілген сырда алаңғасар ойдың салқыны да жоқ еді. Тереңге барыспай, сол күйлерімізге ырзалықпен ілесіп, көзбен ұғысып жүріп жаттық.

Сондай отырыстарда Бәсердің "ұрын"түні көз алды-

ма жиі-жиі оралатын. «Айкүмістің нәзік денесін құшақтап отырып, мен де сүйтер болсам, Айкүмісті өкпелетіп алмас да екем. Бәсерге де кінә жоқ екен-ау» деп ойлаймын.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

*- Рақаңдікінде басталған кеңес.- Келін - Салтанат.- Менің көршім Айкүміс.- Оңаша табысу.-«Армысың, шұбар ат».*

Жұмыстан кейін жуынып-таранып үйге енсем, апамның кең дастарқаны әдеттегісінше жайыла қоймапты. Шешеме жаутаңдап қарап қалсам керек, түсіне қойды.

— Тез киін, Әйкеш, Рақаңдікі қонаққа шақырып кетті,- деп иіріп отырған ұршығына сүйеніп, орнынан түрегеле берді.

Рақаң үйіндегі шешейдің қолы қытымырлау болатын. Ауыл-үйдің, көрші-қолаңның басын қосып, дастарқан жаюы сирек кездесетін оқиғадай көрініп, шешеме үнсіз ілесіп, Бәсердікіне келдім.

Дәл төрде малдастарын құрып, кекірейіп-кекірейіп үш-төрт қария (орталарында әкем де бар) отыр екен. Шетінен сәлем беріп шығып, босаға жаққа жантая кетіп, кеңестеріне құлақ түрдім.

Отырғандардың әңгімелері қиюласар емес. Кірген-шыққан қатын-қалаштың тірлігін бағып, ін аузында тышқан аңдыған мысықтай сергек отыр. Дәл ортадағы құндыз бөрікті қарасұр қатпа шал жеңіл қозғалып іргеге бұрылып, езуіндегі насыбайын үш саусақпен шымшып алып тастай беріп еді, қалғандары да дәл сол қимылды күткендей жапырласа қозғалақтап былш-былш түкіре бастады.

Тамақ желініп, шай ішілген соң, маңағыдай қатпа шалдың бастауымен үздік-создық кекіріктер жолым үйді біраз дүрліктіріп барып тынды.

Сөзді Рақаң бастады.

Күн өтеді, жыл өтеді. Жас өседі, мосқал қартаяды,

Заманның тынышы, жанның тыныштығы деп салпақтап жүре береді екеміз, Көрмейді, ескермейді екенбіз,-

деп бірер ыңыранып алып. жайшылықта дәл бұлай сөйлеп көрмеген Рақаң, сірә, күні бұрын ойланып-толғанып келсе керек, сөзін әрі қарай жалғап әкетті.- Біздің жігіт шағымызда мына Қарасу өткел бермес өзен еді, тартылып барады Анау жүнді қарағаннан аттылы кісі адасушы еді, сиреп барады. Уақыт озады екен, жер тозады екен. Біз де қартайып барамыз. Кешегі тұстастардың да қатары азайыпты. Бүгінгінің алды кешегінің соңы боп қаппыз. Қалт-құлт тірліктің енді қашанғы қонағы бола берерміз. Көзімнің тірісінде, әл- қуатымның барында артымда арманым болып қалмасын деген бір тірлігімді жасамақшымын. Мына Бәсерімді - сүткенжемді аяқтандырсам деп едім. Осы ниетіме оң- қарап батиха-баталарыңызды берсеңіздер,-деп әңгімесін қолқамен бітірді.

Алдымен қатпа шал бастап, іле қалғандары да шуылдаса құптап, қауқылдасып бас изесіп қалды. «Ұл өссе - қонысың, қыз өссе - өрісің» деген қайырымен болсын дей ме-ау, «Өңіңдегі қызылың, өмірдегі қызығың үрім-бұтағыңмен, өркеніңмен көбейер» дей ме-ау, «Үйіннен үй тігілсе, бесігіңнен іңгәлаған үн төгілсе, тірліктің одан артық ғанибеті не» дей ме-ау, әйтеуір, орағыта сөйлеп, қызулана желпілдеп дуылдасып кетті Көкжиекті түре келер ақ сәуледей ақ үмітпен лүпілдеп табысар анау екі жүректің жарастығы қандай, нұры, нәрі қандай? Ескерер де, тексерер емес. Керегесі жайылып, шаңырағы көтерілер жаңа, жас отаудың беріктігі мен көріктілігі қиналдырмайтын да, қынжылтпайтын да тәрізді. Сырттаң шешіп, сырттан пішіп жатыр. Тым болмаса Бәсерге бұрылып, акылдасып дегендей болмаса да, ақылын айтып сөйлеген бір де бірі жоқ.

Босаға жақтан әлсіз ғана жөтеліп дыбыс бердім. Мені тыңдар қариялар қайда. Көкейімді жайлаған бимағлұм, түсініксіз ойларды шеше алмай, жайып салуға- батылым және жетпей жаутаң-жаутаң қарап отыр едім, бір кезде әкем екеуміздің көздеріміз ұшырасып қалды. Жүзімнен дағдарысымды ұққандай сәл-сәл қозғалыңқырап қойып, іргеге сүйеулі домбыраға қол созды. Отырғандар біріне-бірі қарасып қипақтасып барып, «сөз бітпеді ме, домбыраға жол болсын» дегендей ыңғай білдіріп еді. Әкем оған қыңбады, әлі де жанарын менен тайдырмастан қадалып отырып, шертіп кетті. Сол баяғы майда қағыс. Шанаққа дүрс-дүрс тиер саусақ екпіні білінбейді.

«Әйкеш, балам! Үлкендерге айып тағып отырсың ба. Өткеннің жолы, жөні бөлек еді. Сыртын бермес қатқылдығын сезерсің. Ішіне үңілдің бе? Ішіне үңілсең түңілер түрің жоқ. Қайтесің, сонау бір шалғайдағы күндердің бойға сіңген әдеті ғой. Әйтпесе мына кәрілердің елжіреп кетер шағын ұғар едің. Қағаберісте қала беріп, енді-енді еншісіне іліккендей жайларын дұрыс түсін. Ұмытылмас күндерінің бір елесі бұлаңдап алдарынан өтпегенін қайдан білдің. Дәл сол кезде айтылмаған көңіл сөзін жүректің бір қалтарысына тығып келіп, жарқ еткізіп қайтіп қана ақтара салар. Күйбең-күйбең тірлікте кей-кейде содардың да тәтті мұңмен ойға алар бір аяулысы барын білермісің. Есеңгіретіп жетер қуанышқа да, естен тандырып келер қайғыға да құлап түспес берік күйін түсінсең, мына ұрланып жеткен кәрілігін сыйла. Жақсыға жат ойлау біздерге тән емес. Ашылып, ақтарылып кетуіміз де қиямет. Жаттанды сөзбен жапырласып жатқанымыз да сондықтан болар».

Бір ғажайыбы, осынау көп сөзі жоқ тұйық атаның зәуіде бір оңаша сәтте домбыра тартып, маған ғана (өзім солай түсінем) сыр ашатыны болатын. Ондайда майда шертістен көп жайды айтқызбай түйсініп, іштей қабылдайтын мінез тапқам. Содай ба, қазір жанарым тұмантып, көп адамнан қомақтандыра көтеріп, бөлектеп бара жатқан осы адамды ардақ тұтатын тәріздімін. Әлсіз ғана бас изеп, келісім білдірем.

Әкем жүзін бұрмастан домбырасын қоңырлата шертіп отырып, ұзақ безілдетті. Жайшылықта ашылып сөйлесіп көрмеген аталы-балалы екеуміз күй үнімен тіл табысып отырмыз.

Қыбырымды сездірмей шығып кеттім.

Ойым он сақта. Бірде лепіріп, асып-төгілердей болам. Бәсер мен Майсара үшін қуанам. Сонау күнде пеш басында ән салған Майсара ертеңгі келер бақытының беташарын айтыпты-ау. Ер көңілді Бәсер де ойымда қалған бар мінезімен, бар қимыл-әрекетімен алыстап барады менен. Ол да көңіл ырғағымен сол беташарды бірге жырлапты, бірге қайырыпты. Енді осы бір ынтықтық әнін олар жүрек дірілімен өмір бойы айтып өтпек.

Мен жалғыз. Дала жым-жырт.

Ойым шартарапта. Қиялмен Айкүмісті іздеп кетіппін. Белес-белес күндердің бір сәтінде менің де тойым күтіп

тұрғандай. Аңсатып, ардақ тұтқызып жүріп, аяулы сағатында құтты табалдырығын аттатпақ.

Ой, ой... Таусылмас, бітпес көңіл парақтары. Қуантып, күлдіртіп жетеді. Жасытып, күрсінтіп кетеді...

Содан екі-үш күн өткен соң ауыл арасы таяу да болса, рудниктегі жалғыз самоход арбаға менің шұбар атымды жегіп, құдағи бастаған топ қызды ауылға жүріп кетті. Үй сыртында қарап тұрмын. Қара сандықтарының түбінде сақтаулы жатқан ақ жаулық , шытыралы кимешектерін қоқырайта салып, түрлі-түсті барқыт кемзал-жеңсіздерін қабат-қабат киінген құдағи тобы ерекше салтанатты. Дәл қастарында қызыл тайдың үстінен арбаға қарай қисая бұрылып, сөйлеп бара жатқан Рақаң ақсақал көлігін сипай қамшылап, сумаңдатып барады. Қалың күпілі, саптама етікті үлкен кісінің астындағы кішкене тай қазақы қап толы тезек арқалаған ботатірсек талдырмаш қана бойжеткендей анда-санда тәлтіректеп-тәлтіректеп кетеді.

Біздің ауылдың әбігері де күшейді. Бес-алты жерден жер ошақ қазылып, қазан асылып, көлеңдей ұшқан көк түтіннің таңсық иісімен той қарбаласы басталды. Ағаш жарып, отын бұтақтап, су әкеліп, самауыр қойып жүрген келіншектер жүзінде де келісімді желік бар. Қайны, құрдастарын қағытып, сыңғырлап күлгенде, кілегейі жоқ думаншыл көңілдің мамыражай назын ғана көресің.

Күн ұясына еңкейе бергенде құдағилар мінген самоход арба қайта сықырлап біздің ауылға бет түзеді. Арбаның соңын ала, ұзын-қарасы елу шамалы жаяу шұбырған топ және шықты. Тұрғындар бұрынғыдан бетер елеңдесіп кетті. Ерсілі-қарсылы жүгіріп балалар шулайды. Даурығыса үлкендер сөйлейді.

— Тойдың осындай сәні-ай, шіркін!

— «Қыз ұзатқандай» деген осы емес пе?

— Салтанаты аспаса да, салты ерен-ау!

Құдағилар тобы келіп, жапырласып арбадан түсіп жатыр. Өздері шеттерінен желпініп алыпты. Кимешектерінің шажамайындағы шытыраларын жарқ-жұрқ еткізе мамырлай басып, маңғаздана сөйлейді. Саяттан олжалы қайтқанда аңшы ғана осылай көңілді болатын. Оң босағадан қалыңдықты алып шыққан құдағилардың қалай лепірсе де еңбектері сінді.

Жаяу топ тақалып қалды. Кешкі аспанда ән қалықта-

ды. Сонау жас келінді ортаға алып, тойлы ауылға қызық-думан әкеле жатқан ерке топтың қуанышты хабары ән боп жетті.

Қорлан сіздей жан тумас,
Туса туар артылмас...

Әнші топтың ойнақы көтерген көп даусымен шарықтаған қоңыр саз барлық үн мен шуды баса шырқап кетті. Осынау тәтті сыбырдай жан дүниені ұйытып, шымырлатып жіберер әуенді қалт тыңдап тұрып қалдым. Жиын жай басып, баяу ілбіп, жақындай түсті. Дәл ортадағы ақ көйлек, аппақ шәлілі Майсараның аяқ басысына сәйкес ән мен көңіл ырғағын бірдей тауып, жараса қосылған.

Ынтығып айтар жүрек үнімен есілер қайран «Қорлан» дәл бұл сәтте осынау топтың әсем нақышты шырқай көтеріп, үнемі қайталап, қайырмалап созуында бір ғана Майсараға бағышталған еді. Келіншек те керім!.. Топ-толық қызыл ернінде күлкі үйіріліп, бадандай қой көзде әлдебір ұшқын от шашқандай. Жанардағы дәл сол жарқылымен дүниенің әлдебір мен білмейтін тылсымын сөйлеп кететіндей де сияқты. Аумақты төсін дірілдетіп, қысыла дем алады. Кек маңдайға жарқырап түскен күн сәулесі де елдағы бақыт, бақ күндерінің нышаны тәрізді. Ақ шәйіден кең пішіліп тігілген көйлегінің етегі сәл-пәл толқып-желбіреп, ән сазына қосылып тұрғандай, қаз мойын, үйрек төс женгемнің қозғалысы да әсем! Көл бетінде еркін сырғыған құдды бір аққу дерсің!

Қақ жарылып, тамашалап тұрған топқа бұл жиын сынаша сұғына кіріп, араласып кетті. Осы сәтте тұсымнан өтіп бара жатқан Майсараға анықтап көз тастадым. Тұлабойын түгел діріл билеген. Қарлығаштың қанатындай құлаш жая, шалқая біткен жіп-жіңішке екі қас та, сәл ғана еркелей бұлтиған қып-қызыл ерін де, желпейлі жеңнен озыңқырай шығып тұрған ұп-ұзын аппақ саусақтар да, қомақтылау боп көз тартқан омырау да бәрбәрі билеп кеткендей діріл құшағында.

Бұл тұста қарсы алған топ, ә дегенде жамырай шыққан дауыстарын тез жөндеп, «жар-жарды» шырқап кетті. Бар көз, бар ықылас Майсара мен Бәсерге ауған, сол екеуіне ғана арналған, Майсарадан екі-үш қадамдай кейіндеу Қарағұл бастаған жігіттердің ортасында келе жатқан Бәсердін қасы мен көзі қалыңдықтан ауысар емес, бағып қапты, Елтіген пейілімен басқа бір жанға бұрылмайды,

«Жар-жар» - жақсы тілек үні боп қалықтап тұр. «Қос тілек жарасса, қос білектің айқасқан қақпанын ажыратар құдірет бар ма, тәйірі». Ән солай дейді. Айналамдағылар соны айтады. Қызыға қарап тұрып әуенімен, сазымен құрмет-қошеметін білдіріп қалып жатыр.

Той өтер үй - Рақаңның немере інісі, Бәкеннін бес қанат үйі - өзге үйлерден бөлек. Іші-сырты да ерекше. Осы ауылдың іске асар, кәдеге жарар жіп оралған өрнекті шымши, оюлы сырмақ, тықыр алашалары ұсталған. Біраз жүгін басқа үйге ауыстырған, тек сол жақ босағадан сәл жоғарырақ шілтерлі шымылдығы түсірілген болыскей керует тұр. Кірген бойда көз тартатын да жалғыз сол ғана.

Айкүміс екеуміз осы керуеттің бас жағында қатар отырмыз. Келін шымылдық ішінде. Ақ шәлісін бетіне түсіре бүркеніп төмен қарап отырған Майсараға Айкүміс жиі-жиі бұрылады. Таңсық көріп қызыға қарап отырған сияқты.

Тыстағы дабыр-дүбір басылып, үй ішін жиналған жұрт кернеп кетті. Ойын басталды.

Айкүміс мәре-сәре. Сынғыр күлкісі тап құлағымның түбінен жиі естіліп, жаныма күй тамызғандай сіңіп барады. Қалада өскен оған бұл тойдағы ойынның бәрі думан, бәрі қызық. Мәз болып отырып өзіне кезек тигенде қызарып бітеді. Сол шағы тіпті әсем!

— Тойдың өзі тамаша ғой!-дейді сыбырлай сөйлеп.

— Иә, тамаша!- деймін мен, айналамдағы шуды ұмытып, Айкүмістен көзімді алмай.

Тойдан тарқағанымызда таң қараңғысы ұйып түсіп, айнала төңірек меңіреу құшағында бұйығып жатыр еді, сауықшыл жастардың әзіл-қалжың, ән-жырымен қайта оянып, сәлден кейін қараңғылық іріп-іріп кетті. Аспанда шашырап сәуле көрінді. Сол ақ еәуле бірте-бірте төмендеп, қара күңгірт бояуды қуып барады.

Мен Айкүміспен бірге кеттім. Шығарып салуыма қарсы болған жоқ. Шығыс бозарды. Енді біраздан соң таң кіреді.

Айкүміс апасының үйінің тұсынан өтіп кетті.

— Қайда барамыз?

— Медпунктке. Жатып қалған үйдің есігін қағу ыңғайсыз сияқты. Бәрібір бүгін ұйықтай алмаймын. Енді бірер сағаттан соң жұмыс басталады.

Жүрегім қатты-қатты соғып кетті. Жаңағы бір еркін-

дігік де жоғалғандай. Бұл қалай? Әлде мені оңаша шақырғаны ма? Әлде өзімсініп ештеме ойламайтыны ма? Білмеймін. Бар білерім буын-буыны босаған аяғымның сергек жүрістен айрылғаны ғана.

Айкүміс кілтімен есікті ашты. Ішке кірдік. Бөлмеден дәрі иісі аңқиды. Өз өзімнен қысылып барамын. Ербеңдеген қолымды сыйғызар жер таба алмаған сон мен енді дәрілерді ақтара бастадым. Неғылған көп дәрі. Ақ ұнтақ, көк ұнтақ бірдеңелер, Бір кезде екеуміздін, қолдарымыз жанасып кетті. Қасымдағы қыз ұзын кірпіктерін айқастырып аз-кем қимылсыз қалды да, іле жүрек лүпілі ойнақшыған қанмен бір қызарып, бір сұрланған ақша бетте толқып кетті, Нәп-нәзік, кіршіксіз ұятымен қорғанғандай. Бойымды ұйытқыған жалын билеп алды. Дуылдатып әкетіп барады, Осы сәт соншалық ыстық, соншалық сүйікті. Бір кез Айкүміс әлсіз ғана шегінгендей болды. Оттай жанған өңіне көзім түсіп еді, сәтке қана шалып өткен көз қарасы күнәсіз жанның тілмен жетпес нәзік тілегімен жалбарынғандай сезілді. Қатты қысып, ұзақ сүйдім. Айкүміс те ып-ыстық бетін бетіме тигізді. Одан әрі сусып босанып кетті де, кушеткаға барып отырды. Бөлменің дәл ортасында қимылсыз қаққан қазықтай серейіп тұрмын.

Бөлмеге алғашқы сәуле түсті.

Сол сәуле Айкүмістің жүзінде ойнады. Құлпырып тұр. Күлімсіреп бетіме қарады,

— Отырсайшы...

— Айкүміс, жұмысқа барайын. Кешке кездесейік..,

— Жарайды...

Үйге кіріп жұмыс киімімді кидім, Ыңылдап өлең айтам. Апам күңкілдейді.

— Әкеңді оятасың.

Әкем ояу жатыр екен.

— Әйкешім өлең айтса, ұйқым шырайлана түседі.

Ат кораға келе жатырмын. Басымнан бақайшағыма дейін бір көңілді әннің ырғағына толы. Мен айтып келем бе, әлде қуанышты кеудем өзі ән болып күмбірлей ме, әйтеуір шаттығымның шегі жоқ.

— Армысың, шұбар ат!

Шұбар аң-таң. Күндегі оқырануын да ұмытқан. Тағы қайталадым.

— Армысың, шұбарым!

Шұбардан жауап шықпады. Ат қорадан босатып ем, салып ұрып пеш басына тартты. Мен де солай қарай аңдадым.

## ОНЫНШЫ ТАРАУ

— *Бәсер мен Әрсеннің арасындағы сөз. - Айкүміс кете ме*? - *Тағы да колхозға сапар, - Әсияның сыры.-. Сиыр дауы.*

Бұл кезде айлық жоспар екі еседей көбейген еді. Қаланың құрылыс тресін де әкпен қамтамасыз ете бастағанбыз. Содан бері бұрын бірі тоқтағанда, бірі ғана жұмыс істейтін екі пеште де қатарынан тас күйдіретін болдық. Жұмыскерлер арасында бәсеке-жарыс күшті. Әсіресе, октябрь тойында озып шыққанға бәйге беріледі деген хабарды естігелі бұрынғы керенаулықтан түк қалмаған. Темір күректің сыңғыры, тас уатқан балғаның дүрс-дүрс дүңкілі, әзілдесіп қағытқан зілсіз күлкі жиірек естілетін болды.

Бәсердің аңдитыны Қарағұл. Қарағұлдың көз тіккені Бәсер. Бәсер - бірінші пеште бригадир. Қарағұл да екінші пештің дөкейі. Түскі үзілісте Қарағұл жоғарыға әндетіп шығады.

Бәсердің жүзі күреңітіп кеткен. Қабағы қатулы. Түске дейінгі нормада Бәсердің Қарағұлдан бірер вагонетка әгі кем. Содан болар досының тым әншіл боп бара жатқанын да жақтырмайды.

— Осы сен әндете бермеші.

— Қызғанба, Бәсер. Қимылда онан да,- деп Қарағұл үдей түседі,- Әнді сүймейсің ғой, ә. Саған ерегіскенде бәйгеге алар патефонымды тап осы жұмыс басына әкеліп ойнатып коймасам ба, қара да тұр.

Патефоннын атын естігенде Бәсер елең ете қалды.

— Әй, латифоның не?

— Бас бәйге - патефон дейді ғой. Бастықтың өзі айтқан.

— Онда дәл сол латифонды мен алам.

— Дәмесінін мықтысын. Құдайлығынды айтшы, кешелі бүгін қанша вагонетка кейін қалдыңдар,- деп

Қарағұл Бәсерге жоғарыдан төмен сүзіле қарайды. Бәсердің қарсы айтар дауы жоқ. Кешеден бері жеңілуі де рас. Қанша мойындамаймын десе де, қазықбастың бригадасының қимылы шапшаң да, істері өнімді.

Әрсен десятниктің Бәсерге ілтифаты бұрынғыдай емес. Қарағұлдан қалып қойғалы кабағы түсіп, Бәсерге жеп жіберетіндей төне қарайды. Оңашалау кездесіп қалса ашуы сыртына теуіп, ісініп-кебініп, түкірігі шашырап бей-берекесі шығады.

— Бәсер, сені не қара басты! Қарағұлдан қалып қойдың ғой. Енді ай сайынғы сыйлығымыздан да айрылатын болдық. Апырай, неткен ақымақ едім. Қарағұлды пешіме алғанда шытырлаған ақшаны қалтама қаттап баспас па едім.

— Маған не істе дейсіз, Әрсеке. Аянып жүрген жоқпын,— деп Бәсер күмілжіп тұр. Екеуіне де көрінбей тыңдап отырмын. Байқаусызда үстерінен түсіп, әңгімелерің естіп қалып ем,

— Аянбай жүрсең мына сорақылығың не. Әк қайда деймін мен саған? Қайтсең де бірінші орынға шығатын бол!-деп Әрсен нығарлай сөйледі.

— Тырысып көрейік, Әрсеке.

— Әй, сен андағы құрбақа денеңмен мың жерден тырбаңдасаң да Қарағұлдан оза алмайсың. Онан да бірер әкті шала күйдіріп шығара бер,- Құлағыма сенер емеспін. Бәсердің аузы ашылып кетіпті.

— Тексеріп жатқан ешкім жоқ. Солай жаса. Сөйтіп оз!-деп Әрсен төніп барады.

Бәсердің қызыл жүзі күреңітіп, қаны бетіне тепті. Манадан бері десятниктің алдында айыпты адамдай қипақтап тұр еді, дәл қазір өзі ашуға мініпті.

— Жасай алмаймын. Алдап табар ақшаңмен мені жарылқама. Қылмысыңа баспаймын!-деп бұрыла берді.

— Айтқан тілді алмасаң, нормаңды кемітіп жазам,— деп ширыққан Әрсен, түгі тікірейіп соңынан айқай салды.

Бәсер ұзап бара жатып артына бұрылды:

— Не істесең, оны істе. Адалымнан жазбан!

Бәсерге ризамын. Ер көңілді Бәкеңнің тағы бір қырын анық танып тұрмын. Бұл дүниеде жан жарастық ләззаты да көңілдің адалдығымен, адамдығымен табылса, соңы мен де таптым.

Бәсер озды. Жұртты таңғалдырып, айта қаларлық-

тай озды озғанда да. Бұрынғы бірінің үстіне бірі жұқалап салынатын тас көмір мен әк тасының қабат санын бір жарым еседей өсіріп еді, сменалық жоспары артып сала берді.

Сонау күні Айкүміске берген уәдем бар, оның үстіне өзім қатарлы жастар ауызға ілініп, атақ-абыройға жетіп жатқанда, жас баланың жұмысын қашанғы ермек етейін. Менің де бір бұлқынуым қажет қой. Мынау өндірістің ертеңгі қожасы мен сияқты болашақ мамандар болса, онда осы бастан барлық тірлік-қарекетіне араласа берейін деген ниетпен мен де пеш басына ауыстым. Бұлшық еттерім бұлтыңдап тас уатушы болып алдым,

— Құлыным-ау, бұғанаң бекімей ауыр жұмысқа неге ауыстың? Тесік өкпе боласың ғой,-деп шешем бәйек болғанымен, әкемнің күңгірт көздерінде кешігіп туған жұлдыздай бір әлсіз сәуле ойнады. Бұрынғыдай жалғыз кетпей, жұмысқа мені ертіп үйден бірге шығатын болды.

Бәсердің жұмыстағы абыройы қанша асып тұрғанымен үй ішінде мәнісі болмай жүр. Майсара мен өгей шешесінің сиыспайтын түрі бар. От басы, ошақ қасының жаяу ұрысы басталып, келін мен ене арасына кикілжің кіріп, қара мысық жүгіріп өтті.

Майсара өгей ененің айтқанын екі етпей қаншама шыдайын-ақ десе де, түзелетін түр әріде сияқты. Жолы үлкен, жөні бөлек ененің шырғасына еріксіз көніп, соның үстемдігін мойындап отырса да, ене көңлін табар емес. Бар мінез, бар жүріс-тұрысын қас қақпай бақылап отырған қатал сыншыдай ене қабағы бір ашылмайды. Ене мен келін арасындағы осы кикілжің, кірбең көңілдікті сезіп қалған Рақаң бір күні, Бәсер екеуміз үйдің іргесінде отыр едік, үстімізге келді.

- Бәсер, ұн болдың, отау құрдың. Осы шаққа дейін айтқаныммен жүрдің, ақылымнан шықпадың. Енді өз отыңды түтет, балам. Кәрі қойдың жасындай шақ ғұмырым қалғанда өндірістің шаңына қақалып қайтем. Жайлаудың мол қымызына кетейін. Ертең бізді Түсіптің қасына көшіріп сал,- деді. Көптен көп оңаша ойланып, өзі іштей шешіп қойған болуы керек. Қабырғасы сөгілгендей опырылып ауыр күрсінді де, иегі дірілдеп, шоқша сақалы билеп кетті. Басқа сөзге келген де жоқ. Таяғын арқасына көлденең салып, екі ұшынан ұстап алған бойы бүкшиіп кете барды.

Соңғы күндері менен де күй қашып жүр. Онымның да

үлкен себебі бар. Айкүмістің қаладағы әке-шешесі қызын ауыстыртып алуға талаптанып жатқан көрінеді. Сол хабарды Айкүмістін өзі мұңайып отырып маған жеткізген.

— Не істеймін, Әйкеш? Қандай ақыл қосасың?

— Кетпе. Тым болмаса бір жылға шыда. Қалаға керек дәрігер ауылға да керек.

Бір жылдың ішінде не болатынына көзім жетпесе де, Айкүмістің қасымда жүргені мен үшін жұмағыңнан да артық.

Енді міне түскі үзілісте тамақтанып болып, шалқамнан түсіп, аспанға қарап жатырмын. Көк күмбезі алыстан барып, сарғыш тартқан. Қазіргі құлазыған көңілімдей сұрсыз.

Кенет ойыма қайдағы жоқ орала кетті. Екі қолымды көкке созып жіберіп, жалбарына тіл қаттым.

— Уа, тәңір, барсың ба, сен?

Жауап жоқ. «Бар болса да, мені менсіне қояр ма. Ол жалғыз, мен көптің бірімін».

— Естіп тұрсың ғой, бәрібір.

Қу екен. «Естіп тұрмын» демеді.

— Махаббат дегенді білесің бе сен? Ұрын бару - махаббат емес. Бірақ ұрын бару махаббат болмаса - онда ол өзі не нәрсе? Сондықтан да сұрарым. Сен мені Айкүмістен айырма. «Жалғыздық жасағанға ғана жарасады дейді әкем. Ол өз басыңмен кетсін. Естисің бе? Арыз тыңдамасаң, ақылдылығың қайсы. Жә-жә, оңашада тілек айтқан мендей бейбағыңды жарылқай сал.

— Әй, не айтып жатырсың?- Дауыс қатты естілді. Опыр-топыр атып тұрдым. «Шынымен естігені ме?! Дауыс ашулы. Адамша сөйлейді екен-ау!..»

Бәсер екен. Мені колхозға баруға шақыра келіпті.

Бәсердің өзі сонау Рақаң көшіп кеткен күні енесінің қолына кіріп алған. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу жоқ» дегенді діттейтін сары бәйбіше Бәсердің ай сайынғы күреп-күреп алатын мол табысын көрмейтін тәрізді. «Әкеңнен енші ал» деп күйеу баласының құлағы-. ның етін жейтін көрінеді. Мына сапарда Бәсер мені ертіп апарып әкесінің алдынан өтпек.

Рақаңа бала көрінсем де, баласына әжептәуір адаммын. Ал адам деп қолқа салғанда мен тартынып қалған емеспін.

Бізге көлікті кім берсін. Он шақырымға толар-толмас орталыққа жаяу тарттық.

Рақаң байғұс Бәсерін сағынып жүр екен, екеумізді көргенде қуанып қалды. Естіп отырмын, тыста - Қатша бәйбішемен біраз керілдесіп жүріп, көпей лақты алып ұрды.

- Өндірістің шаңын қауып жүрсіңдер ғой, бүгін бір қызылдандар,- деп тай сойғандай үйге де лепіріп кірді.

Ет піскенде көршілер тегіс жиналды. Ұнамды, ықшам киінген бір келіншек үйге сыңғырлай сөйлеп енді. Толықша келген сұлу жүзді, қыр мұрын бәденді кісі екен.

Ас жеп, сорпа ішіп болысымен жұрт тарай бастады.

Қол жуып мен де тысқа беттедім. Соңымнан ілесе әлгі келіншек те шықты.

— Қайным, сәл тоқташы. Қарағұлды көресің бе?

— Бірге істеймін онымен.

— Әсия сәлем айтты дерсің...

Аузымды ашып, еп-ерсі түрде таңырқай қарап қалсам керек, Әсия мырс етті.

Қайным-ау, аузыңа шыбын кіріп кетер.

Абдырап, асығып жауап қаттым:

- Айтайық, жеңеше.

Әсия бұрыла берді.

— Жеңеше, сәл тоқтаңызшы,- деп соңынан ілестім.

Ағып сөйлеп келем. Қарағұлдың күрсінуін, жатса-тұрса бір ғана адамды ойлайтынын, ал ол адамның Қарағұлға жасап жүрген қиянатын - бәр - бәрін айтып жатырмын. Әсия тоқтады. Енді менің жүзіме қадалып қарап қалыпты.

Әйкеш, өзің сұрадың ғой, мен сенен несін жасырам. Сәкеңнің тірі кезінде-ақ Қарағұлға ынтығым күшті еді. Бірақ,- деп Әсия аз-аз бөгеліңкіреп қалып тағы сөзін жалғап әкетті.- Сәкең көп қиналды ғой. Күші бітсе де, ойы сап-сау кетті. Қиналып сыбырлап айтқан бір ғана арманымен үзілді. «Алпысқа келгенше жас иіс иіскеп, еміреніп бала құшпадым, ең болмаса топырағым бұйырар артымда қарам да қалмады-ау» деп арман айтып кетті. Дәл сол үні, сол тілек үні құлағымда. Кетер емес. Тірісінде ұқпаған, ұғынбаған екем қадір-қасиетін. Енді жылға жетер-жетпестен отын қайтіп-сөндірермін. Жылын тосам дегенім де содан еді.

Мен Әсиядан қала бердім. Мына сөзіне қарсы сөз қоссам, орынсыз зорлық жасайтындай сезінем.

Ертемен Бәсер Рақаңмен айтысып тұрды.

— Немене, бір сиырға еңбегім сіңбеп пе?

— Сиырды қайтесің Балаң бақырып бара ма. Қыстай бағып, жаз шыға бұзаулатып берейін.

Төсегімнен тұрмай Рақаңның, сөзіне күліп жатырмын.

— Қазір әкетем. Қашыртпа сөздің керегі жоқ,- деп баласы күйгелектене сөйлейді.

— Бәсержан-ау, көкеңнің тілін ал Көктемде өзі айдап апарып алдыңа салады.- деп Қатша бәйбіше майысады. Қатша бәйбішенің дәл осылай іш-бауырыңа кірердей жылы жүзбен сөйлегенін көрмеп ем, «Апырау, адамды танымайды екенбіз. Мына кісі жөн білетін, ақкөңіл жан болды ғой» деп іштей елжіреп отырып, Рақмет ақсақалға төрелік жоралғыммен тіл қаттым:

— Рақа, ақыры беретін болған соң күз бер, көктем бер, бәрібір емес пе. Біріміз жетектеп, біріміз айдап мәз болып қайтайық,- деп мен басымды көтердім. Бәсердің ала көзі маған қадалып жылып қоя берді.

— Балам, оның дұрыс қой. Бұл неменің шөбі қайда түсірген?- деп Рақаң да бір қырқадан бір қырқаға шығады.

— Қарасудын қамысын орып берсем де, сиырға азық табам.

— Бұны құтыртып отырған анау қақпас қой,- деп Қатша бәйбіше қарқынға басты. Ашуы мұндай тез болар ма. Әлгіндегі мүләйім қалпы жоғалып, Көкпенбек боп дірілдеп алған.

— Баламды күшік күйеу қылып қолына кіргізіп алғанымен қоймай сиыр сұрайды, ә. Мә, мынауымды алар!-деп кос саусақтың арасынан бас бармағын шығарды.

— Мен сиырды алмай кетпеймін,-деп Бәсер бір жамбастап кисая кетті,

— Аласың дедім ғой саған мен,- Рақаң қипақтап бәйбішесіне қарай берді.

— Қашан?

Бәйбіше Рақаңды атып жіберердей ежірейеді. -

— Көктемде. Қызыл тайыншаға қазір өзің ен салып кет.

— Қызыл тайыншаңды алмаймын. Мен тап анау қасқа сиырды әкетем.— «Жығылсаң нардан жығыл»

дейтін нартәуекелге бел буған Бәсер әке-шешенің қарсы шабуылына мойыр емес.

Қатша бәйбіше бажылдады.

— Талтүсте тонады ғой мынау. Өгейлігін жасайын деген екен,- Соны айтуы-ақ мұң екен, дауыс шығарып жылап ала жөнелді. Рақаң үнсіз қалған. Бәсерді қимайды. Оның үстіне Қатша бәйбішеден де аса алмай отыр. Бәсер ләм-мим деместен созыла тұрып табалдырықтан аттады. Мен де ілестім. .. .

Ашулы һәм өкпелі жанның кей-кейде бетінен гөрі желкесі сөзшең болады-ау деймін. Бәсерімнің шүйдесі ұртын томпайтқан тілазар баладай көрінсе, желке шұқыры қанталаған жалғыз көздей тесірейіп барады.

Ауылдан шыға бере, өріске онша ұзай қоймаған табынға кезіктік.

- Ал енді қалма, Әйкеш,- деп Бәсер бір қасқа сиырды алдына салды да қуа жөнелді. Сиыр табыннан бөлінбей бұлталақтай беріп еді, беліндегі шашақты белбеуін шешіп жіберіп ноқталады да, жетегіне алды. Осы кезде Қатша бәйбішенін ащы дауысы шықты.

- Ойбай, әкетті! Жауша шапты, жау шапқырдың малын!

Артыма бұрылсам, Рақаң тайына мініп апты. Қолында қос құлаш құрығы бар. Борбайлатып келеді екен. Көршілер дүрлігісіп қалды.

— Өлтіреді-ау енді!

— Ұстаңдар!

Бәсер, мен және қасқа сиыр зытып келеміз. Тай дегенмен жылқы баласы емес пе, Рақаң жеткізе бойда алдымызды орады.

- Тоқташы, Бәсер!

Бәсер үндемейді. Әкесіне алара бір қарап қояды да, бүлкілдей береді.

- Тоқта дедім ғой мен саған!- деген Рақаң тағы да басқа сөз айтпай, ұлының үстіне төніп барады."Өлтірді-ау» деп ойлап екеуінің арасына түсе бердім.

- Рақа, бір ашуыңызды беріңіз.

Маған қарар емес. Бәсерге шылбырын шешіп беріп жатыр.

- Белбеуіңді кірлетесің. Мә,мынамен жетектеп ал. Қатынасқан біреуден беріп жіберерсің. жалғыз шылбырым,- деп жайымен бұрылып жөнеле берді.

Алдымызда Бәсер, ортада сиыр, соңында мен ауыл-

ға жеткенде Майсара мен шешесі бізді жайраңдап қарсы алды.

Сары кемпір сиырды байлап жатыр. Әукесін қасыған боп мойнынан құшактап қояды.

— Касиетті, Зеңгі баба! Құтым боп орал! Аузымды аққа, төбемді көкке жеткіз! Екі құлынымды аман қыл. Өсек-жалаңнан сақта!- деп күбір-күбір сиынады да, ала сиырдың о жақ, бұ жағына шығып және сыбырлап кетеді,- Желіні үлкен, сүтті болады. Жарықтық жануар жуас екен. Қатша құдағи канша дегенмен үлкен кісі ғой. Жөн біледі. Қап, кеше қант-шай да беріп жібермеген екем...

Мансара Бәсердің қойны-қоншын тінткілеп жүр.

## О Н Е К І Н Ш І Т А Р А У

- *Су тасығанда. " Ұл туса екен!» - Сүйіншіңді көрімдікке ал.- Келісім.-* К*үрес.- Қайдан жүрген шайтан?!"*

Көктем биыл жылдағыдан ерте шықты. Апрель туысымен біздің өзенсымағымыз кіші-гірім айдындай боп тасыды. Бірер күн бұрын қызыл су жүріп, мұзы түскен еді. Түн ортасы ауа салдырап, гүрілдеп сең бұзылып, су қаптап кетті.

Судың нөпір-мол келуінен үрейленген төменгі ауыл жапатармағай дүрлігіп, «Жүндінің» бауырына киіз үйлерін тігіп әбігерге түсті. Түнде көшкен ел жаман. Сиыр мөңіреп ит үріп, түйе боздап, бала жылап дегендей әртүрлі азан-қазан дауыс маңайды дүрліктіріп жіберді.

Су сағат сайын көтеріліп барады. Елдің әбігері де сондай. Жаяу-жалпы, өгізді-түйелі сапырылысқан халық ерсілі-қарсылы шұбап қорқыныш аулайды. Осындай бір қарбаласта Бәсер далбалақтап қасыма кеп қалды.

— Әйкеш, Майсара ауырып тұр. Оның үстіне мынау су тасып, не істейтінімді білмеймін.

Қара інгенге жүк артып жатқан апам елең етті.

— Рабиға шешейге хабар бердіңдер ме?

— Ол кісі кештен бері Майсараның қасында.

— Алда байғұс-ай, аман-есен қол-аяғын бауырына алсын!- Мен түсіне қойдым, Майсараның айы-күні жақын болатын.

Шешем түйенің, бұйдасын қолыма ұстатты да:

- Жүкті түсіре бер, Енді келмей-ақ қойыңдар. Көкеңе айт, демалсын. Бәсер, жүр үйіңе,-деп жаулығы ағараңдап бүкеңдеп жүгіре жөнелді.

Түйені желдіртіп отырып күні бұрын тігіп қойған өзіміздің киіз үйдің іргесіне шөгердім де, жүкті тез-тез түсіріп, кері қайттым.

Бәсер есік алдында жүр екен.

— Қап, мына судың тасуын көрдің бе?

— Ештеме етпес. Жылдағысы осы ғой. Әбден дүрлігe беріп жаман үйренгенбіз.

Сонда да өзеннің жағасына барып қарап келдім. Судың әлі де көтерілуі басылмапты. Бірақ жарқабақтан асып, жайылып кетуі екі талайлау.

— Су төмендепті. Қайта бастаса керек,

Бәсердің көңілі орнына түсті.

- Әйкеш, кіріп шықсам қайтеді, ә?

— Қой, ықрдісыз шығар. Әйел босанатын үйге еркек кіре ме.

Сықыр-сықыр, тырс-тырс басамыз, Уақыт керенау созылады.

Қасымда енді аздан кейін әке болуға дайындалып Бәсер жүр,

Үйден бір әйел шықты. Дауыстап Бәсерді шақырды.

- Әй, сенделіп босқа жүргенше анау келіні түй.

- Онда не болады?- деп сұрап жатырмын.

- Ә й е л толғатқанда келі түю салты бар, Толғағы жеңіл болады.

Бәсер ондайға жылдам ғой. Апыр-топыр қимылдайды. Қанша сұрасам да келсапты маған бір ұстатқан жоқ.

«Кім туар екен» деймін ішімнен. «Шіркін ұл болса ғой. Ұл бала ұрыссаң да, ұрсан, да көтереді. Алда-жалда-қыз туса, күні ертең даусыңды қатты шығарып зеки де алмассың.

Ұл туса, өжет болсын, иә өжет болсын. Әкесіне тартса, бос қалмағаны. Майсараны алуының өзі неге тұрады. Анау-мынау шөп желке ғаңа емес осыншама сұлу

әйелге қолы жеткен Бәсердің ер, өжеттілігінде шүбә бар ма?

Ұл туса, анда-санда бір сөйлейтін әрі сабырлы, әр ұғымтал боп тусын. Онда да Қарағұлдай-ақ болсын, Бір сағатқа созылған операциясын бір-ақ айда айтып, таусып алған қазықбастың үндемес екендігі сол емес пе, бұл күндері баяндамасын бірер сағатқа әрен созып жүр.

- Ұл туса, сараң болмасын. Жомарттығы атасы Рақаңа тартсын. Есінде де, түсінде де қасқа сиырды қалай көзі қиып оп-оңай бере салғанын өткен- кеткенге айтып отырғаны.

"Ұл туса.. Кім туса да тез туса екен».

Тасыған өзеннің гүрілі, алыстағы көшіп-қонған жұрттың шуылы біз есігін күзетіп жүрген үйдің дыбысын басып кеткендей

- Бәсер атың кім қоясыңдар?

- Қарауыл Қарағұлға ұқсас болсын дегенім ғон.

- Қазықбасқа тартып ырғай мойын болып кетіп жүрмесін.

- Мейлі. Тірі болсын.

Осы кезде үйден біреу шықты. Күліп келеді екен.

Күлкі - қуаныш белгісі Мені де бір діріл баурады. Буын буыным босап, Бәсерді бас салып құшақтай алдым.

— Сүйінші, Бәсер!— дедім мен.- Құттықтаймын!

— Қасқа сиырдың бұзауы сенікі,- деген Бәсер асығып үйге жүгірді. .

Көп ұзамай қайта шықты.

— Қарауыл Кіп-кішкентай. Қабағын түйіп жұдырығымен бет-аузын сипайды сол. Өзім! Аумаған өзім!

Ықласымды үйіп төгіп жатырмын Бәсер иығымнан жұлқылап жүр.

— Үйге кірейік, Әйкеш! Көрші өзің! Көзіңмен көрші!Ініңді өзің көрші!

Кірдік. Майсараны пеш түбіне жатқызып қойыпты. Жұдырыктай ғана бірдемені орап, оң жағына қасына тастапты. Катындар тұс-тұсымнан жармасып жатыр.

- Көрімдік! ейтпесе көрсетпейміз.

— Көрімдік бер, сері жігіт!

— Көрімдігін өзім алып қойғам,- дейді Бәсер.- Әй, не атап едің?

— Көрейік те алдымен.

- Көрсетіңдерші. Әй, жұлқылай бергендерің не? - деп Майсара көмекке келді. Дүниеде ана бақытына тең келер бақыт бар ма екен. Майсараға көзім түскенде соны ұқтым.

Бәсер елпелектеп барып Қарауылын іліп алып, көзіме тосты.

Қызыл шақа нәресте бет-аузы бүрісіп ұйықтап жатыр. Салпауызын жиырып, жыбырлап қояды.

- Бәсер, көрімдікке қасқа сиырдың бұзауын өзіңе қайтардым.

Бәсер өкпелеп қалды.

- Оттама, оны мен саған сүйіншіге бергем. -

Сары кемпір (Бәсердің енесі) түсініп қалса керек:

- Жаман немеремнің көрімдігіне бұзау тұрмақ сиыр алам. О несі-ай! Рақмет, балам! Өзің де балалы бол!-деп батасын шұбыртып ала жөнелді.

Сол аласапыран түнде бір шаңырақтың тұңғышы дүниее келді. Қасқа сиырдың тумаған бұзауы бір босағадан бір босағаға өтіп, айналып келіп қайтадан өз- қорасына байланды. Бәсер әке болды. Мен інілі болдым. (Ойынымыз жарасса да, Бәсер ағамдай боп кетіп еді.)

Өзеннің тасуы қандай тез болса, қайтуы да сондай жылдам болды. Май мейрамының қарсаңында, азая келе, әр жер әр жерден аттап өтетіндей жылғаға айналды.

Бірінші майды Айкүміспен бірге өткіздім. Кіші-гірім салтанатты жиналыстан кейін екеуміз клубтың ту сыртындағы төбеге кеттік. Сол жылғы кызғалдақ, сарғалдақтар-ай! Көздін жауын алып, аяқ басқан сайын өкшемізге оралып еді-ау!

Айкүмістің құшағында гүл. Менің құшағымда Айкүміс.

Айкүмісті құшқанда жалын құшқандай болам. Жұмсақ, майда алйқанымен Айкүміс бетімді сипағанда от тигендей болады. Айкүмістің шашынан хош иіс мұрныма келеді, дуылдап тұла бойыма жайылады. Бұл иіс - махаббат исі, көктем исі, жастық исі.

— Әйкеш!

Айкүмістің оймақ ерні жыбырлағанда, бетімді ыстык лебі шарпиды. Айкүмістің лебізі - шаттық үні, күлкі сыңғыры, Қарауылдың тәтті уілі. Мен солай сезінем.

— Әйкеш!

— Әу, Айкүміс!

— Әйкеш, күн қандай тамаша!

— Тамаша! Тыңдашы, мен осындай күнді, мынадай гүлді, анау даланы,сонау көлбеген сағымды - бәр-бәрін сүйем! Айкүміс, мен аспанды сүйем, жерді сүйем. Соның бәрін саған ұқсатам. Мен сені сүйем, Айкүміс.

— Мен де, Әйкеш.

... Біз оралғанда кеш түсіп еді. Осы жазда тойымызды жасауға уәделесіп қайттық.

Семьяның аты семья. Бәсердің мұрнына су жетпей жүр. Қарауыл қосылғаны ол жоқтан бар жасап, бірді екі қылып жанталасуда, Рудниктің бөлген жерінен шапшағын ғана бөліс алып, демалысын күтіп қолына түкіріп отыр.

Майдың орта тұсындағы демалыс болатын. Аспанда ине шаншар бұлт жоқ. Қарауылдың алғашқы пәк күлкісіндей жайраң дүние.

Қиініп Қарағұлға келдім.

Қарағұл маған келейін деп отыр екен. Иығымдағы үшкір күректі көрісімен ол да қайрап қойған күрегін иығына асып алды.

Екеуміз Қарасудың төменгі жағына қарай тарттық. Біз келгенде Бәсер қара терге түсіп, жер аударып жүр екен.

— Іске сәті

— Егіс молайсын!

Бәсер ыржалақтап келіп, екеумізді күрегімен жайлап қана бір-бір нұқып өтті.

— Әй, бар ғой, сендердің келетіндеріңді біліп ем.

Үшеуміз үш жерден тұрып ап, үшкір күректі бойлатып-бойлатып жібердік.

— Әй, әй, тереңдете, күректі бойлата қазыңдар! Қарағұл, көзіңе қара, топырағын уатып кет!

Бәсер бізді жалдап алған қызметшісіндей жұмсайды.

- Әйкеш, осыны бір аунатып алайықшы,- деп Қарақұл маған көз қысады.

- Сөйтейік,- деп қоштап қоям. Қарағұл күрегін лақтырып тастап, екі алақанына құшырлана түкіріп-түкіріп жіберді.

Біз жақындай бергенде Бәсер шегіншектеп күрегін көтерді.

Түс кезінде Қарасудың жағасына барып суға бір-бір сүңгіп алдық. Тамақтанып болын, дем алуға жатып ек мызғып кетіппіз, үрейлі дауыстан шошыпояндық,

- Ойбай, анау не пәлеі

- Шайтан!..

Басымызды көтерсек, егіс басындағылар көз ұшына қарап қапты. Біз де бұрылдық. Ойпырмай, тапа-тал түсте де жын-шайтан көрінеді екен! Жап-жалаңаш, жүндес адам бейнелі біреу басына қап-қара бірдемені киіп алып, біздерге қарай бүкеңдеп салып ұрып келе жатыр. Тұрғандар үрпиісіп, елеңдесіп іштерінен білетін дұға, кәлимасын айтып шуылдап кетті.

Құлағының түбінен оқыс қарқыл естілді. Елеңдеп тұрғанда күлкіден корқынышты үн болар ма. Тұла бойым дір етіп, сай сүйегім сырқырап кетті. Күлген - Қарағұл екен.

Әй, Бұқамойным! Сен өстіп жүрмесең таңым атар ма.

Қасындағылар да танып қалса керек.

— Бәсер ғой!

— Әй, ит сол!-десіп бірі ренжіп, бірі күліп шулап жатыр.

Бәсер ырс-ырс етіп әрең жетті. Жеткен бойда басындағысын тастай сала құлай кетті. Көтергені - тай қазан.

Қасқа сиырды бір іздеп жүргенде осы маңайдағы атам заманғы ескі қыстаудан көріп кеткен екен. Біз ұйықтаған кезде соны алып келуге барыпты ғой.

## ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

*— Әкем тойға дайындалуда.- Суық сөз.- Бәсерге үндей алмаймыз. Айрылысу.*

Жаз. Дархан жаз. Көз ұшында сағымы тербелген иен дала осы шақта бой жазған арудай сылқым. Балауса шалғыны да көк, төңкерген қазандай аспаны да көк, балғын тірлік. Жағасындағы қамыс-құрағына дейін самалмен ырғала толқып кетіп, Қарасу да бұл тұста көкшіл түске енген.

Күн демалыс болатын. Ұйқымды қандырып кеш тұрдым. Көнілдімін. Онымның үлкен себебі бар. Бүгін кешкі поезбен Айкүміс екеуміз Балқашқа барып, әке шешееінің

алдынан өтпекпіз. Оның арты - ұланасыр той. Тойдың аты - жаңа бір отаудың түтін түтетуі.

Әкем мен апамда да ес жоқ. Жиған тергенін дайындап, есеп- қисапқа кірiскендеріне де бірталай болып қалды. Сәті түсіп (оған күмәніміз де жоқ) осы жолы біз той күнін белгілеп келсек, "ақ түйенің қарнын» жарып тастауға әкемнің құлшынуы керемет. Өткен-кеткенге айтатын әңгімесі де болашақ той жабдығы. Қисынын тауып, ретін келтіріп алдағы қызығы, қуанышы туралы сөз бастайды.

- Мақа, дүкеңнен келесіз бе? -

- Иә. -Даке.

- Дүкеніңде әлгі ақ су, көк суларың жеткілікті ме? Таусылып қалмас па екен?

Әкемнің ішкілікті татып алмайтынын білетіндер бұл сұраққа түсінбеген пішінмен таңдана қарасады.

- Жақында Әйкешімнің тойы ғой. Дайындалып жатырмыз...

Біздің босағамыздан енгелі тұрған бұл қуаныш алғашқы хабарымен-ақ тасытып, толқытып әкетті.

Бір кездегі Бәсерге ұқсап мұздай кииініп, мен Айкміске келе жатырмый. Апыр-ай, қолы құрғырда ұят болмайды екен, қос мықынға таяна береді. Бір қолымды екінші қолыма ұстап беріп, бірінен-бірін ажыратпай, аман-сау медпунктке де жеттім. Айкүміс те отыр екен. Әдеттегідей құшағын жайып, қарсы ұмтылар деп, едім, қозғалмады. Басын сәл көтеріп жүзіме қараған түрінен жүрегім шайлыққандай болды.

Не болды екен?

Тағы бір тез көз жүгіртіп өттім. Айкүміс самарқау. Сол сәт тұла бойымды құйындай үйіріп бір күдік жүгіріп өтті. «Әке-шешесінен хабар алған ғой. Қарсы болғандары да,..»

Айкүмістін маған қадалған жанары да жабыңқы, жалынсыз. Кенет ол бұрылып кетті де жәй ғана:

- Әйкеш, соғыс!- деді.

- Қандай соғыс? Қай соғыс, Айкүміс?

- Германия соғыс ашыпты,- деп келіп Айкүміс иығыма бетін басып жылап жіберді. Сол бір өксік тамаша түс көріп жатқан жерімнен оқыс оятқандай әсер етті. Көз алдымдағы сансыз сәуле де, тілегіме жеткізердей той да бәрі-бәрі бір сәтте, қас қағым арасында терең шыңы-

раудың ар жағында, бұлдыр құрсауында қала берді.

Үнсізбін. Бұндайда жұбаныш болар сөз бар ма? Құшақтасқан күйі көп тұрып қалдық...

Үйге келсем, әке-шешемнің де қабағы түсіп кетіпті.

Мен сылқ етіп үйдің іргесіне отыра кеттім.

Қарағұл келді. Қос аяғына қос батпан жүк байлап алғандай әрең аттайды.

— Естідің бе?

Басымды изеймін. Ол да үнсіз кеп қасыма жайғасты. Қиралаң етіп сылқ шөккенінің өзінен бұрынғы жайдары Қарағұлды жоғалтқандай сезіп, ішім мұздап сала берді.

Екеуміз ашық күннің шуағында бүрісіп отырмыз.

Дауыс еетілді. Бәсердін даусы. Қасқа сиырдың жер-жебіріне жетіп ұрысып келеді, Сөгіп келеді. Үй іргесінде үнсіз отырған бізді көріп қалды,

Бәсер күйіп- пісіп қасымызға таянды. Ертемен сиырын іздеп кетін еді.

— Әй, сен екеуің іштеріңнен күліп, мықтадым деп отырсыңдар ғой. Бастарыңа келсін!

Бәсер қасқа сиырды қайқайтып бір тартып жіберді де, көзі аларып маған жетіп келді.

— Әй мен саған сүйіншіге бұзау беріп едім ғой.

— Бергенсің. Бірақ мен оны өзіңе көрімдікке қайтардым ғой.

— Сөзді қой. Сүйіншіңді қазір ал, қасқа сиыр сенікі!
- Бәке, мен сен сияқты жеп-жеңіл емеспін. Түн ұйқымды төрт бөліп қай сайдан, қай төбенің астынан іздеп жүрем. Өзіңде тұра берсін.

Бәсер келістіріп тұрып сыбап алды да, алдымызға қисая кетті.

— Ей, неге үндемейсіндер.

Қарағұл маған, мен Қарағұлға қарадым. Не болса соны айта беріп, әзілдесіп ойнайтын дәл мына алакөз сүйікті Бәкеңе бір ауыз сұмдық сөзді естіртуден ауыр нәрсе жоғын бұрын қалай білмегенбіз,

— Бәке, Германия бізге соғыс ашыпты...

Бәсер екеумізге кезек қарап өтті. Алғаш ойыны ма дегендей сенбеген райын білдіріп қозғалақтап еді, біздің томсарған жүзімізден ондай белгіні таба алмады.

Ақыры тіл қатты:

- Рас айтасыңдар ма?

Бас изедік.

Бәсер ақырын тұрып, сылбыр басып үйіне аяңдады.

Кібіртіктеп баяу қимылдайды. Артынан ілестік. Бәсер үйіне кірді де, енесінің қолындағы кіп кішкентай Қарауылды төсіне басып еңіреп жіберді.

Станция басы ығы-жығы халық. Майданға баратындар да, оларды шығарып салушылар да таңертеннен бері осында. Жұрт сендей соғылысады. Жылаған дауыс та, шарықтай көтерілген ән де осы жерде. Бірі көрісіп, бірі құшақтасып, бірі біріне өкпесін кешірісіп жатыр, Бітер емес, таусылар емес.

Электр бағанына сүйеніп Қарағұл жалғыз тұр. Жүдеу, көбіне көп тұрғандардың арасынан мойнын созып алысқа қарап қояды. Онысын да сезем. Колхоз жақтан келетін қара жолдан шаң көтерілер емес. Әсия, қайдасың сен? Әлде саған хабар жетпей қалды ма екен. Сенің тым-тырыс үндемей, келмей қалуыңа сенбеймін.

Қарағұлдан әрірек семьясымен Бәсер отыр. Қолында ораулы Қарауыл. Екі жағында енесі мен Майсара. Майсараның көздері ісіп кетіпті. Баласын бауырына қысып, мелшиіп қалған күйеуіне қараған сайын ернін тістеп, үнсіз егіледі. Тек қана "баданадай-баданадай кесек жастары еріне деген ыстық ықыласын жасырмайды,

Қастарына келдім.

— Әйкеш, өзіңе сендім. Біздікіне бас-көз бол.

— Бәке, қам жеме. Ештеңені ойлап, уайымдама.

— Қарауылініңді еркелетіп тұр.

Көп тұра алатын емеспін. Тамағыма тығылған өксікті жұта алмай әрі кеттім. Бұл жерде әкем мен шешем бар. Буыншақ-түйіншегін арқалап алған көкем, әдеттегідей қатқыл емес. Тамағына кептелген жетім қақырықты түкіріп тастап, апамның иығына оң қолын салды. Саусақтары дірілдеп бір кезде басынан сипады.

- Көкесі, сен қыңыраюыңды таста. Кәмәндірің мен сияқты жуас боп кездеспес.

Әкем көніп қапты. Басын жиі изейді.

- Хатты үзбей салып тұр. Бізді көп ойлама, Әйкеш бар ғой, Біреу қатарлы күн көрерміз,

Әкем енді маған бұрылды.

- Әйкеш, тойыңды жасай бер.

Айтарын айтқанмен өмір бойы күткен осы қызығын көре алмай кетіп бара жатқанына өзегі ашып кетсе керек, қайратты адамның морт сынуы жаман екен. Иығыма басын сүйеп жылап жіберді.

Тағы да Қарағұлға оралдым. Сол баяғы орнында тапжылмай тұр екен.

- Әйкеш, өз қолыңмен тапсыр,- деп, қолыма хат ұстатты да, иығымнан түртті.-Әйкеш, мен келгенше қара мылтықты өзің ұста, апама айтып кеткем. Үйде тұрып босқа тот басар. Күнара майлап отырсаң, одан түзу мылтық жоқ.

- Рахмет, Қарағұл.

Енді Бәсердің көзі маған түсті.

- Әйкеш, қасқа сиырға ие бол. Мына Майсараның жайбасарлығын білесің.

- Бәке, қайтып оралғаныңда тойыма аман сақтап берейін.

Бір кезде, қайдан келіп қалғанын білмеймін, Әсия Қарағұлды құшақтап тұр екен.

— Караш! Қарашым менің!

Жұрт көзінен сескенер емес. Дауыс салып жатыр.

— Өзіңе келдім. Біржола келдім. Жолыңды тосып отырам. Отыңды жағып отырам. Апамды күтем. Аман-есен оралуыңды күтем. Тек өзің аман бол.

Сол екі ортада поезд да келді. Қалың жұрт солай қарай ойысқанда манағы шу енді бірнеше еселеп шарықтап, шалқып кетті. Сол дауыстардың ішінен жіп-жіңішке әйел даусы биік аспанға шаншыла көтерілді.

... Любимый идёт на войну...

Орысша әнге қазақ үні де қосылып, бірер сәт бар шуды су сепкендей баса жетіп, қалықтап алды.

... Өскен жерім, туған елім, қош сау бол.

Шақырады мені майдан даласы...

Дәл отыруға жеткенде Бәсердің кең танаулары қусырылып нәрестесін қанша сүйсе де мауқын баса алмады. Иіскеп, мейірленіп аймалаған сайын құмары ашыла беретін сияқты. Ала көзден бір-екі сараң моншақ үзіліп те түсті. Сары бәйбіше немересін ала беріп еді, Бәсер қайта жармасты.

Қарағұл мен Әсияның айрылысуы да оңай болмады.

- Тілегіміз өздеріңде. Аман-сау орал. Апамды өзім күтем, Караш,- деген Әсияның жасы да тарам-тарам.

Әкем мені қапсыра құшақтап тұрып маңдайымнан сүйді де, баспалдаққа, көтеріле берді. Ес білгелі әке ернінің лебін сезуім осы болғандықтан ба, жүйе жүйем босап жылап жібердім.

Шешем түйіншегін шешіп әкеме ұсынды.

- Әйкештің көкесі, ауыз ти. Осы нанды өзің келгенше қасиет тұтып сақтап қоям.

Әкем наннан үзіп алып, бірер толғап әрең-әрең жұтты,

Паровоз ақырғы рет ыңыранды да, қара қошқыл түтінің бұрқ еткізіп аңыраған үндерді баса ысылдап, ысқырып батысқа қарай бет түзеді. Терезе-есіктерден қол созып, дауыстаған, ақырғы аманаттарын жолдаған ағалар мен әкелердің соңында қол бұлғап, күрсініп, дауыс салып бааа-шаға, кемпір-шал, қыз-келіншек қала берді.

## О Н Т Ө Р Т І Н Ш І Т А Р А У

*" Кетлер адам ба?" -Қасқа сиыр және мен.- Түнгі кездесу.- Шайлыққан көңіл.*

Ертеңгі жұмыс таң атар-атпастан пеш басындағы бағанаға салбырата байланған рельстің сынығын қос қолдап соққан десятниктің қимылымен басталады. Дүрс-дүрс, шың-шың қатқыл дыбыс маңайды дүрліктіріп оятады.

Содан соң жапатармағай жұмысқа шыққан бірлі-жарым еркектің, жасөспірім бозбастардың, қала берді сиырларын асығыс сауа салып өріске жіберер-жіберместен түрлі-түсті орамалдарын жүре байлаған әйелдердің айқай-шуы, тарп-тарп ба. ,ан жүрістері естіледі.

Жұмыстың қарқыны бұрынғыдай. Майданға кеткен ерлерінің орнына келген әйелдер мамандықтарын тез игеріп әкетті.

Соғыс, сен орны толмастай етіп үңірейтіп кеттім бе деген ел күші осындай қиын-қыстау шақта еселеп келер халық құдіретімен молайып кетеді екен. Мен сол күндері соны да алғаш ұққан едім.

— Заводқа тас керек!

- Әй, сулы көз абысыным-ау, біздің бұл тассыз Балқаш мыс бере алмайтын көрінеді.

— Мыстың бір түйірі оқ екен.

— Е-е, оқ дегенің жеңіс қой!

— Кел ендеше, қимылдайық.

Еркектердің ауыр күректері әйелдердің кішкене қолдарында шап-шұп қозғалып, шапыр-шұпыр қимылдайды.

Бұл топта Әсия да жүр. Сонау дүбірлі күннен кейін Қарағұлдың кәрі шешесінің қолына көшіп келіп, біржолата кіріп алған. Сәкеңнің жылдығын ертерек бергізіп, ендігі күннің ұзақ сонар тілегін майдандағы Қарағұлдың жолын тосып өтуге арнап, сол үйдің отын жағып тұрып жатты.

Бұл топта Бәсердің күрегін жоқтатпай Майсара да жүр. Қарауылын ара-тұра емізіп келіп, қауырт қимылдағанда анау-мынау еркегіңе беріспейді.

Күндер өтіп жатты. Алғашқы хаттар да жетті. Хат алғандар жақындары майданнан келгендей мәз болысып қалады.

— Әй, Қатира, не жазады, әлгі сұлу мұрт қайным?

— Аман-сау көрінеді. Гитлерді соғып жатырмыз дейді.

— Әй, Кетлер деген кім осы? Адам ба?

— Адамды тапқан екенсің. Ол ма, ол жалғыз көзді дәу дейді. Бір отырғанда бір ауылдың тамағын жейді екен.

— Құж десейші!

— Бізден де бір батыр шықсайшы!

— Ел емеспіз бе, шығар.

Қатындардың даурығуы басылған кезде білгенімді айтып түсіндіріп кетем. Енді отырғандар маған-жармасады.

- Әйкеш, қашан жеңеміз?

— Әйкеш, алынғандар тегіс қайта ма?

— Әрине, жеңеміз. Анау сары Иванды алыңдаршы. Сол соғысқа жаратпаса да, өзі сұранып кетті емес пе. Біз көппіз. Көпке топырақ шаша алар ешкім жоқ.— Майсараға бұрылдым. Екі көзімен жеп барады.- Бәрі қайтады. Бәсердің Қарауылын, баласын құшуы керек пе? Керек. Ендеше нәресте жолы - ақ жол. Анау Оспанның ақ әжесін көресіңдер ме? Ана тілеуі-ақ Бәрі аман-есен қайтады.

Қатындар айналып-толғанып жатыр. Аузымнан шыққан әр сөзді жерге түсірмей құлақтарына құйып алып тұр. Көзім бір шетте үнсіз мөлиіп тұрған Әсияға түсті. Жүдеу тартып, бойы ысылған. Сонда да әдемі.

- Жар тілеуі.- жан дұғасы. Жанында жүреді. Оққа бермейді, отқа бермейді.

Жұмысқа кірiскенімде Әсия қасыма кеп жай ғана тіл қатты.

- Рахмет, Әйкеш!

Кеш түсті. Жалқын күн баяу сырғып барып ұясына кірді. Батыстың сол кездегі қызыл- өрт бояуындай боп ауыл үстін қоңыр күрек шұғыла басты. Сол шұғыладан алыстағы жандардың хабарын білердей көз алмай қалыппыз. Сол күні түнде ауылды дүр, шайқалтып алғашқы азалы дауыс естілді. Алғаш рет біздің ауылдың бір оты сөнді, бір гүлі үзілді, бір боздағы көз жұмды.

* * *

Бір күні қасқа сиыр үшті-күйлі жоғалды. Бармаған жер, баспаған тауым қалмады. Соңғы аптада Майсараның сүті қайтып, Қарауыл қасқа сиырдың емшегіне қарап қалған. Шырылдаған сәбидің ащы үні құлағымнан кетпей, зыр жүгіріп іздеп жүрмін. «Жүндіні» қайта-қайта сүзіп өтіп, әбден сарсылдым. Қасқа сиырдың тұқымынан бастап Зеңгі бабаға шейін түгендеп, сыйқыртып-сықпыртып алатын Бәсердің ашулануы осындайдан екен ғой.

Кері қайттым. Жолымда картоп егістігі болатын. Соған соқпақ болдым. Бәсердің көктемде тігіп кеткен картобы бұл күндері пісіп тұр. Демалыста қазып алуымыз керек.....

Қарасуды бойлай өрлеп келем. Қас қарайған шақ. Кенет әлде бір күбірлеген дауысты естідім. Әрсеннің даусы. Біреумен сөйлесіп отыр. Қасындағы - әйел.

— Қатира-ау, жүнжи берме сен.

Қатира - биылғы көктемде ғана тұрмысқа шыққан жас келіншек еді. Тал соның тойында Айкүміс екеуміз қызығып отырып сондай тойды өзіміз де жасайтын болғанбыз. Сұңғақ мойын, қара мақпал шашты, қызыл шырайлы "келіншек оң жағындағы қыр мұрын, қыран қабақ сымбатты жігітке жарасып қалған. Біріне бірі көз тастап, сыр ұғысып отырғандарын көргенде қызығып қалып «ұзағынан сүйіндірсін!» деп едім іштей.

Бұл күнде сол Қатира - жесір. Күйеуінен қара қағаз келген. Сынып семіп жүдеп кеткен.

— Көп сарыла берме.

Әрсенге ырза боп қалдым. Айта түссе екен, көңіліндегі көп уайымын, қайғысын сейілте түссе екен деп үнсіз отырмын.

- Қайтайын мен, Әрсеке?

- Қатира, сен мені Әрсеке демесейші,

- Енді не деймін?

- Әзілдесіп жүруге не жетуші еді.

- Әзіліміз жарасар ма екен.

— Тұғырдан тая қойған жоқпын әлі.

Қараңғыға көзім үйренген, мойын созсам, Әрсен Қатираны құшақтан алыпты.

- Қайтейін. Амалым жоқ. Кетті де бітті. Бітті ғой дәуренім. Қайтейін-ай!..

- Қой, не болса соны айтпай. Тірі адамның тірлігі болмаушы ма еді.

- Қайтейін, жалғызбын мен, Әрсен.

- Өйдеме.

Одан әрі Әрсен келіншекті бауырына тартып иіскеп, сүйіп болып жатыр.

- Иісің-ай, сенің!

- Жалғыз қалдым ғой.

Қатирада басқа тіл жоқ. Шіміркену де, түшіркену де жоқ. Тұла бойынан әл кеткендей. Былқ-сылқ...

Соғыс, тап сол түні барлық қорқыныштан да ауыр Сұмдығына куә қылып, тұқыртып кетіп ең мені.

Безіп келем. Бар сезімім, Бар дүнием атой сап дуылдай түрегелген. Алыстағы жауымнан да жат көрінген Әрсенге деген кек ішке айықпастай орнап еді..

Алдымнан сиыр мөңіреді. Қарасан келгір қасқа сиыр екен. Әрсенге деген өшімді содан алдым.

## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

*Қысқан* қыс.- *Айкүміс біздің үйде.- Әрсен* кім?- *Майданнан қайтқан алғашқы солдат.- Тағы да күрес- Азалы үн. - Қош бол, ауылым!*

Биылғы қыс қатты. Боранды күндері көбейіп кетті. Кеш түсе ауа райы бұзыла қалады да, содан түнімен

бірде уілдеп, бірде ысқырып, ыңыранып,- енді бірде ішін тартып солқылға басып құтырып ала жөнеледі. Сол аласапыран, сол борасын екі-үш тәуліктің басын қайырып бір-ақ тоқтайды.

Жұмысты бөгеген жоқпыз. Бет қаратпас үскіріктерде өлермендікпен еңбек майданында жүрдік біз.

Бірде суық өтіп мен ауырып қалдым.

Түскі үзілісте жұмыс басындағы жалғыз бөлмелі үйде тамақ үстінде жөтел қысып берекем қаша берді.

- Әйкеш, ауырып отырсың ғой сен,- деп Әсия маңдайыма қолын басты,- Ойпырмай, күйіп тұр ғой.

- Жас емес пе, өзінің қызуы ғой лапылдап тұрған. Ал, келіншек, сен жұмыскерді азғырма,-деп Әрсен десятник тырс-тырс етеді.

- Әрсеке, ауруын асқындырып алмайық. Бүгін керек адам ертең де керек, үйіне қайтсын,- деп Әсия десятникке бұрылады.

- Көп былшылдамай жөніңді біл. Сенің түпкі ойынды білемін,- деп Әрсен дүрсе қоя берді. Қарағұлдан көптен бері хабар жоқ еді. Жұрт соны әр сакқа саятын,- Сенің де бүйрегіңнің кімге бұрары белгілі.

Әрсен көпіріп алып қояр емес. Әсияға қарап ем, жүні жығылып қапты, ұзын кірпігіне бір тамшы жас үйіріліп, үзіліп түсуге шақ тұр.

- Доғар!-даусым ащы шықты.

- Күшік, саған не жоқ!

Әрсенге деген ызаның жеткен жері осы болды. Ұшып тұрдым. Ұшып тұрдым-ау, бірақ қолымды сілтей алмадым, көзім қарауытып, басым айналып құлап бара жаттым...

... Көзімді ашып, есім кірген сәттерде бірде анамды, бірде Айкүмісті ылғи қасымнан көрем. Одан әрі қайтадан елес құшағына сүңгимін. Боран,.. Ызыңдаған жел... Ысылдаған жау... Толып кеткен жау. Бәрінің түсі бірдей. Апырау, қайдан көрдім... Әрсен ғой... Сол екен... Тағы аунап түсіп, қайта шомам.

Бәсерді көрем. Кең танауы делдиіп қасқа сиырды қуалап келеді. Қуалап келеді, ұрып келеді. Қасқа сиыр артына бұрылып қарайды. Қарайды да сөйлейді. Сөйтсем, әлгім тағы да Әрсен...

Оянсам, түн ортасы екен. Сықсима шамның, жарығында дәл қасымда шешем отыр. Жүдеп қапты, самай-

ыннан шығып тұрған шашының ағы көбейген. Қараған сайын ішім елжірей түседі.

Таңдайым кеуіп барады. Су сұрайын десем қалжырап қалғып кеткен анамды оятуға қимаймын. Бір кезде оң жағымнан тықыр естілді. Тұрып келе жатқан Айкүміс екен.

- Су берші.

Апам оянып кетті. Тарамыс қолымен маңдайымды сипады.

Айкүміс су әкелді. Бірер жұтып қайтарып бердім.

- Апа, енді сіз демалыңыз, Әйкештің - қасында мен отырайын.

- Апа, қисайыңызшы,- деймін мен.-Жазылдым ғой.

Шешем маңдайымнан иіскеп, төсегіне кетті.

Қасыма Айкүміс отырды.

Менің ұйқым келер емес. Айкүмістің қолын ұстап үнсіз жатырмын. Екі көзім сонда.

Сол түннен кейін мен сауыға бастадым. Енді көбінесе менің қасымда Айкүміс отыратын болды. Әңгімеміз бітпейді. Айкүмістің сол күндердегі жақындығы барлық емнен де, дәріден де күшті әсер етті. Мені айықтырған да соның қамқорлығы, қасымда болуы.

Айкүміс біздікіне көшіп келді. Біз қосылдық. Әкемнің ала жаздай дайындалып жасай алмай кеткен тойын біз де жаңғыртпадық. Ың-шыңсыз, бір-ақ күнде отау құрдық.

Апам ырымын жасаған болып қатындардың басын құрап шай берді.

Көктем туды. Өзен тасыды. Тағы біраз адамға шақыру келді. Шақыру қағаз келген күні Әрсен зым-зия жоқ болды. Қашып кетіпті. Ауыл дүрлікті. Бармақтарын тістеп, сандарын соғысты.

- Адам аласы іште деген осы-ау!

- Қ а п ит, қолыма түсерсің!

Содан көп ұзамай Қатира Қарағандыға тартты. Нағашылары бар екен. Жұрттың аузындағы өсек те артынан қуа түрегелді.

- Әрсенмен тамыр болыпты.

- Қаншық десейші!

- Жүкті екен, ел бетіне қарай алмайтын болған соң кеткен ғой

Қатираға жаным ашиды. Амалым жоқ. Рас болса, анау туар нәрестесі соғысты білмей өссе екен деп қана әлсіз бір тілек арнаймын,

* * *

Уақыт - өмір безбені. Қайғысымен де қуанышымен де айналып жетіп, тірлікпен бір соғып, бір тықылдап өтіп жатты. Соғыстын алғашқы хабарын жеткізген де, алғашқы қаралы қағазды әкелген де, алғашқы жеңістерді жариялаған да уақыт толастаған емес, кең даланың әр бұрышының тіршілігін түртіп оятып, қыбырла - тып әрекетке бастаған.

Уақыт алғашқы жаралы солдаттарды елге оралтып туыс-туғандарымен қауыштырып, кем көңілдерді еселей жетіп үміт пердесін ашты.

Басымыз қосыла қалған оңаша бір түсте апам, Айкүміс үшеуміз күңкілдесіп-шүңкілдесіп шай ішіп отыр едік, сырттан дабыр-дұбыр дауыс естілді.

- Келе жатыр!

— Біздің көкем сияқты!

— Ағатайымның жүрісінен аумайды!

Далаға ұмтылдық. Жұрттың көзі станция жақта. Біз де қарадық. Солдат киімді біреу келе жатыр. Алғашқы солдат! Бұрын қайтып жатқан ешкім болмаған соң поезды тоспаушы едік. Мына тосыннан кездескен жайды дұрыстап ұғына алмады ма, әлде келе жатқанды әркім өз жақынына балап естері шығып кетті ме, әрқайсысы тұрған-тұрған жерлерінде қалшиып қапты.

Үміт! Қандай тәтті, қандай ащы едің сен. Анау келе жатқан жалғыз солдат боп қалт еттің. Сонау Батыста айқасып келе алмай жатқан көп ерлер боп сол сәт және жалт бердің.

Солдат таянып қалды. Әлдекім ұмтыла түсті, сол-ақ екен, ошарылған жұрт бірінен бірі оза лап қойды. «Ағатай!» дейді бір дауыс шұрқырай қалып. «Көкем!» дейді енді бірі. Бәрі айқайлап, бәрі жүгіріп келеді.

Солдат Қарасудан өтті. Енді жүз шақты қадамдай жүрсе, қарсы ұмтылғандардың құшағына сүңгірдей. Кенет ол соншама жұрттың қайда ентелеп бара жатқанын білмеді ме, қалт тұра қалды. Айқайлап, дуылдап, сол үндерімен алғаш алыстан жеткен жалғыз солдатқа деген қуанышын, мерейін, үмітін, қайғысын, өксігін.

өкінішін жеткізердей қалың ел жақындай берді. Дүркін топтың қимылында апа еміренуі, жар құшағы, бала көңілі, дала дидары-бәрі-бәрі түйдектеліп жеткендей. Солдат қозғалмастан әлі тұр. Майдан даласындағы көк түтін бүркеген беткейде жаумен бетпе-бет кездесуден де дәл мына аңсаған елдің аңырап табысар сәті тайсақтататындай. Кібіртіктеп шегіне берді. У-шудан ештене айырып болмастай. Топтың алдына үзіліп шықтым. Дәл сол кезде солдаттың өзіме баяғыдан үйреншікті қимылылын көріп қалдым. «Бәсер!» Өн бойым шымырлап, көзіме жас үйірілді.

Бәсерді бірінен бірі қағып ап қоршағандар жіберер емес. Бірі күледі, Бірі жылайды. Күлгендердің де оңып тұрғаны жоқ. Жанарларын шық басқан.

Майсара жетті. Жармасып тұрған бірер әйелді ысыра итеріп жіберіп, Бәсерді бауырына қысып дауыстап жатыр. Бәсердің басы Майсараның көстіктей төсінің тұсында, екі иығы бүлкілдеп қояр емес.

Бір кезде ол әйелінің құшағынан сытылып шығып жан-жағына алақтап қарап біреуді іздегендей болды. Соны сезген жұрт қолдан қолға өткізіп Қарауылды ұстатты.

Бәсер ұлының тамағына тұмсығын көме еміренe сүйіп, құмарын тарқата алмай солқылдап жылап жіберді.

Біздің ауылда той бар. Көптен ұмыт болған той Бәсердің келуімен қайта тірілді.

Жер ошақ қазылып, қазан көтеріліп дағдылы той дүрбелеңі басталды.

Қасқа сиырдан мен де құтылдым. Жануар екі жылда өзінен аумайтын қос қасқа бұзау туып, енді міне иесінің тойын атқарайын деп отыр.

Маңайдағы «Үлкенбұлақ», «Ақжартас» колхоздарынан да кісілер келді. Бұл өзі айта қалғандай үлкен дүбір болатын түрі бар.

Той қызық өтті. Бәйгесіне тоғыз-тоғыздан жүлде белгіленбесе де, жабыққан жұрттың көңіл көтергілері келіп «жаяу жарыс», «арқан тартыс», «әйел күрес» сияқты ойындардың бір талайын жаңғыртты. Қайран ел, бұйығы қалпыңнан сергиін десең, дархан да ақжарқынсың ғой сен! Алыстағы «рудник» деп аталатын ауылдың ала көз жігіті- алғашқы қайтқан солдаты -Бәсерді құрмет тұтып шалқып кетіп ең. Дәл сол пейіліңді от

кешуде жүрген ұлдарыңның ақ жолына бағыштап, ақ батадай жолдағаныңды да ұмытармын ба?

Жаяу жарыстан кейін сыртта, үйдің көлеңкесінде бір топ кісі Бәсердің әңгімесін тыңдап отырмыз. Бәсер ысылған, жол көрген. Отырыс, тұрысы шапшаң, жинақы. Тағы бір байқағаным көп сөзінің арасына «естәуаріш кәпитан» дегенді қосып, тұздықтап сөйлейді екен.

Қазір де солдаттық өмірінің бір ұзын ырғағына түсіп кетіп шыға алмай отыр.

Сол екі ортада әйелдер күресі басталып кетті. Біз трбымызбен солай жөңкідік.

Жақындап кеп қарасам, алқа-қотан топтың ортасына кең балақ шалбарына көйлегін ышқырланып алып Салиха апай бір тізерлеп отыр екен. Сол қалпының өзі орта бойлы кісімен қарайлас. Ақ шаршысын желкелеп тартып алыпты. Түрулі жеңнен жарқ еткен әйелге тән емес бұлшық етті жуан білектері анау-мынау еркегінді тұқыртып жіберердей ауыр. Қос мықынын таянып айнала қоршағандарға бұрылып-бұрылып қарап қойып сөйлеп отыр.

\- Әй, Кәрсен, қатындарың құрып қалып па еді. Шығар кәне!- Салиха бұл ауылдағы Шуыртпалы руының келіні. Осы елдің екінші руы - Кәрсенге тиісіп отырғаны да содан.

— Бәсе, Салиха, тықақтатшы солай!

— Атаң Ағыбайдың аруағына сиын!

Жұрт мәз. Лепіріп, екіленіп алған. Ортадағы Салихаға қарсы шығуға еш әйелдің жүрегі дауалар емес. Қазандай-қазандай тастарды дәу балғамен бір ұрып сындыратын Салихаға кім пар келуші еді. Бір кезде Майсара көйлегін ышқырланып ортаға ене беріп еді, ұстап қалушылар:

— Саған болмайды. Өз тойың, Майсара, өз тойын,— деп жатыр. Салиха тағы айқайлады:

— Кәрсен, қатын алмай отын алған екенсіңдер ғой шетіңнен!

Осы сөз намысы бардың аш өзегіне түспесе де, кезекті сөздің есесін қайтарта алмай жатыр.

Осы тұста бір жіңішке дауыс шыр етті. Уәсила екен. Ап-арық, талдырмаш әйел. Қос білегін сыбанып төніп барады. Салиха былқ еткен жоқ. Жайбарақат қана:

— Мұныңмен күреспеймін. Кішкентай ғой. Маған уысыма мықыны толатын жуан сан, апай төс бірінді

шығар. Қарымда кетер шөпжелкеңді әрі әкет,- деп отыр.

Уәсила күйіп кетті. Екі бүйірін таянып алып өлеңдете жөнелді.

«Такия кидім торлама,
Кішкентай деп корлама.
Кішкентай адам өспей ме ,
Көкейіңді теспей ме!»

- Салиха болмақ түгіл құдай болсаң да шықшы бері,- деп тап берді. Салиха да шап етті. Ұстасқан екеуді қалай салыстырсам екен. Бірін тау десек, екіншісі сол таудың тасы ғана. Бірін қарбыз десек, екіншісі соның ішіндегі бір дәні ғана,

Сөйткенше болмады. Салиха, құдай ұрып, шөге кетті. Уәсила аруағы асып үстінен аттап өтті. (Кейін білсем, Салиханың ышқыр бауы үзіліп кетіп, отыра қалған екен. Рас болса, рас та шығар.)

Сол той біздің ауылды серпілтіп, сергітіп, желпінтіп кетті. Енді біздің екі көзіміз төрт болып поезд жолын тосуды шығардық.

Біздің үйдің қоймасы тықырланды. Ақырғы қос уыс бидайды тартып отырып шешемнің көзінен де соңғы тамшылар үзіліп түсті. Қанша кейісе де, қанша тарықса да жасын көрсетпеуші еді, мені байқамаса керек. Алқымыма өксік тығылып, төргі үйге кіріп кетіп, қайта шықтым. Қолыма Қарағұлдың кетерінде сыйлаған, мылтығынан басқа ештеме ілікпеді.

Шешем маған қарап қапты.

— Бұның не, Әйкеш?

— Қолхозға барып келейін, мүмкін біреу-міреуге айырбастармын.

Шешем үндеместен төргі үйге барып, қара әбдіресін салдыратып ұзақ ақтарды.

Сәлден кейін көк жібек көйлегін ұстап шықты.

- Бұны қайтем?

- Мылтықты орнына қой. Ертең Қарағұл келгенде үйден табылмаса не айтасың?

Әкем келгенде өзіңіз не киіп шығасыз?

- Балам, көңіл көнермесін. Әкең келсе, иығымдағы лыпа да асыл.

Маған Бәсер ілесті. Колхоздағы ағасынан дәмеленіп келеді. Ұзақ жолда үн қатпай екеуміз ауыл шетіне ілік-тік. Саудаласу қиын екен. Бірер үйді жағалаған соң, тауым шағылып көйлекті Бәсерге ұстаттым. Бәсер менен гөрі ширақ шықты. Көйлекті бір пұт астыққа айырбастадық.

Ендігі бетіміз - Бәсердің ағасының үйі. Жеңгесі есік алдында жүр екен. Бәсер бұйымтайын айтар-айт-пастан шаптығып ала жөнелді.

- Тіленіп келдім де. Өзіміз де тіске басар таба алмай отырмыз. Саған берер мынауым да жоқ,- деп бармағын көрсетіп қайнысына төніп барады.

— Қой деймін.

- Майсара ғой деп пе едің. Қоқаңдама! Адырам қалғыр сол! Әкелгеніңді әйеліңнен басқаға беріп пең!

Бәсердің бар олжасы - маскхалат болатын. Содан Майсара көйлек тігіп киіп еді. Жеңгесінің өкпесі сол екен,

* * *

Бір-бір пұттан арқалағанымыз бар Бәсер екеуміз ауылға таянғанда жоқтау айтқан азалы үн аңырап тұр еді.

— Мынау Әсия ғой!?

«Қош, Қарағұл досым» - Аяғымнан әл кетіп сылқ отыра кеттім. Бәсер де отырды. Жүдей қалған жүзінде жалғыз ғана тамшы іркіліп тұрып, бір сәт батып бара жатқан күннің сәулесінде қып-қызыл моншақтай боп үзіліп кетіп, домалап түсті.

***

Уақыт - өмір безбені. Қайғысымен де, қуанышымен де айналып келіп, тірлікпен бір соғып, бір тықылдап өтіп жатыр. Ығы-жығы вокзал басында шуылдаған топтың ортасынан бөлініп шыққан эшелонмен батысқа жол шеккендердің қайта оралғандары да бейбіт май-данға араласып кетті. Сол күні от кешуге сапар шеккен-дердің көбісі мәңгілікке көз жұмып, кең байтақ Отан-ның топырағын құшын, туысқандар қабірінде қорған

боп томпайып-томпайып жатыр. Қарағұл да солардың бірі. Қазықбас досымның аяқталмай қалған жолымен енді мен келемін. Жорық жолдарының шаң басқан сүрлеуі шақырады.

Қош, апа!

Қош, Айкүміс, сүйіктім!

Қош, Бәсер, алакөз досым!

Қош, ауылым!

Жеңіспен күтіндер мені!

***Алматы, 1968 жыл.***

# АЛАУ

## БІРІНШІ ТАРАУ

Будақ-будақ қарақұрым көк түтін, үйіріліп, құйындап, жоғары лықсып барып, кең цехтың әр жерден бір жарыла сынған шиферлы төбесіне соқты да, қайтадан төмен құлдилады. Жараланған алып самұрық құстай қос қанатын сабалап, далбалақтап келіп, тұтаса ұйысып маңайды жауып кетті. Сәлден соң төмендегі чугуновоздан тіп-тік қызыл баған көтерілді де, шампанның көбігіндей бұрқырап жан-жаққа мың сан ұшқын шашырай бастады. Гүрілдеген, суылдаған үн домна маңайын кернеп кетті.

Кеудесімен цехтың төбесін тіреп, мойны сорайып тыста тұрған отыз метрлік алып пештің жіңішке көмейінен - леткадан - бұрқылдап, ысылдап, ысқырын шойын ағып жатыр. Етек-жеңі ұзын, мол пішілген киіз спецовкасын қаусырынып шыны маскалы киіз қалпағын жымырайта киіп алған горновоилар дәл қазір өте сақ қимылдап, асып-сасып абдырамай машықты жұмыстарын атқарып жүр.

Летканың қарсысындағы бас арықтың жанындағы алаңда мастер тұр. Қолындағы көк әйнекті көзілдірікті көзіне тосып, толқынданып ағып жатқан сұйық шойынға қарап қояды. Қасындағысы - дублер, практикада жүрген студент.

— Температурасы қандай?

Мастер ұзын мойнын бұрандаша бұрып тосын сұрақ қойды. Шып-шып тер шыққан күреңіткен жүзін басарықтағы сұйық металдың аптап жалынынан жасырып, үлкен сірі қолғаппен - вачикпен қалқалап тұр.

Құлығы жоқ, бар ойы қалқып бетіне ойнап шығатын жас жігіт. Институт бітіргеніне екі-ақ жыл болған. Өз әріптесі - болашақ инженердің білімін тексеріп сынағаны да, білмей жатса түсіндірмек, үйретпек болып сұрағаны да осы екі-ақ сөз.

-Температурасы шамадағыдай. Артық емес, Алексей Дмитриевич.

- Қалай білдің?

- Арықтың бетінен шашырап жатқан ұшқын аз.

- Дұрыс. Үйреніп қапсың, Сапар. Әр нәрсеге осылай зейін қойып, ұқыпты қара.

Мастер көзәйнекті бетіне төсеп арыққа үңіліп қарап кетті де, бұған қайта бұрылды.

- Күкірті қанша?

- Көп емес, десульфурация[1] жасаудың қажеті жоқ.

- Оны немен дәлелдейсің?

- Анау ағып Жатқан шойынның бетінде каймақшыған қою қосынды көп емес. Демек, күкірт белгілі мөлшерден артпаған.

- Тағы да дұрыс. Бар, бара бер.

Жылғаланып ағып жатқан сұйық шойынның үстінен аттап өтіп, студент кең алаңға шықты. Өзінің меншіктеп алған жұмысы бар. Төмендегі үш чугуновозға науа-желобтарды кезек-кезек бұрып, шашыратпай, асырып жібермей құю - бұның міндеті. Күкірті көп боп кетсе, арықтың ернеуінде тұрған үлкен темір қораптағы қағаз қапшықтардағы соданы шойынға салу, одан кейін жаңа балқымаға арықтарды дайындау - кетілген ернеулерін құм салып тегістеп, қатып қалған қабыршақ металды алып тастау және еншілеп алған қарекеті. Алғашкы күндері тұла бойы» Қара тер жуып, қияметтің қиынындай көрінген осы тірлігі бұл күнде үйреншікті әдетке ауысып, жұмысқа әжептеуір төселіп қалған. Қазір де үлкен күрегіне сүйеніп бір жалын, бір түтін атқылап арсылдап-гүрсілдеп жатқан горнның[2] тар өңешіне қарап қалды.

Көк жойқында ақ шағала көлбеңдегендей болды. Ақ шағала дегені аппақ жұқа жеңіл жібек көйлекті, ақ халатты әсем қыз екен. Қайдан сап ете қалғанын біл-

[1] Десульфурация - металдағы мөлшерден тыс күкіртті азайтудың тәсілі.

[2] Горн- домнаның сұйық металл жиналатын бөлігі.

ген жоқ. Қыз аппақ тістерін көрсете күліп тұрғандай көрініп еді, іле әлгі көңілді жүзді заматта көлеңке торлады. Әжімі аз уыз бетте қос тамшы жас жылжып барады. Қызыл жалынның сәулесіне оранған сол маржан тамшылар сұйық металлдай баяу сырғанап барып, темір плитаға тамып-тамып кетті.

Одан әрі...

Одан әрі қыз жүремелете тез аттап, алаңшықтың ернеуін қоршаған темір шарбақ-парапеттен бір-ақ ырғыды.

- Тоқта!

Сапардың даусы шықпады. Өнебойы шымырлап, жылан жорғалағандай түршігіп сала берді.

Чугуновоздың ішінен сәт қана лып еткен баяу лептей бір шөкім ақ түтін бұрқ етті.

- Тоқта!..

Ендігі «тоқтасын» кімге айтқанын да білген жоқ. Әйтеуір ышқынған ауыр солықтай кеудесін соғып өткен ішкі толқынның көмейге тірелгендегі шығарған сөзі осы.

Жан-жақтан айқайлай жүгірген жұрттың ызың- шуы цехтың ішін кернеп барады. Лап-лап дауылдап, үзік-үзік естіледі.

- Өлді!..

- Тыныштық тапқан жерін-ай?!

- Қу қасірет қайда қумайды!

Студент ештеңені естірдей емес. Көз алдында дүниені түгел жасырып, қос тамшы жас тұрып алған. Құдды бір мөлдіреген қос жанардай. Енді бір сәтте әлгі қос жанар қызға айналды.

«Өлмеймін» дейді. Ап-анық айтады. Өкініші жоқ. Қызарып барып, көкжиектен асып түскен күннің соңғы алау шапағына сұқтана қарап тұр. Сәл-сәл тыныстаған кеуденің әлдебір баяу солықтаған әлсіз күрсінісіндей қаяуы болмаса, аппақ қыздың ақша жүзінде уайым-мұң жоқ.

... Шымыр-шымыр қайнаған чугуновоз сұйық, шойынға толып, шеткі ернеулері қанқызыл күреңденіп қабыршақтана бастапты. Самалмен желбіреп көтерілген ақ шөкім түтін, енді-енді ыдырай сейіліп, бірте-бірте аппақ нұрдан жаралған аруға айналып кетті.

«Өлмеймін дедім ғой. Осылай қалқып, қалықтап жүрем. Үміт боп, ұмытпас серік боп қалам...»

Сапар ышкына айқайлады. Көз алдындағы қатал суреттен тіксінген жан даусы ащы қырылмен шықты. - Өз даусынан өзі шошып оянды, Түсі екен.

... Он қолы ұйып қалыпты. Қозғалтпайды. Ап-ауыр. Қарны сыздап ауырып барады. Алақандай жері ойылып, күлдіреп күйіп қалған. Жайшылықта сағынып керісетін жұмсақ төсекте әбден зықысы шығып, керіліп жатқаны да содан. Шарасыздың күйімен оңаша «демалып" аунап- қунап жатыр.

Сапар басын көтерді. Жастығын жотасына төсеп кереуеттің арқалығына сүйеніп отырды. Үлкен терезеден мол құйылып тұрған күн сәулесі қапырық бөлмені қайнатып барады.

Есік ашылып, табалдырықтан Акулина әжей аттады. Акулина әжей - бұлар жататын үйдегі қожайынның үлкен шешесі. Жасы тоқсанға таянып қалған. Қалт етіп қолы босаса, Сапардын қасынан шықпайды.

- Іше ғой, балам. Шипалы сусын. Өзім жасадым.

Тарамыс қолдар дірілдеп келіп дудар шашты сипайды. Әрі жұмсақ, әрі мейрімді. Тіссіз иек әлсіз күбірлейді.

- Колосованың ар жағында деревняда тұратынбыз. Тұңғыш ұлым ауырып жатқан. Құдайым-ау, сонда ылғи жылап жүрем. Жылап жүріп баламды емдеймін. Әлгі Василий, менін күйеуім орманда ағаш кеседі. Ағаш дайындайды, үйге жібермейді. Тамақтары таусылған.

Баламды орап тастап, орманға тамақ әкеле жатырмын. Жылап келем. Ауру ұлым үйде жалғыз қалды...

Акулина әжей ақырын ғана күрсініп қояды. Үш саусағын бүрістіріп апарып ұнсіз шоқынады. Еті қашкан жүзде қым-қиғаш түскен өмір жолындай әжім іздері сайрап тұр.

- Үйге келсем, ұлым...О құдайым, қара жеріңді жұмақтағыдай жұмсақ қыл. Ұлым өліп қапты... Адам не көрмейді. Бәріне де үйренеді екен...

Тарамыс қолдар дудар шашты емірене сипайды. Сондағы тұлабойы тұңғышына көрсете алмаған мейірімін қазір аямай төгетіндей. Уілдеп сөзі жоқ қоңыр әнді ұзақ айтады. Бесік таянған ана әлдиіндей. Осы уілмен Сапар тағы да ұйықтап кетеді.

* * *

Май айынын аяқталып қалған-кезі, Күн-аптап. Әлгінде домна цёхының бастығына кірген төрт студент, қазір төрт бөлінді. Енді әрқайсысының өз жұмыс орны болады. Сапарды әлдекім иығынан тартты.

- Жүр! Мастеріңе апарайын.

Екеуі кенседен шығып, кең ауланы кесіп өтті.

- Абайлап жүр! Бұл жерде шу көп, шуыл көп Сақ бол!

Сапар басын изеді.

- Митрич, қонақтарыңды қабылда!

Аядай ғана мастерлер үйшігінің табалдырығынан обермастер[1] Ануфриев Матвей Константинович дабыр-лап сөйлей кірді. Жасы жетпісті алқымдап қалса да, ұзын бойлы қапсағай денесі әлі де тіп-тік. Үлкен қой көздердің жарлауытынан төнген қалың қабағынан ғана сұс білінбесе тіктеп қарағанда жүзі жылы. Бір көрген адамын тез үйірілтіп, тез тәнті ғып баурап ала-тын ақкөңіл, ашық-тесік жан үйшікке міне өзімсініп кіріп келеді.

- Митрич, көресің бе, мен саған -әдейі өзім таңдап мынау деген инженерді әкеп тұрмын. Өзі сахара жігіті. Даланың аптабында әбден піскен. Анау-мынау жалы-ныңа пысқырмайды да,- деп «солай емес пе, жігітім. Өтірік деші кәне» дегендей Сапарға бұрылып, көзін қысып койды.- Практикаға келіпті. Сенің сменаңа горновойдың кезекшісі етіп белгілеп отырмыз. Ал енді аянбаңдар. Бәрін өзің қадағалап үйрет Келістік қой, Митрич.

«Митрич» -Боков, жас мастер, жауап қатпастан Сапарды бастан-аяқ бір қарап өтті де, жазып отырған журналына қайта төнді. Жігіттің аласалау бойын көріп хал-қауқарына көңлі толмады ма, енді мүлде бұрыл-ған жоқ.

Үйшіктің үш қабырғасын бірдей алып тұрған кісі бойындай ұзын панельдердегі неше алуан счетчик-жаз-ғыштар. Әлдебірінің алдына барып қарап тұрған обер-мастер әлденеге кейіп, басын шайқады.

— Калашниктегі қысым төмендеп кетіпті. Воронка-лардың бірі қиғаш түскен-ау. Кап, тағы да шихта аула-

[1] Домна цехының аға мастерін солай атайды.

сындағылар кесек руданы байқаусыз жіберіп алған ғой.

Сапар құлақ түреді. Күнделікті қағаз бетінен ғана кездестіретін сөздерінің енді міне алғашқы адымында-ақ алдынан жұмыс-қаракет, уайым-өкіну болып бадырайып шыға келгеніне таң. Калашниктың-домнаның ұшар басындағы шихта қабылдайтын бөлігі екенін де, воронкалардың (екі воронканың) сол калашниктің асты-үстінен кезектесе ашылатын қақпа-қабылдауыш екенін де бұл біледі.

Кенет... қатты дүмпу естілді. Зеңбірек үніндей. Сапар «қайдан шыққан зеңбірек» дегенше болған жоқ, іштегілер тысқа лап қойды.

- Он,- алтыншы фурма!... Кеше ғана ауыстырып едік!...

Мастер сөйлеп барады. Қағылез, арық, қатпа жігіт екен, жүгіргенде аш күзендей бүгіледі.

Асыққан топтың соңын ала Сапар да кетті. Бұрын-соңды көрмеген сұрапыл!.. Екіленіп, гүрілдеп, ысылдап атқылап жатқан қып-қызыл шоқ. Шоқ емес-ау, анау алып самауырдай сақырлай қайнап жатқан домна шырт-шырт түкіріп, қорқ-қорқ қақыратындай сияқты. Кесек-кесек от ұшқындары жиырма-отыз метрге дейін сатырлай ұшып жатыр.

Обермастердің даусы саңқ-саңқ естіледі.

— Қысымды азайт!

— Болванканы дайында!

— Тұрма! Бол! Тездет!

— Үшінші пештегілерді шақыр! Тез жетсін!

Состиып, үркектеп шеттеу тұрған Сапарды әлдекім қағып кетті. Цех бастығы екен. Екі иығынан дем алып, ентігіп о да жетіпті. Сукно костюмын жүгіре басып, киіп келеді.

Сапарды танып қап:

- Неғып тұрсың? Бар көмектес! Әй, үстіңе спецовка ки. Будкадан тауын ал,- деп, одан әрі жұмыскерлермен араласып кетті.

Қоқыс пен кокс әлі атқылап жатыр. Кілк-кілк етіп сұйық шойын шашырайды.

Ұзын сапты ағашқа әлденені добалдай етіп таңып алған, бет-аузы күйе-күйе әлдекім, сірә бірінші горновой болар, тесікке төніп барады. Ал тесіктен айдаһардың аузындай боп ысылдап от шашырап жатыр.

- Серега, басыма сулық жапшы.

Қолындағы «болванка». Тесікке тығылды.

- Кәне, жабылыңдар!

Фурма аспабы сұмдық ауыр екен. Горнға оттегі үрлейтін көлденеңі өңештей-ақ жез түтікті ұстап тұру үшін осыншама үлкен жабдықтың қажеттігін студент Сапар бұрын біліп пе еді. Білмесе, көрмесе енді міне бет-аузын шарпыған жалын астында борша-борша терлеп, төрт-төрттен бөлініп, белдеу темірмен ауыр фурманы көтере алмай әлек боп жатқандардың арасында мықшыңдап жүр.

Қай жағына бұрылса да, ысылдап, ысқырып бір бу, бір жалын атып тұрған түтік пен трубалар. Мыналарды біліп-ұғып болғанша қалған ғұмырдың ұзын керуені де шолақ құйрықтай шолтаң етер. «Оқыған-тоқығаным көп, маңдайалды студентпін. Біліміммен жұмыскерлерді таң қалдырмасам ба" деп алақанына түкіріп, көңіл шіркіннің аста-төк көрігін күмпілдете басып келген жігітіміз екі айналуға жарамай, бүрісіп, шүйкедей боп қалғаны қалай?

— Итер!

— Қимылда? -

— Ей, студент, күш сал!

Фурма орнына салынды. Горновойлар мандайына шып-шып шығып, маржандай тізілген, мөлдіреген тамшы-терлерін алақанынын сыртымен сипап тастап, аулақтау барып отыра-отыра кетісті. Жаңағы қарбалас, қатты қатаң сөздер, алқынған өкпе- қолқалар болмаған, кездеспеген түс сияқты. Мына жайбарақат қана темекісінің түтінін будақтатып, дамылдап отырған топ әлдебір жиынға келіп, соның басталуын үнсіз тосатындай көрінеді.

Сапар екі иығынан дем алып, көзі-басын жуған ащы терін қайта-қайта сүрткілеп әлек боп оқшаулау тұр. Енді білді. Білезіктігі күйіп қапты. Шыдатпай барады. Ыңғайлы болсын деп, ұзын жеңді бір-екі қайыра бүктей, түріп алып еді, «білмеген у ішедінің» кебін киді. Бүйте берсе, шұбарала болып, күйіп-пісіп қайтарына сөз бар ма.

«Мыналар қалай шыдайды, ә? Отпен алысып, жалынмен арпалысып жүргендері бір бүгін емес қой. Әлде әбден күйіп-пісіп, шынығып кетті ме екен Бердіғұл ұста қызған темірді жалаңаш қолымен ұстайды деуші

еді, жалын мен шоққа қарсы адам терісінің, әлдебір иммунитеті бар шығар».

Боков ойланып қалған Сапардың иығынан тартты.

- Жүр, студент, инструктаж өткізейік.

Манағыдай емес, іш тарта қараған көздерде қуақы жымиыс бар. «Қалай екен! Көрдің ғой. Менде сені көрдім. Жарайсың» дейтіндей мейірлене қадалады.

Жарты сағаттан кейін болашақ инженер ауыр күректі ырғай сілтеп, арықты жаңғыртып жатты.

Қаракөк түтін будақ-будақ шығып, құйындатып, толқып көкке өрмелейді. Құдды бір ауылдың ақ тақырын ойпан-тойпаң еткізіп, бұрқыратып, сабалап шырқ айналдырып әкететін жынды құйынындай, чугуновоздың дәл үстінен қара бағанадай тіп-тік өршелене шапшиды. Сарт етіп төбеге тіреледі де сылқ етіп төмен құлдилайды. Сонан кейін жербауырлай жылжып кеп, сағынып қауышқан ыстық құшақтай айналаны тегіс бүркеп көміп кетеді.

Сол көкала тұманды үңги жарып, жыланша ирелеңдеп сұйық шойын ағады. Ұшқындап, жол-жөнекей түтін салып, жалын атып барып, сарқырамаға құлаған тентек өзендей чугуновоз ішінде сақырлап қайнап жатады.

Сақпаннан тас атқылағандай домна кесек-кесек қоқсты ытқытып-ытқытып жібереді де, бір сәт көзі бітеліп баяулай қалады.

- Түрт, қауза! Каузап жібер!

Ұзындығы он метрдей темір сүйменмен летканы піспектеп жатқанын сонсоң. О дүниенің тозағы бары рас болса, дәл осы бас арықтың аптабынан артық емес. Отқа қақтап, шоққа қарып қу жанды қу шүберекке түйіп, дір-дір етіп ақырғы дем, ақтық күшіңмен тырбанасың кеп, түрткілейсін кеп!

Көмей ашылады бір кезде. Лақ етіп тағы да от-өзен ақтарылады. Маңдайыңды бір сипап қойып рақаттана жымиясың. Тынысың да кеңіп сала береді. Шоқты да, отты да ұмытасың, елемейсің.

Қаракөк түтін- қаракөк торғындай. Мойнына оралады. Қойны-қоншыңа кіреді. Көзіңді ашытады.

Бетіңді сипайды. Бәрі түк емес, Қаракөк түтін - қаракөз серігіндей. Үйреніп кетесің.

- Кашты! Тоқтат! Алдын бекіт. Профессор, саған айтам.

Бірінші горновой қатал адам. Қатаң командирдей. Сәл босағаныңды, сәт қиялдап кеткеніңді сынықшыдай тап басып, табандатып тұрғаны.

Шойынның температурасы қалыптағыдан сәл асып кетсе, әбден титықтатып бітіреді. Сынаптай сусып ұстатпайды. Арықтың ернеуін әне жерден де, міне жерден де бұзып кетіп, саяқ қашқандай жөңкіліп бір береді дейсің. Тоқтатып көр. Күрекпен құм тастаудын да өзіндік академиясы бар, Сылқ еткізіп бел омыртқасын бірақ үзіп, қақ бөліп тастамасаң, жеңілгенің. Онда сөз де естисің, алаңға сұйық металды жайып та, жамыратып та аласың.

Сапар оған да үйренді. «Бірінші» бұған сенеді. Ал «біріншінің» сеніміне ие болу, құдай-ау, қара жердің. тұтқасынан ұстап, шыр айналдырып жіберуден бірде-бір кем емес қой!

Қаракөк түтін арасынан, қаракөк дүлейді жанап өткен ақ шағаладай, ақ бейне тағы да қылаң етті. Ақ пен қараның жігі жұғыспай, бірін бірі айғақтап, айбарақаттап көзге ұрады екен. Әлгі ақ бейне де айқын көрініп ажырап шыға берді. Ақ жібек сусыма жеңіл шәйі көйлек, ақ фаталы қыз. Жүзінде діріл жоқ, қобалжу мен корқу да сезілмейді. Анықтап қараған жанға сәбидін алаңсыз-қамсыз, бейкүнә пәктігіндей алабұрту, құмарту, кызығу сияқты балаң қылықтары тұна қалған ақжарқын жүз көрінер еді. Көк аспанда еркін қалықтаған ақ қанат періште тобынан, шоғырынан адасып қалып, фәни дүниенің бар болмысымен ашылған кескін-келбетіне тосырқай қарайтындай.

Сарылдап, шапшып шойын ағып жатыр.

Сапар күрегіне сүйеніп, қыз бен қызыл шойынға кезек-кезек қарайды.

Ақ торғын шәлі желбіреп, шарбаққа таянды.

Сонсоң...

— Тоқта!

Солқ еткен демдей шылп етіп шойын лықсып калды. Ақ торғын шәліні ала қашқан ақжелең самал лүп етті. Түбіттеліп, ақ шөкім бұлт көлбеңдеді.

- Тоқта!

Дауыс шықпайды. Көмейіне тығылған өкініш пен қорқыныш алқындырып тастады.
Сапар сілкініп қалды. Елес екен. Кедпейді. Үзілмейді Үзік-үзік оралып қамалай, қаужалай береді.

Ақ торғын, көк түтін...
Қызыл жалын, ақ шағала. Шағала жайқынға шүйілді.

- Тоқта!..

## Е К І Н Ш І   Т А Р А У

Шілде түскен. Жас баланың енбегіндей былқылдан жатқан жұмсақ асфальттың қызуы табаныңнан өтсе, шақырайған күн тас төбеңнен төніп тесіп барады. Алатаудың құзар басына оқта-текте ақ қалпақтай оқшырая шыға келіп, содан бірте-бірте ұлғайып өсіп, қалаға қарай жаңбыр боп ойысатын қазбауыр бұлттарды жер жұтқаңдай. Жарты айдан асып барады, тырс етіп тамшы тамған жоқ.

Сапар сырттағы аптаптан безе кашқандай қалайың тау жақ тұйық көшелерінің біріндегі биік ағаш дуалмен қоршалған үлкен үйге асығыс кірдІ.

— Мама, сусын берші!

Ішкі бөлмеден шешесі шықты.

— Құлыным-ау, қайдан жүрсің? Күн өтіп кетті ғой. Сабағынды пысықтасаңшы.

- Мама, қорықпаңыз. Конкурстан шауып өтем,- деп Сапар зал есігінін тұтқасына қол созды. Шешесі ұстай алды.

- О жаққа кірмей-ақ қой. Бері жүр, лимонад берейін. Папаң тағы қонақ шақырған.

- Папамның қонағы таусылмайды екен, - деп ренжіген Сапар шешесінің соңынан ілесіп, ас үйге кірді.- Неге шықыра береді?

- Қайдам, қарағым. Бір білгені бар шығар...- шешесі күрсініп қойды.

Кіші-гірім мекеме бастығы боп істейтін әкесі апта сайын үйінен қонақ үзбейтін кеңқолтық пенденің санатынан табылатын. Мөлшерсіз арақ пен бәсекелі қонақ-

асы бермесе қуаты мен құдіретінен, атағы мен абыройынан тоналып қалатындай көре ме, әйтеуір есіктен топырлатқан тобырды төрінде топалаң тигендей тырайтпаса, көнілі көншімейтін. Бітпейтін, таусылмайтын сыбыр мен күбір х р у с т а л ъ шынылардың сыңғырында өсек пен ғайбатқа жалғасып, мас өнештің оқыранған үнімен жаңғырып ж а т а т ы н.

Сапар өз бөлмесіне кіріп, емтиханға дайындала бастады. Келесі бөлмедегі қарқ- қарқ күлкі, гу-гу сөз құлақ түбінде беймаза масаның ызыңындай тыншымай тұр.

Бір кезде бөлмеге әкесінің бірінші орынбасары - қалқанқұлақ сары кісі кірді. Тәлтіректеп кеп Сапардың қарсысына сылқ етіп отырды.

- Хал калай, С а п а р ж а н?

- Жақсы.

- Е, жақсы болсын. Жаман ағаң өзіне тілектес,- деп бет-аузын тыржитып, у жұтқандай анда-санда лоқсып қалып отыр.- Түу, көп ішіп жіберіппіз.

- Арақ жақпаса неге ішесіз?

- О-о, қарағым. Сапар-ау о не дегенің? Әлі жас екенсің ғой. Бұл ішімдік ataулы-тамыр-таныcты үйірлеп матайтын бұғалық емес пе. Құрып қалғырды, әйтпесе, ішейін деп ішесің бе. Қарым- қатынастың қабақ аңдыстырған айла-тәсілін шұбыртатын құдірет те, тірек те сол зәмзәм суы ғой. Қан ішкендей қиналып отырып, жұтқыншағыңды бүлкілдететін кезің болады-ау. Сапаржан, сен бақыттысың. Папаңның денсаулығын тіле, Бәрімізді де қамқоршымыз ғой Сәкең. Сол кісінің арқасында осындағы жерлес, туыс түгел қара көрсетіп, малқайып жүрміз. Сәкең - жақсы азамат. Сыйлаймыз ғой, әрине. Әй бірақ менің балдызымды жұмысқа алмай көңілімді қалдырды. Ол шірік те бір жерге тұмсықсұғар-ау. Оны қайтейін, дық қалды ғой кеудеде... Дық қалғанның қандай болатынын білесің бе. О-о, білмейсің, Сапаржан... Ал мен білем... Кішкентай жанмын. Кішкентай жанның дығы үлкен кекке айналуы мүмкін бе. Әбден мүмкін... Сәкең түйені түгімен жұтады. Біз көрмеген боламыз, көрсетпеуге тырысамыз. Алда-жалда көре қалсақ-дықтың көкесі сол. Келмесіне кетеді. Мынау бас, мынау көкірек көп сұмдықтың куәсі, Міне, дық қайда бастайды...

Сапар одан әрі тыңдаған жоқ. Өн бойын өкініш пе,

ұят па, қорлану ма - бір ауыр сезім езіп барады. Стол басынан үнсіз тұрып кетті.

Қонақтар кеш түсе қайтты.

Сапар кушеткада жатып, қалғып кетіп еді, иығыңнан әлдекім түртіп оятты. Күн тимеген аппақ майлы омырауын сипалай күліп мәйкешең келген әкесі екен. Сәл қызулау. Жалпақ беті жайылып, ауыр бұғағы дірілдеп, жіпсік көздерінің алды терشіп жымиған кескіні баласына алғаш рет оғаш көрінді. Сапар тұрмақ боп, көтеріле берді.

- Жат! Жата бер!

Сапар үндеген жоқ. Дірілдеген буын-буынын баса алмай, кітап сөресінен қос қолымен ұстап апты.

- Ертең маған кел. Жұмыс істейсің.

- Оқымаймын ба. Институтты қайтем?..

- Оқу қашпайды, орын қашады. Реті келіп тұрғанда, орналастырып қояйын. Ешкімді алмай әдейі саған сақтап жүргем. Инженерлік окладың болады,

- Бармаймын!

- Не дейд? Немене!?

Әлгіндегі төрт құрбыласы түгел, гүл- гүл жайнап тұрған пішіні сәт суыды. Қағыс естідім бе дегендей, төне түсіп, қайталай сұрады:

- Не дейсің? Немене дедің?

- Бармаймын. Мен әлі инженер емеспін. .

Ақымақ! Оқу бітіріп келіп инженер бола алмай жүргендер көп. Ал сен ештеңеден қам жеме,

- Жоқ. Мен ол орынға бармаймын.

- Неге?

- Лайық емеспін.

- Енді кім лайық? Ұсынып отырмыз ғой

- Мені ұсынып отырған сен. Сенің ақшақ, арағың!- Осыларды айту қиын екен. Айтып салып еді, буын-буынының босағаны да сап тыйылды. Тынысы да жеңілдегендей болды.

- Иә менің ақшам! Бердім, тағы берем! Сен үшін, адам болуың үшін ештеңемді аямаймын.

- Мені қылмысқа итеріп адам қылма.

- Жын ұрған шығар сені. Жалғыз баласына жағдай жасамады деп көрінген жұрт ағаш атқа мінгізсін деймісің?

- Апырай, өзімнің де ойлануым керек қой.

- Нені ойламақсың? Не білуші ең сен... Дайын ас, тігулі киімнен басқа көргенің бар ма? Тарыққан күнің. болды ма? Ойланбақ екен... Өз ойы, өз миымен күнелтпек екен...

- Иә, папа! Өз ойыммен неге күнелтпеймін...

- Жетер! Әкеңмен салғыласуды шығарсаң - өскен екенсің ә!-деп тұтығып сөйлей алмай қалды. Ауыр адамның ашу қысқанда жеңілденіп кететіні болады. Атылған серіппедей ұшып тұрды,- Сонда саған әкеңнің қалауы қолайсыз болғаны ғой, ә?

- Иә, папа! Ұнамайды.

- Сен... Сен... не деп тұрғаныңды білемісің осы. Түк білмейсің. Ойшылын бұның. Өз ойыңмен қайда соғарыңды, қайда жығыларынды сезесің бе? Сезбейсің, Өйткені, сенің басыңда бір шайнам ми жоқ. Асырап, сақтап отырғанымда жасаған құрметің мынау болса, өз қолың өз аузыңа жеткен кезде сен маған не көрсетпексің. Ал, айтшы. Айта қойшы! Қолыңнан боқ келе ме? Не тындырып алғандайсың? Ешнәрсеге икемің жоқ. Сенен не үміт, не қайыр.

Аузынан түкірігі шашырап төніп кеп тұр. Алқынып, ысқырып-ысылдап дем алады. Шегелей түсейін, бекіте түсейін дегендей және ағытылды.

- Әй, бетсіз боп осы сен кімнен тудың? Қарсыласып не бітірмексің. Ерегіссем, салпақтап жұмыс істейтіндіңді ойладың ба? Ойлансаң, менің мына табанымнан таусылып, жақсыға да, жаманға да басымды иіп, бағамды түсіріп жүргенімді неге ескермейсің. Алдымнан аттап өтпейтін талайлардың әуеніне төнкерілген түрімді неге ұқпайсың. Бәрі бір ғана сенің қамың! Сен ше?.. Сен не істеп отырсың. Мына мені тірідей өлтіріп отырсың. Ақылдысын мұнын. Әкесінің абыройын айрандай төгіп, данышпан аталмақ қой... Істейсің. Айтқан жеріме барасың!

- Жоқ, папа!

«Көндірдім, иліктірдім, қайырып әкелдім» деген далбаса үміті тағы ұстатпай сусып шығып кеткен соң көзіне қан толды, безгелдектей жұдырығын салмақтап көтеріп, ұлына төне берді. Бір сәт әкелі-балалы екеудің жанарлары кездесе кетті Бірі һәм таңдана,. һәм үрейлене жапақтаса, екіншісі әрі ащулы, әрі ызбарлы ұшқын атады.

Сұсты кол сылқ түсті. Қолмен бірге ауыр дене де екі бүктетіліп жығылып бара жатты...

Дауыс қаттырақ шыққан кезде ас үйден апасы жүгіріп келді;

- Не болды?! Сәке! Сапар, су әкелші!-деп шырылдады да қалды.

Әкесінін, мүсәпір халін шынымен аяп қалып еді, Сапар ас үйге жүгірді. Тездетіп су алып оралды. Есік аузына таянғанда іштен әкесінің үнін есітті.

- Әлгі қайда? Мен ол күшікті тәубасына келтірейін. Сәл шыда...

Қолындағы кесені жерге бір соғып, Сапар үйден атып шықты.

«Неткен аяусыздық! Неткен мәнсіздік! Қалай ғана сенесің, сүйесің. Болымсыздық қой мынау. Ең болмаса, өзін өзі аямас па? Ұят қой, масқаралық қой» деп аяғын әр жерден бір тигізіп жүгіріп келеді. Алдамшы қиялдың күл-паршасы шыққан ұнтағын дүлей өтіне сеуіп жіберіп, әбден біржолата безініп бара жатыр.

* * *

Сапар алғаш рет бірінші сентябрьді жайбарақат қарсы алды. Жыл сайынғы, он жыл бойы, күнде ертемен атар танды асыға күтіп, оянатын елгезек шағы бүгін міне, бір-ақ күнде ұмыт боп шыға келді.

Осыдан екі апта бұрын әкесімен жүз жыртысып кеткенде, тұп-тура осы қаладан бір-ақ шыққан-ды. «Асырадым, сақтадым деді ғой, енді өз бетімше күнелтіп көрейін» деген іштей бір ширығуы жетелеп келіп еді. Екпінді құрылыс жұмыскерге зәру екен, жұмысқа тез-ақ орналасты. Көктемде таситын шолақ сай тым адуын болмай ма, гүрілдеп-көпіріп, буырқана-толқып алдындағысын ала жүгіріп шат-шәлекейі шығып бір жасап қалатын. Содан кейін «қайтейін, қашанға дейін өйкәпірлене берем. Әйтеуір, бір дәуірледім ғой. Сол бойыма құт болсын» деп қанағат тұтып, тұтамдап бөлініп, бара-бара таусылып буланып ұшып кететін. Сапар қазіргі күй-жайын сол шолақ сайдың содыр мінезімен салыстырады да басын шайқайды. Ойлаған сайын мойындайтындай, сол сай мен өз мінезінен іштей ұқсастық табатындай. Алқынған көңілдің бұрынғы алабұртуы жоқ.

Желігі кеткен желсіз толқындай, бұрқ-сарқ қайнаған асау екпінінен айрылып қалып, баяу солықтайды.

Өзіне деген мақтанышы бар еді. Бұғау үзген, жыр кескен асау еркіндікті сезінген-ді, Енді ол да алдамшы киялдай көп қонақтамайтын болды. Лепірткен әсершіл леп қос қанаттай аспандатып көтеріп әкетпеп пе еді. Топшысы сынған қайран сезім бүгіндері еңсесін көтертпейтіні несі екен.

Қалтасы тықырланды. Шешесінің кетерде әкесінен жасырып, салып берген ақшасы бүгін таусылды. Ақырғы тиынды таңертең ыстық шайға жұмсаған. Содан бері аузына бір түйір дән түскен жоқ. Туғалы ашыққаны осы. Балдырлы көлдің бақалары шұбап кіргендей шұрылдаған шек-қарынның шуылы мен шорылы аттандап бас көтергелі де ет пісірімдей болдн. Ол аздай-ақ қаңыраған үйдін қараңғы төрінен күмбірлеп төгілген жанғырықтай ауық-ауық дүңгірлеп қоятын бір бәлесі тағы бар.

Қас қарайды. Кеш соңынан ілесе жеткен мақпал түннің күміс теңгеліктей жылтыраған жұлдыздары да аш қарынға алданыш әкеле алмады.

Шешесін сағынды. Шешесінің мол дастарқанын сағынды. Апыр- топыр киініп апыл-ғұпыл жиналып, алыстағы өз үйіне тартып тұрғысы да келді. Көшеге шықты, Жарығы аз жадау көшенің асханасы мұндай көп болар ма. Жайшылықта көңіл бөлмейді екен, аяқ аттаған сайын алдынан кездесе берді, Тағамның иісінен құдіретті нәрсе дүниеде жоқ шығар. Әне жерден де, міне жерден де қуалай жетіп, сілекей ағыза азапқа салып, дүреледі де отырды.

Жатақханаға әлсіреп, шаршап қайтты. Бөлмелес серіктері оралыпты. Төрт көзі түгел отыр. Шуылдаса, қалжыңдаса сөйлесіп мәз-майрам боп отыр. Мынау жарық ғұмырда нан, тамақ, тағам дейтін атаулардан мүлдем хабарсыз, меңіреу, мешеу қалған тоқмейіл пенделер, Әзіл-күлкілері жарасып, кекірік атады. «Тоғышарлық пен топастық - тоқ қарынның бәсіресі болар. Томпиып-томпиып отырыстарын қарашы. Тарығу дегенді ойлай ма бұлар. Ештеңемен ісгері жоқ» - деп Сапар көршілерімен іштей ұстасып қалды. Күндегі елпілдек жігіттін оқыс өзгерісін түсінбей қалған жолдастары тұс-тұстан жамырай сұрақ қойды:

- Сапаржан, саған не болған?

- Бір жерің ауырып отырғаннан саумысың?

- Үйіңнен жайсыз хабар алдың ба?

Үндемей тек қана басын шайқап жауап берген Сапар кереуетіне дүрс құлай кетті.

Біреу иығынан түртті. Өзінен бір жастай ғана үлкен «студент» деп аталған көршісі екен, Институттың бірінші курсынан кетіп қалған. Әркім әртүрлі жорамалдағанмен, оқуды тастау себебін өз аузынан ешкімге ләм деп айтқан емес.

- Тұр! Жүрек жалғайық.

Тумбочкасынан нан, колбаса шығарып, столға жайнатып жайып салды.

- Рахмет!..

- Алдымен ауыз ти, рахметіңді содан кейін айт.

Сапар іштей риза. Қашанғы сыпайылық жасай берсін, оның үстіне шұрылдаған ішектің ұлыған үні тар бөлмеде барбан ұрып бара жатса.

Ар жағына аз да болса ел қонды. Қабағы ашылды. Дүниесі де кеңіп берді.

«Студент» арқаға қақты.

- Солай, Сапар! Бәрін бастан кешіруік керек. Бір күн жарап едің ұнжырғаң Түсіп кетті, жассың ғой. Дегенмен, жігітсің. Ал енді бар ғой, келісіп алайық, бұдан былай өзіңдегіні өзгеден жасыруды қой. Көзіңдегіні жасыра алмайсың. Жасырып қайтесің. Бәрібір білініп қалады. Ал сен бізді жатырқай берме. Үйреніскенімізше сол боп жатыр. Сенде жоқ болса менде бар. Менде жоқ болса, сенен табылады. Әйтеуір тарықпаймыз,- деп тағы да арқадан қағып тұрып, көзін қысып қойды,- Қалай, ашығу дегеннің не екенін ұқтың ба. Солай, Сапар, мен сені түсіне қойдым. Өз басымнан талай кешкем.

## ҮШІНШІ ТАРАУ

Уақыт білдірмей өте шығады. Бүгінгің өткенге, ертеңгің бүгінге ауысып, зымырап жатқаны. Ескерусіз, елеусіз кеткен күндер кей- кейде көз алдыңа оралып келіп, қимас бір сәтімен ашылатыны да болады. Сағындырып жеткізбей және өкінтетіні тағы бар. Әйтеуір, уақыт толастап қалған емес.

Арада бес жыл өтті. Сапар бұл күнде төртінші курс студенті. Болашақ инженер-металлург. Сонау жұмыскер болып жүрген кезінде экскурсиямен металлургия заводына барған-ды. Тарсыл-гүрсілі көп, шуылы мол алып завод ұланның ақыл-есін баурап алды. Әсіресе, бес жүз тонналық көпір кранның ерекше үлкендігі, сомдығы бұған сондай қатты әсер етіп, көз алдында көпке дейін қалып қойып еді.

Бір жылдай жұмыс істеген соң жаз шыға Москваға аттанған. Жалғыз кеткен. Жолы болып оқуға түсті. Түсеріне өзі де сенімді болатын.

Оқу жылы басталысымен студенттерді бөлме-бөлмеге орналастырғанда, Сапар да бір кереуетке ие боп шыға келді.

Көршісі - бұдан үш курс жоғары оқитын, ақ селеу селдір шашты қазақ жігіті екен, екі кісілік тар бөлмені жалғыз өзі толтырып, өңкиіп түрегелген бойда қос қолын қос теректей ілгері соза берген:

- Әбілтай... Осы кабинаның үш жылдан бергі аборигені болам,- деп аппақ тістерін ақсита күлді. Жатырқамай, тосырқамай іш тарта кабылдаған көршісін Сапар да ұнатқан-ды. Төсек-орнын алып, жайғасып орналасып болғаны да сол еді, Әбілтай мұны арқадан қағып қалды.

- Жұмыс бар, Сапар. Жүр, қыдырып қайталық.

Екеуі ұзынды-қысқалы болып Ленин проспектісімен қыдырыстап келе жатты.

— Кірейікші бір жерге, шаршадық қой.

Әбілтайдың өзінен гөрі қимылы сөзшең. Көп сөйлемейді, айтса - орындатады. Шалыс баспайтын, жаңсақ кетпейтін сенімді жандардың бір бет қайсар қылық-мінезін Сапар да ұнататын. Өзі де солар сияқты турашыл, әділ бірмінез болуды іштей қалайтын-ды. Содан ба, шілденің ақырғы күндеріндегі аспан айналып жерге түсердей аптабынан запыланып келе жатқан ол, серігі көп ұзамай үлкен дарбазаға қарай үнсіз бұрыла бергенде де, ләм деп жақ жазған жоқ. «Көрмеген жердің ой-шұқыры көп» дейтін елгезек әуесқойлықпен кіре берісте маңдайшаға қағып қойған «Ресторан южный» деген екі сөзді көзінің қиығымен шалып қалды. Сол-ақ екен, өз-өзінен тартыншақтап, кібіртіктей берді. Сезсе де, сезбегендей түр танытып, Әбілтай ілгері озып табалдырықтан аттады.

Кішірек, шағын ғана зал екен. Тап-тұйнақтай. Көз

жауын алатындай салтанаты аспаса да, тазалығы керім. Абыр-сабыр, у-шуы аз жайлы мекен-жай.

Әбілтайдың үйреншікті ресторады болса керек, даяшы қыздармен бас изесе амандаса жүріп, төр жақтағы оңашалау столға бастап келді. Бастап келді де, жұмсақ креслоны сырғытып, бұған ыңғайлай ұсынды.

Отырыңыз, мырзам!

Даусында күлкі сыңғыры естілгенмен, көзінде, жүзінде қуақылықтың титтей де нышаны жоқ. Әлгібір сөздерді шынымен сен айттың ба дегендей Сапар серігінің бедірейген жүзіне қадалып қапты.

- Не қалайсың, бауырым?

Бір жапырақ қағазды Әбілтай алдына тастай салды. Құрғақ, қысыр мезіреті сияқты. «Әдептіліктен аттап өтпейін, бәрібір айналып соғып өзіме тірерсің» деген нығыздық лебі барлық қимыл-қозғалысынан желпіп-шарпып тұр.

— Өзіңіз бере берсеңіз қайтеді.

— Онда мен былай істейін,- деп Әбілтай манадан бері бұлардан көз алмай тұрған даяшыны шақырып алып, күбір-күбір сөйлесіп, заказ бере бастады.

Сапар айналасына қабақ астынан көз тастайды. Қайдағы бір жоқты шығарып, залдағы жұртты санай бастады. Әйел мен еркекті жұптады. Жас пен мосқалды бөлектеді. Ара қатынастың тепе-теңдігіне таң қалды. Артық, кемі жоқ. Содан кейін қабырғалардағы суреттерді шолып өтті. Бамбук ағашынан тоқылған гүлсалғыштарды қызықтап біраз отырды. Май шамның жобасындай етіп жасаған асыл шамдалды люстраларды санады. Соның бәрі адам кызығарлық, тебіренерлік сұлулықтың өзіндей сезіліп, жас жігітті нәзік қуанышқа бөледі.

Біреу жайлап қана түртіп қалды. Әбілтай екен. Күліп отыр. Стол үсті жайнап тұр. Қай уақытта жасап үлгергенін сезбей де қалыпты.

Қыпша бел ұзын бокалға сылқылдатып шарап құйды.

— Таныстық үшін!- деді Әбілтай.

— Таныстық үшін!-деді Сапар да.

Сәлден соң шарап буы басқа шапты. Алғаш тартыншақтап отырған Сапар ілезде өзгеріп әлденеге біртүрлі көңілденіп кетті. Ресторанда отырудан артық қызық нәрсе жоқ сияқты. Өзіне өзі біртүрлі өсіп кеткендей, өзгеріп кеткендей көрінді. Әбілтайдың қызылқоңыр күреңіткен жүзі де жылы ұшырап, жақын тартып бара жатты.

- Жолдастық үшін! -деп төртінші тосты бұл көтерді. Даусы да манағыдай емес, анығырақ, ашығырақ еркін шыға бастады. Көз қиығындағы қазымыр ұшқын хрусталь бокалдағы әртүрлі бояудың шағылысуынан бір де кем емес. Көкжиегі түрілген нөсер бұлтының сауырын тіліп өткен найзағай отының шұбалаң бишігіндей. Жарқ-жарқ етеді. Ес-сананың буалдыр тартқан сағыныштай, әлде одан да ерекшелеу бір сезімге шым-шым еніп, оранып бара жатқанын еміс-еміс сезеді. Сонысын қызықтай ма, Әбілтайға жиі-жиі сұрақ қоюмен болды. Институт, оқу, стипендия, сессия - бәрі таңсық жайлар. Жүйткіген жеңіл машинаға мінгенде тұла бойы шымырлап тәтті қиялға шоматын. Мына отырысы, серігінің баяу ырғақты әңгімесі сол шақты айнытпай қайталағандай.

- Өзің аспирантурада қаларсың?- сыпайы «сізді» ұмытып «сенге» көшіп кетіп еді.

— Аспирантураға қалам дедім бе?

— Жоқ. Айтқан Жоқсың, Әбілтай.

— Айтпасам - ондай ойым болмағаны. Білдің бе. Ойға алмасам оның мені қызықтырмайтыны белгілі ғой. Өзіннен білімі де, мәдениеті де көп төмен әлдебір доцентсымақтың қарамағында істеп, күні-түні лабораториядан шықпау - мен үшін қазанның қаспағын жалаумен бірдей. Жо-жоқ! Шыбындаған аттай көрінгенге бас изеп, аузына қарап күлкі аңдып, қабағына қарап кейіс күтіп отыра алмаймын. Бұлт сауған тақырдай емініп, қол созған қайыршыдай тіленіп қашанғы ыңғайға бағарсың. Өз білгенің өзгеден асып тұрса бастығым, жетекшім екен деп үнсіз мақұлдай берермісің. Мәселен, менің жетекшімді алайық. Әдебиеттен не біледі? Хабары жоқ. Сен оған «Сонау Сібір түкпірінде, жасыма, дос, сабыр ет» десең, тозығы жеткен ескі пластинкадай «қос қатпарлы окатыш» немесе «агломерат» деген жаттанды сөзін қайталайды кеп. Айтысып көр сонсоң. Екі көзі қанталап шыға келсін. Жо-жоқ! Мен тұп-тура заводыңа бір-ақ тартам. Әне, сол ара - нағыз плацдарм. Емін-еркін көсілесің, Кәне, бауырым, алып жіберелік.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Қарақұрым түтін. Будақ-будақ. Шапшып, секіріп, лықсып толқындан көкке өрлейді. Үйіріліп құйындап барып шатырға соғылады да, жалт етіп кейін серпиді, Одан әрі цех іші көк ала қою түтінге толады. Қоймалжың құрғақ тұманға оранасың. Әйтеуір, табанжолынды ирелеңдеген жыландай жылжып аққан сұйық шойыннын сәулесі ғана айқындайды. Шашыраған ұшқын баяулай барып, таусылын тынады. Артынша-ақ, сәлден кейін, шойынның ағысы бәсеңдейді. Өңеш-жабылады.

Анық қарбалас енді-енді басталады.

- Тездет!-дейді бірінші горновой. Біріншінің сөзі де, өзі де, қимылы да - бұйрық. Көз қиығына бір ілінсең, одан кейін сәтке ғана толастауыңа, дем алуыңа мүмкіндік қалмады дей бер. Ауық-ауық терге малшынған жейденің омырауын ашып жіберіп, желдеткіштің қарсы алдына тұра қалып кеудеңді суық ауаға тосып жан шақыруыңды да санайды. Әр бес минут сайын газды, суды құнығa жұтқаныңды да құр жібермейді. Талшыбықтай дірілдеп, ұсқының қашып, тұлабойыңды тырналап жатқан қызуды басатын желдеткіш - бірінші горновой үшін құбыжықтан да жаман. «Үзіп тастар ма еді, бұзып тастар ма еді!» деп шала бүлініп қалатыны бар.

Бірінші «тездет» деген соң тездетпеуге әддің де жоқ. Пеш басындағы бес адам, жаппай жұмылады. Сапар төртінші горновой. Қара жұмыс - ауыр жұмыс осының міндеті.

Өңеш бітеліп, балқыма ағызу тоқталысымен, арықты жағалай қарап өтеді. Сұйық металдың сойып, іреп кеткен тұстарында іркіліп шойын қалып қойса, Сапардың да қабағы салбырап, ұнжырғасы түсіп, жүдеп қалады. Арықты тазартпай, шойын қалдығын түгел аршымай, жаңа балқыма ағызуға болмайды.

Ер қаруы - бес қару дейді. Сапардың қаруы бесеу болмаса да, жетіп жатыр. Екі метрдей сүймен (сұйық шойынға салып үшкірлеп отырмаса, оның да қауқары шамалы), жарты пұттық балға, кіші-гірім ковштай темір күрек. Сүйменмен шұқылап жүріп қабыршақтана қатқан металды босатады. Көтергіш кранның темір тұяқ ілгегі кірердей әлгі іркіліп қатып қалған шойынды ұрғылап тесік жасайды. Төменнен бу ұшса, маңдайдан бұршақ-бұршақ тер тамады. Бәрі түк емес; Сапар оған да көндік-

кен. Маңдайын жеңімен бір сүртіп қойып, дем алмастан тырбана береді. Тез тындыруға тырысады. Алғашқы күндері уақытында үлгере алмай болдырып, қиналып жүргенінде бір пештегі қалған төрт горновой өз жұмыстарын бітіріп келіп, бұған көмектескен-ді, Ештеңе айтпаса да, сылып алар майы жоқ тарамыс деңелерін шақтап козғап. есептеп қимылдап жүрген серіктерінің шаршағандарын сезген-ді бұл. Содан бері өз иелігіне «бөгде» аяқ сұққызбауды намысына балаған болатын.

Краншы әйел - елгезек адам. Аққөңіл, аңқылдақ жан. Кісіге қарап дауыс көтеріп сөйлемейді. Өз жұмысына мығым. Тарсыл-гүрсілі мол цехтың дауыс естіртпейтін кереңдігі - «сөйлесудің» өзінше жолын тапқызған. Қолдың қимылы, дененің қозғалысы, бастың шұлғуы - бәрі сөз, бәрі сөйлем. Бұйрық пен орындату. Алғашқы күндері шартты белгілерді шатастыра берген соң Сапар өзінше әдіс шығарған. Онысы өзіне де, крандағы әйелге де қолайлы болды. Құнжың-құнжың қимылдап, бүкіл тұла бойымен «сөйлеп», өз ойын ұқтырып, ұғындырып жатқаны. Жұмысын оңайлатудың да айласын тапты. Ұзыншалап бөліп-бөліп алып, екі-үш қабыршақты косақтап бірақ іледі. Өнімді, Біріншінің алакөзіне де соңғы кездерде кешігіп туған жұлдыздай жылтырап сәуле орнайтын болып алды. Содан ба, Сапар жұмысын тез аяқтап тастап, летка мен бас арықты жөндейтін бірінші горновойға жәрдемге жиі барады.

- Дем ал, Сапар,- дейді бастығы, ар жағы әрине басқаша ойлап тұр.

- Шаршаған жоқпын, Иван Сергеевич.

- Олай болса, анау тоқпақты алып графитті тығыздап жібер. Дұрыс-дұрыс. Асықпа. Баппен, салмақпен соқ. Үйреніп қалыпсың. Үйренгенің жақсы. Сапар, сен бар ғой мықты мастер боласың. Айтпады деме.

Сапар үйренуді өзі жақсы көреді. «Біріншіге» сұрақты да көп қояды. Ондайда Иван Сергеевич тым сөзуар, Білгенін, түйгенін түсіндіріп жатады.

- Сапар, сен желдеткішке көп бара берме. Өкпеңді суық қабады. Терлеп жүріп жиі-жиі салқындайсың. Сақ бол, балам. Денсаулық таптырмайды.

- Рахмет, Иван Сергеевич.

Үш-үш жарым сағаттан соң келесі балқыманы ағызуға бәрі дайын болады. Он бес, жиырма минутқа қол босайды.

— Перекур!

Васяның (үшінші горновой ғой ол) ең сүйетін, ең қадірлейтін бір сөзі болса, дәл осы «Перекур». Аузын толтырып, ұзақ әуендей қоңыраулата созып, барлық шу мен ауылды басып кететін гүжілдек үнмен цех ішін гүмбірлетіп жібереді.

Васяның өз айтуынша көрмегені жоқ. Соңғы тұрақтаған орны - осы домна. От-жалын мінез от-жалынмен тіл табысты ма, әзірше шешілген теңі қайта буылған жоқ.

Жұмысқа алғыр ақ. Ойнап жүріп, ойнақтап, әзіл-қалжындасып жүріп бәрін лезде тындырады. Езуінен бір арылмайтын қуақы күлкі тұла бойының ерекше көркі іспеттес - онсыз Васяны Вася деп атау ұғымға да сыймайды.

- Перекур!

Содан кейін темір плиталардан қалаған алаңшыққа шығады. Маскасын, сірі қолғабын тастайды. Тақасы қос елі ауыр ботинкасының өкшесімен темір плитканы тарсылдата тепкілеп «цыганочкаға» басады. Қос қолы - қос қанат. Серпіліп-жиналып, жайылып-серпіп бір кетеді. Ауыр ботинкаға көз ілеспейді.

- Соқ! Соғыңдар! Қыздырыңдар! Аянбаңдар!

Көтерме тілеген жүйріктің мінезіндей өзі айқайлап, өзі қолпаштайды.

Сол кездегі түрін көрсеңіз... Бас шалқақ. Шұрқ-шұрқ тесігі мол шатырдың әлдебір қуысынан әлдене бір ғажайыпты көріп қалғандай айнымайды, ауыспайды. Езуіндегі үзілмейтін күлкі ғана сәтке жоғалып, қуақы Васяның орнынша басқа, әрі байсалды, әрі өзгеше Васяны қойып кетеді.

Сапармен достасып алған. Үш-төрт жас үлкендігіне қарамастан құрдасынша әзілдеседі.

Кей-кейде Сапарға оңаша келеді.

— Өмір деген не осы?

— Өмір ме? Жұмыс, тірлік, өкініш пен қуаныш... және бір жұтым ауа,- дейді Сапар оқыс сұраққа қинала отырып жауап беріп. .

- Өкініш пен қуаныш дегенің дұрыстау. Толық емес бірақ,- деп Вася қадалады.

- Өмір - махаббат.

- Өмір - зұлымдық десем не айтасың?

- Зұлымдықтан махаббат күшті.

- Көбінесе зұлымдық жеңбей ме?

Иә, жеңетіні рас. Бірақ махаббат құдірет қой. Жеңілсе де мерейі үстем.

— Сонда өмір деген жеңіліс болғаны ма?

— Жоқ. Мың жеңілістен артық бір жеңіс неге тұрады. Сондықтан да өмір - жеңіс.

— Жеңісіңнен гөрі жеңілісін. қинайтыны қалай?

— Вася, сен бір қызық жағдайды түсіндіре аласың ба? Мәселен, дүниедегі ең қымбат жаның- анаң ғой. Ал анаң туралы әңгіме айту қиынның қиыны емес пе. Көз алдында көлеңкелі суреті тұрады, кетпейді. Сағынышың мол. Бірақ кездейсоқ, әлдебір танысың жайлы егжей-тегжейлі әңгімең, анаға келгенде кібіртіктей бермей ме. Мүмкін ол қаныңа, жаныңа сіңген сүйіспеншілігіңнің Өзіңдегі «менінмен» жымдасып, араласып кетуінен де болар. Олай болса, жеңісіңді қадірлемеу, ескере бермеу сол анаға деген сүйіспеншілігіңден жұмбақ та тылсым түйсіктен шығар. Өмір - жеңіс деп өз түсінігімді ғана айтам.

- Жігітсің, Сапар! Адам боласың!

Васяның сирек айтар «бағасы» бұл. Әбден разы болғанда ғана осылай ағынан жарылады,

* * *

Мастер Боков балқыманы ағызардан он минут бұрын будкасынан шығады. Серейген ұзын сирақтарын әзер бүгіп-аттап, арықты жағалап тексеріп өтеді. Қимылы баяу болғанымен, көзі жіті- ештеңені қағыс қалдырмайды.

- Боков - нағыз жігіт, ұрыспайды, сөкпейді. Ал кө - ңілін қалдырдың ба, онда біттің дей бер - сөйлеспей қояды. Сенің бар-жоғың оған бәрібір,- деген Вася Сапарға.

Бірінші рет оперативкаға - бес минуттік жиналысқа - қатысқанда ақ Сапар болашақ бастықтарын іштей сынап көрген. Жуантық, дөңгелек жүзді цех бастығы бойына ойы шақ ауыр адам екен. Төменнен өскен, тәжірибемен көтерілген, техникум көлемінде ғана білімі бар. Жасқаншақтық, жаңыс баспайын деушілік қорғаншақ, аянкес етпей ме. Көлденең көзге тез шалынғыш адам бойындағы ең бір жағымсыз қасиет те осы болар деп Сапардың іштей түйген түйіні де бар

Смена бастығы - уақытша адам, қатардағы мастер, бұрынғы бастықтың демалысқа шығуына байланысты жаңа жұмысқа жегіліпті. Бөгденің иығындағы мол пішілген киімді өзіне олқысынатын тәрізді. Қырып-жойып, апырып-жапырып бара жатқаны шамалы.

Сапардын ісі түсіп көрген жоқ.

Боковтың жөні бөлек. Көп үндемейді. Көп үндемесе де көптің құрметіндегі жігіт.

Міне, қазір де летканың аузында бурмашинаны[1] жөндеп, мұқалған бұрғысин ауыстырып, жаңасын салып жатқан Сапар мен «біріншінің» жанына келді.

- Иван Сергеевич, қалай? Ағызамыз ба?

- Дайын болды ғой деймін. Ағызуға болады.

- Сол екі арада күлімдеп Вася жетеді. Иығында ұзын сүймені бар.

- Кеттік!- дейді.

Бірінші горновой бұрғыны өңештің аузына туралайды. Бурмашинаға көлденеңдете орнатқан білік темірдің екі жағынан темір сүйменмен тіреп бұлар қос-қостан бөлініп алып итереді кеп.

- Бір, екі, күш сал!

- Бір, екі, Аянба!

Зырылдап, ышқынып қалып, бурмашина кілт тоқтайды.

- Серпіл! Баспа!

- Босаті Сәл босат!

Кейін лықсыған бұрғы қайта зырылдайды. Бет-ауыздарына шыны маскаларын баса киіп, құнжындасқан төртеу дірілдеген үнмен бірін-бірі қамшылайды.

- Бір, екі, үш!

- Итер!

- Бір, екі, үш!

- Тағы да!

Сүймен ысып кетеді. Қолғаптың әлдебір жыртығынан саусағына тисе қарып, күйдіріп жібереді. Ол сөз«мес. Дененің ашық жерін шұрқ-шұрқ тесіп, щұбарала еткен шойын ұшқынының қасында қызған темірдің қызуы бұйым болып па.

Бүлк-бүлк қан соғады. Тарс-тарс жүрек ұрады. Бірі құлақшекенде. Екіншісі - бүкіл тұлабойында. Қадырлейтінің де, қашып құтыла алмайтының да дәл сол екеуі.

[1] Бурмашина - моторлы бұрғы.

Аптап ауаны ыс-ыс қабасың. Сондайда бір жұтым мұз - дай су болар ма еді...

Сапардың тізелері бүгіле береді. Бүгілгенімен жығы-луға болмайды. Әлсіздігін жасыра білу де - азаматтың құдіреттілігінің белгісі болар. Сапар солай ойлайды. Се - ріктеріне қарайды. Олардың да әрең-әрең шыдап тұрған - дарын сезеді. Бәсең үнмен қарлыға айқайлайды.

— Бір, екі, үш! Күш сал!

— Итер! Қимылда!

— Енді кішкене!

Құлақта азынаған шуыл бар. Домнаның гүрілі оның қасында адыра қалғандай. Бітпейді, толастамайды.

- Сақтан!..

Мастердің даусы.

Бурмашинаны сүйрете-мүйрете кейін қарай опыр - то - пыр қаша жөнелесің.

Летка ашылады.

Алдымен пулемет оғындай кесек-кесек от ұшқын - кокс пен қоқыс ұшады. Ытқып, атқып барып бас арық-тың бітер жеріндегі темір қалқанға тарс-тарс соғылады. Содан соң кілкіп, жайлап қоймалжың қою ертінді ірім-тіктене жылжып өңештен бері асып түседі де, артынша-ақ лақ ете қалған сүйық шойынның астында қалады.

Балқыманы ағызу басталады.

Қарақұрым түтін будақ-будақ көтеріледі. Шұбырып-шұбырып, үйіріліп-толқып чугуновоз үстінен тік шаншы-лады да шиферлі төбеге барып сарт етіп соғылады. Со-ғылады да, сылқ етіп төмен құлдилайды. Одан кейін маңайды түгел қымтап көк түтін көміп кетеді.

- Сапар, металдың күкірті қандай?

Боковтың ежелгі сұрағы. Қолындағы көк әйнекті кө-зілдірікте екі кішкене от-өзен баяу сырғанайды.

- Бұл жолы көп екен. Десульфурация жасаймыз ғой деймін.

- Иә, он бес-жиырма қап сода таетарсың.

Қап ауыр. Шойынның қызуы ғаламат! Түтін иісі - сода араласқан қоп-кою сары түтіннің иісі - қолқаны қабады.

Шаршап, солырқап аулақтау барып дем алып тұрған Сапарды әлдекім дауыстап шақырды. Күліп амандасты. Инна Ануфриева екен. Жұлым-жұлым үсті-басынан, кү-йе жұққан бет-аузынан ұялған Сапар теріс бұрыла

берген. Күтпеген жерден кездесе кетер деп кім ойлапты, Дәл қазір Иннаға да аздап өкпелі.

- Проба[1] алуға кеп едім.
- Қазір алып берейін.

Бір жарым метрдей сабы бар темір ожаумен арықтан шойынды іліп алған. Іліп алғаны бар болсын, қалыпқа құйғанша бәрі ағып кетті. Ыстық металды көп ұстап қалған ба, ожаудың түбі еріп, ойылып қалыпты.

Ер жігіт қой Вася! Үнсіз кеп жаңа ожау ұстата салды. «Ештеңе етпейді, уайымдама» дейтіндей көзін қысып қояды. Әдетте, пробаны өзі алатын.

- Көрінбей кеттіңіздер ғой. Кешке киноға келіңіздер,- деді Инна кетерінде.

- Иә, иә, барамыз, Инна. Күтіңіз...

## БЕСІНШІ ТАРАУ

Сапар ауырып жатыр. Қарнының алақандай жері күлдіреп күйіп қалған. Төсегінен тұрмайды. Саржамбас болып жата берген жанның сарғайған уайым-мұңы да көп болады екен. Қай-қайдағыны дөңгелетіп тірілтіп, түгендеп, түстеп әуре-сарсаңнан бір арылмайды.

Ақжелең желпіген көк түтін .. Көз алдында.

Аппақ қыз... Ару қыз... Бұрқ-сарқ қайнаған қазандағы сұйық шойын. Кезек-кезек ауысады. Бір кез... Әсем қыз, ақ желекті бойжеткен ақ шағаладай қалықтап келіп қызыл айдынға бір-ақ сүңгіді. Лүп етіп акжелең есті. Ақжелең есті де, ақ шөкім бұлтты алақанға сап аялағандай баяу ғана желпіп әкетті. Ақ желең бар, ақ шөкім бұлт бар. Басқа ештеңе де жоқ. Сағыныш-мұң бар. Аңсау-армандау бар. Аппақ жүздің басқа реніш-қайғысы жоқ.

Сапар шошып оянды. Басын көтеріп кереуеттің арқалығына сүйеніп отырды. Намаздыгер болып қапты. Көкжиекке шаршап барып шалқалай құлаған күн қып-қызыл. Домнаның шойыны түгел ағып, таусылып біткен қыл өңеш - леткасындай. Сәл-сәлден кейін мың сан ұшқы-

проба - металдың сапасын тексеруге алатын жарты килограмдай ғана бөлшегі.

нын шашырата атқылап, апыр-топыр толқындата лекілдей жөнелетіндей көрінеді.

Аулада қыбыр еткен жан жоқ. Қайдан болсын, төрт жағы бірдей тұйық. Кәрі қарағаш окшау серейеді. Желсіз, тымық кештің қызыл-күрең бояуын жамылып мүлгіп қапты. «Көргенім көп, естіген-білгенім тағы сондай. Ішке жия берем. Құя берем. Сыр шашар мен емес. Шашылып-төгілер арзандықпен аразбын» дейтіндей терезеден үйсіз төнеді.

Сапардың көз алдына және бір суреттер ірімтігі түйдектеліп, тізбектеліп келе берді.

* * *

- Смена бастығы келіпті.
- Демалысы бітіп қалған-ау. Кеше ғана кетпеп пе еді?
- Тағы да дікендейді десейші.

Адам жаны елеңдегіш ғой. Адам жүрегі махаббат гүлін қалай өсірсе , қалай ардақтаса, сол солған гүлдің, сөнген махаббаттың күлін де ұзақ уақыт ұмыта алмайды. Солған-гүлді, сөнген күлді қадірлейді, қастерлейді, тастамайды. Тастай алмайды. Адам әуесқойлығы да махаббат құштарлығынан кем емес. Алдымен су тиген отындай бықсып тұтанады да, сәлден кейін лап етіп дауылдай, дүрілдей жөнеледі. Әуесқойлық та сол. Қауға еркін түскен қара өрт.

Сапар да жаңа бастығын асыға күтеді. Әсіресе, асығатын себебі - бастықтың қазақ екендігі.

Оперативка басталды. Оперативкаға смена бастығы кешігіп келді. Пештерді аралап, тексеріп болып жеткені осы.

Ақ селеу шаш, өңкиген ұзын, жуан дене Сапарға жылыұшырап сала берді.

- Әбілтай...

Әбілтай дауыс шыққан тұсқа көз тоқтата бірер қарады да, сәл-сәл басын изеп Сапармен сәлемдескен болды. Содан кейін цех бастығына төне түсіп сөйлеп кетті.

- Бұл қалай, Никита Федорович, екінші сменаның бүлдіріп, былықтырып кеткенін тағы да біз жөндейміз бе? Бірін ішке тартып, екіншісін сыртқа тебуді қою керек қой. Сменалық жоспарын артық бере берсін. Құптамасақ, несіне қарсы боламыз. Бірақ шындығы керек, жол-

дастар. Ануфриевтің сменасы алда. Рас, мойындаймыз. Қалай шықты, несімен ұтты? Соны білеміз бе. Әрине, білмейміз. Никита Федорович, өзіңіз айтыңызшы. Қашанғыға дейін осы біз өгей ұлдың кебінде жүрмекпіз. Бүгін бірінші пеш бес балқыма, екінші үш, үшінші төрт балқыма беріпті. Дұрыс-ақ болсын. Ал соны қалай берді? Екінші пештің шлак ағызатын платформасы қоқыстың астында қалған. Шлаковоз жетіспеген. Міне, соған қарамастан Ануфриев жолдас қоқысты тұп-тура жолға ағыза берген, Оны кім тазалайды? Тағы да біз. Жолдастар бұл болмайтын нәрсе. Төзбейтін жағдай. Әркім өз пайдасын ойлайтын болса, заводты тып-типыл етіп өртеп жіберумен тынармыз. Ануфриевтің басындай бас бізде де бар. Сол құрлы есеп-қисап, айла-тәсілді біз де білеміз. Жоспарды біз де артық бере аламыз. Сыйлықтан қашқан жанды көрген емен. Мынау отырған жұрттың қай-қайсысы болса да, қалтасының қалыңдығынан қашпайды. Ендеше, біз де Ануфриевше әрекет етеміз. Біз біреудің бүлдіргенін жөндесек, біздікін де жөндейтіндер табылар,- деп аз-кем үнсіз қалды. Күреңіткея жүзіне шып-шып тер шығыпты. Оң қолындағы умаждап алған қалпағымен бір сүртіп тастады,

- Жолдастар, дұрыс айтам ғой, а? - деп отырғандарды жағалай шолып өтті.

- Дұрыс, Әбілтай Сұрағанович, жүз рет әділін айттыңыз.

- Жоқ! Дұрыс емес. Оған бара алмаймыз. Бармаймыз.- Әбілтай тағы да кілт тоқтады. Қара көздері қызыл бұрыш ішін тінте, әркімге бір тоқтап қадалып-қадалып қалып, сәлден соң қайтадан цех бастығына тірелді,- Ннкита Федорович, Ануфриев сияқтылардың өзімшіл әрекеттеріне жол бермеудің бір ғана жолы бар - ол сменалық жоспардың орнына жалпыцехтық жоспар тағайындау. Сонда ғана әркім бүкіл цехтың абыройын ойлайды. Сонда ғана жұмыстың, жалпы жоспардың орындалуы ойдағыдай болады. Сонда ғана ұрыс-керіс, дау-дамайдан құтыламыз. Менің айтарым осы.

Сапар Әбілтайға дән риза. «Қалай-қалай сөйлейді. Нағыз өндіріс басшысы бопты-ау. Сөзінде жан бар. Әділін айтады. Бір айдан бері Ануфриевтердің сменасының рельске ағызып кеткен қоқысын тазалағанымыз рас, Мәселені төтесінен қойып тұр. Азамат екен!"

Зал іші құлаққа ұрған танадай. Әркімнік өз ойы, өз бүкпесі бар. Жалпыцехтық жоспар деген дұрыс та шығар. Дегенмен, әй оған көпшіліктің- көне қоюы оңай болмас. Алдымен Ануфриев шыға келер айқайлап. Бұлардың да сменасы алға үзіліп озып кетпегенімен құйрық тістесіп қалыспай жүрген жоқ па. Сонда анау қалған екі смена әсіресе, Булгаковтың жоспарын өмірінде бір орындап көрмеген сменасындағылар акшаны бірдей бөліспек те.

Цех бастығы үнсіз. Не айта қойсын. Бұл шеше қоятын мәселе емес. Директор, партком, завкоммен келісіп бір байламға келетін қиын түйін.

Әбілтайдың араласпайтын, қатыспайтын жері жоқ екен. Онысын Сапар алғашқы күні-ақ көрді. Үш домна пешінің арасында Жүгіріп жүргені. Көрмейтіні, елемейтіні болсайшы. Балқыма ағызып жатқанда түймең салынбады ма, ерінбейді - өзі келіп салып береді. Сүйменін тұқылданып қала ма, ұштатып әкеледі. Чугуновоздардың науаның астына тура тоқтауына шейін қадағалайды. Әйтеуір, қай уақта байыз табатынын, дәйек табатынын өзі білсін. Даусында зіл жоқ. Бірақ кеңесі - ұрыстан артық. Соны сезген Сапар әлденеге іші опырылып қалғандай бұрынғы көршісінен, бүгінгі бастығынан қашқақтап, көзіне көп түспеуге тырысады.

Әбілтай сонда да Сапарды өзімсініп, әріптестік ыңғай танытып іш тартпақ болады. Кездескен сайын иығынан қағып қалып, хал-жай сұрап іші-баурына кіріп бара жатады.

Сапар жұмыстан соң душқа түсіп, айнаның алдында шашын тарап тұрған, Әбілтай асығыс келді.

— Бірге қайтайық,- коллега.

Жарайды.

— Сен мені азырак күте тұрарсың.

— Күтем ғой, Әбілтай Сұрағанович.

— Әй, екеуміз ресми сөйлеспейтін болайық. Келістік пе,— деп Әбілтай бұны иығынан салып қалды.

* * *

«Не үшін сүйеміз, жақсы көреміз? Не үшін жек көреміз, қастасамыз? Жүректе сөнбейтін екі-ақ нәрсе бар. Бірі - махаббат. Екіншісі - өшпенділік. Сүюің де, жек көруің де содан болар».

Сапар қыбырсыз, қимылсыз жатыр. Қатты қозғалса күйген жері ауырады. Өзінің бір нағыз қитұрқы, қиянқы жерге қоныс тепкенін қайтерсің,

Қимыл жоқ. Қимыл-қозғалыс болмағанымен қаумалап қоршап алған ой көп.

«Махаббат деген не? Дірілдеген икемсіз еріннің әлсіз сыбыры - құмарлықтан ғана туатын желұшық қана бірдеме ме? Өткеннің естелік-әңгімесі, әсірелеу-қиялдауы жаңғыртып оятқан құдірет сезім, тірлік болмыста кездеспейтін ақ қанат арман ғана емес пе екен?!»

Инна... Матвей Константиновичтің немересі. Смена бастығы Ануфриевтің қызы.

Инна демекші... соңғы кездері Сапар сол қызды көп-көп ойлайтын боп алды. Мүмкін онымен жиі-жиі кездесетінінен де болар. Әйтеуір, қыз бейнесі көз алдынан бір кетпейді.

Кездесе қалса екеуінің әңгімесі айтысқа бергісіз.

Бірінің ұнатқан ақынын екіншісі жақтырмайды,

Кино туралы кереғар пікірлері бар.

- Осы біз неге таласа береміз? Екеуміз де студентпіз. Айырмамыз - мен сырттай окимын. Көргентүйгеніміз де шамалы. Сен мен сияқтысың Ал мен дәл сендеймін. Бірақ таласымыз бір бітпейді,-деген бірде Инна.

- Мүмкін менің азиялық болуым - бәріне кінәлі шығар.

Әзілдеп айтқан. Ойында бүкпесі жоқ еді.

— Менің азиятым бәрінен артық.

Инна тез сөйледі. Сөйлеп тұрып Сапардың қара бұйра дудар шашын сүйріктей саусақтарымен салалап тарап, ұйпа-тұйпасын шығарып жіберді...

Сол сәт... Сапардың өнбойын құйындай үйіріп ыстық толқын соғып өтті. Чугуновоздың үстінен тіп-тік көкке өрлейтін будақ-будақ қарақұрым түтіндей...

Құшақтай алуға шақ қалған. Әрең-әрең тежеген-ді өзін.

«Махаббат деген сондағы алақұйын сезімі ме екен? Ойнақы ғана тентектік болса ше, мүмкін сол қимылы, сондағы өзімсінуі - бар сыры, бар шыны болар ма еді».

Ануфриевтін үйіне жиі баратын. Үлкен, кең ауласы бар, металлургтер поселкесінің шығысында, завод пен екі ортадағы бау-бақшасы мол әдемі коттедждердің бірі. Обермастер Матвей Константиновичке тиген

бұл үй - Ануфриевтер әулетінің сенбі сайын бас қосатын қасиетті мекені.

Алғаш кездерде тосын көздерден тайсақтап, көбіне көп оңаша бұрышқа тығыла түсіп, Сапар айқай-шуы, күлдіргі әзілі көп кешті бұйығы өткізетін. Бара-бара оған да үйреніп алды. Уақыты жақындап, практикасы бітер сәт таянған сайын әлденеге тынышсызданып, әл - денеге өз-өзінен дегбірсізденіп қалатын болып жүр, Онысы - мына үйреніскен қонақжай мекенді қимаудан ба, әлде осы гүл бақшалы үйдің көркі - перизат қызды ұната бастаған жүрек дірілінің қоюлануынан ба, білмейді.

Бірер сенбіні бос өткізген, бармаған. Бармағаны құрысын. Еш жерге сия алмай, кешті әрең өткізген-ді, Әрі-беріден соң Әбілтайдың үйіне кетті.

Әбілтай жастар жатақханасында бір бөлмеде жалғыз тұратын, Әлі үйленбеген. Сүрбойдақ. Дүние-жиһаздан жинағаны- кітап қана. Бір қабырға толған сөре. Өзі үйінде екен.

- Кел, Сапар! Төрлет! - деп орнынан жылдам көтеріліп, қолын созды.

- Осылай келіп тұрсаңшы. Қанша дегенмен бір институттың түлектеріміз. Ал сен отыра тұр. Мен дүкеннен жейтін бірдемелер әкеле қояйын. Бойдақтық деген осы. Үйде ештеңе тұрмайды.

- Қайтесің, Әбілтай, жай әңгімелесуге келдім. Ештеңенің қажеті жоқ.

- Сөзді қой, жігітім. «Қуыс үйден құр шықпа» деген ата қазақ жолы бар. Қөзді ашып-жұмғанша осында болам. Зеріксең, мына кітаптарды қарай отыр, Кішігірім кітапханаңнан кем емес.

Әбілтай шығып кетті.

Сапардың кітап оқуға да зауқы соқпады. Көз алдынан Инна кетер емес.

«Осы біздікі рас па? Шынымен бір-бірімізді сүйеміз бе? Сүю деген не сонда? Ойы бір, мақсат-мүддесі бір, тілек-талабы, талғамы бір жандардың бір-біріне ұмтылуы ма екен? Ондай болса Инна екеуміз ұғыныса, түсінісе қойдық па?»

Әбілтай тез оралды. Құшағы толы. Екі қалтасынан шөлмектің бастары қылтияды.

- Отырайықшы бір...

Түн ортасы ауып барады.

Екіленген үндер бірін-бірі көміп-көміп кетеді.

- Заводқа барасың ғой, Сапар?

-Заводқа барам. Емін-еркін көсілетін нағыз плацдарм сол,- деп Сапар күлді. Бір кездегі Әбілтайдың сөзін ұмытпапты. Өзіне қайталап айтты. Анау оған мән берген жоқ.

- Дұрыс! Бізге кел онда. Көріп жүрсің, атағым әзірше жаман емес.

- Оны көрерміз, - деп Сапар екі ойлы жауап қатты.

- Несін көресің. Кешікпей кандидаттық диссертациямды қорғаймын. Сонан кейін цех бастығы мен болмағанда, кім болмақ. Не қалайсың бәрін жасаймын.

- Диссертация деймісің?..

- Иә. Қарап жүрген жоқпын. Институтта шалбарының құйрығын тоздырып, әр кітаптан бір көшіріп жүрген аспиранттарыңнан әлдеқайда тез қорғамасам, оң қолыңды бері әкел,- деп Әбілтай стаканын көтерді.- Үміттердің орындалуы үшіні

- Жарайды.

- Сен енді маған бірер жыл уақыт бер. Сонда көресің, о-о көрсетем мен әлі...

Сапар үндеген жоқ. Әбілтай сөйлеп отыр. Ішкіліктен бе, қызу. Есесі кеткен ұпайы жоғалған адамның қомағайлығы, қызғанышы мол қыжылды жүрек жарды әңгімесі қандай татымсыз естілуші еді. Ызыңы, шуылы ғана жетеді. Мағына-мазмұны тасқа соққан жаңғырықтай құлаққа кірер емес. Сапар сілкініп қалды. Дудар шашты басын шынтақтаған қолына төсеп қарсы алдындағы серігіне барлай көз тастады. Ақ селеу, сұйық шаш аққұба әдемі өңді аша түседі екен. Жұқа қыр мұрын алакеуімде қарауытып, тұңғиықтана мөлдіреген тостаған көлдердей қос жанардың ортасына түп-түзу боп құлаған маңдайы таң шапағына шомған қырқадай. Қып-қызыл ерiндердің көбесі сөгілгенде қарауыл қарағандай алтын жалатқан күрек тістер сығалайды. Бір көргенге әдемі-ақ. Көздің жауын алғандай сұлу кескін. Бірақ Сапарға ұнаған жоқ. Сырт сұлулығы іш қаралығымен үйлеспейтіндей көрініп, өзгеріп күңгірттеніп сала берді

— Әбілтай, махаббат деген не?

— Жалғыздықтан қашып, мұңдас көңілдің үндестігін іздеу ғой ол.

- Қалай?..

- Өмірдегі жұмағы, идиллиясы - семья деп ұғатын ерлі-зайыпты екеудің күнделікті саудаласуы, ұнатуы мен жақтырмауы, керісуі мен татуласуы.

— Тек қана сол ма?

— Ол аз ба? Тыңда онда. Қуыс-қалтарысыңда, бүкпе-қыртысыңда өзің білмейтін кемістік-кімшілігіңді жұбайыңның күн өткен сайын кен қопарғандай аршып алып, көз алдыңа көлденең тосуы ол. Бойыңдағы мініңді, ойыңдағы кеміңді бадырайту. Бәріне төзесің. Төзбесең, әйел жанының жұмбағын шешпек болсаң, жығылған үстіне жұдырық, сенен жексұрын, сенен өткен қатыгез пенде табылмайды. Махаббат деген сол. Махаббаттың құлдырауына, сөнуіне, өшуіне тек қана кінәлі - әрқашан да еркек. Әрине, әйел көзімей қарасаң.

— Өзің сүйіп көрдің бе?

— Соншама мені түк сезбес өгіз ғой деп пе едің. Сүйгенмін.

Сапар серігін түсініп болардай емес. Түсін мың құлпыртқан хамелеондай бір ұстатпайды. Аяқ астынан тағы бір қырын ашып салып «менің мынандай астарым да бар» деп қарап отырады.

- Е-е, неге үндемей қалдың? Кел, махаббат үшін көтерелік те, сонымен доғаралық. Дем алу керек,-деп Әбілтай түрегеле беріп, стаканын созды.

- Махаббат үшін!..

«Махаббат үшін ішуге болады. Қиялға қызықтау, елеске еміну емес, шындыққа табынудан ғана туған ыстық та құдіретті сезім шығар ол. Жоқтан бар тумайды. Сағымнан сағыныш қана өрбиді, салтанатты сарай орнамайды. Дауыл ғана телегей теңізді сапырады. Теңіздей толқытатын сезім серпіні дүниеде болмауы мүмкін емес. Ендеше тірлікте махаббаттың да болғаны.

Махаббат үшін көтеруге болады».

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Қырқадан ай қылаң етті. Қып-қызыл, үлкен диірмен тасындай.

Тіп-тік көкке өрледі. Өрлеген сайын сарғайып, кішірейіп кеміп барады,

Сапар балконда тұр. Цех іші ысып кеткен соң түнгі самалға желпінуге шыққаны сол еді, бірінші горновой айқай салды:

-Шойын ағызатын уақыт болды.

Сапар асыға жүгіріп ішке кірді. Әбілтай да, Боков та летканың қасында екен.

- Қайда жүрсіндер? Вася қайда? - деді мастер.

- Вася тамақтануға асханаға кеткен болар.

- Тездетіңдер! Болыңдар! Сәл кешіксек шойынның температурасы асып кетеді.

Әбілтай асықтырып барады. Осы айда сменалық жоспарын Ануфриевтен асырмақ боп жанталасып жүр. Вася жоқ. Онсыз үш адамның бурмашинаға шамасы келмейді. Екінші горновойдан қайыр жоқ. Ол шлак ағызатын леткадан өмірі босамайды.

- Кел, әкеліңдер. Тездетейік. Сапар, маған бір сүймен тауып берші.

- Әбілтайдың айқайы басым болғанмен, қол ұшымен көмек бере қоймайтын. Қазір еріксіз көмектесуіне тура келді.

Сұйық шойын лақ етті. Құйындай үйіріліп, арық қуалап жүгірген қарақұрым түтін чугуновозға барып тірелді де, аспанға көтерілді...

Асығып Вася келді. Шала тамақтанып жеткен бойы. Әбілтай қасына шақырып алып, ұрсып тұр. Көзіндегі ызғарлана жалт еткен бір шоқ мына лапылдап, алаулап, ұшқындап жатқан цехтың бар отынан да сұсты зәрлі көрінді.

-Қайда жүрсің? Неге кешіктің? Осы сен жұмыс іс--теуге келесін бе, жоқ әлде уақыт өткізуге келесің бе. Бұл ара ырду-дырдудың орны емес. Бұл жер - домна! Қиқаңыңды көтере алмаймын. Істегің келмесе - есеп айырыс та, табаныңды жалтырат!- деп Әбілтай Васяның екі аяғын бір етікке тықты. Васяның қуақы жүзі сәтке бозарып, сұрланып сала берді.

- Бар! Сода таста! - деді Әбілтай оған.

Вася бұрылып, жөнеле берген. Смена бастығының аяқ астынан бұрқан-талқан бола қалатынын жақтырмаушы еді, түтігіп кетті. Уақытты есептеп, асып-сасып тамақ ішіп жеткені де осы еді, летканы тез аша қояр деп ойламаған. «Самодур!» деп күңк етіп іштей қырыстанып барады. Асыққан жігіт арық үстіндегі алмалы-салмалы көпірге бұрылмай, төтесімен шойынның үстінен аттай бер-

ген... Оң аяқ тобыққа дейін сұйыққа, сұйық отқа күмн ете қалды... Ұмар-жұмар, бірер жалғыз аяқтап секіріп барып, құлап түсті.

- Вася-а-а!

Сапар шыңғырып жіберді.

Әлдеқайдан сирена ұлыды.

Жұрт жиналып қалды.

Әбілтай айқайлап, кимелеп жүр.

- Өзі кінәлі. Өзі ғана! Көпірден неге өтпейді...

Ешкім үндеген жоқ.

Үлкен ботинканың жұқанасы ғана жатыр. Тобықтан төмен жерде қаракүйеленген шоп- шолақ бірдеме қараяды. Қарауға қорқынышты...

Сапар көп қарауға дәті шыдамай шеттей берді. Шегіншектеп, аулақтап шығып, көз алды тұмантып бей-жай тұр.

Алқымына жас тығылды.

Көз алдына жымия күлген Вася оралды. «Перекур» деп кеудесін толтыра дем алып, бұрынғысынша әндете созатындай. Содан кейін темір плитаға шығып, «цыганочкаға» басты.

Кенет... «Цыганочканың» орнына ақсақ киік орғитындай болғаны несі... Вася ғой!.. Шоқырақтап жүр ғой, Қайран Вася!..

Сапар үн-түнсіз қыбырлап жүр.

Сменаның аяғына әрең шыдады...

Шығысымен ауруханаға барды. Халық көп. Палатаға кіргізбейді. Әбілтай да сонда екен. Екеуі көшеге бірге шықты.

- Көрдің бе ЧП-ны. Үш жылдан бері ешқандай оқиғасыз, айқай-шусыз келіп ем. Енді қоймайды. Қалмайды. Кінәлі тағы да - мен. Әрине менен көреді. Кім көрінген үшін сөгіс естіп жүр енді. Жо-жоқ! Конбеймін. Қаңғалақтаған көбелектей ұшып-қонған бір сүмелек үшін ауыздағы астан айрылар жайым жоқ,— деп қызына сөйле - ген Әбілтай Сайардың қолынан ұстай алды.

- Немене?

- Сапар, екеуміз жарты нанды, кепкен нанды бөле жеп екі жыл бір бөлмеде жаттық. Жүз-жыртысқан жеріміз жоқ. Сені туған інімдей көрем. Болар іс болды. Енді мың жерден даурыққанмен күйген аяқ орнына келмейді Жігітке обал болды. Қайтерміз, одан да бас арашалаудың қамына кірісейік. Сенен өтінішім: бір рет жақ-

сылық жаса. Мастеріңе Вася буфеттен арақ ішіп келді, аузынан мүңкіп тұрған еді деп елеусіздеу білдіріп қой.

Сапар түтігіп кетті.

- Жексұрын!

- Әй, не деп тұрсың!- деп Әбілтай калт тоқтады.

- Оңбаған екенсің! жауызсың! Сенің адамға жаның ашымайды!- деп Сапар өршелене айқайлап жатыр.

- Көкеңді танытайын! Жауыз екем ғой! Мә, онда сыбағаң!

Әбілтай құлақшекеден сарт еткізді. Сапар тәлтіректеп, құлап барып, түзелді. Бұ да ұмтылды.

- Жауызсың! Адам емессің!

Әбілтай ұрған сайын ырсылдайды. Өзі де жұдырық иіскеп жүр.

Қайдан сап ете қалғаны белгісіз, Инна араға түсті. Кішкене қолдарымен Әбілтайды кеудеге түйгіштеп-түйгіштеп жіберіп, Сапарды құшақтай алды.

- Жүрші, Сапар! Кетейікші.

Әбілтай енді қарайламады. Қан аралас түкірігін секірте түкіріп тастай, ентіге дем алып кете барды.

- Сапар, жүр біздің үйге барайық. Көйлегіңді жаман берейін.

Инна Сапарды өз бөлмесіне кіргізіп, қолына альбом ұстатты.

- Мынаны қарай тұр. Қазір келем.

- Сапар альбомды қарап отыр.

Обермастердың жас кезі... Қияқ мұрт, жылтырата тараған қою шашты әдемі жас жігіт күлімсірей қарайды. Міне, уыздай бойжеткенмен бірге түскен суреті. Екеуі иықтарын тиістіре уайым- қайғысыз жайраңдап отыр. «Қалыңдығы болар.»

Инна бөлмеге енді. Сапардық он иығына басын сүйеп альбомға үңілді.

- Инна, мына қыз кім?

Сапар Иннаға бұрылды. Бұрылды да, көзіне жас үйіріліп, булыға жылап отырған құрбысын көрді.

- Инна, саған не болды! Неге жыладың?

- Жай, әшейін..

- Инна, неге ренжідің? Айтшы. Сүртші жасыңды,

- Қазір.. Мынау, мы-нау атам.. А-ал, қасындағы...- булыға өксіп еңіреп жіберді.

Біраздан соң солығын басып, Инна әңгімесін бастады.

1916 жылдың қоңыр күзі. Бірінші дүниежүзілік соғыста әбден титықтаған Россия жалғыз сиырын қақтап сауған шаруадай кішкене металлургия заводының түтінін бұлтты аспанға будақ-будақ шұбатып жанталасып жатыр.

Матвейге ол кезде он сегіз жас толған. Домницада істейді. Кең жауырын, еңгезердей жігітті акционерлік қоғамның қожасы швед Енудсен колтығына тартып, алдап-сулап қоятын.

Заводтың іргесіндегі тарыдай бытыраған поселокте бүгін той бар. Ертеңнен бері бір тынбаған айқай-шу, күлкі-қалжың бейуақ кешке сол қалпында енді.

Ануфриевтердің кішкене үйінің желкесіне қас қарая үш ат жеккен арба тоқтады. Ортадағы қанжиреннің доғасындағы жез қоңырау сылдыры сыңғырлап күлген қыз үніндей жаңғырып барып басылды.

Осы кезде үйден екі-үшеу тысқа шыға берген. Қалыңдық пен қалыңдықтың құрбылары екен. Айналып, ауладан өтіп бара жатқан қыздардың ту сыртынан әлдекімдер тап-тап берді. Тап берді де, қалыңдықтың басына қара жабуды бүркеп жіберіп, тік көтеріп арбаға атып ұрды. Қыздар шуылдап, айқайға басып үйге жүгірді.

Түптегі қан жирен шіреніп барып, қозғалып кетті. Бірте-бірте құйғыта шапқылап, күймелі арба көзден ғайып болды.

Той топалаңға айналды. Қалыңдық қолды болғанда қызық-қуаныштан қандай береке қалмақ. Қызу тобыр тайлы-тұяғына дейін шұбырып, із кесуге аттанды. Жерден тартып, көктен сүйретіп түсіретіндей щиыршық атып, екіленіп-екіленіп кетіп түнеріп-түтігіп оралып, қайтадан самогонға бас қойысты. Сыбызғылатып жел басталды. Түйдек-түйдек бұлт көшіп, қыламықтап қар жауды. Қыздан әлі сыбыс жоқ. Ұшты-күйлі жоғалды.

Ымырт түсіп, түн жетті. Хабар жоқ.

Поселок жанындағы завод жұмыс істеуде. Кішкентай домница өз әлінше гүрілдеп, ысылдап шойын балқытып жатыр.

Түн ортасы ауа домница ағытылды. Шойын ағызылды. Мақайды түтін бүркеп алып кетті.

Төменде, үлкен қара қазанда, шойын бұрқырап қайнап, толып бара жатты.

Осы кезде түтін арасынан біреу шыға келді. Тұп-

тура қара қазанға беттеп барады. Ыстық қазанда бұрқ-сарқ шойын қайнап жатыр.

Горновойлардың бірі әлгіні танып қалды.

- Глафира... Глаша-ау, тойың қайда? Матвей сені жалғыз жібергені несі. Не ғып жүрсің?

Глафира бір сәт тоқтай қалды. Тоқтай қалды да әлгі дауыстаған жігітке ұзақ қарады. Жанарына жас іркіліпті. Әлденені айтқысы келетін тәрізді.

Содан кейін сәл ғана басын изеген қыз қазандағы отқа бір-ақ ырғыды.

- Тоқта!

- Глаша-а-а! Глафи-и-ра!..

- Құдайым-ай! Секіріп кетті.

- Не болды?!

- Неге тоқтадыңдар?

- Жан! Бекіт! Өңешті тығында!

- Тоқтама! Бекітпе! Аға берсін!

- Біте, деймін, өңешті!

Жұрт жиналып, топырлап қалды. Бір шеттен жайлап басып обермастер швед келді.

- Не болды? Неге тоқтадыңдар?-деп тісін шұқып тұр.

- Қыз құлады... Глаша, Глафира Неклюдова қазанға түсіп кетті.

- Қайдан жүрген қыз ол? Қім ол?

- Қайдан жүргенін білмедік, мырза. Бүгін үйлену тойы еді. Матвей Ануфриевтің қалыңдығы ғой. Мана той жасап жатқан-ды.

- Мен айтады. Шулама! Жұмыс істе айтады. Орын-орынға бар!.

- Жоқ, мырза! Болмайды оныңыз. Поселокке хабар беру керек. Білесіз бе, бұл- өлім ғой. Қандай өлім! Сұмдық нәрсе! Тегін емес!

- Иә, істемейміз. Қазанда Глашаның сүйегі бар.

- Қазанда-фосфор. Мен біледі фосфор. Басқа жоқ. Глаша - түтін. «Уф» - ұшып кетті. Глаша-жоқ. Мен айтады, жұмыс істе!

- Ағайындар! Тыңдамаңдар! Істемеңдер! Мынау қорлығыма көн деп тұрған көпе-көрнеу зорлық қой. Қара қазанда қарындасыңның мәйіті жатыр. Кім білсін, қарғыс тілегін арнап кеп тапқан тыныштығы - сұйық шойынның құшағы шығар. Қорлық тірліктен бездірген қиянаты шығар.

- Істемейміз!

- Алмандар тілін! Қорықпаңдар!

- Өлігінді кайтсін!

- Өлмесең өрем қап дейді бұлар!

Сережа, сен жүгірІ Поселокке хабарла.

- Мен бұйырады! Жұмыс істе! Әйтпесе, сендер соғысқа кетеді. Бәрін кетеді.

- Кетсек кетерміз. Соғысыңмен бізді қорқыта алмайсың. Қорықпаймыз оныңнан. Ал мына қазанға енді шойын ағызбаймыз. Онда Глаша бар.

- Сен айтады ақымақ сөз. Глаша - жоқ. Глаша-хаос. Глаша - түтін. Онда фосфор ғана. Аз-аз фосфор, Тырнақтай фосфор. Глаша - жоқ. Шойын ағызу-жақсы, жұмыс істе айтады мен.

- Жұмыс жақсы болса, өзің-ақ істе. Үйірге қосар асыл тұқымды бұқадай күдірейген жуан мойның бар, төрт-бесеудің жұмысы бір өзіңнен артылмас. Ал Глашаға тиіспе. Бар Глаша. Рухы ұшып кетті, оған таласпаймыз. Қазанда денесі, сүйегі бар. Қара жердің қойнына тапсыру біздің міндетіміз. Сүйегін қорлата алмаймыз.

- Сен мені түсінеді. Айтамын. Фосфорлы шойыннан зеңбірек құяды. О-о, жақсы зеңбірек құяды. Мен айтам. Зеңбірек көп-көп керек. Соғыс! Ақша керек... Россия соғысып жатыр. Зеңбірек жетпейді. Біз зеңбірек құяды

Шойынды ағыз айтамын.

- Жоқ. Зеңбірегімен қоса қирайын деген екенсің. Көнбейміз енді.

— Тыңдамаймыз!

— Жетті! Төзе-төзе шыдам да таусылады.

- Полйция!.. Сақ болындар!

Цехқа бір топ кіре берді. Алдында Енудсеннің өзі. Шала ұйқы көздер зәр шашып, кірпиязданып қадалады.

- Не болды? Неге тоқтаттыңдар! Пеш суымасын.

- Тыңдаңызшы, Енудсен мырза! Мына қазанда Глашанын сүйегі бар. Адамның сүйегі бар. Тірісінде талай қорлық- қорлауға кездескен болар, енді осы пақыр мұңлықтың өлігін, өлі аруағын қадірлейік, қорламайық. Бұл қазанға енді шойын ағызуға болмайды. Қазандағы шойынды - Глафира Неклюдованың мәйіті деп жерлеуіміз керек. Сізден сұрарымыз-осы ғана. Тілегімізді

орындасаңыз, пеш те суымайды, жұмыс та тоқтамайды. Енудсен кең мандайын жібек орамалымен сипай сүртіп, ыңыранып қалды.

- Бұл қыз қалай келген?.,
- Білмейміз. Балқыманы ағызып жатқанда түтін арасынан шыға келді де, кідірместен қазанға бір-ақ секірді. Бүгін тойы еді өзінің. Матвей Ануфриевтің қалыңдығы болатын. Поселокке хабарға жібертіп едік. Келіп те қалар...

Сол арада Матвей бастаған тобыр да жетті. Естіп, біліп келсе керек, бәрі қазанға төнді. Содан кейін Матвей Енудсенге бұрылды.

- Үш ат жеккен есік алдында тұрған күйме сенікі ме?
- Иә, менікі. Менде күйме көп.
- Онда Глашаны да өлтірген сен екенсің. Жауыз! Матвей Енудсенге тап берді. Қасындағы жолдастары жібермей ұстап қалды.
- Оны күндіз менің ұлым мініп еді,--деп Енудсен жан-жағына жалтақтай қарап тұр.- Өзін көрген жоқпын. Бір жақта жүрген шығар.
- Өлтіремін оны,- деп Матвей ызадан қалш-қалш етіп отыра кетті.
- Өлтіру керек! Құрту керек шетінен бәрін!
- Дәл осы мырзаның қанішер ұлынан келген кеп бұл.
- Былтыр да Андрюханың солдаткасын орманда зорлап кеткен.
- Тыңдамаңдар! Лақтырыңдар шойынға! Бәрін тегіс лақтырыңдар.
- Қанға қан!
- Кекке кек!

Лепірген қызу топ, кектенген ызалы жұмыскерлер даурығыса айқайлап, әркім әр жерде жатқан бір-бір кеспелтек темір сүймендерді тауып алып, полицияның қоршауында тұрған Енудсендерге төніп барады.

Ортаға Обермастер шықты.

Мен айтады сендерге. Тоқтаңдар! Келіседі біз. Көп ақша береді. Шойында фосфор бар. Глаша жоқ. Глаша рухы - түтін. Ұшты-кетті. Жұмақ кетті. Біз зеңбірек құяды. Енудсен мырза Глаша памятник-постамент қояды. Забастовка жоқ. Жұмыс бар. Жұмыс керек. Сендер ақша керек. Матвей ақша керек. Матвей

ақша алады. Глаша жоқ. Глаша-хаос, стихия. Матвей қалыңдық табады. Басқа қалыңдық. Мен айтады, шулама!

- Тыңдамандар былшылын. Дұрыстап сөйлей алмай тұрып, ақыл үйретпек. Ақшаға сатылған өздеріндей көреді ғой елдің бәрін. Анау ақ періште қарындасыңнан жаның ардақты емес. Шошымаңдар да жасымаңдар!

- Тараңдар! Тараңдар, әйтпесе...

Полиция бастығы айқай салды.

- Тараңдар! Әйтпесе, қару қолдануға мәжбүр боламыз. Ақырғы сөзім бұл.

Іркіліп бөгеліңкіреп қалған топтың ішінен манағы горновой ілгері шықты.

- Жолдастар! Тыныштальңдар! Айқай-шумен орыс қоғамдық құрылысын, тірлік-болмысты өзгерте алмайсыңдар. Оны өзгертудің жолы бар. Өзгертетін және біз боламыз. Соған апаратын да, жеткізетін де мына Енудсен мырзалар, осы мырзалардың қолшоқпары - мына жандармдар. Ақиқат, әділет жолы шын ұлдарын тайдыра алмайды. Олар көп. Халқының, отанының бақытсыздығын жанымен түсінген, ұғынған ұлдарын тоқтатар күш жоқ. Айқай-шуды, даурығуды тоқтатайық. Даурығу, дабырласу - күрес жолы емес.

Енудсен мырза, қайтыңыз. Жұмыс тоқтамайды. Қазандағы шойынды Глафира Неклюдованың мәйітіндей қастерлеп жер-анаға тапсырамыз... Біздің де ақырғы сөзіміз осы!

* * *

Инна үнсіз қалды. Сапар да мүлгіп, қалын ойға шомып кетті.

«Өлім... Өлімнің түрі көп. Өлгендер қайтып келмейді. Қайтып келмеген соң, ешнәрсе айта алмайды. Өлген адамның ештеңе айтуға шамасы жоқ.

Өлімнің түр-түрі көп. Ауырып өледі, қиналып өледі. Күліп өледі, жүріп бара жатып өледі. Оқтан өледі. Сотыста өледі. Суға батады. Уланады. Бәрі бір өлім. Өлімнің артық кемі жоқ. Барлық өлімге аза тұтамыз. Өшкен рухына жас төгеміз.

Қолапайсыз, өрескел, адам ойы сенгісіз өлім бар. Бір сәтте жоқ болып кету, түтін боп ұшып, сейіліп кету - қиын. Сөнген оттың күлі қалады. Семген жан-

ның денесі, сүйегі қалады. Оттан жарық та, түтін де шығады.

Өлім?.. Өлім деген не? Тірілер үшін ғана ой елегінде жылтыраған шоқтан елес берген қорқыныш па? Торықтыру ма? Өлілерге «өлім» деген ұғымның керегі жоқ. Олар оны сезбейтін де шығар.

Өлім?! Кімге, қандай керегі бар? Глафираны әкеткен өлім бе? Өлім болса, сүйегі қайда, денесі қайда? Шойыннан, металдан құба талдай нәзік мүсін қайта жасалар ма, қайтадан өз қалпына оралар ма? Ендеше өлім неге керек. Бүгінгі тірлікті күні ертең өшіру, сейілту, мәңгілікке жоғалту үшін ғана ма?

О дүннеден сескенбейтін жан жоқ шығар. Жалғыздық, қаратүнек жалғыздық кімді де болсын қорқытады ғой. Өлілер сезе ме екен? Сезетін болса, жалғыздыққа шыдар ма?

Глафира ше? Оның мәйіті де қалмады ғой. Ол қайтпек?!

- Көз алдына көлденеңдеп тізіліп -қаралы тобыр келеді. Ұбақ-шұбақ шұбырып молаға қарай бет алған...

- Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойын қара жердің астына түсе берді.

- Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойында - он-ақ мысқал қыз мәйіті бар.

- Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойында - он алты-ақ көктемнің қуанышқызығы қалды.

- Тәңірі, өзің жар бол, тәңірі, өзің жар бол...

Бауырымен жер сызған күзгі қара бұлттан бозторғай төмен құлдилайды. Қайтадан жоғары атылады. Таң алдында ғана сайрайтын жұдырықтай бозша құстың дәл қазіргі аласапыран қимылы - сонау он тонна шойында еріп кеткен ақ періште қыздың қалықтап ұшып жүрген жүрек дірілі ме екен? Көз жасы мен шық тамшысындай мөлдір жүрегі сол ма екен?..

- Тәңірі, жар бола гөр, тәйірі, жар бола гөр...

Алыстан талып жетіп қоңырау сыңғыры естіледі. Азан-қазан азынаған шіркеу азаны ол. Талықсып, шаршап барып дала тыншиды, Ауа қозғалысы саябырсиды. Бәйек тапқан демдей. Мәңгілік тоқтаған он тонна шойыйдағы алшыбық жас тірліктей. Жас өспірім ғұмырдай.

- Тәңірі, жар бола гөр, тәңірі, жар бала гөр...

Дың-дың-дың!...

Зың-зың-зың!..

Әлсіреп соққан шала жүрек соғуы ма?

Бүлк-бүлік ұрған қан тамыры ма?

Жоқ! Шымырлап тұла бойға азалы күйік енгізіп тарап жатқан қоңырау үні. Шіркеу азаны...

- Аллилуйя... аллилуйя..

«Он тонна шойын - он батпан қарғыстың айғағы. Он батпан көз жасының сорғалар, сарқылар арнасы. Көз жасынан пайда не? Көз жасы - қорғасыннан ауыр. Корғасындай оқ болмайды бірақ. Көз жасы оқ болса, дүниеде қастық пен қастандық қалмас еді. Көз жасын тірілер ғана көреді. Өлілерге пайдасы жоқ. Олар көре алмайды. Олар көрмейді. Ендеше көз жасының кімге қажеті бар? Алдау үшін, арбау үшін жас төкпеу керек...»

- Тәңірі, жар бола гөр, тәңірі, жар бола гөр...

Аллилуйя... аллилуйя...

Қара жолдың қасқайып барып тірелер жері-зират па? Қабірдегілердің карекеті - үндемеу, мелшию, тырс етпеу ме?

«Он тонна шойын - он қызыл гүлді төсіне қысып жер астында қалып барады. Он қызыл гүлдің керегі қанша? Он қызыл гүлдің орнынан он тамшы қан құйса қайтер еді. Қан мен гүл неге бір түстес? Он тонна шойында он тамшы қызыл қан бар ма екен?

- Аллилуйя... аллилуйя...

- Қоштасу керек. Кіммен қоштасады? Он тонна шойында он саусақтын ізі болса екен-ау. Оймақ еріннің белгісі болса екен-ау. Жоқ. Бірі де жоқ. Ендеше, қоштасудың кажеті қанша? Суық шойын - суық дене емес қой. Қаны кашқан, кірпігі айқасқан сұсты мәйіт те емес. Кіммен қоштаспақ? Кімді азаламақ?

- Тәңірі, жар бола гөр...тәңірі, жар бола гөр...

Үнсіз, дыбыссыз күбірлеген еріндер неге бүрсеңдейді? Еріндер неге жыбырланды? Сүйе білген ерін жылай да біле ме? Жылай білген ерін сүюге ынтық па?

Сүю деген не? Жоқ болып құрып кетуге - өлімге деген тірінің әлсіз бұлқынысы ма? Махаббаттың тұрағы қайда? Өліммен бірге ол да қоса жоғала ма, ізсіз-тозсыз ғайыпқа сіңіп, құрып кете ме?

- Аллилуйя... аллилуйя...

Өмірде жете алмайтынын көп. Жеткізбейтіндер көп.

Асығасың да жүресің. Асықпайтын күнің жоқ. Уақытында жететін, дәл басатын өлім ғана.

Он тонна шойынға он тамшы жас төгілді...

- Сапар, неге үндемей қалдың?

Сапар селк етіп ойын үзіп алды.

- Инна, сұмдық оқиға ғой мынауың. Сонымен анау жігітке, Енудсеннің баласына не істеді?

- Енудсеннің баласын атам өлтірген ғой.

- Қашан? Қалай?

- Үш жылдан кейін. Петроград түбінде. Азамат соғысында.

- Глашаны аяп отырмын. Неткен қайсар еді!

- Иә, аянышты. Вася да аянышты... Сыңар аяқ...

- Мен қайтайын. Дем алайын. Түнде тағы сменаға шығам.

- Сапар...- Инна иығы дірілдеп үнсіз жылайды. Сапардың кеудесіне басын төсейді.

- Ертең Васяға кіріп шығайық.

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Сапар үйінен хат алды. Анасы жазыпты.

*«Ұмыттың бізді, күнім. Хабарласуды қойдың. Хатыңды тоса-тоса шаршадым. Папаң орынша. Қарның ашып қалған жоқ па? Отқа көп жақындама...»*

«Мама! Ұмытам ба сені. Сені неге ұмытайын. Сүйем ғой өзіңді, мама. Айта алғам жоқ әлі. Рақмет саған, мама. Өмір бергенің үшін рақмет. Дәрігерге бармағаның үшін, түсік тастамағаның үшін рақметі Сен мені дүниеге әкелдің. Өмір бердің, мама!»

*" Келіп кет. Көріп қайт, күнім. Сен жоқта жарық сәуле қараңғы тартады, Сапаржан!»*

«Барамын, мама. Уайымдама, мама».

Ана сөзіне құлақ асар кім бар екен! Қаланың қым-қиғаш қызығы, даланың ұзын салқар сағымы алаңдатқан баланың уәдесінің шегі болар ма! Ананың сағынышы - көл болса, жастық-жел ғой. Алаңдатып, алдарқатып қуалайды да жүреді. Ана аңсауынан айнымайды. Бала уәдесінен жаңылмайды. Аңсаудың алданышы - уәде ғана.

«Барамын, мама! Әлі-ақ барамын».

Уәде - сөз. Айтылды - кетті. Желге ұшты, құмға сіңді.

**«...** *Ауырып қалдым, Сапар, Онша қинамайды. Түрегеліп жүрем. Бірақ қорқамын. Өзіңді бір көрсем екен.. Бар арманым сол...»*

«Ауырма, мама. Қорықпа, мама. Жазыласың, мама».

Айту оңай. Сезіну, ұғу қиын. Сергелдеңін жеңуің қиын. Ана баласын аяйды. Ана баласын қорғайды. Әбден жеңіліп титықтап барып қана қорқынышын білдіреді. Қорқынышы үдегенде ғана барып ұлынан жәрдем тілеп қол созады. Келіп кет деуі - жарасына шипа, үмітіне арқау, сағынышына талшық. Келіп кет дейді. Тосады. Күтеді. Күн санайды.

*«Ауруым меңдеген сияқты. Көп ойлаймын. Көп қорқамын. Жалғыздықтан қорқамын. Өлімнен сескенем...»*

«Өлімнен мен де сескенем, мама. Қорқынышты ғой ол. Қара жерде бір күн... екі күн... мәңгілік жата беру кімге де болса қорқынышты. Сен қорықпа, мама. Сенің қорқатын жайың жоқ».

Неге қорықпасын. Белгісіздік - үрей ғой. Үрей туғызған сағыныш бәрінен де ауыр. Уайым ғой ол. "Келіп кет"- сол уайымды, бір сілкіп, серпіп тастар самал, ақжелең тілек. Келіп кет. Уақыт тап, қайтсен де келіп кет. Анаң шақырады, балалар! Анаң іздейді, балалар!

**«...** *Тапқаның, таңдағаның бар ма , Сапар, Бар болса, болашақ келінімді көрсетіп кет. Білдіріп, ескертіп кет. Ақылымды айтармын...»*

«Айт, мама. Ақылын керек, мама. Тандағаным, тапқаным бар, мама».

Ананың білмейтіні жоқ. Анадан сұрамайтының жоқ. Бәрін біледі. Өмір туралы, тірлік туралы сұрай бер. Жауап аласың. Бірақ өлім туралы сұрама. Өлімді білмейді. Өлімнен қорқады. Өлімнен қорғайды. Кішкене алақандарын өлім жолына қалқан етіп тосады. Анадан өмірді сұра. Өмір туралы сұра. Өлімді сұрама. Өлім туралы айтпа. Айта көрме. Ол одан сескенеді. Өмір мен ана егіз, өлім мен ана қатар тұра алмайды. Қатар тұрмайды да. Ананы өлтірмейік, балалар.

«.... *Алма толып, келеді. Алмаң өсіп келеді, Сапар. Келіп өз қолыңмен үзіп жеп кет. Өз қолымнан дәм*

*татып кет. Ешкімге тигізбеймін. Ешкімге жұлғызбаймын...»*

«Өзім үзіп алам, мама. Ешкімге тигізбе, мама».

Ананың сақтағаны көп. Ананың аузыңа тосары көп. Үмітін үзе көрме. Толып піскен алманы үзуге болады. Талықсып жұқарған төзімді үзуге болмайды. Қиюға болмайды. Алма ағаш гүлдейді. Алма ағаш гүлін шашады. Алма ағаш жұпарын аңқытады. Алма ағаш түйін салады. Жемісіне шырын жинайды. Алма ағаш-ақ шашты анаңдай. Алма ағашты ойласақ -анаңды ұмытпа. Алма жесең - анаңды еске ал.

*«... Көп кешіге берме, күнім. Түнгі сменада ұйқыңды қандырып бар, Сапаржан. Заводыңды көрмеген анаңмын, Жан-жағым түгел ұшқын атқан от деп едің. Абай бол, күнім. Жазымға дауа жоқ. Сенің түнде істейтін кездеріңде менде де ұйқы болмайды. Сақ жүр. Асығып-аптықпа, құлыным...»*

«Асықпаймын, мама. Абай болам, мама. Ұйқымды қандырып барам түнгі сменаға, мама».

- Ананың ойламайтын, қам жемейтін күні болар ма! Сенің құлағаның да, сүрінгенің де, жарақаттанғаның да - ананың кішкене жүрегінің үлкен тосқауылдары ғой. Сенің өскенің, есейгенің, қуаныш-қызығың кішкене ана жүрегінің үлкен жеңісі де ғой. Ананың қуануы да, қайғыруы да тез. Ананы қуанта білейік. Ананы қайғырта көрмейік.

*«Ауырып қалма. Тер қатпасын. Суық тигізіп алма, құлыным. Дәрігеріңе көрініп тұр. Ауыра көрме. Ыстық ішіп жүр. Денің сау болса бәрі орнында болады. Ауырып қалма. Ауыра көрме...»*

«Ауырмаймын, мама. Ыстық ішіп жүрейін, мама. Терлейтінім де рас. Көп терлеймін. Суық тигізбеспін, мама».

Дүниедегі ана біткеннің тілейтіні- тыныштық. Ауыра көрмеңдер, балалар. Жаралана көрмеңдер, солдат-ұлдар. Ананың қорқынышынан ауыр, ананың қорқынышынан қасіретті нәрсе жоқ. Баланын тәні ауырса, ананын жаны сырқырайды.

...Түн ұзақ. Ұйқысыз түн қалталанып ананың кірпік ілмеген жасты көзінің айналасына үймелейді. Ана ұйықтай алмайды Ана әлдиі жүрегінде сайрайды. Ана әлдиі көмейіне тығылған өксік жасымен шығады. Ана ұйықтай алмайды. Төсектегі бала ауру. Бала ыңқылы ана

жүрегінен ғана төгіледі. Ана уһілеуімен ғана ұзарады,
Ауыра көрмендер, балалар.

*" Тез орал, Сапар. Аман-есен кездесейік. Жолыңды тосып өтермін. Сағынып күтіп өтермін...*

Түс *көрдім. Сені көрдім, Сапаржан. Күліп бара жаттың. Алысқа аттанып бара жаттың. Соңыңа ерген көп адамды бастап бара жаттың. Сенің күлкіңді көрдім. Сенің өскеніңді көрдім. Сенің білімді болғаныңды көрдім. Қуанып ояндым.."*

«Мен де түсімде жиі көрем, мама. Сен де қуанып, күліп жүресін, мама. Адам болам, алдамаймын, мама».

Қыран қанаты қылыштай. Қиял қанаты жебедей. Үкінің бадырайған көзі ғана бар. Қыран қалықтап ұшқанды ұнатады. Қиял шартарапты кезеді. Үкі ұшпай-ды. Үкі ықтайды, аңдиды. Үкінің қалықтап ұшқанын көргендерің бар ма.

Қиял көшірмесі - түс.

Түс - сағынудан, аңсаудан туған елес, үміт, тілек.

"*... Сау бол, Сапар. Бетіңнен сүйдім, құлыным. Анаңды сүй адамды сүй. Сүйе біл, күнім».*

«Сүйем, мама. Адамды сүйем, мама. Адалдықты сүйем. Сүюді түсінем. Түсінуге тырысам, мама.

Түсіну керек. Тырысу керек. Адам өмірімен емес ісімен өлшенеді. Көп жасап, аз қалдырасың, аз ғұмыр-дың көп тартуы бар. Өмірді сүйе білу керек.

* * *

Жаңбыр шелектеп құйып түр. Аспан мен жерді топан су қаптап, жер аспанға, аспан жерге құлағандай, Қай жаққа қарасаң да - су. Сарылдап, суылдап құйылады. Шылп-шылп шашырайды. Әйнекке тырс-тырс ұрады,

Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Бір сарынды айнымас, ауыспас ызың-суылы бар. Аспан ақтарылып жатыр, Алып қазанның түбі тесіліп кеткендей.

Бөлмедегі төртеу төрт жерде, төрт түрлі каракетте» Сонау бұрыштағы кереуетте отырған Сухов Славаның осыдан екі жарым ай бұрынғы бейнесі жоқ. Кіші-гірім поровоздай ысылдап дем алатын жуан дене бұл күнде қымызы ортайған торсықтай жіңішкере, жұқара түскен, Ақ жүзі тотығып, бұғағы азайып кадімгідей адам келбе-тіне жақындап қалған. Сонда да үйренген ауыз үйрен-

шікті кәсібін ұмытпапты. Майлы шұжықты былш-былш малжаңдап отыр.

Рахман Субандрио кішкене денесін екі бүгіп алты шекті гитарын-баяу шертіп, өз елінің алдебір мұңлы әнін баяу қоңырлатады:

Нона манис сипаян пуня,
Расса саяң саяңи...

Жаңбыр құйып тұр; Толастар емес. Терезе әйнегін тырс-тырс ұрып үздіксіз сабалайды.

Тілепберген ұйықтап жатыр. Түнгі сменадан шаршап қайтса керек, тұяқ серппейді, әлденеге күлімсіреп ұйқы-сырап қояды.

Сапар ұйықтай алар емес. Әрі-бері дөңбекшіп аунай береді.

Ауыз үйге - дәлізге әлдекім кірді. Аяғын сүртіп суын сілкіп, бөлмеге енді.

Отырсыңдар ма?

- Жоғары шығыңыз, Әбілтай Сұрағанович!

- Жо-жоқ, рахмет. Асығыспын. Сапар, сен мені шығарып салшы.

Жаңбыр шелектеп тұр. Төгіп тұр. Табиғаттың да ағыл-тегіл жас төгіетін кезі болады екен. Жылайтын, еңірейтін шағы болады екен. Тұнжырап, түйіліп келіп бір-ақ босапты. Іштегі бар өксігін лықсытып ақтарып жатыр.

- Кетем. Біржолата кетем. Шығарып сал.

Әйеукүнгі оқиғадан кейін екеуі кездеспеп еді. Әбіл-
тайдың әдейі іздеп келуі Сапарға қатты әсер етті. «Қатесін түсінген-ау. Не дегенмей жақсы жігіт»! деп риза боп үнсіз ілесіп келеді.

Әбілтай шалшықты былш-былш кешіп барады. Бұрынғы адуын мінез, өр, көкіректен із де жоқ. Артына бұрылып, сәл тоқтап Сапармен қатарласты;

— Босқа адасыппын. Әлі де кеш емес. Теміртауға тартам. Білімім бар, Тажірибем мол. Жергілікті кадр-мын. Ескермей көрсін, елемей көрсін. Көрсетемін. Танытамын әлі.

Сапар қайта тіксінді: «Өзгермеген екенсің» деп бас шайқайды.

Трамвайға отырып, вокзалға келді. Поездың келуіне бес минут уақыт қалыпты.

- Сен маған өкпелеме, Сапар, мен де саған өкпелей

қоймаспын. Әлі жассың ғой. Кейін мені де бір түсінерсің. Түсінбесең де енді маған бәрібір. Мен өз үлесімді мол қамтуға тырысатын, ұмтылатын жанмын. Өмір - талас, тартыс, Таласып алып, тартысып жеңу керек. Жеңемін!

«Жоқ, жеңе алмайсың. Жеңілесің. Жеңілгенің де осы. Сенің талас дегенің, Әбілтай Сұраганович, талас емес - далбасалық. Тартыс дегенің - өзімшілдік, қара бастың қамын күйттеу ғана. Сен жеңе алмайсың. Жеңіле бересің. Өйткені, өзіңді өзің ұрлап жүрсің, өзіңді өзің бөлшектеп жүрсің»

Сапар үндеген жоқ. Іштей арбасты, іштей ғана айтысты. Поезд тоқтады. Қалшатыр көтерген жұрт жапатармағай вагон-вагонға жүгірді.

— Ал, сау бол. Тірі болсақ талай кездесерміз.

— Кездесуіміз мүмкін.

— Хат жазып тұр. Сен маған жұдырық көтерсең де, менен артықты таба алмайсың.

— Адресіңді білмеймін.

— Жақсы, өзім хабарласармын.

Әбілтай тамбурға көтерілді. Поезд қозғалды. Вагон буферлері сарт-сарт етіп сіресе қалып, дөңгелектер жайлап айнала бастады. «Бір, екі, кеттік! Бір, екі кеттік!»

Сапар вагонмен қатарласып, ілесіп келеді.

Бір кез Әбілтай терезеден сыртқа қарады.

- Сапар, ұмытып барады екем. Мынаны Боковқа, мастеріңе бере салшы, премияны осы адреске жіберсін.

Лақтырған конверт шалшыққа шылп етті.

Сапар еңкейген жоқ.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Қаракөк түтін будақтап көкке өрлейді. Құлдилап төмен шүйіледі. Сылқ етіп темір плиталарға соғылады да жербауырлап жан-жаққа шашырайды.

Балқыма ағып жатыр. Екі пеш те қатар ақтарылып жатыр...

- Перекур!...

Даусын созып, ұзақ әндей, балтәтті әуендей тамсана айтады.

Бөлме іші қаракөлеңке. Кеш түсіп келеді. Қабырға қуалай жүгірген снрек жолақтар - күн сәулесі казір көрінбейді. Бұрыш-бұрышқа алакөлеңке ұйыды.

Қара бұйра дудар шашты сипалаған тарамыс саусақтар алғаш рет енесінің емшегін әлсіз түртінектеген қозы ерніндей, әрі жұмсақ, әрі мейірімді. Қоңыр дауыс айлы түнде ұзақ жырымен бесік таянған келіншек әлдиіндей, талықсып жетеді. Жетеді де жүректе ұйыған сезімді ұйқы-тұйқы сапырып жібереді.

- Қол - қатқан кара таяқ деме. Аққудын мойнындай аппақ, ақ нандай жұмсақ болған бір кезде. Бір сипауға да зар болғандар көп- ті.

Акулина әжей сөйлеп отыр. Еңкейіп төнін келген жүзі Сапарға толық көрінеді. Еті қашқан жүз - Акулина әжейдің туғаннан бергі өзі өткен жолдарының картасы. Айқыш-ұйқыш. Қара жердін сауырын тілгілеген жотақыркасы, өзен-көлі, тау-суы тік көтеріліп келіп, суалып сарғайып тозған газет қағазындай көне жүзге түп-түгел орналасқан да қойған. Жерді көр де, жүзді көр. Акулина әжейге қара да, қара жердің бұдыр-бұдыр белесін есіңе түсір. Алданбайсың. Көгершіннің көмейден төгілетін күркіліндей баяу ақтарылған әже лебізі сылдыраған бұлақты, судырлаған орманды, мүлгіген тоғайды, сиқырлы ертекті, сыбызғылы әуенді, күңіренген өксікті, кейіген күрсіністі, емен-жарқын қыз күлкісін - бәр-бәрін қат-қабат көшіріп әкеп құлағыңа құя салады. Нанасың да нанбайсың. Өрімтал дене өзегі шіріген қарағаштай мүжіліп, сояу-сояу бұтақтарын арбитып тұрғандай. Аппақ мрамордай жұмсақ тән мойынтұрық қажаған көк өгіздің көк терісінден бұжыр-бұжыр. Таңдана қарайсың. Қарайсың да уақыт деген ғажайып тылсымның құдіретіне әрі бас иесін, әрі бас шайқайсын.

- Колосованың ар жағына шықсаң, құдайым-ау, ит тұмсығы батпайтын сыңсыған орман. Қандай орман десеңші! Ағаштары көкпен тірескен, кілең бір батырнағыз Евпатий Коловрат! Сұлуын-ай! Көз айырмайсың. Жылап келем. Жыламай көр. Семкам, менің қайырымды ұлым ауырып жатыр ғой... Ағаштар керемет! Құшақ жетпес діңгектерін құшақтап тұрып жан-жағыңа қарасан! Әне, Русь! Русь орманымен - Русь байлығымен - Русь. Евпатий Қоловрат сияқты алып ағаштарымен-Русь!

Жолға шығасың... Ох, құдайым-ау сол, құдайым, аяғың асты толған қозықұйрық. Көтергеніңше әкет. Әрі қарай аттасаң - бүлдірген, құлпынай көз тимесін, сыңсып тұр. Не істерсің! Жейсің, жейсің. Әрі кетесің. Байлық таусылмайды. Орман! Жабайы орман. Өзі өскен, өзі бой жазған. Қолдан дәл сондай боп өспейді. Ал жабайы орманның жөні бөлек. Онда өспейтін шөп жоқ, тамыр жоқ. Жинап ала біл. Жарата біл.

Жылап келем. Семкам, бишара ұлым ауырып жатыр ғой...

Таза киінгем. Тазаланып жуынғам. Ақ көйлек, ақ шаршы байлам. Дәрі-дәрмек тазалықты сүйеді, ақтықты ұнатады.

Құдайым-ау, орманда не жоқ. Бәрі бар. Тоғыз күшті тамыр ма, алаугүл мен тазатән бе[1]- ала бер, тере бер. Еңкеюге ерінбе.

Жинап ал, теріп ал. Гүлін түсірме, ұрығын ұшырма.

Жылап келем. Көз жасы - көңіл бұлағы ғой. Аққан сайын ашылады. Семкам менін, кішкентай құлыным, ауырып жатыр ғой.

Құдайым-ау, орманда жазда болып көрсең ғой. Бәрі гүлдейді. Бәрі жапырақ жаяды.

Қазып алам. Қазып алам да үйге әкелем. Кептіру керек. Шардақтағы шабатаға салып тастаймын.

Акулина әжей сөйлеп отыр. Акулина әжей Сапардың қарнындағы күйікке әлденебір май аралас дәрі жағып отыр.

- Адам деген осы. Өседі, өнеді. Өсімдік те бір, адамзат та бір. Ұрық шашады. Өскін жинайды. Қартаяды, семеді. Маған қара! Маған қара да, ұлым, өмірді ұқ. Адамның да тозарын, ескірерін жадыңда тұт. Сояудай болған мынау аяқтар қаншама версты адымдады. Құдайым-ау, кім есептеген соны. Сиыр сау, от жақ, картоп түпте, нан иле, айран ұйыт, капуста тұзда, шошқаға тамақ әзірле әйтпесе болмайды - бәрі жұмыс. Күнделікті машақат. Ол ол ма, егістігім бар, шөмеле үйесің, ау саласың. Солдатканы кім асырайды. Анау менің Василийім, құдай өзі жар болсын, бірінші дүниежүзілікте пруссактармен шайқасып жүрген. Ох, мамочка, сондағы балықтар-ай! Сұрама! Бір-біреуін әрен-әрең көтересің.

[1] девятисильник, горицвет, чистотел - тамыр мен гүлдер.

Акулина әжей дудар шашты сипайды. Акулина әжейдің көгерген еріндері әлсіз күбірлейді. Көздері жұмылып кеткен. Не ойлап отыр екен. Қай көктемін еске түсірді екен Қай жазын аялайды екен. Дүниедегі ескірмес, тозбас құдірет - адам ойы, естелігі ме екен. Жаңғыртып оянып, жарақаттап жетер қарғыстан да, күлдіріп кіріп күрсіндіріп оралар қуаныштан да абзал, тылсым жад, сенен өтер не бар екен?

... «Алысқа кеткеннің жолын тосудан жалықпа. Жақындағының жаласына ұшырамауға тырыс.

Айқайлап аброй таппайсың.

Үндемеймін деп уәдеге де шықпайсың,
Көзі көрген көп тергемейді көп тербейді.
Жыласаң да жалынба, жалынам деп жылама.
Ойын қуған ой қумайды.
Жалыны жоқтың, жағырығы көп болады
бос күбі даңғырауық қой.

Әр заттың өз орны бар. Мөлшерден артықтың бәрі былапыт.

Қозықұйрыққа құмшекер қоспайды ғой...»

Акулина әжейдің үзік-үзік ойлары, толғаулары осылай жетеді, тарамыс кәрі қолдар, сүйекті саусақтар майдай жағады. Сапар осы қолдарды аялағысы келеді, Осы әжімді жүзді аймалағысы келеді. Қартайып қалған анасына ұқсатар.

- Матвей Ануфриев менің Семкаммен жасты ғой. Көрмегені жоқ. Семка екеуі жеті жасар кезінде орманда адасып кеткен. Ой, қорыққаным-ай! Айқайлап жүрмін. Күн батып барады. Орман ішінің кеші қандай. Тез түседі. Айқай не? Орманда айқайладың не, жыладың не, бақырдың не? Бәрібір. Төрт тұсыңнан тоқсан тоғыз жаңғырық қосылып кеп береді. Қасқыр ұлыды ма, бұғы мөңіреді ме, бала жылады ма - айырып, ажыратып көр! Жүріп келем, сенделіп келем. Ананы түсін. Аңыраған сырын ұқ. Күн емес жыл өткендей. Семкамды енді қайтып көре алам ба. Ұлынан айрылған, тірі айрылған шеше мұңы - қасіреттің ауыры ғой.

Түн болды. Орман іші қап-қара. Ұлымды жалмаған тасқараңғы қабірдей. Айқайлап келем. Егіліп келем. Бір кез ұшып түстім. Қу бұтаққа сүрініп жығылыппын. Жатырмын. Жоғарыда ағаш жапырақтары суылдайды. Ышқынған өксіктей, Менің алқымыма тығылған өксігімдей.

Жатырмын. Ауық-ауық дауыстап қоям.

— Семка-а-а!

— Матвеюшка-а!

«А-а-алаға«» дауыс жаңғырығып келіп толқындай соғады.

Тықыр естілді. Құдайым-ау, құдайым, қорыққан мен қуанған бірдей. Орнымнан тұра алсамшы. Ұлдарым келе жатқандай. Қорқау қасқыр және ұрлана жақындайтындай. .

«Бұ кім?»

Дауыс жуан. Еркек даусы.

«Мен. Ажулинамын. Балаларымды іздеп жүрмін деймін мен. «Көрмедің бе, қайырымды жан».

- Жоқ, көре алмадым»,- дейді әлгі сыбырлап қояды.

Қараңғыға көз үйренген. Жолаушымның ұсқыны жаман. Киімі алба-жұлба. Қорқып барам.

«Сен менен қорықпа. Аздап дем алайын, сонсоң кетем. Жейтін ештеңең жоқ па?»

«Ой-ай-ай! Қайдан болсын. Ұлдарымды іздеп есім шығып жүр емес пе».

Жігіт көп бөгелген жоқ.

Мен де орманды аралап дауыстап жүрмін.

Таң атты. Орманнын таңы әдемі ғой. Оны қайтейін. Семкам мен Матвейді тауып алмақпын.

Таптым ғой. Қорыққанынан естері шығып, бүрісіп-бүрісіп отыр екен. Екеуін екі құшағыма қысып бір күлемін, бір жылаймын. Семкам қайсы, Матвеюшка қайсы, бәрі бір.

Ақселеу шаштарды кезек-кезек сүйемін.

Қайттық. Үшеуміз де әбден шаршаппыз. Ілбіп келеміз. Екі ұл нан сұрап қыңқылдап қояды.

Бір сәт Матвей оқыс шегініп кетті. Екі көзі шарасынан шығып барады.

«Акулина тәтей, бармаңыз».

Неге бармайын. Бардым. Көрдім...

Ох! Шығы кеппеген шалғында көк құрақтай орылып жігіт жатты. Жер қойны тәңірінің құшағындай аяласын. Көрдім. Көріп тұрмын. Танып тұрмын. Түнгі жолаушым!.. Ұйықтап жатыр... Мәңгі ұйқымен. Мандайында қарайып оқ орны көрінеді.

О-ох! Жыламай көр! Күрсінбей көр! Қайдай әдемі бозбала еді! Атып кеткен. Өлтіріп кеткен.

Құдайым-ау, құдайым, неткен қатал ең, қатыгез ең. Аямайсың ғой, аямайсың...

Акулина әжей сіңірлі қолының үш саусағын бүрістіре қосып баяу ғана шоқынып алды. Еріндері үнсіз күбірлейді.

Бөлме алакөлеңке. Бейуақыттағы бейуақ кейуананың қоңыр үні талықсып жетеді.

Сапар риза. Бас жағында тұрған тумбочкадан қағаз, қалам алып Акулина әжейдің сөздерін жаза бастайды.

— Не жазып жатырсын?

— Сіздің айтқандарыңызды, әже.

— Е-е, мен не айта қойыппын.

Акулина әжей одан кейін көпке дейін үнсіз қалады. Қыбырсыз мүлгіп кетеді. Әжімді жүзін алақанына төсеп, бірқырын отырады.

Ымырт түсе Инна келді. Қызыл алмасы бар.

- Алматының апорты. Әдейі саған базардан сатып алдым.

Мә! Сауығып кетесің.

- Рақмет!

Екі жас өз-өзімен күбірлесіп мәз болып қалады. Біріне-бірінің айтары көп.

Акулина әжей ұмыт қалады. Шала жұмылған кірпігі сирек, нұрсыз жанардың қиығымен Сапар мен Иннаны бағады. Көп отырады. Күндізгі алау ыстығы азайған бөлменің қапырығы саябырлаған дәл осы алакөлеңке шағына еріп сіңіп кетіп қыбырсыз қалған күйінде мына екі жастың мәз-майрам кейпінен өзінің сонау көз жетпес қиырда қалған жасыл көктемін еске ала ма, үндемейді. Жоқ. Акулина әжей үндемегенімен осы бөлменің күндегі тәулігіне бір оралып соғатын дәл осы бейуақ шағының аса қадірлі бір белгісіндей. Анау тіссіз иектің опырылып кеткен еріндері енді-енді ашылып, орманы, тоғайы, бұлағы, тау-тасы ғажайып көрініс беретін ертегідей еліне, жастық жазына шақырып кететіндей көрінеді. Енді-енді алыс дүниенің асыл қақпасын жауып тұрған күңгірт көздер жат-жұлт ашылып, ұшқындап кететіндей.

Бір сәт... Көгершіннің көмейден төгілетін күркіліндей нәзік үн естіледі. Бұл - Акулина әжейдің күлкісі. Бұл-Акулина әжейдің риза көңлінің еміренуі.

-Инна, сәулешім-ау, ән сал. Бақыт деген күбір-күбір күңкілге сыймайды. Бақыттың үні - ән ғой. Ән сал, көкешім.

Майрампаз оңаша сәттің қыбырсыз толқынына дауыл үрлегендей желпінтіп алады да, және үнсіз бұйығады. Жыпыр-жыпыр ұсақ-ұсақ әжімдердің әр сызығына жып-жылы. мейірім үйіріледі. Ағына қызыл сарғыш бояу сіңген көмескі жанардың емірене қалған сәтін көріп пе ең? Қараңғы түнде елсізде адасып жүргенде зарығып барып көретін алаулаған оттай ғой ол.

Инна ән бастайды. Иннаның ән айтқанынан сықылықтап күлгені-ақ жақсы. Бірер шумақтан кейін саябырлап қалып тоқтайды.

- Қызым-ау, атаңа тартқансың. Нағыз әншісің өзің. Матвеюшка ән салғанда лақ маңырап, ит ұлитын.

Акулина әжей қызыл иегін көрсете сылқ-сылқ күледі. Көгершіннің үніндей. Емен-жарқын күлкісінен өзі де, өзгелер де тыным рақат тапқандай. Күрмеліп күмілжі-. тер күйбеңі жоқ кәрі әженің ақпейіл көңілі бейуақ іңірдің әдемі бір шұғыласындай. Көрінбесе де айналасына тарап, ұзарып кеңіп бара жатқандай сезіледі. Сезіледі де, үнсіз табысқан екі жасты бір-біріне іштей ұмсындыра, ұмтылта түседі. «Қауыш та табыс, табыс та ынтығып жетіп өртеніп, дуылдап кетердей жалынмен. шарпыс» дегендей тілсіз сәуе айтады. Сеніп айтады. Акулинна әжейдің мейірбан жымиысы, көмескі көздерінің мейірлі қарасы - соның айғағы.

Көңілде қуаныш барда -дүниедегі қорқыныш атаулы сандырақ қана. Айыққан сағымдай ыдырап кетеді. Бұл күндері Инна мен Сапар бірін бірі анық ұққан, анық түсініскен, ілгері үміттен қуаныш-қызық қана. тосатын күй-хәлде еді. Қиял жұлдызы жарқырап туған бұл шақта мұң қосар басқа арман-тілектері де жоқ, Үміті қабысқан, сүрлеу-соқпағы тұтасқан еркін жастар уайым-қамсыз жастық ғұмырдың сайранын ғана күтеді. Шадыманын ғана кешеді,

## О Н Ы Н Ш Ы  Т А Р А У

Қою түтін қопарылып көтеріледі. Қотарылып, ақтарылып шұйіледі.

Еңбек тынысы тоқтамайды. Үш сағат, төрт сағатта бір ақшыл күрең балқыма құлдилайды, Сарылдап ағып, сарқырап құйылады.

Заводқа куві-түнің бәрібір. Жұмыс тоқтамаса, шойын ағыла берсе болды. Заводты жоспар, жоспарды жұмысшы билейді. Қажыр мен қайрат, сана мен сапа басшылық етеді. Қиналуың мүмкін, кынжылуың мүмкін. Бірақ оның бәрі - еңбек зейнеті мен еңбек қуанышының бір ғана сәтіне қарсы тұра алмайды. Кеудеге қақтырар, кейігі тартар кертартпалық аяқ астындары кесектей. Теуіп кетсең, аттап өтсең- артында қалады...

...Қарақұрым түтін будақ-будақ ұшады. Арық қуалай шойынға ілесе жүгіреді. Жыл уағын күткен көктемдей, күзінде кайтқан жыл құсындай айналып соғар машықты қарбалас тыншымайды.

Төменде, чугуновозда, сұйық шойын сақырлап қайнап жатыр.

Ұзын сапты күректеріне сүйенісіп горновойлар сұйық металға үнсіз төніп, мелшиіп-мелшиіп қалған.

Көк түтін - көк айдындай. Бұрқ-сарқ атжалданып, аударылып-жөңкіп көшіп барады.

Көк түтін. Аппақ бейне...

Жайқынды жанап ұшқан ақ шағаладай ақ көйлекті қыз көлеңдейді. Жеңіл аттап, алаң жиегіндегі темір шарбақ қоршауға таянып қалды. Екі қолтығынан көтере қысып ұстап алған екі қара киімді жетектеушісі бар Инна екен.

- Тоқта!...

Инна артына бұрылады. Әлсіз бұлқынады.

Қарысып, тас боп жабысып қалған екеу жібермейді Енді таныды. Бет-аузын жауып тұмшалап алған қара-киімділер - әкесі мен және біреу. Сұйық оттың сәулесі көздерінде жылтырайды. Ұшқын шашады.

- Тоқта! Тоқтаңдар!...

Ақ желең луп етті... Ақ желең желпіп өтті. Ақ шуда бу қалды. Ақ ұлпа түбіт жайылды...

... Сапар шошып оянды. Бөлмеде жалғыз жатыр екен. Көршілері жұмысқа кетіпті.

Күн сәскеге тырмысыпты. Терезе жақтауынан бір елідей ғана бері аттап түскен сәуледен білді. Бір жақ бүйіріне аунап түсті.

Ішке Акулина әжей енді. Қолында төрт бүктеулі сап-сары қағазы бар.

- Сапар, мынаны саған бер деп кетті.

Әкесінің салған телеграммасы екен.

«Мамақ әл үстінде. Келе алсақ келіп қайт». Басқа сөз жоқ. Төбеден ұрғандай тоқ еткізген. .

Сапардың көзіне жас үйірілді.

«Келіп кет» деп еді. Медеу еткен тілек-ынтызары екен ғой. Әл үстінде... Асыл ана хабар күтеді. Зарыға тосады. Үмітіне арқау, сағынышына талшық ұлы лепір-ген көнілмен еш алаңсыз жүре беріпті. Асыққан, алып-ұшқан серсаумал тірлік қамсыз-мұңсыз күй кешіріпті. Сапар соны ұқты. Сәтке қана жүдеп, жүнжіп күрт түсті. Жас толы көздің алдындағы алақандай ақ қағаз енді бір сәтте алыстағы ана саусағындай діріл қақты. Өз шері, өз ойы бөлінбеген қымбат жан дәл қазір де тілдей қағаздан үнсіз сыр төгіп, іштей иіскеп, сүйіп, бар дұға-тілек мінажатын арнайтындай көрінеді.

- Мама! Ма-ма-тайым!..

Солырқау жүректің дірілді үні үзіліп-үзіліп естідді де, іле өксік буған жылауға жалғасты.

- Сапаржан! Анаң ауырған екен ғой. Уайымдай берме. Қайғыға өзегін берген ер емес. Ауырып тұр-ды - аунап тұрды. Сырқат келмей рақат болмайды. Кел десе, бар. Көріп, көңлі уансын. Сүйіп - мейірі қансын. Бала - ана нұры, жүрек гүлі. Сүйініп марқа-йып, серпіліп сергіп қалады. Дайындала бер, күнім, Жолыңа самса пісіріп берейін,- деп Акулина әжей ауыз үйге беттеді.

- Тос мені, Инна!
- Тосам, Сапар!

Аэропорт басы ығы-жығы. Оқшаулау топ құрып жол-дастары тұр. Қарны тартылып, бөрі құрсақ тартқан Слава Сухов та әдеттегіден көп бөлек. Томпаңдап жүгі-ріп жүріп соңғы рейске билет тапқан да сол. Вьетнам-дық досы Рахман Субандрно да үнсіз тілек қарасын жиі танытады. Тілепберген ағасындай қамқор.

Өмірде тыныштық жоқ екен. Байырқалау, толастау мұрат емес. Қөксеген арман - көп тілегімен жалғас тапса қана ардақты. Әке тірлігі осының қарама-қарсы айғағындай. Тілек-армансыз түйген бір қу түйінді қайта селкеулемей, қайта тарқатпай, құнжың-құнжық шиелей беріпті. Мың бұлақтан жырақ қап, тақырдың табанында сасып, құрғап таусылып бара жатқан қақ суындай

көлеңкелі ғұмыры бала көңілін бей-жай қылып, жиренте бездіріп аулақтатып барады. Есеп пен өсек билеген тұтам бойдың тұлабойынан тырбанып өріп, тырбиып тарап жатқан мың сан бүйінің қорқынышты суреттері елес береді.

- Сапар, аман-есен орал! Мамаң тез айықсын!..

Еміс-еміс жеткен сөздер құлақ астынан шығады. Ерні дірілдеп айырылысар сәттің кешікпей жетімсірете жетіп, жүдетіп ораларын сезе ме, Инна әлден-ақ кейісті бәсең реңмен сұрғылт тартыпты.

Диктордың жаңғырығып, даурығып сөздерін шатастырып шыққан даусымен бірге аэропорт алаңының есігі де ашылды. Жапатармағай лап қойған жұрттың артында қол бұлғап қалған ауқымды топтың «сәт сапар» жолдап тұрған ақпейіл тілектері жамырай қуып кеп жатыр.

Сапар Иннаны іздестірді.

Инна оқшаулау ілгері шығып, үнсіз қалт қарап қалыпты. Тас оба, ескерткіш-мүсіндей мелшиеді.

«Не ойлады екен? Танысқанына күпті ме? Үркек жүрекпен уайымға бойлап бара ма? Күн санап, уақытты асықтырып тұр ма екен? Бүлк-бүлк ұрған қан тамыр өмір-мезгілдің тыншымас сағаты шығар. Тез өтсе екен!»

Сапар баспалдаққа көтерілді. Аландатқан екі жан-анасы мен құрбысы. Бірі сағыныш-ынтығымен күдік жайлаған көңілді қобалжытып отырса, екіншісі діріл буған жүректің әлден-ақ аңсата бастаған лүпілімен жетеді.

Күн сәулесі күміс қанатында ойнаған көк кемесі әуеде самғап барады. Сапар иллюминаторға көз тікті. Ақ шағаладай баяу қалықтаған ақша бұлтты көрді. Ақ желең желпіген ақ ұлпа түбіттей. Ақжелең үміт боп аспандап барады.

*Алматы, 1970 жыл.*

# БІР КҮЙ БАР...

Аяқ- қолға қылбұрау түскеніне үш жыл толды.

Қыл арқан қысқан білезіктік қызарып, шорланып кетсе де, ауық-ауық шып-шып қан атады.

Жазғытұрымғы шуақ та, жаңадан бой көтерген көкті майда сипай жететін қоңыр самал да оны сергітер емес. Аяқ- қолды тас құрсаудай шырмап буып тастаған арқан сәл қозғалса, жанын көзіне көрсетеді. Содан заыланған ол қыбырсыз отырып, нұры тайған ботакөздің қарашығы ойнамас күңгірт қарасымен бір нүктеге ұзақ телміреді.

Адам өмірі о баста оған таусылмас, бітпес ғұмырдай сезілуші еді Енді қарап отырса сол аяқталмас дейтін тірліктің сонғы қақпасын жапқалы тұр. Бәрінен де бұрын қуаныш-қызығынан да, қайғы-қасіретінен де бөлек осы бір соңғы ажал сәтінің тағы қайталанбай жетері ойлантатын да, әрі сол оймен еріксіз байламға жетелеп, іштей көндіретін де тәрізді.

Көктем шіркін тіршіліктің желпініп, желкілдеп өсер бастауы ғой. Жан-жануар біткен өлі жүнін түлетіп, жаңа көктемнің жаймашуақ нұрына бой ұрғанда, құрсаулы қолын қозғай алмай үнсіз ой қудыратын дәл осы жазғытұрымын бұрын-соңды кездестірмеген қимасындай көре ме, қас қағымдай шаққа сонау, сонау бір кеуденің түкпіріндегі әлдебір қуысынан үрей аулайды. Сол-ақ екен, тұлабойын түгел дірілдетіп, дауыл үйірген толқындай дөнбекшітіп бақайшақтан жоғары өрмелеп кеп суық қорқыныштың тарамыс саусақтары алқымына тас кенедей жабысады. Жабысады да, осынау соңғы көктемінің құлпырып оянған қы-

зыл-жасыл қызғалдақтарын көз алдына төндіре тақап әкеліп , өмір көксегіш қазымыр аңсаумен қош- қош айтар сағатының жақындап қалғанын қоңыраулатып тұрып және қинайды. Рақымсыз тірлік қуатын ұрласа, әлсіз үміт соңғы шырағын да өшіріп алыпты. Содан ба, талайдан бері өзін-өзі о дүниеге дайындап, қиялмен қиямет асуын жиі-жиі елестететін. Кей-кейде осы торығу мен түңілуден сәл айығып, өткен күннің мұнартып көлбеген сұлбасымен қауышып, ой шырағы жанғандай көзіне нұр жүгіретін. Сол кезде жанары жасаурап, ерні жыбырлайды. Әлдебір құштарлықпен өз зейіні еміс-еміс шалып калған бір әуенді бал сорғандай тамсана созады. Ондайда домбырасын іздейді. Шырмаулы қолын жұлқып-жұлқып қалып, жарасының аузын ашып алады. Сыздықтаған қанға да, жанына батқан жараға да қыңбайды. Баяу басталып, бірде шұғыл, бірде тосаң саздарға ілесіп күбірлеген еріннің уілінен асқақ сазға ауысқан өз халін де аңғармайды. Лезде қаяулы жүзі сан құбылып, бір нұр, бір жалынмен алау атып, сонау ешқашанда ұмытылмас уазипалы шағын қайта кешкендей жүрек лүпілінің діріл қаққан ынтығымен қоңыр саздың әсем нақышына сүңгіп кетеді.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім
Көкшетау боқтығына көмген жерің...

Өн шырқағанда көңіл, шешіледі, Қай-қайдағы ойға түседі. Ащы күйік ызалы намысты бұрқ еткізсе, сол намысты өршіткен содыр соққысы отыз жыл бұрынғы бар бояу-бедерімен көлбеңдеп оралды...

1865 жылдың жазы. Көкшетау қаласы үлкен әбігер үстінде. Омбының генерал-губернаторы дуанға келеді деген хабар қала ұлықтары тұрмақ, бүкіл бір ояздың даладағы бай мен биін, болысы мен шонжарын да төрт аяғынан тік тұрғызып, дүрбелеңге салып қойды. Осынау қалың елді түгел қозғап, жұмыстан қалдырып, қаракеттірліктен бөліп, одағай жеткен әбігер хал Ақсары Жанбота болысты да тіпті титықтатып тастады. Осы күндерде алыстағы елдерден алтын үзік, ақ отауды іріктеп, сайлап алғызып қаланың шыға берісіндегі атшаптырым шалғынды жазыққа қаз- қатар тіктіріп жатыр. Шетінен сегіз қанатты, ақ жүннен басып, күйген сүйектін күлімен бояған үзік-туырлықты, сүйегі шомбал, қыпшақ иінді

різ үйлер Жанботаның байлығын да, атағын да алыстан айбарақтай түседі. Генерал-губернатордың жолы түсіп, ел арасына арнайы шыққан ұлықтық ілтифатына орай қазақ жуандарының сый-сыралғысы да осындай бақастықпен жарыса орнап, жағаласа бой көрсетіп шыға-шыға келді,

Азнабай болыс Жанботаның көл жағасындағы бытырата шашылған қаз жұмыртқасындай ақ шаңқан үйлеріне ат үстінен шаншыла қарап қойып, басқа әрекетке көшті. Генерал.-губернаторға төңкерілген тостағандай бөлек-бөлек қазақы жай таңсық емес. Сондықтан, бірнеше үйді іркес-тіркес жалғастыра тіккізіп, ақ патша ағзамның кәдірменді ұлығына лайық қала тәртібімен ұзыншалатып «қабылдау кеңсесін» сайлатты. Көгебай бешпентінің етегін ат сауырына жайып жіберіп, доғал саусағымен дөң мұрнын сипап қойып, қадау-қадау бұйрық береді:

- Қорасан кілемдердің оюы біртүстілерін аяқ астына төсеңдер. Ұзын көше болсын. Табалдырықтан төрге дейін жайыңдар!

- Жанботаның жігіттеріндей болбырап қалғандарың қалай! Тез қимылдаңдар! Кереге көгінің шытырасын жақсылап сүртіңдер. Көздің жауын алатын болсын!

- Анау қоңыр туырлықты қайдан алдыңдар. Аулақ! Әкетіндер! Жанботаға апарып беріңдер, жыртығына жамасын.

Болыстың сөзіне қасындағылар түгел даурығыса күлді. Әсіресе Жанботаны қыжырта тиіскен Азнабайдың бәсекелес сырын білетін үзеңгілестері аяқ астынан ермек табылғанына қуанып, қызғаныш отына май үстей түседі.

- Ойбай-ау, біздің мырзаға ілесем деп бұйғұстың таңы айрылатын болды.

- Қайтесің енді. Жанбота бота екенін білмейді. Бота екенін білсе, бураға қарсы шығар ма еді!

- Әлін білмеген әлек деген осы-ау!

- Е-е, ботамын, боспын дер ме ол. Бүріп тастардай құтырарын қайтерсін!

Кең көгалға жайыла қонған екі шоғыр ауыл кеш түсе саябыр тапты. Әлгінде қазбауыр бұлттан сеуіп өткен өткінші жауын шаңды басып, маңайды тегіс шайып, тазартып кетті. Жұпары аңқып еркін тыныстап тұрған табиғат аясына шарықтай ән көтерілді. Көкжиекке шар-

шап жетіп қонақтаған күннің алауымен батыстан шашырай тараған қоңыр қызғылт сәуледен ән нұр боп, сыр боп құйылын-құйылып жатқандай.

Жұрт тегіс ән шыққан үйге ағылды.

Жасты көзін сығырайтып кәрілер белі бүгіліп, бүкеңдеп барады. Қос етек көйлегін дөңгелетіп қыз-бойжеткен шұбырады.

Қара мақпал жеңіл шапанды желбегей жамылып, сері жағалы ақ көйлектің омырауын ағытып жіберіп, кең жазық маңдайлы әнші жігіт оқалы тақиясының жібек шоғын ырғалтып, құйқылжытып ән шырқап отыр. Қиық қара мұрты жылтырап, жұқа жүзге әлдебір нәзік күлкі тектес рең жүгіріп қалың жұртты сілтідей тұндырған әнші ойнақы, жеңіл әуенді балдай созады.

"Дүниеде мұң жоқ. Уайым-қайғы жоқ. Шаттық бар, шадыман тірлік бар. Күліп өтейік, күлдіріп өтейік. Нұр аудаған ынтықшыл көңіл сарыжайлау мекенін қызық пен думаннан. ғана сайлайды. Ыстығы-суығы аралас, оты мен ойыны көп желең шақ- алпыс екі, тамырдың, түгел иіген құмар аңсауындай емес пе. Теңселіп барып, лықсып қалып жол беретін ән мен әуен -серінің серігі ғой. Ескек желдей құтырып, атой үніндей дауылдап, шығандап барып атырап пен мың сан қауымды дүрілдете тік өргізіп әкелетін ән құдіретін мен тапсам, ол осынау шуақ көңілдің алаңы жоқ тазалығынан ғана болар.

Самал көлдің майда желпіген лебіндей қалын жұрттың жүрегіне тұнған кіреукені серліп бір кетсем, сергітіп бір тастасам, одан артық сыбағаны қалар ма едім. Қыз ерініне үйірілген сұлу күлкіні сыбырлаған бұлақ үніндей ақтарып жібере алсам, одан арғы тірлікте не іздермін. Іздерім жоқ. Сол өзі жетеді. Әнмен уантып, әуенмен көңіл көлеңкесін қуалай білсем - дүниенің басқа бәсіне таласарым болмас-ау!..»

Әнші жүзіндегі ырзалықты таныған қошеметшіл қауым бірер сәт елти түсіп, ынтыға қаумалап, риясыз көңілмен ден қояды. Әннен уаныш, жұбаныш тапқан көпшілік тамсанып қалың ұйып тындап тұр.

Көңілді әннің бірінен соң бірі кетті. Екпінді өршіл ырғақ та, назды қоңыр майда әуен де, еркін ерке нақыш та кезек ауысып, жүрек сырын шертеді. Тіл- көмейден бал алысқан жастық жайлаудың қайталап жетіп, әлі талай жалынды түнді кездестіретінін толқынды тыныспен бір демдей, бір лептей үздіктіре бұралтқанда, іште-

гі-сырттағы·тындаушылар жасаураған көздерін жасыра беріп, шынашақтарымен жуздерін сүйкесіп қалады.

Аузы ашылып, бар ынта-бейлін әншінің қимыл-қозғалысына бағыштағандар көп.

Өңі сұп-сұр боп, қамшысын екі бүктеп ұстан ап, әлденеге сабырсызданып, ақшулан сақалының дірілін баса алмай қара көзде қызыл от шашқан кейбіреулер және сырт айналады.

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейік күліп ойнап қыс та болса...

Ән өрлегенде кеуденің көп түкпірінен бас көтеріп небір әдемі, сұлу суреттер туындайды. Ынтызар жітіттің қауіп-қатерге бас тігіп, нартәуекелге бекінген мәрттігі қандай! Жылап тұрып күле білер ерлігі қандай! Көп қақпа, мықты торуылда қапаста отырса да, дүниенің бір жұтым шипалы ауасындай қызығын аңсап, армандап жанып тұрып сертке серт деген асық қыздың құрбандығы қай-қайдағы қиырдан жалғыз жылтыраған сәуледей боп жалт-жұлт қаратпай ма.

Уай, көп жаса!
Мәртебең аса берсін, азаматым, ардақтым!

- Тағы да, тағы айт!

- Бізді қуантқан сені құдай қуантсын!

Әнші сәл тыныстап, шәйі ормалын маңдайына басты. Бетін, көзін сүртті. Домбырасын қайта қолға алды. Шалқақтап кеудесін көтерді де, бір сәт маңдайшаға қадалды. Сәл жымиды, ешкімге қарамай басың изеді де, құп алған көңілдің ілтифатымен тағы бір әнді шырқап кетті.

Азнабай өзіне жеке тіккізген ақ ордасында қымыз алдырып тыныстап. жатқан. Манадан ән шыққанда елеңдеп отырған жандайшаптары азайып калғанын енді байқады. Сол-ақ екен, кеудесіне қызғаныш еніп шала бүлінді. Етті келген қара бұжыр бетте толқын жүгіріп, бітік көздерге ашуға мінгенде оралатын ызғарлы сес ойнап шыға келді.

Қазақ бәсекесіз жүре ме. Қарсыласының қара күшігі қаттырақ үрсе де, қағанағы қарқ айрылатын кәрлі болыс жамбасының астынан шақшасын суырды. Тығынын бұрап ашып қос шөкім насыбайды езуіне тастап-тастап жіберді.

«Мына заржақтың қылғаны-ан! Әлден-ақ айналамды

айтақырлап жатыр, ертең жаңдарал келгенде шошайып қарақан қу басым қалса, атақ-беделден жұрдай екен деп кетпей ме. Әй зымыстан-ай! Әй, кәпірстан Жанбота-ай! Мен тас санасам, сен құм санайтын зымиянсың-ау! Ырду-дырдумен алдап, атағыңды өткізбексің ғой. Көрерміз, сенің шаңырағыңнан өрген ән менің ордамда қалай құбылмас екен. Сенің артыңнан бұралқы иттей, еріп келген заржақ немеңді менің кескекті тазыдай қарғыбаулап жетектеп алғанымды да көрерсің...»

Дауыстап поштабайын шақырды.

Ашулы жүздің әр түгінен от атылғанын көргенде, көңіліне күдік аралас қорқыныш енген поштабай ұстарамен сыпырған тақыр басың төмен тұқыртып, дағдылы әдетімен қаһарлы иесінен бұйрық күтіп қыбырсыз қалды.

Жамбастап жатқан орнынан ырғала көтеріліп, Азнабай сыртқы тоңы салмақты, ауыр тартқан ет-жеңді денесін обадай қадап алды да, сыз тартқан өңін жандайшабына бұрды. Бұл - доң айбат емес. Бұл - ызғар, Сұр бұлтты күздің қара- желді қарашасындай бұйрық кескіні. Соны көрген поштабай бүгіле берді, бүгежектей берді.

- Әй, анау заржағың кім? Кімді басынады

- Ол - Біржан сал ғой, Атақты Біржан ғой,-деп поштабай бір сәт басын көтеріп көз салып еді, болыстың зәрлі қарасынан тайсақтап, қайта тұқырды.

- Біржан болмақ түгіл құдай болса да, ұлуын тоқтатсын!- деді де Азнабай қисая кетті.

- Апыр-ай! Ол шіркін көнер ме... Көне қояр ма... Оны түлетіп отырған Жанбота қырсық қой. Шабынан түрткендей...- дей бергенде Азнабай басын жұлып алды.

- Е н д е ш е бұйрық етем. Мында әкел! Дәл осы ордаға әкел! Битін сығып, қанын жалаған кедейдің мал көзіне бітпей ме. Жанботаның бір беретінін мен үш есе ғып төлеймін, Қасындағыларын да қарқ қылам. Қарайлама.. Дәл осымды ұғындырып жеткіз. Жетпесе», аржағын өзің біл! Сенің колыңнан кім алар екен, Жауабын өзім берем. Бар!

Содан кейін ішіндегісін түгел ақтарып алғандай қалт тыйылды да, түйіліп отырып қалды. Түнеріп, түгі түгел бозарып, томырық ашуға берілген болыстын үлкен қаһар жиып, суық сұмдыққа бейімделгенін анық сезінген

поштабай енді ләм деп үн қатпай, бестемше қамшысын мытып ұстап ап үйден атып шықты.

... Зор дауысты әншінің үнінде ынтығу, аңсау бар. Жан сырының еміренуімен толқып кеп, ұмтылып кеп аңтарылуы, ашылуы бар. Сый-сұхбат тапқан қос жастың дүниенің бар асылына теңгермес жан жарастық күйі осынау бір жазғы түйде, жайлау төрінде келгені қандай ғанибет. Ғиззат көңілдің бар риза, шүкірлігімен, бар ынтызар бейілімен табысқанына мақпал түннін майда лебі тілеулестік білдіргендей. Қылдай нәзік, тылсымдай берік куәлік, іңкәрлік тапқан қыз-жігіт тірлік болмыстан бөлектеніп, әншінің сәнді үнімен жаңаша бейбіт шадыман отау құрып, ерке тоты нақышпен сыңғыр күлкісін төгілтеді... Біріне бірі сенеді. Сеніп тұрып өмірден күлкі ғана аулайды. Қорқыныш пен күдігі, уайым мен сергелдеңі жоқ сүйісер жастың қуанышы, қызығы таусылмас алтын табалдырығына иыққа иық тірестіре, шарпыған демге ыстық жалын лебін қосып, қатарласа аттап барады...

- Апырай, асықтық деген құдірет-ау!
- Жақсы тілек айтты-ау. Ылайым, қабыл болсыншы!
- Оны айтқызған әнші ғой!.
- Әншіге де, әніне де рахмет! Бір марқайдық!
- Шіркін, әриайдайды ыңылдаған Бошан қойшының қойыртпағын тындап келген құлағыма болайын.
- Қайтелік, кім бізді елеуші еді. Қарағым Біржан, шынды, сырды тауып айтып мына жаман ағаларыңды бір жасартып тастадың. Сен ән айтқанда мен тасып отырдым, Алғысымнан баска берерім де жок. Батаменен ер көгерер. Өнерің өрлей берсін,- деп босаға жақтан елтірі тымағын желкесіне қарай сырып жіберіп, жүрелеп отырған мосқал кісі бір қопақтап қойды. Біржан әлгіге өткір көзінің ризалык тұнған жарқын қарасын бір жалт еткізді де жымия түсіп басын изеді.

Осы кезде үйге Азнабайдың поштабайы кірді. Жайшылықта еліріп зәрін шашып жүретін пысықай жігіттің едірең мұртына күлкі қонақтап, сол мұрты жапсырып қойған жабағы жүндей еп-ерсі көрініп, әншіл қауымды дүр шайқалтты.

- Армысың, әншібегім!
- Сәлемшіл болсаң төрлет.

Поштабай бірі ығысып, бірі кейін сырғып орын бо-

сатқан кісілердін арасымен өтіп, салдың дәл қасына бір тізерлеп отыра кетті. Пұшпақ бөркін қамшысынын сабымен бір түртіп көтеріп қолды да, қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған тайқы мандайын сол қолының сыртымен сүйкеп тастады.

- Біржан, мен саған келдім. Жұмсағал - Азнабай болыс. Менің айтарым: сен ән айтудан жалықпайсың, Үйткені, сенің қуарың да, қаузарың да әләулай. Мен айтсам, Біржан, сен қалған өлеңіңді біздің болыстың ордасында отырып айт. Азнакең аянбайды, аямайды. Тақымың толады, жетегіңе ілеседі. Осыны айт деп жіберген Азнабай болыс,- деп соңғы сөздерге айрықша екпін беріп поштабай қадалып тоқтады.

Біржан үндеген жоқ. Үлкен қөздердің қан шегір қарасындай қиғаш қиығымен әлгіге бір ғана көз тастады да, домбырасын шертіп кетті. Лекілдетіп, түйдек-түйдек жететін қызуы мол бір күйді бармақ астынан бипаздата саумалатып алып, және бір әсерлі әуенді шырқай жөделді.

Бар жиын: Жанбота да, поштабай да, басқалар да қыбыр етпей үнсіз тыңдайды. Тұлабойды тылсымдай баурап, шіміркендіре жететін бір толқын шым орап әкетті. Осынау толқын әншінің бал-бұл жүзінен тарайды. Он саусақтын сері домбырадағы жүйткуінен төгіледі. Қызыл ерін, қара мұрт, ақ тістердің ерекше үйлесімді сұлу - сәнді қимылынан түзеледі.

Есілдің ар жағында көрдім сені
Сырғанды қайық қылып өткіз мені...

Қайырмалап, қайтармалап үздігетін жүрек жарды сырды сырбаз әуен бірде қалқыта созып, бірде баяулата есіп осынау мол жиынды үнсіз табынтады. Сырттағы қыз-келіншектер мынау алпыс екі тамырды түгел идіріп, өнбойды қылбыраудай орап алға» сиқыр саздың жеңіл лыпыған ырғағын әлдебір жүйрік көнілмен тап басып сезіне ме, құралай көздері жаутандап, жасаңғырап ортада өрт пен от тұрса да, шын теңі дәл осылай үзіліп шақырса, еріп кете беретіндей үнсіз ғана «аһ» ұрысады.

Бірақ осыншама дүйім көптің емен жарқын ықыласына бөленген Біржанды бір ғана адам атарға оғы болмай, іштей қатты қыжыртып отыр. Ол - поштабай. Қамшысын кымтып ап, тісін шақыр-шұқыр қайрайды. Еркелікті көтеретін ерлік қайда, келтекті тентек қатты

шырқау үннен құлағы тұнғандай шоқша жирен сақалын тұштандатып айналасындағыларға бір-бір қарап қойып шала бүлініп, жарылып кетуге шақ тұр еді, ән бітті.

Поштабай әншінің, тізесінен ұстады.

- Біржан, тағы айтам. Пайдаңды біл, Жерде жатқан мал жоқ. Жаман ырым жасама. Керденңдік сені мен маған жараспайды. Барға, байға жарасады. Кане, жүр, Жүре ғой. Азнабай алдыңа айдап салады.

- Жарқыным, мен байлық қусам баяғыда-ақ Азнабайынды екі орап алар едім. Ол мұрат емес. Ал бірақ мені кедей деп кім айтты. Ақпанда азынаған аяздай Азнабай құдайың дүйім жұртты дәл мендей бір серпілтіп, сергітіп көрді ме. Ендеше, сен мені байытам, жарылқаймын деп босқа тыраштанба. Ноқтамды беріп қойып, басқаның аяғына бас ұрар осалың емеспін. Сырттан бар жақыным жаттай көрсе де, жақындап кетсем жатым да жақыныма айналады. Өлеңіме еміренген жұртым, өлімімде оқшау қала алмас. Олай болса, сауын айтып олжа жимай ән салып көңіл ашсам, Азнабай өмір бойы түсіне алмас бір құдіретке бойлағанымнан да шығар. Кескекті төбеттей айтақтап қосқан қожаңа дәл осымды бұлжытпай жеткіз. Жігіт қадірі өнерімен өлшенер. Сен білмегенді әне анау ағайыным айтты. Халқым айтты. Тәйірі-ай, кедейлігімді бетіме басып, кақпайлап айдап апарам деген күштілігіне болайын. Қысастың әндем жетерін білмесем, ашуға құрық созар ем. Онда ырылдаған ит қасиетінен басқа не табар ем,- деп ызалы мысқылмен езу тартқан Біржан домбырасын қайта шертті.

Поштабай сәтте күрең тартты. Едірең мұрты қара қоңыздай тоңқайып жыбырлап сала берді. Жалтақтап жан-жағына қарады. Өзіне қадалған көздерден кекесін. мысқыл, әжуа қарастарды анық танып бүкіл денесімен шұғыл көтеріле беріп, қамшысын құлаштап қайырып алып, алдында қаперсіз отырған әншіні тартып-тартып жіберді. Тартып-тартып жіберді де:

- Қөзіңнің еті ескен екен, жаман сасық кедей! Кімді басынасың!- деп домбыраға жармасты.

Отырғандар өре түрегелді. Қасқырша тап берген қас қимылды танып қалған көпшілік поштабайды дырылдата сүйретіп есіктен тысқа атып жіберді, Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан есерсоқ немеге жауып кеткен жұдырық пен тепкіде есеп жоқ.

Біржан домбырасын құшақтап орнынан жұлқынып

тұрды. Өміріндегі алғаш рет басқа тиген сұмдық соққысы осы болар. Исі қазақтың қай аулына барса да көтеріп түсіріп, аялап алақанда ұстайтын серісі туғалы көрмеген қорлығын бүгін көрді. Іштей бір сөз, жалғыз сөз сан қайталап миына шақ-шақ тиеді. «Қорлық! Қорлық!» Көзі түк көрер емес, қанталап сала берді. «Ұрды-ау! Кеудемді бастырмаған асқақ ем, басыма сұмдық соққы тиді-ау! Бұдан өткен қорлық бар ма? Одан да неге біржолата жоқ қылмайды. Ұрды-ау! Азнабай содырдың жаман құлы ұрды-ау! Әттең-ай, неге өліп кетпедім!Неге?...» Осы бір удай ой әншінің бар сезім-түйсігін шырмап ап, құрсап барады. Тұлабойда алдымен әлсіз діріл жүгіріп, сәл-сәлден кейін қалшылдатып әкетті. Үзік- үзік ой баурайды. Бірде ашу, бірде қорлық қамайды. Осы екі қызу жалынды сезім кезек-кезек арпалысады. Дүние - алау, дүние - өрт. Өртеп, күйдіріп барады. Қинап, қорлап барады. Ынтықтық, пәктік жайлаған болмысы алдамшы сағымдай сусып ұстатпай кетті де, кеудеге жалын аралас өксік пен өкініш оралды. Қамығу, күрсіну жетті. Ах ұрған көкіректің ыстық лебі бір ғана «қорлық!» деген сұмдық сөздің суық ызғарынан және суынып асқақ жанды әрі-сәріге жетелейтін де тәрізді.

Тірлікте ауыспалы, айнымалы жағдай көп. Өзін қоршаған ортадан қызық пен шадыман күткен сол бір ғана сәтте осы ортаның көптен анталап кеп, ырылдап жетіп, кіжініп ашылған қаскөй түрін көрді. Ашынын, запа шегіп, жаза кешіп көрді. Арман деген ақ ниеті қара көңілдің қанды шоқпарымен көміліп кететін болса, күншуақта отырып қыс ызғарын сезбеген нәрестедей алданып қана келіпті. Қадыр тұтқан тілегі іштей мәпелеген іңкәрі жалп-жалп өшкен бұл тұста әнші тез опырылып, құп-қу өңменен кең маңдайға ұзын-ұзын қос әжімді қатқабат түсірді.

«Неге тудым? Осындай қарғыс соққысы тиер болса, о баста тумасам етті. Мақтан етер азаматы болсам, мені мұндай қорлыққа батырып отырып, жұртым қалай шыдайды. Үндемей, бір бұлқынбай өмірден өгейсіп өте бергені ме? Қысасты кім тыяды. Жауызды кім ауыздықтайды. Мұңым, жоғым бір халқым қара көрсете алмаса, жалғыз қара мен не таба алам. Не таба алам?."

Талықсып, булығып демі үзілердей қиналып тұрған әнші тысқа жүгіріп шықты. Кермеде байлаулы тұрған

атына қарай бірер аттап барды да, қалт тоқтады. Үндемей кете берсе адуын ақынның сүйекке түскен таңбасы мәңгі-бақи бірге ілесетіндей сезілді ме, ақ ордаға шұғыл бұрылды. Қара көздерге кекшіл уыт оттары оралды. Жас тыйылды, діріл басылды. Біржан сал табалдырықтан аттағанда сері домбыра ашулы күмбірге ауысты. Күйік шағу емес, күйінішке кек ату. Сонау зеңгір көктен құлдилап, тастүйін боп шүйіліп түсетін каршыға болатын. Шығандап барып-барып оқтай құйылатын. Әнші даусы дәл солай аспандап шыркап тұрды да лек-лек толқынымен намыс боп, ыза боп, қарғыс боп төгіліп-төгіліп кетті.

Жанбота, өзін болыс әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жоқ,
Қамшымен топ ішінде ұрып еді
Намыстан уа дариға өлгенім жоқ,

Асқақтап басталған шер шеменнің куәгері - асау ән асау қанның намысшыл тасуымен шырқап көтерілді де, бірте-бірте майда баяулап, желпи есе жөнелді. Лапылдап тұрып өкініш айтты. Жалындап тұрып өкпе тақты. Түкпірлі алыс ойлардан ауыр-ауыр кіналарды тұспалдап жеткізіп бай, бағлан Жанбота, Қарпықтарға шаншылып жатыр. Оқыстан атқан оқтай түйреп түскен адуын әуен Жанбота болысты бір бозартты, бір күреңітті. Жетті де жерге қаратты. Ән айналадағы қауымды түгел коздырды. Жұдырықтар тас түйіліп, қабақтар қарс жабылды. Қолдан келер дәрмені жоқ қара халық әншіге тиген соққыны өздері көтергендей іштен тынып, үнсіз томсарысады. Әннің өршелене шығып, қиналып баяулаған тұсында ашулы кеудеден күрсініс атып, қатты ширыққан қалың ағайын, қарапайым жұрт тым-тырс қалып, қабақ аңдысады. Үн шығармай жас төккен қыз-келіншектер аяулы жанды қатты аяп күйзеліп тұр. Қапа-қасіреттен ақтарылып жатқан намыс үні мен кек қыжылындай оқшау әнді бар жүрек қанымен, ынтызар жанымен тілеулес, дерттес боп қабылдайды. Жәһил жауыздыққа қарсылық танытқанмен, қару көтере алмай және булығады.

Жанбота тықыршып отыр. Күрең жүзде шып-шып шығып суық тер білінді. Май басқан томпақ көздер аунап кетіп, қалың қабақ астында жасырынып жатыр. Ән бітпей, әнші тоқтамай ашылмақ емес. Қалай ашылады, қай түрде жалт береді, әзірше белгісіз. Айыптыны таныса, ғазиз жанның сырын ұғар-ақ. Түршігіп, шошынып тұрған көп жүректі сабасына түсіріп әділет, адалдық табар-ақ. Әзірше болыс көздері тас қорған, терең шыңырауда. Жалпақ беттін түгі көтерілген қыбырсыз қалпында майлы бітік жанарлар енді қайтып ашылмастай суық ажармен көміліп кетіпті.

Біржан домбырасын бебеулетіп желдіртіп алды да жан жарасынан сорғалаған күйігінен туған «Жанботасын» шерлі уһілеуімен бітірді. Үндеген жоқ. Ұяты, ары болса, ашпаған сыр, айтпаған уәж қалған жоқ. Ендігі сөз артық. Соны болыс түсінсе, шақпақ танба әншіге емес өзіне түсерін сезер-ақ.

Жанбота көзін ашып алды:

- Әй, жетер! Тоқтат! Осы ұлығаның да болады. Шағым айтар сен сондай-ақ кім едің? Жөніңді біл!- деп ақырып қалды.

Әнші аңтарылып, қуқыл тартып тұрды да кенет жүзіне қызыл жалындай бояу жүгіріп, құбылып кетті. Әліде болса әділдік, билік, туралық күтіп тұрған өз халіне іштей ащы мысқылмен ызалана күлді де домбырасын және бебеулетті. Отты қараста енді ашыну, жирену бар. «Апырай, мынау нағыз жыртқыш қабақ зұлымдықтың өзі ғой. Қарға қарғаның көзін шұқымас» деген қайран даналық қалай тауып айтылғансың. Азнабайдан мазақ көріп, сенен көмек күткен мен байғұс мықтап адасқан екем-ау. Бай байға, сай сайға құяды. Азнабаймен бәсекелес болғанынмен, мен үшін қырғиқабақ болмайтының белгілі. Намыс дерті мені басқанымен сенін аспаныңа бұлт оралған жоқ. Ендеше, «бас жарылса бөрік ішінде», зарлар, зарлар да басылар дейтін шығарсың. Олай болса етіме тиген соққыны сүйегіңе кетпестей қып таңбалап берейін. Шынды сыр қылдым ғой. Сол сырым мұңымнан өрген кегімді қамшы ғып сілтесін. Сілтесін-ақ!»

- Уай, Жанбота! Мені ұлыдың дедің ғой. Ұлығаным рас. Ұлытқан Азнабай мен сен. Біріңнің қорлығың, екіншіннің зорлығын өтті. Қалай адасқам. Сендерден рақым күткенше, қара тастан ізгілік іздесемші. Өнеге болар қай қылықтарын бар еді. Үлгі шашар қасиеттерің де

жоқ. Кеш білсем де, анық ұқтым. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Қай қадір - құрметіне сеніп , ілесіп едім. Әттең кеш біліп, адасып келгеніме өкінем. Қатты адасып, келгеніме қапаланамын. Бірақ енді адаспаспын. Ендігі максатым - адасқандардын көзін ашу болар,- деп майда қоңыр бір сазды бастап кетті.

Созады. Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Жиылысы жандаралдың болады деп,
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Айтады Біржан өлең ентелетіп,
Біржанды халқым қойды еркелетіп
Есерге поштабайдай көз алдыңда
Біржанды қойғанын ба желкелетіп.

Ән бітті. Жиын үнсіз. Әнші кілт бұрылып үйден шықты. Ән мен өлең сөзді қабат өріп, өр қиялы тудырған құдіретпен азулы болысты жермен-жексен етіп кеткен Біржан салға риза болған жігіттер бірі тізгінін ұстап, бірі қолтықтап көтеріп аттандырып салды. Қос ішекті домбыраның күмбірі мен жез таңдайдың бұлбұл нақышы бүкіл атырау, алапқа жуансып келген паң көкіректі бір-ақ сілкіп, жермешел етіп тастағанын. Көкшетау өңірі алғаш рет кездестірген еді.

Кеш батып қалған. Жайлаудың оты шайылмаған шалғынды құрағына көліктерінің баурын сыздырып батысқа маңдайын түзеген әнші тобы батып бара жатқан күннін қызыл арай нұрымен бір шоғыр жалын боп алыстап барады. Салдың кең маңдайы, үлкен көздері осы күңгірт қоңыр бояуда ерекше өзгеріп, ішкі ширыққан күйдің әсерімен «Адасқақ» әуенінің шалдуар, серпінді қайырмасын лекілдете қайталайтындай. «Сен астамсып едің, артықсынып едің. Шеніме келмей қалғаныңды ұға алдың ба. Қорғалап күн кешкен көп сорлыға ең болмаса бір рет қажыр қосар каракет танытсам керек. Ылайым, әнімді атой қып өтермін-ақ. Бүгінгі тапқаным осы болды-ау. Адаспай таптым. Бұрынғы күйімді, бұрынғы адасуымды айғақ етіп мына әнімді «Адасқақ» деп атайын. Тілін безеп, жанын жалдап ел ақтаған ақын көп. Солардан сәл де болса оқшау тұрып, ел жүзіне қуаныш әкеле алсам екен. Жалғыз да болсам жауыздықпен жағаласып кетермін. Жол азығым да, жан азығым да әнім, тек кана әнім болар...»

Әнші үнсіз. Әнші үнсіз болғанмен ой жүйрік, қиял ұшқыр. Осы шаққа шейін елемей келген көңіл түкпірінен тың арна ашты да, мына жарты әлемді жалын жалауға ораған күнге қарап келе жатып іштей күбірлеп, іштей серт байлап, көңіл жадыратқан қошуақ тыным тапты.

Бұл кезде Жанбота да, Азнабай да әрқайсысы өз ордаларының алдында ашу мен долылықтан іштері күйіп, не істерін білмей қыжырланып тұр еді. Жарты шеңберленіп жотаға шөге берген күннің қызыл бояуында қос жерде қос жаулық оты тұтанып, майлы беттердің жыртқыш жанарларында лапылдап тұрған-ды. Соны байқап қалған жас өспірім балаң жігіттердің бірі қыбы қанғандай сақ-сақ күліп алды да, «Жанботаға» басып жіберді. Әлгінде тез ұғынып, асыға жаттап алған уытты шумақтарды жіңішке өр даусымен құшырлана созады.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық
Ішінде сегіз болыс шенің артық
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды-ау тартып...

Сарт-сарт қамшы ойнағандай асау ән бар жиынды елең еткізді. Ашу артынан өрбитін қатты қақтығыс сесіндей толқынды дүбір жұрт аузында құйындай ойнақтап өтті.

- Қайран Біржан! Қадіріңді білмеппіз-ау!
- Сырын айтыпты-ау!
- Құдіретін енді ұқтық қой. Сен бастым деген кеудемді құдайың да аттай алмас дегені екен-ау мына әні!
- Бәрекелді! Өркенің өссін, ұланым! Осылай шырқаңдар.
- Тоқтат! Өшір үнін!
- Жап аузын! Құм қаптыр!

Қос дауыс кос жерден ашу атып, ақырып-ақырып қалды. Қабат ұмтылған Азнабай мен Жанбота болыстар еді. Келген бетте әнші жасты дырау қамшылар ысқыра суылдап көміп кетті. Әрі күйініп, әрі қорланып тулаған қос бөрі бір-біріне деген үнсіз келген бәсеке, бақталастығын ұмытып, алыс-жұлысқа беталғанда тізе қоса қалатын қаскөйлік қылығын танытып ырсылдай сілтеп жүр.

- Өлтіре ме!

Уа, ұмтылындар!

- Жабылыңдар! Қарап тұрып кісі өлтіріп қоямыз ба?

- Үндемегенге үрке береді дейтін шығар.

Дуылдаған көпшілік шын қызынып, қатуланып ызалы қабақ білдіргенде екі жуанның қолындағы айбарлы қамшылар сылқ-сылқ түскен еді. Жанбота мен Азнабай бастарын төмен салбыратып әрқайсысы өз үйіне ілби жөнелгенде уынан айрылған өлі жыландай қимылсыз қолдарда әлгі дойырлар әлсіз сүйретілді.

Ұланнық үстіндегі түйе жүн шекпені қырық өрім. Қызыл жолақ қанға боялған. Тәлтіректеп тұрған жас әнші сонда да мойитын емес. Ерні әлсіз күбірлеп ән жолдарын сыбырлай қайталайды.

Топ ортасынан жас қыз кібіртіктіп шығып ұланға жақындады. Дәрмені біткендей шарасы кең қара көздерін бадырайта ашып, жұмыр иегін кемсеңдете бірер ауыр дем алып тұрды да, екі қолымен бетін басып, ыстық-ыстық кесек жастарды төгіп жіберді.

Қараңғылық ұйыды. Тез түсті. Жым-жырт тараған жұрт көңілді торлаған бір қара перденi анық сезінгендей ұзап барады. Ұрпақтан ұрпаққа аманаттай етіп аялап, мәпелеп тапсырған бір құдіреті ән болса, сол бағалысына сілтенген қысасты да көрді. Қиналып, жүдеп көрді. Жаз шуағындай әсеріне қыс аязы енді. Бірақ аяз да өтер, ызғар да қашар. Келер күннің, мөлдір болашақтың лебізіндей саз туар. Туар әлі. Сондағы ұрпақ, сондағы жас бүгінгі «Жанбота», «Адасқақты» емірене қарсы алар. Әншінің мұңын, мәнін ұғар.

Қара түн оралды. Мақпал көкте күміс теңгеліктер жылтырады. Далаға әр жер-әр жерден ән тарады, Шындық жыры тыңдаушысын қатты таңырқатып бірде жеке, бірде көп дауыспен жаңғырығып Көкше өңірін аралап кетті.

Созады Біржан даусын қоныр каздай...

* * *

Қол-аяққа қылбұрау түскеніне үш жыл толды.

Арқаның атырабына сыймаған өр кеуденің керегенің сағанағына байланғанына да үш жыл болды. Шорланып біткен ескі жараның орнын қанталап жаңа жара басты. Әнші көңілді мұң жайлады. Нәзік әуенді кеудеден қуып, шерлі толғау оралды. Уануды ойламаған, қасірет сімір-

ген қапалы жанның көз алдына күңгірт кештей өлім суреттері елестеді. Ақырғы сағатын шыдамсыздана күтті. Сонау күндерде шарасына сыймай буырқанған жастық жалыны «ажал», «өлім» деген ұғымды ескертіп пе еді. Күліп келген дүниеден жылап қоштасатын соңғы сәттің көз ашып жұмғандай тез жететінін қалай білмеген. Енді сол құтылмас тұзақтың дем-лепті сығымдап таусып бара жатқанын сезгенде «не де болса тезірек жетсе екен» дейтін бір ынтығу, асығуға іштей бой алдырғанына өзі де қайран. Бірер сәт қимылсыз қалып сыртқа телміреді. Көктемнің балауса шағы. Жұпар аңқиды. Жалбыздың, шайырдың,түйежапырақтың кермек исі жетеді. Көктем-тірліктің бастауы, жас өркіннің талпынуы. «Апырай, мына көктемді тағы да бір көре алармын ба? Әй, енді көрмеспін-ау. Қарға адым аттап шығуға да зар болып тұрғанда, ілк етер күтерім не? Неге күтем? Нені күтем? Ынтығарым бар ма? Жоқ қой. Жетпеді ме күткенім. Ажалдан артық бостандығым, еркіндігім бар ма еді».

Кеудеге суық леп шымырлап енгендей болады. Сол суықпен сап етіп белгісіз үрей оянды. Алқымға әлдене тіреледі. Нұры сөнген көздерге қорқыныш ұялайды. Сол сәт аспан төмендеп төбесіне құлайтындай, жер жарылып тереңіне тартатындай қайдағы бір құбыжық ойларға шым батады. Көкірегін қарс айырған арманындай, булығып жеткен бір демдей шала есірік халінде сипап оралар әуені және бар. Соны еске алғанда ерні жыбырлап, көмейден небір ән төгіледі. Өткен дәуреннің күй созып, үн салып тұратын мамыр шағы тағы да аударылып-төңкеріліп келіп әншінің әбігері көбейген мына сұсты күндеріне талшық болады.

* * *

Алыстан күркір естілді. Алыстан ысқырта сілтеген бишіктей найзағай жарқылы жетті. Әлгіндегі сарғыш мұнар сәуле сап-сап азайып, бірте-бірте сұрғылт реңге ойысты да, аз-аздан кейін батыстан етегі түріліп көтерілген қара бұлттың орнынан қызғылт арай шашылды. Күн көкжиекке асылды. Кеш түсті.

Ауада дымқыл леп бар. Жауын бұлтын түйдек-түйдек жентектей қуып жақындаған желдің өтіне ат басын қасқайта тіреп бұлаңқұйрықпен келе жатқан жолаушы көз

байланған сайын елсізде жалғыз қалатындай елеңдеуі көбейе бастап еді, иек астындағы жотаның аржағынан әупілдесе үрген иттердің даусын естіді. Естіді де жарау бестісіне қамшы басты.

Бес-алты қараша үйлі кедей ауыл екен. Сам жамыраған бейуақ шақта, тымырсық ауалы жаңбыр алдында сыртта жүрген ауыл үй адамы жоқ кезеңде қотан үстіне келген жалғыз жолаушыны маң төбеттер шабаланып қарсы алды.

Ортадағы киізі бүтіндеу шағын ғана төрт қанатты үйге жолаушы ат басын тірегенде үйден сақалы күректей мосқал адам шықты. Түйе жүнінен токыған жеңіл шекпенін иығына желбегей жамыла салыпты, сол қолымен екі өңірін қаусыра ұстап тұрып, оң қолын көзіне төсеп жолаушыға тесіле қарады.

- Қонақпын, ақсақал!

- Е-е, қонақ болсаң, төрім дайын. Адасып келмеген боларсың. Қані, түсе ғой, шырағым, барымыз әзір,- деп тізгінге қол созды.

Қонақ отырысымен ортаға от жағылды. Жаман отынның жалп-жалп еткен жарығы бірде шалқып, бірде бәсеңдеп жұпыны үйдің бар адамын кезектеп-кезектеп «көріп қал» дегендей көрсетіп-көрсетіп қалады.

Үй иесі елуді қусырып қалған орта шаруалы қарасұр кісі екен. Биік төсекке арқасын сүйеп, малдасын құрып алып шақшасын тықылдатып тырнағымен сүңгілеп отыр. Бір кез қос саусағымен шөкіп апарып таңқиған танауларға насыбайды тығып-тығын жіберді. Сөйтті де, рахаттана түшкірді. Үй иесінен жоғарылау күпі жамылып ашаң кемпір бүктүсіп жатыр. Қарасұр өңі, таңкиған танаулары «мосқал еркектің анасы болам» дегенді айтқызбай танытқандай. Шүңірейген суық көздерімен қонаққа шаншыла бір қарап еді әлгінде, енді кірпігің айқастырып алып әлде ұйқы, әлде ойға батқандай қыбырсыз қалыпты.

От жағып, су әкеліп кешкі тірліктің қамына кіріскен орта жастағы әйелдін ғана ниеті түзу. Кіргенде басын изеп, ернін жыбырлатып, тіктеп көз тоқтатып, тәуір амандасып еді, үнсіз отырған отағасына қарап қойып, тықыршып жүр. Бұйрық берілмей, ыңғай көрсетілмей өз бетінше қимылдай алмайтын әйел байғұстың мына кіріптар халін жолаушы да түсініп отыр. «Танымасын сыйламас» кейбіреулерді бұрыннан талай кездестірген әнші,

әйтеуір жауыннан паналар жылы орын тапқанына шүкіршілік етіп, шай-суын ішсе де риза боп аттанбақшы боп, тоқмейіл көңілмен қоржынына қол созып, қималы домбырасын алды.

- Ақсақал, жол серігім, жан серігім-Домбырам еді. Ат баптаған сыншы сәйгүлігінің қас-қабағына қараумен болатын, айып етпесеңіз, екі-үш күннен бері мына шіркінді қолыма ұстамап ем, ермек болсын шерте отырайын,- деп шанағына сүйек қаптаған аспабын алдына өңгерді.

Үй иесі бейсауат қонағына бажайлай қарады. Құндыз жағалы бешпетіне, сусар беркіне, сері жағалы, жеңіне желбірек салған жібек көйлегіне тез-тез көз тоқтатып өтті де, домбыраға ұзақ қадалды. «Неткен әдемі! Мынаны жасаған шебердің қолы алтын ғой. Сүйекті қалай ұстатқан! Қиюында бір мін болсайшы! Апырай, мына жігіт тегін болмады-ау! Әлгі Батырхан қайда жүр екен. Қозысын қасқыр тамақтап кеткен қоңыр саулықты сойғызайын. Барыма ырза болар. Қырықтың бірі қыдыр деген. Сырлы, нәрлі сөзді қадырменді жігіт сияқты. Қөңілімді берейін».

- Шырағым, түксиген қабақ, дөңкиген жотаны көп көрген пақырыңмын, Тұқымына паңдық, зорлык тимеген жуас атамыз. Өзім деп күле сөйлеп, күлімдеп қабақ таныттың. Осы бейілің-ақ тойдырды. ЫІрзамын. Күйіңді де шерт, жырыңды да төк, еркін білсін. Серік, дос санап жатсынбай жатқаның жақсы туысыңнан болар. Бітім-келісіңе сүйініп отырмын. Өнерің де өзіңдей оза шауып өрлей берсін,- деп шын ниетпен ырзалық еткен үй иесі, әйеліне бұрылып әлденені сыбырлап бұйрық берді де, кесек денесімен түгел ойысып, қонағына ден қойды.

Осыдан кейін домбыра күмбірлеп, ән шарықтап кетті. Салалы ұзын саусақтардың сағалыққа тас кенедей жабысып нәзік әуенді балдай тамызғаны да, күміс, көмейдің сұлу әнді ынтықтыра созғаны да отағасыны, бәйбішені, әйелді үнсіз тамсандырды. Әйел жүзінде қан ойнады, жымиғанда екі бетінің ұшы шұңқырайып келісті жарастық шақырады екен, қызыл жүгірген қазіргі бәдені сонау алыстаңқырап кеткен аяулы көктемнің ынтызар шағымен қайта қауыштырғандай. «Әттең, қол қысқалығы жолыңды бөгеген-ау. Әйтпесе, үлде мен бүлдеге оранған талай бай-бағланның көкілташынан артық

екенсің» деген өкінішті ойды күрсіне ойлай ма, әнші бір сәт әйелден көзін ала беріп кемпірге қиыстайды. Кемпірге де жан кіріпті. Ақ шаңқан жаулығын окшырайтып, басын көтеріп апты. Кимешегінін, шытыралы жиегін кейін ысырып, оң құлағын ашып, алақанын қалқалап ұйып қапты. «Айта түсші әншібегім! Құлақ құрышымды бір қандырдың-ау. Қай бір ән мен әншіге шүкірана боп жүр едім. Өркенің өссін, өркенің өскір, азаматым!» дейтін елегізумен ұйып отыр. Өмір бойы қолға түсіре алмай жүрген қымбаты аяқ астынан оралғандай сезініп, тар үйді түгел толтырған әсем әуенді бар тұлабойымен сіміреді.

Үй иесі де үнсіз. Дәл бұған дейін дүниеден жалғызсырап, іш пыскандай күңіреніп келмеп пе еді. Ак қар, көк мұзда жылкы бағып құрығына сүйеніп ұзақ таңды ұйқысыз атырғанда, сықырлаған үскірік түн, тымырсық қара түн, ұйтқыған желді түн еңсесін басқанда азулы жыртқыштай анталап жетер құбыжығы да осы жалғыздығы емес пе еді. Жортуыл жортақ, барымта-шапқыншылық сүрлеуінде қабағынан қан тамып базбіреуді түсіріп, базбіреуден өзі соққы жеп алыс-жұлыстың ит-ырғылжың күндерін кешкенде де мағынасыз меңіреудей үңірейген суық шыңыраумен алды-артын бірдей ораған тағы да осы жалғызсырауы, жат ортадан түңілуі еді ғой. Енді содан айрылып қалуы қалай, сондағы көңіл күйінен адасып қалуы қалай? Шынымен ән бе, әнші ме? Мына өн бойды шым-шымдап баурап бара жатқан тылсым саздың құдіреті де шығар-ау. Түйсініп қараса жалғыздық өзіңнен ғана өрбитін тәрізді. Өнеге қумай, өре салып өлім сепкен озбырлықпен сырық жалғасаң, омырауыңнан тер кебер ме. Кеппегені де, кетпегені де содан екен-ау. Тірлік пен дүние шіркін бас жарып, көз шығару емес екен. Соны неге ұғындырмаған, соны неге ұқпаған. Азу тісті қарш-қарш қайрап, жақ етті кірш-кірш шайнағанда кімді жазғырардай, кімді мұқатардай әрекет етіпті. Сорлаған да, қан жылаған да өзі. Өзі сияқты жарлы-жақыбай. Мұңы бірдің күні бір екенін ерте ұқса, ер жастанар ма еді. Ел шабар ма еді. Бозала таңмен қоштасқан боздақтардың қош-қошын ұрлаған жалғыздығын айғақтаған дәл мына әндей, әншідей біреудің бұрын кездеспегені қалай. Кездестірмеген өзінен бе екен. Қыр кезіп, сай жағалаған бөрі тірліктің ән мен күйде шаруасы болды ма. Ендеше, кең далаға сый-

май, айдалаға күңірене созған ұлуы - маңдайға тіліп салған жалғыздық, жаттық, жатбауырлық белгісі ғана болар. Ән - құдірет екен-ау. Он саусақ неткен шебер. Сонау-сонау жалаңаяқ құм басқан, жалаңбұт тал мінген пәк күнім, құлын кезім шақыра ма. Онда қандай едім. Қызғалдақтың бояуынан қан емес әдемілік көрушем ғой. Бұлақ сылдырынан өксік емес күлкі естушем ғой. Сондағы бұлақ ағысындай бипаңдаған мына домбыра әуезі кейін неге жетпеген? Қырықтан асып қырқылжың тарткан шағымда гүл жапырағындағы жалғыз шық тамшысына телміре қарап, оңаша ойға кетер бал балалық оралар ма енді. Мөлдір шық- жас тамшысы болса, қуаныш іңкәрі ма, әлде күйік өкініші ме. Қауызын енді ашқан шоқ гүлге неге тамды екен. Соны дәл қазір неге есіме түсірдім. Мына домбыра ма, ән бе еркімді билеген. Япырай, жалғыздықтан жәбірленіп келгенде сонау бұлақты, шық тамшысын, гүл қауызын қялай ұмытқам. Неге ұмыттым екен? Ақ тақырға қызарып тамған қан қызғалдақ емес пе екен. Қара көзден сырғанап түскен ауыр жас таңғы шықтың тамшысы болса қайтем? Булығып аққан бұлақ, тығылып жылаған шерлі жанның күйігімен алыстанды екен-ау. Бәрінін бастауы - ән ғой. Соларды сөйлеткен әнші ғой. Қырықтын бірі қыдыр деуші еді. Рас екен. Қыдырым болды. Сол болды. Әмір-құдірет, тағдырдан да астам боп келді. Әпішім қайда жүр? Естімеді-ау, тындамады-ау,

Ұзақ-ұзақ ой толғауға шомған үй иесі әнмен мидай араласып, өріліп шыққан бір сергек көңіл ырғағын тауып, өзін-өзі бірде ұмытып, бірде оятып қиял қуалап кетеді.

Әпіш-отағасының жалғыз қызы. Көрші үйдегі құрбысының қасында кесте тігіп отырған. Ән шыққанда елең етіп еді, қазір үйге кіруге бата алмай құрбысы екеуі жабықтан сығаласып тұр. Үлкен көзі, ақ маңдайы, аппақ ұсақ тістері - бәр-бәрі әннің ырқына беріліп, қуаныш ойнаған күлкілі ерінде әлсіз діріл жүгіртеді. "Шіркін, бал көмейлі деп осындай әншіні, керім жігітті атайтын шығар! Ер дәрменді ап кетер мұншама сиқырлы дауыс қай жеріне сыяды екен. Айта түс, құрбым! Тұлабойымды дуылдата өртеген әнін бе, өзің бе, әйтеуір, жұмбақ сезімге бөленген біз байғұс ұзақ түндерде еске ала жүрерміз» дейтіндей ақшыл рені жүз құбылып құрбысына қарамай тесікке ентелей түседі.

- Әпіш-ау, мен де бір қарайын да. Кішкене сырғышы.

- Қазір, Балкен. Қазір!

Екі қыздың сыбыры да ыстық. Өрт боп жанып, от боп жүз шарпиды. Әлденеге жүрек лепірткен қызумен-ұзын қос бұрымды сұлу бастарын түйістіре, тар саңалауға таласады.

- Түу, Әпіш-ай, көрсетпей қойдың ғой,-деп Балкен бұртиып шегіне берді. Құрбысына қуана бұрылған Әпіш дәл қазір ешнәрсені көріп тұрған жоқ. Қасы-кірпігі діріл қаққан түсініксіз-халде бір аттап орын босатты да, Балкеннің иығына бетін басып өксіп-өксіп жіберді.

- Әпіш, саған не болды?!

- Жай, әншейін, Балкен.

- Жылағаның не?

- Балкен, білесің бе, әлденеге қуанатын тәріздімін. Әлденеден және қорқам. Мынау ән - жалын сияқты. Жақындасам күйдіреді, алыстасам шақырады,-деп Әпіш ақ қызыл ажарын түгел көрсетіп құрбысының құшағына кіре түседі. Балкен де Әпіштің құлын денесін құшып тұрып, бөтен уәләят адамын көргендей дірілді кеудеге таңырқай қарайды.

- Әй, отпысың өзің?! Сен тегін болмадың. Тұп-тура өртеніп барасың. Рас айтам. Осы сен ғашықсың. Иә, иә, арманды асықсың. Осым өтірік деші, кәне,- деп қыстыға күліп, Балкен өз сезіне өзі нанар-нанбастай құрбысының бетіне тесіле қалды,

-Үндеме, күлме!-деп нәзік саусақтарымен серігінің ернін басты.- Балкен, онан да сен мынаны айтшы! - Мынау азамат кім? Танимысың? Аты-жөні белгілі адам ба, әлде пері ме? Айтшы, тез айтшы!-деп үздігіп барады.

- Жоқ, кім екенін қайдан білейін, Бірақ бар ғой, Әпіш, дәл осы жігіт сенің тағдырың,- деп Балкен және күлді.

Әпіш балқып тұр. Өзі де іштей ырым қылғандай құбылып тұрды да, құрбысын шөп еткізіп сүйіп алды.

- Айтпадым ба, сен тегін емессің. Айрылам-ау, жалғыз қалам-ау,-деп Балкен сәтте өзгеріп, күрсініп салды.

Ән бітті. Дастарқан жайылды. Әйел тысқа шықты. Босағаға сүйеніп тұрған қыздарды көрді.

- Әпішпісің? Неғып тұрсыңдар, қос қызғалдағым-ау. Үйге кіріңдер. Онысы нес, жабықтан сығалап.

Балкен әрнені сылтауратып, ақыры қайтып кетті. Шолпысын сыңғыр еткізіп Әпіш табалдырықтан аттады. Сұнғақ бойлы, талдырмаш солқылдақ денесіне қиылта киген батсайы көйлекті қыз үйге енгенде бейсауат мейман жігіт қадала қарап қалып еді, бойжеткен ернін жыбырлатып сәлемдесті.

Қызы мен қонағының арасындағы осы бір елеусіз ғана амандасуды сырт көзбен бағып, танып қалған еркек жалт бұрылып шешесіне көз тастады. «Не дер екен, қайтер екен?» деген сұрақпен қиыстайды. Кемпір күлімдеп отыр екен. Тіссіз иегін әлсіз жыбырлатып алды да, аңдаусыздау етіп екі қолын жайып, бетін сипады. Шешесінің жүйрік көңілмен тез таныған бір сырын бұ да түсініп, жүз аудармай разы кейіппен ықыластана қосылды да, іштей жақсы тілек арнады.

Шай жиналысымен ас келгенше тағы да бірталай ән айтылды. Бұл тұста әншінің бар зейінін, бар сезімін бір өзіне тартқан сиқыр нұры болды. Ол- Әпіш қыз. Алгүл жүздегі сәт-сәт Сайын ауысып тұрған нұрлы құбылуды жақсылыққа балаған жігіт үкілі домбырасын шайқалтып қойып, толқынды ырғақты үсті-үстіне төпейді. Жібек талдай есіліп, сызылып көтерілген асқақ әуен жаудыраған қарақат көзден сыр аңдып, сол сырдың төлеуіндей етіп құпия назды және сездіреді, Мынау жаңбыры сіркіреген бейуақ кеш, тілек кеші болса екі шек, тоғыз пернені басып жатқан он саусақ емес-жүрек дірілі. Үздігіп қалып, еркелеп жанып қиылатын әуен - жүрек баяндауы. Дүниені ұмытқан екі жас нәзік орамды саздан алдағы тірлік - бақыт, тірлік-қуанышқа асыққан лепіру, ынтығу тапқан. Жеңіл ырғақ, ойнақы нақышта ақау түспеген, кір шалмаған ынтықтық інкәрі бар. Алыстан аңсап кеп табысқан қос жүрек әнмен жауаптасқандай тілсіз ұғынысып, біріне бірі еріксіз ұмтылысып отыр. Өрімталдай қыздың күнәсіз пәк қарасынан күн шуағына еркелеп бой жазған еркін балауса қылықты таныған әнші жігіт, жастық дәуреннің сыңарын іздеттірген құйын лепті адуын күшін алғаш рет сезініп тоқтаусыз шырқайды, «Сен үрікпесең, мен жатырқамаймын. Жалыныма жаныңмен қосыл. Аласыз көңіліңмен адалым боп кел. Аялап өтуге

мен дайынмын» деген серт сөзін домбыра шертсе ән үстемелейд!.

Сырттан қатты келген ат дүрсілі естілді. Үйдегілер елең ете қалысты.

Кім екен?!

- Тағы да саған келген шығар. Тыныштық бермеді ғой.

Айтып ауыз жиғанша, өктем дауыс қоса шықты.

- Тұрсын! Уау Тұрсын, үйдемісің?

- Уа, немене? Жайшылық па?

- Шықсаңшы мұнда, соншама шіреніп ұлық болғаннан саумысың. Әлде қатыныңды бүгін көре қалып па ең,-деген сырттағы дауыс әндем-әндем шығады.

Тұрсын одан әрі отыра алмады. Қонағына «мынау жанымды қояр емес» деген сыңайын әлсіз кекесін күлкі жүгірген кескінімен білдіріп, табалдырықтан сыртқа аттады.

Әпіш оқыс мұңайып жерге қарап қапты. Әлгіндегі бал-бұл жанған жүз қуаң тартқан. Үнсіз күрсінетін тәрізді. Жігіт қыздың тез сына қалған ажарына, қабағына көз жүгіртті де, оңашада көп жылаған ойлы жанның уайым торлаған кейпін таныды. Таныды да қиналып отырып аяушылық көңілдің ұмтылуымен Әпішті іштен қатты ұнатты.

Тұрсын сәлден соң қайта кірді. Бұның да жүзі сынық.

- Ал, шырағым, жөнің бөлек азаматым екенсің. Біржан деп ат-атағыңды талай естуші ек. Бүгін өзіңді көріп көңіліміз толды. Әмсе, жақсы атағың осылай дүңкілдеп өсіп шартарапқа кете берсін. Жата-жастана тыңдап шер-құмардан бір шығармын деп ойлап қап ем, қысқа жіп күрмеуге келе ме, тығыз жұмыс боп қалды, Тірлік болса, әлі талай кездесерміз. Тастап кетті деп айып етпе, маған рұхсат бер, інім,-деп жолға жинала бастады.

Біржан ілесе шығып Тұрсынды аттандырып салды.

- Жолыңыз болсын!

- Жолдың да жолы бар-ау, Біржан шырақ. Дәл осы жолыма өзімнің де қыбым жоқ,- деген Тұрсын сойылын сүйретіп желдірте жөнелді.

«Апырай, барымтаға аттанды-ау, шамасы Алысжұлыстан арыны азайып, тауы шағылғандай болған екен. Булығып, күйініп бастаған осы бір қаракетінен

жеріген сыңайы бар сияқты. Тартынғаны рас болса, шын неге тартынбады. Неге айтпадым? Неге тоқтатпадым?"

Қонаққа төрге төсек сап қойыпты.

Біржан қол созым жерде жатқан Әпіштің ыстық демін бүкіл тұлабойымен сезердей көпке дейін ұйықтай алмады. Қыз да ояу тәрізді. Тынысын іштен тартып, қыбырсыз жатыр. Жайшылықта іргe жағына алып, бауырына қысып жатып ұйықтайтын әжесінін бүгінгі мінезіне қайран. Кызғанышы жоқ. Анау қонақты дәл бір кенжесіндей қадірлеп осы үйдегі немересінің жасауына арнап тіккізген бірен-саран таза көрпесін өзі әдейі төсеткізген. Қазір қаннен-каперсіз ұйқыға кірісіпті, бұл да қыз көңлінен тыс қалмады - бұрын әлдеқалай қонақ түнеген түндерде күрк-күрк жөтелін көбейтіп, боз-ала таңды сығалатып барып аунақшып-дөнбекшіп әзер көзі ілінетін.

Тыстағы жауын әлсін-әлсін себелеп қояды. Содан ба ортадағы оты сөнген киіз үйдің іші біраздан кейін ызғып кетті. Суыққа мән берер қонақ жоқ. Екі қолын айқастырып желкесіне төсеп, шалқасынан жатыр. Сол жағындағы Әпішке қарай бір аунап, түссе, демдері шарпысып, алау жалын күйге оранарын сезердей әлденақ қыз- қыз қайнайды. Еркін жастық, қиялын мастық шалығы билеген бұрынғы кездерде дәл бүгінгідей бұйығы тартып, тартынып көрмеп еді. Қазіргі дірілді ынтық күйін күшпен тежеп, сабырлылық тапқан бір халіне жігіт те қайран.

Әпіш те кірпігіне кергіш қойғандай ұйқыдан баз кешкен. «Сырбаз жігіт. Бойында нәрі бар. Қасиетінен қасіреті көп еркек аз ба. Анталасып келіп, шам сөнісімен ұры қолын сумаңдатудан басқа білерлері жоқ. Бұл ондайлардан емес. Осы өңірде Біржаннан қадірлі жан бар ма? Жоқ қой. Тілегі, талабы бір жарқын көңілімен қол созса, әй былқ ете алмас едім. Дәл қазір бері аунаса, құшағына құшағым табыса кетері хақ... Ойпыр-ай не ойлап барам. Мынау уытты сезімді осыған дейін кездестірмеп ем ғой. Балкен айтқан асықтық осы шығар,,. Осы болар... Қой, қой, Сыйластықтан асып кетпесек еді. Көкемнің бетіне қалай қарармын онда. Көкем демекші, асығыс аттануына қарағанда бір бәлеге ұшырамаса жарар еді».

Әпіш ойы он бөлініп дуылдап жатыр. Бір сәт кесек-

кесек ыстық жастары қос самайдан төмен сырғанап құс жастыққа тамып-тамып кетті. Көрпесін басына бүркеніп булыға жылады.

Қарагеріне тақым қысқан Тұрсын қара түнді кеудесімен үңгіп келеді. Атқа қонғалы қасындағы серігіне жақ жазған жоқ. Елтірі тымағының құлағын түсіре киіп бауын байлап алған. Жауын сіркіреп, ат тұяғы дүсірлеп келе жатқан бұл жүрісінде әңгіме-дүкен құруға зауқы соғар емес. Іңірдегі ән мен саздан өрбіген қалың ойының бір арқауын қайта ширатып, бүлкекпен келе жатқан көлігінің ырқын өзіне тапсырып, күңгірт қиялға шомып-шомып кетеді.

Тұрсынды шақыра барған Қабан болыстың шабарманы - Едірей еді. Сырқынды байдың зорлықшыл жуан кеудесін асқарға балап, нашар мен сіңірі шыққан кедейге айбар атып, көз аларта жүретін домбытпасы көп желөкпе болатын. Болыстың хабарын әкелгенде, ауыл-үйге долы тұрғызғандай күмпілдеп жетсе де, мына Тұрсын екеуі оңаша келе жаткан кезде тым қораш, Аңысын аңдып, аузын басады. Апалақтап шабатын байғұстың Тұрсынның түтеп кететін жүзіне қарсы иіні бір көтерілмейді. Өзінен кем, қор санайтын «сасық кедейдің» артында бұралқы иттей ілесіп келе жатқан қазіргі күйіне ызасы қозғанымен, сыртқа тебілмей шерменде боп қалды.

«Осы немені-ақ тайраңдатып қойды. Көп бұлғаңдата бермен бір сілкіп алса, жүні жығылып өз өзінен бір шөкімденіп қалар еді-ау. Қабакең де кім көрінгенді жоқтан бар ғылып қолпаштай береді. Әйтпесе, мына түксиген Тұрсын баукеспені бір шошытып алғанда бірдеңесі құри ма». Едірей есік пен төрдей алдында бара жатқан Тұрсынның қарауытып көрінген сұлбесін оқты көзімен атып келеді. Екі тізесі аттын қос құлағын қағып, денесі ерге құйып қойғандай бір қозғалмай мығым отырған дәу қараға бірер сәт қорқыныш аулай көз тастайды. «Не дегеңмен дәу өзі. Анау-мынау екі-үш жігітті жалғыз түсіреді. Қапысын таппаса оңайлықпен құлату да қиын. Әй, жарайды. Менің немді бүлдіріпті. Осының қолымен Қабекең от көсесе, байдың сарқыты маған бұйырар. Әзірше қыбын таба тұрайын. Қасқыр алатын дегдар тазыны да түп атасы ит екеніне қарамай

төрге шығарады ғой. Несін сыйлағанның итіне сүйек тас-
та деген, соншама бүлінетіндей бұл неме қызымды оя-
тып па...»

Қыз дегенде Едірейдің шамына тиетін бір жағдай кеудесінде солқ етіп аунап түсті. Құнжыңдап тебініп қалды да, шоқырақтап шаба жөнелген атының басын тарта қойды. Тағы да кейіндей берді.

Едірейде бала көп, қатын жоқ. Халал жұбы қайтыс болғалы жыл жарымға таянды, Уақытымен қазан-ошақ сылдырамаған, от басында ақ жаулық жүрмеген үй үй бола ма, үй демей мола десейші оны. Әйел алмайын деп жүрген Едірей жоқ. Соның ретін келтіре алмай жүрген Едірей ғой. Қабакеңе құлақ-қағыс қып талай айтып тауы шағылса да, үміт жібін үзе қоймайды.

«Қабакене де өкпе тақпаймын. Маған деген ниеті түзу. Құдалық айтып талайдың алдынан өтті. Баламның алды отау құруға жақындап қалғанда, оң босағада толықсып отырған қызын кім бере қойсын...»

Өзін өзі алдаусыратқанмен Едірейдің күрсінгенде көкірегі қарс айрылады. Қарс айрылуының да мәні бар. Құдалыққа шығып, құлын-тайдай ертіп аз да болса көңілін аулаған Қабан болыс шабарманының көңлін де өзі қалдырды. Оған да себеп қыз болатын.

«Көкпектінің» жылғасына жер тырнап егін егетін Қорғанбай кедейдің жалғыз үйлі қонысына әлдеқалай жолы түскен Едірей үй иесінің жыртық иінді бойжетіп қалған қызын көргенде қоқтықтын арасынан маржан тауып алғандай есі шығып Қабакене жеткенше асыққан.

Қабеке, таптым! Өле-өлгенше құлдығыңызда өтейін. Ретін келтіріңіз!-деп шоқтай жанған көздерін бір тайдырмай тілек білдірген-ді.

- Сығыр-ау, нені таптын? Түсіндірші әуелі.

- Қатын тауып кеп отырмын! Құдайдың маңдайыма жазғаны дәл сол,- деп өзеуреген шабарманын біраз әжуа-күлкі қып алды да, болыс іштей келісім жасады. Арсылдап қотан қорыған төбетке де сіңірлі сүйек тастайтын. Едірейді де сауырдан сипап қойып, қолбалағып ұстау керек.

- Қімнін қызы?

- Егінші Қорғанбайдың. Көкпектідегі суыр Қорған-
байдың,- деп Едірей пысықтай түседі.

- Қой әрі. Тұлдырсыз кедейдің қай бір оңған қызы
болушы еді. Ең болмаса қара шайын дұрыстан беретін

біреу де емес. Сыз сасыған жеркепесіне қалай кірем,- деп Қабан болыс ілезде айнып кетті.

Қабаке, осы жолғы тілегімді орындасаңыз, қарғылаған төбетіңіз болайын,-деп Едірей өлердегі сөзін айтты.

- Әй, Едірей, көзің әбден қарауытқаа екен

- Ойбай-ау, енді не істейін. Қарауытса қарауытқан да шығар. Қу тізені құшақтағалы жылдан асты.

- Жарайды.

Қорғанбайдың қызын көргенде Қабан болыс сабындай бұзылды. Шоқпыттың ішіндегі сұлуды бұл да айнытпай таныды. Ақырында киті мен қалыңмалды «осы мөлшерім де жетеді» деген шамамен бір-ақ айдатқызып апарып, қызды екінші тоқал ғып үйіне түсірді. Қабан жаңа отауда жас иіс құшқанда, Едірей іші ұлып суық төсекте қырық дөңбекшіді. Дөнбекшігенімен етер амалы, жасар айласы жоқ, өзегіне құрт түскен ағаштай жүдеді де қалды.

Қабан болыс шабарманының халін ұқты. Оның үстіне өзін кінәлі санап Едірейдін де қолына құс қондырып беруді ойластыра бастады. Ондағысы адамгершілік биіктен қарау емес, қараулығын жабудың жоралғысы ғана еді. Сөйтіп жүргенде Тұрсынның Әпішін кездестіріп, шабарманына сырттай соны лайықтаған. Едірейге ішкі сырын оңаша білдіргенде ананың қысық көздері ұшқындап-ұшқындап кетін еді.

- Әзірше дымын ішіңде болсын. Кедей болса да Тұрсыннын еті тірі, мойнына тұзақ тастап бұлқынбастай етіп көндіру керек, - деген. Соны Едірей әлі күтіп жүр. Тұрсынды суқаны сүймесе де, ақ сазандай аппақ Әпішті ойлағанда қолындағысы жерге түседі. «Әпіш! Сұлу Әпіш! Әлі-ақ сүйріктей саусағын майысыш шай құйып беріп отырарсың!

Аттар пысқырды. Алдан от көрінді. Ауыл әлі жата қоймапты. Бұлар болыс үйінің көрмесіне ат басын тіреді.

Қасына он шақты әлекедей жаланған жігіт ертіп Тұрсын қарагеріне қамшы басқанда, Жетіқарақшының шөміші көкжиекке еңкейіңкіреп қалған еді. Таң қараңғысы ұйып-ұйып түсті де, маңай меңіреу бүркенді. Жер

бағдарын жұлдызға қарап тез болжағыш Тұрсынға ерген жігіттер ештенені уайымдамай, аттарын сар желдіртіп жеделдете жүріп келеді. Кәнігі тірлінде алыс-жүлыспен ат үстін өмірінің ажырамас мәніне балап өскен қыр қазағы алдан тосар қиракезік сапарын көп ойлаған ба. Өздері үшін өзгенің күні бұрын шешіп, пішіп қойған кесігін ғана орындауда бас жарылып, көз шықса да тайсақтап көрген емес. Қадау-қадау көтерілген шоқпарларын көкке білемдеп, секең-секең сүйретілген сойылдарын аяқ басына іліп алып, ат үстінін желікті жүрісінде шақпақ отындай туындайтын әзіл-қалжыңды бұрқ-бұрқ атады.

Тұрсын есік пен төрдей алға озып, серіктерінің қызу күлкі әзіліне араласпай үнсіз келеді. Бұрын қалжынға жоқ болса да, кеңк-кеңк күлкісін аямай жолдастарын қолпаштап қоятын. Ол дағдысынан қазір ажырап қалып, ұзақ ойға шомады.

Қабан болыстың сонғы жарлығын жақтырмаған-ды, «Қабан десе қабан ғой. Азуы сояудай боп әркімнін санынан бір тартып, сойдақтатып өтпесе көңлі көншімес» деген сыпсың өсекті естіпті. Естіпті де шала бүлініпті. Осы сөз оңды-солды айтылып, ел арасына тарап кетіпті. Түп төркіні болыстыққа таласкан Сәлмен байдан шықса керек. Бақталас байдың кемсіте айтқан сөзі Кабанның қытығына тиіп бұрқан-талқан болмасына қоймапты. Қаны қайнап отырып, Тұрсынға қадау- қадау бұйрық берген:

- Сәлменнің көзінін еті өскен екен. Кімді басынады. Ұркөппе, данғойдың құдайын ұмыта бастағаны-ау! Тұрсын, сені әдейі алдырып отырмын. Күпсінген кеудеге жел толған екен. Соны басып кел. Құр күпілдектіктен аса алмайтын-неменін арты белгілі. Тәубасын бір келтір. Сойыл- шоқпарлы сайыскер жігіттеріңді дайындап қойдым. Дәл қазір атқа қон да, Сәлменнің бір айғыр үйірін қайтсен де айдап қайт!- деді.

- Қабеке, кім не демейді. Ін аузында қылтиған суыр екеш суыр да күштілік білдіреді. Үйінде жатып қымыз ішіп желік шақырған әлдекімнің қатын бопсасын тергейміз деп жазықсыз жандардың көз жасына қалармыз.

- Әй, не оттап отырсың! Кімді үйреткелі отырсың сен мұңдар! Қабанның бұйрығына қарсы келетін кім едің! Көзінді ашып қара! Бір сығып, екі бұрап омырт-

қаңды үзіп қолыңа беретін құдайыңмын,- деген, Қабан күш көрсетіп қыныр тартқан,- Тулағанда қайда барасың. Бала-шағаңды ойламайтын көрсоқыр ма едің әлде? Алақанға салып әлпештеп отырған қызыңды ат көтіне жатқызып шауып әкелдірсем қайтесің!?

Тұрсын жалт етіп Қабанға қарады. «Мынау не дейді. Нені көңірсітіп отыр? Әпішімді аузына алғаны несі? Арам ойы бар екен ғой» деген шұғыл ойдан ширығып қамшысын қысып ұстап тұра берді де, қайта шөкті. «Қой бекер арандамайын. Қарақан қу басыма мың қарғысын жаудырса да түк етпес еді, Әпішіді аямас. Сәлмені не, Қабаны не - екеуі де зұлым. Бірі өліп, бірі қалсын»...

- Қашан жүрейін?..

- Е-е, солай жөніне қисайсаңшы, батыр. Қазір аттанасыңдар. Жылқыны Үңгіртасқа қамап, ізді басқа тұсқа тастап кетіңдер,- деген Қабан орнынан жылдам кетеріліп Тұрсындарды өз қолымен аттандырып салды.

* * *

Біржан атын ерттеп жүруге қамданып жатқанда ауыл үстіне таяп қалған екі-үш аттыны көрді. Ортада жетектеулі келе жатқан қарагердің үстіндегі адамның басын ақ шүберекпен таңып тастапты.

Әпіш қонақ жігітке ұрлана көз тастап үй іргесінде тұрған, келе жатқандарға қарап жіберіп, ащы дауыспен шыр ете түсті.

- Көке!.

Басы жарылып, қол сынып мүсәпір халде отырған Тұрсынды екі жігіт аттан көтеріп түсіріп, көтеріп апарып төсегіне жатқызды.

- Оташы керек!

- Ыдырысты әкелу қажет!

Басының жарасы да қатты.

Бәйбіше тіс жарып ләм деместен ұлының қолынан ұстады, сынығын керді. Көзі шүңіреніп бір түннің ішінде жүдеп қалған баласына қабақ түйе қарады.

- Тәйт! Соншама сүміреймей. Қой деп едім қоймадың. Енді кеп сынықка бола салың суға кетіп... Опырылып түсерің бар, отырмаймысың жайыңмен...-деп жеңді түріп жіберіп білекті сипалай бастады.- Қатты ұрған екен. Екі-үш жерден сыныпты. Ештеңе ете қоймас.

Енді тәубаңа келерсің. Зорлық түбі қорлық деренімді тыңдамаушы ең.

Біржан ананың күңкілдей ұрсып отырған қазіргі қалпынан көз алмағанымен оташыға адам жіберілмегеніне кынжылын отыр еді; кенет Түрсын сәл ықырсығандай бетін тыржитыңқырап қалды.

- Болды. Орнына салдым. Әпішжан, белбеуімді әперші. Қазір таңып тастайын.

Кекпір жұмысын бітірген соң маңдайынан шып-шып шыққан терді колының сыртымен сүртіп тастап орнына барып отырды. Күпісін жамылды. Содан кейін сөйлеп кетті.

- Ал, балам, ақыры басқа соғылып тоқтадың. Ағайың берекесін арсылдап қуушы ең, енді мені мына қартайған шағымда тірі өлтіріп және отырсың. Сен мұнда қан жуынсаң, анау сен ауылын үркіткен елдің қанша боздағы қой бауыздағандай қанына шомылып жатыр екен. Қоймадың. Өспейтін ұрпақ өнегесіз іске құмар. Тәңірден тілер тілек қалмады. Сенің жаманатыңды күнде естігенше құдайдан қаза күтуден басқа түгім жоқ. Енді қар баспаспын. Басқызбас жасаған. Бүкіл тірлігімде бір еміренер сәт кешпеппін. Осы түнде ғана анау, өнерінен садаға кетейін, әнші жастың игілік дәміндей әуезін естіп ем, ең болмаса сәрі асындай сол құмарымды да толық бермей мына бәленді алдыма көлденең тостың-ау. О да болса таласқан иттің талқысына тұсқен қу тірлігімнің сыбаға» сы болар. Түңіліп-түңіліп таусылып тынғам. Есің болса ендігі бір ғана өсиетімді тыңда. Мен анаңмын. Әпіш - балаң. Ана - кешірімшіл, бала - кекшіл. Әпішті жылатпа. Осы қызығымның қылдай қиянат көріп, көз жасын төгуіне себепкер болсаң - көрде де тыныш жатпаймын. Тең - теңімен, тезек - қабымен. Көңлі қалап, жүрегі таңдаса - еріксіздік торын қол-аяғына тастама. Өкініш пен өгейсіп өтпесін,- деді де күпісін жамылып жантая кетті. Ананың тілек сөзі тұсында үй ішіңдегілер түгел үнсіз қап еді. Біржан Әпішке қиыстады. Әпіште мұны көзінің астымен бағып тұр екен: екі беті ду етіп қызарып кетті. Әпіштің шешесі ене сөзінің әр лебін дұғасындай сіміріп елтіп қапты, ерні жыбырлап екі алақанын төсеп бетін сипады.

Тұрсын әнтек қана бас изей түсіп келісім танытқан сыңай білдірді.

Біржан аттануға қамданды. Қамшысын саптамасынын қонышына тығып, орнынан көтерілді.

Ал отағасы, тез айығыңыз. Рұхсат болса мен жүрейін. Аман-сау көріселік.

- Жолың болсын, шырағым. Әпіш, аттандырып сал ағаңды.

Атқа қонған Біржан қыздан көз алмайды,

- Әпіш, есіңе ала жүр.

- Ағасы ұмытпаса, қарындасы ұмыта коймас. Ұмытпас та.

- Ұмытармын ба, о не дегенің, Әпіш қалқа! Оралармын.

- Сіз қайта оралғанда қарындасыңыз орнынан табылса ғой. Кім білсін,- деген қыз әлдебір қаяулы мұнын сездіргендей күрсініп қалды.

- Әпіш, Әпішжан ниетің шын екен. Келемін. Жетермін қайта. Өзіңнен белгі шықпай өзеуреп қатыгездік жасаймын ғой деп қорқып қап ем. Айта алмай қиналып бара жатқан ем. Сағынарым, іздерім де өзің ғанасың, Әпішжан,- деп Біржан ат үстінен еңкейіп қыздың шашынан сипады.

- Тез оралыңыз, Біржан аға,-деп көзін төмен төңкерген Әпіш сәл басын иді.- Тосам. Сағынып тосам! -

- Тос, Әпіш! Көп күткізбеймін.

- Сау болыныз!

Ұзап бара жатқан әнші жігіттің соңынан қарап қалған қыз қара көзі жасқа буланып қыбырсыз тұр. Еріндері баяу күбірлейді.

- Қош, ұмытпа! Біржан аға!..

- Келем, Әпіш!..

* * *

Қол-аяққа қыл арқан түскеніне, міне, аттай үш жыл толды.

Қиналған жанға қайғы-шері көп толғақты күйік жамалғанына да тура үш жылдың мұғдары өтті.

Іштегі жегіден құтылар пана таба алмай, екіленіп бұлқынғанда, шорланып біткен ескі жараның орнына білем-білем жаңа жара түседі. Шып-шып қан шығады. Қара қыл арқан қан сіңіп, қақ-қақ болған. Аяқтағы темір кісен күн өткен сайын ауырлай түсіп, зіл батпан салмағымен қозғалуға пұрсат бермей, керегенің сағанағына тапжылтпай таңып тастаған. Содан ба сахара-

нық сағымындай сусыған еркін, ерке Біржан бұл күнде үстіне жалған жапырылын құлағандай ауық-ауық күрсінгенде кекірегі қарс айрылады.

Алғаш, осыдан үш-төрт жыл бұрын шау тартып, ақшулан сақалы молайып кәріліктің алғашқы сызды салқынын сезіп, бұрынғыдай ұзақ- ұзақ сапарға шықпай үйінде отырып қалып еді. Теміртас, Қалкен ұлдары өсіп, Ақық, Асыл қыздары бой жетіп барады. Халал жұбы - Әпіші баяғысындай. Салдың қас- қабағынан көңіл күйін танып, жүріп жататын.

Біржанның Ержан, Нұржан ағалары інісінің осы бір үйкүшік болған тірлігіне шүкіршілік білдіріп «енді қартайған шағыңда әуп-әуп етіп беделіңді түсірмей шаруамен айналыс. Осыншама жын қуғаның жетеді» деп өздерінше ақыл айтып қоятын.

Біржан біраз шыдады. Біржан шыдағанмең сал-сері жолдастары шыдамады. Ат көпір боп кеп жатты, ауылды думандатып жатты. Қонақасы судай төгілді. Біржан кедей болғанмен ағайын-туыс бай. Бірақ бай туыс бағыланының басы кеміген сайын кейістігі ұлғайып, кедей Біржанға кекірейе қарайтын болды. Ауылда жиын азайды. Дүрмек дүбір жоғалды. Ақын жалғыз қалды. Ақынның өзімен бірге ойы ғана қалды. Дәрменсіз он ұзай түседі. Ұзатып аулаққа, оқашаға әншіні алып кетеді. Біржан жалғыз қалған, жайрап қалған дүниеден іңкәр іздеп, көңіл алдап, ән шырқатады. Оңаша егіледі, оңаша жылайды. «Айтып қалайын, соңғы рет ашылып қалайын» дейтіндей оқшау терекке сыр шертеді, серек жартасқа тіл қатады. Күбірлеп жыр жолдарын іздейді, күңіреніп әуен шақырады.

- Ей, дүние! Мен саған ән сыйладым, сен зар бердің! Мол бердің. Аямадың. Тулаған жанымның борша-боршасы шыққан тілім-тілім жарасын көрші...

- Ей, дүние! Мен асқарыңа құлаш сермедім, сен шыңырауыңа тарттың. Соншама азап берердей неңді бүлдіріп ем. Не жазып ем саған!

- Ей, дүние! Бозторғай құрлы қадірім жоқ. Сардалада жалғыз түп қараған да бой көрсетеді. Көлеңке түсіреді. Менің саямнан пана тапқан тірі пендені көрсетпедің. Не істедім саған мен...

Әнші зары тынбайды. Ән күңіреніп шалқады, күрсініп төгіледі. Улы дертпен бойын алған оңаша оны аулақ-аулақ, әкете береді.

Біржанның оқшаулануы көбейді. Оның үстіне Қарауыл мен Керейдің дау-жанжалына қарамай, Қарауылдағы дос, серіктерінен де қол үзбеді. Бөріктінің намысы бір. Бірақ намыс қуған Біржан жоқ. Оның қуары - ойы. Оңашалығы. Қымбат дүние тәрк етсе, қимас тірлігі азабына айналды. Ықылық атқан көкіректен запыран төгіліп «Ей, дүние!» дейтін бітпес шерге ұласты. Соның аяғы «Біржанды шалық басты, жын иектеді» деген сұмдық кесікке байлап, аяқ- қолға кісен салдырды. Асқақ Біржанды тұтқын ғып ұстады.

Әл-қуат күн санап кеміп барады. Мысқалдап таусылған дәрмен ес-сананы да әлсіретеді екен. Есі кейде бар, кейде жоқ. Қауесет хабар аздап шындыққа айналғандай. Бота көздері жасаурап, құр сүлдерімен керегенің торкөзінен қараңдайтын жандарға үнсіз, дәрменсіз телиледі. Әннен тыйылған әнші сөзден де қалды. Ендігі ермегі де бір уақыт уанышы да ойы. Бітпейтін, үзілмейтін ойы.

Аяқ-қолға қылбұрау түскеніне үш жыл толды.

Үш жылда үш сағат домбыра ұстаған жоқ. Үш сағат-.тық еркіндік көрмеді. Сөзден қалғанда жасы да тоқтады. Ендігі күңгірт жанарда бір тамшы сор жоқ, құрғап, кеуіп біткен. Ендігі қалған ғұмырда үнсіз азабы, бітпес тозағы бар.

Ақиығы, арысы бұғауланғанда елі жүдеу тартты. Шұбырып келді. Жадау тарады. Ағылып, төгіліп орал-.ды, ағылып-төгіліп еңіреді Бірі сенді, бірі сенбеді.

Ал, дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпеп жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім,-

деп халқына әнімен қош айтысады. Әнімен өткен күнін аңсайды.

Бірде құрдасы Тәнкебай келді. Бар денесі жер тартқан салды құшақтай құлады.

- Не болғансың, Біржаным?! Сен мұндай азап тартып жатқанда менін тірі қалқайып жер басып жүргенім кімге қажет. Кешегі думандатып жүретін ақиығым, бүгін сенің мынандай корлықта, тірідей өлік боп, жермешел болып қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! Әлде дүние деген қатыбас тірлік осы ма. Қыранын

қанатынан қайырып, жер соқтырып кете бере ме?-деп өксіп-өксіп жіберген Тәнкебай орнынан опыр-топыр ұмтылып айқай салды.-Уай, Керей, жынданған Біржан емес сендерсіңдер. Уай, Ержан, Нұржан сен екеуіңсің! Арым, намысым, әншім, ақылым Біржан жынданбайды, Жынданды деп сендер үнін өшірмексіңдер. Әнін ұрламақсыңдар! Өшпейді. Ұрланбайды. Ұрлай алмайсыңдар!- деп қатты ызадан кіжіне сөйледі.

Құрдасынын даусын естігенде Біржанның тандыр боп кеуіп қалған көздерінен үнсіз жастар бұршақтай боп үзіліп- үзіліп түсті, төгіліп-төгіліп кетті. Қөптен бері аяғаш рет жанын ұққан, сырын, шерін түсінген мұңлас достың күйігінен демеу тауып, ұзақ жылады. Тәнкебайдың жас жуған бетін бетіне басып. отырып, жалынын жоғалтқан ұшқыр көкіректен өкініш атты.

Қарасу есік алды лайланды
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай қыска пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды...

Ән қамыққанда, тұрғандар түгел жылады. Ән- Біржанның ақтық қош- қошы сияқты. Запыланып уһілеуі тәрізді. Дос-жарға аманаты да іспетті. Ақ сақалы ұзара өсіп, жақ жүні үрпиіп кеткен жүдеу жүзде қан-сөлі жоқ, Жүдеулік, кемдік табы бар. Қадала қарап өкси егілген Тәнкебай «Қыска пішкен камзолдай дөңгеленген» тірліктін қатыгездігін бетпе-бет көріп отыр. Көкшеде бұлақ көп. Көлі сексен. Саздауыктан жылап аққан бұлақ тостаған көлге сақылдап күліп құятын. Сексен көлдің екі тостаған көзі суалыпты. Күліп құятын қос бұлақ жылап ағып құрдымға құлдилайды. Біржан көзі - қос тостаған күңгірт көл. Әнші жасы- құрдымға бет алған өкініш тамшысындай сағыныш бұлақтары. Ағыл-тегіл төгіліп жатыр. Шыр айналып дүние өтіп барады. Ақындық, салдық сол тамшылармен бірге үзіліп бара жатыр.

- Апырмай! Мынау тынысты тарылтар зелзала ғой, Өксімеші, құрдасым! Сен... Сен тарылмашы. Санаулы күнінде сарғаймай, самғап бір қалшы, ардақтым. Абзалым, Біржан! Тауыспашы мөлдір тұнық бұлағынды, Серпілші, қайта бір серпілші!-деп Тәнкебай досының иығынан ұстап тұрып сілкіп-сілкіп қалды. Ән тоқтады. Біржан жасы да тыйылды. Өз сүрлеуін таусып біткен жолаушыдай тіл қатпай, сұлқ түсті,

Қол-аяққа қылбұрау оралғанына тұп-түрз үш жыл толды.

Ұғымтал, сергек жүректің ұғымсыз дертке шалынғанына да үш жылдың көктемі жетті.

«Әй осы көктем - ақырғы көктемім-ақ болар. Енді көре алмаспын. Қараңғы көрдей мына бейуақ ертек таң болып қайта білінер ме, Теміртас, Қалкен - кос қарашығым, қайдасыңдар. Келсеңдерші, маңдайларыңнан иіскейін. Қолымды босатыңдаршы, арқан батып барады. Әпіш-ай! Сені де сорлатты ғой. Жібермейді ғой маған. Кім кәрінгеннің тепкісінде кетермісіңдер. Келсеңші! Кусаңшы мынау меңіреу қараңғылықты. Шам жақщы! Әкелші жарықты. Ең болмаса саңылау енгізші мына қапасқа.

Көктем иісі аңқыды-ау! Түңлікті түріп тастар ма еді. Теміртасым-қарағым, айдарыңнан бір сипатшы. Келе ғойшы, құлыным...»

Біржан әлсіз күбірлейді. Кеберсіген еріндер үнсіз сыбырлайды. Ауық-ауық ыңырсып қан шыққан білегін ыстық демімен үрлейді. Бір сәт анталаған қараңғыдан азу тісі ақсиған Жанботаны көреді, қайқайтып қамшы сілтеген поштабайды көреді. Керегеге тығылып бетін басады.

- Ұрма! Қайт кейін!...

Үні булығып ән салмақ болады. Толқын келгенімен ауыздан сөз шықпайды. Соған уайымдайды. «Жанботам» қайда? Неге айтпаймын. «Адасқақ» та жоқ. Мынау дойыр өл дей ме? Өлгенім дұрыс па әлде? Қорлық таңбасын сүйегіме салғызғанша, неге елмеймін...»

Өлім деген түйсік миына оралғанда, сұлық қалады. Кеудеден бір күй аулайды. Ол өлімнен сескену емес, қайта сол жұмбақ белгісіздікке асығу сияқты. «Өлсем қайтер еді? Ештеңені түсінбес меңіреуге батам ба? Шым батам ба? Ешуақта қайта оралмай жер боп, топырақ боп шіріп тозып таусылам-ау...»

Ауыл шетіндегі қараша үйден қарлыққан дауыс бұрын жиі естілуші еді. Мамыр туғалы сирек шығатын болды. Әдеттегідей ертемен түңлік те ашылмайды. Бозала таң көп тесіктен найзадай үңгіп жарқ-жарқ шаншылады да, жылжи-жылжи кереге бойлай барып бейуақ ымыртқа сүңгіп, жоғалып тынады. Сырттағы жарық дүниенің белгісіндей осы найза-сәулелер Біржанның көз құртына айналды.

Бұ күнде тіл күрмелген. Күрмеп қойған өзі. Тіл айтпасты сайрап тұрған көніл айтқан соң, қайғы-қасіреттең туындап бара жатқан ішкі жегісін анда-санда бір уһілеп, ащы, ауыр деммен лықсытады да және тыншиды.

Кеудеде зіл қаратас бар. Зіл қаратас- дерт мендеткен ауруы емес, жүйке-жүйкесін сенделткен шер-шемені, Сол шер-шемені қоюланған кезде алақандай көздері бақырайып, кірпік қақпай мелшиіп қалады.

Көзі ілініп кеткен екен. Шыр-шыр етіп безек қаққан бала даусынан шошып оянды. Жазбай таныды. Теміртасының жанұшырған шырылы. Біржан шыдай алмай керегенің сыртынан ұстаған шиді саусақтарымен осып-осып жіберді. Саңылау білінді. Саңылаудан кешкі дала, кешкі далада көйлекшең бала, қамшылы молда көрінді, Ысылдаған әбжыландай ауыр қамшы сегіз-тоғыздардағы баланың арқасына шып-шып тигенде, Теміртастын көз жасы мен қоңыраулы бәйек үні қоса шығады.

- Ібіліс иектеген неменің тұқымы! Аяғыңды қия басасың ба солай қарай. Ендігәрі қия басып көрші! Анау жын шалықтаған әкеңнің қасына тас қылып байлатып қояйын! Сені қашанғы қоримын, ә! Әй Нұржан, мына күшікті байлатып таста!

- Ұрмаңызшы, молдеке! Көкеме тамақ апарып берейін деп едім. Қарны ашты ғой, молдеке! Ұрмаңызшы!- деген баланың ащы даусы Біржанды мұнда доңбекшітін жатыр.

- Ержан, Нұржан! Оңбассыңдар екеуін, оңбассыңдар! Біржан дір-дір етіп екі ағасын қарғайды. Құлыншағын аяйды. Арыстандай ақырып, бұрқ-сарқ бұлқынады, Жолым үй дүр-дүр шайқалады. Бұлқынған денеге қыл арқан кіре түседі. Жарадан шып-шып қан ағады.

- Сорлы құдай сорлатқаның аз ба еді? Мұныңыз қалай, молдаке! Тимеңіз балама!-деп кимешегінің етегі шубатылып Әпіш жетті. Жүзі сарғайып әжімді өңі күлбеттеніп кетіпті.- Есі ауысты деп күйеуімді байлатып тастаттыңыз. Жыны жұғады деп бала-шағаны жолатпайсыз! Тозақ отына тірідей күйдіріп отырып, ұрманыз баламды. Оны ұрғанша мені ұрыңыз!

Қаһарлы қолдағы ашулы қамшы сөз тындар ма, әйелдің де арқасында ойнап кетті.

- Қор болдындар-ау! Тірі жетім, тірі жесір сор маңдай бейбақ болдыңдар-ауі Ей дүние, енді көрсетпегенің осы ма еді. Көз алдымда қатын-баламды тулақша саба-

тып тірі қойғанда, алмағың не еді менен! Нең қалып еді әлі де тонамаған? Әнімді алдың! Атақ-абыройымды ал--дың! Өмір серік достарымды, ел-жұртымды алдың. Қанбап пең, тоймап пең!-деп аһ ұрып күрсінді де басын керегеге соғып, кемсеңдеп жылап жіберді.

Қараша үйге қара-құра көп енбейді. Енгізбейді. Кешегі кербез әнші бүгінгі керексіз «жынды». Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді әнмен ұйытқан Біржан сал «арық қойдан бағасы кем» кемтарлығын ойлап-ойлап кетеді.

Бұлың-бұлың сурет келеді. Ақ-қарасы айқын, таза, ұзынша көзді Абай демін ішіне тартып тындап отыр. Балқып отыр. Айналадағы жиынды түгел ұмытып аңыра қадалып әнші жүзінен көз айырмайды. Ән біткеңде Біржанға қуана бұрылды:

- Өзге өзгеңді қайтейін, Біржан аға, Босағадағы әнді өрлетіп төрге шығардың-ау! Қадір-қасиетіңді таныдым-ау! Сенен зор, сенен қадірлі кім бар!

Біржан мырс етті. Қанталаған білегін сипады. «Қайран Абай-ай! Жалғыз сенің ғана қадірімді білгенің дәл қазір мына өңшең жыртқыштың қаперіне кірер ме. Төрдегі басым босағадағы торда отырғанын естідін бе екен. Естіген болсаң, бір хабар білдірер едің-ау!»

Көкіректе сырыл бар, демігіп жатып алыс-жақынын еске түсіреді. Сал-сері достарын іздейді. Бұлт бүркесе, жел үрлеп үй шайқалады, кереге-уық сықырлайды. Қыбырсыз жанға тықыр да ермек. Басын жұлып алып талай түнде тың тындаған. Кілең күрең жорғалы, күлдері белбеулі өнерлі достары көзі ілінсе күмбірлетіп күй шалып, сан құбылтып ән салып жиылып келіп тұрғандай болады. Содан ұйқысы қашады. Қараңғыға ұзақ телміреді. Аулақтан, тыншыған ауылдың ту сыртындағы жыңғылды сайдан кісінеген аттың, кіселі белдіктің шылдырын естімек боп көтеріліп отырады. Ыңылдап ән салады, достарын шақырады. Күбірлеп жыр толғайды. Серіктерін іздейді. Тілініп-тілініп кеткен еріндерін жалайды. Қарманып ауа құшады - балаларын аялағаны, аймалағаны. Ән жылайды, армандайды. Жыр күрсінеді, кек атады. Ән ширығады, аңсайды, өксиді, өгейсиді. Күбір-күбір ерін еміренеді, сағынады, жалынады. Жалыныш сағынышқа ауысады, Сағыныш әуенге, сазға ұласады.

Теміртас, Асыл, Ақық - қарарақтарым,
Үкідей жақсыларды балақтадым.

Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар
Есіктен келе ме деп алақтадым

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Бір құдай ғапу айлан күнәмді кеш.
Бірде сау, бірде ауру Біржан ғарып
Замандас аяқтағы кісенді шеш!..

Жазықсыз тұтқынның запыран гөй-гөйі саз боп төгіледі, саз боп алыстайды. Алыстағы қойшы, таудағы жылқыны жанарына жас алып, үнсіз егіліп тыңдайды. Ән жатталып, қиырдан-қиырға тарап жатты. Ұйқысыз түндерде үзілмей ұзарды. Ауыздан ауызға кетті. Ауылдан ауылға көшті. Ән-салдың зары, салдың басындағы заманына деген қаз-наласы бар мұңға мұң қосып, алыс-алысқа кетіп жатты. Ықтиярдан тыс ерік алған әуен кө - кірегін жарып шығып, шартарапқа шығандап кетті. Төрығу емес. Түнілу емес. Өткенді өгейсу, әлі де болса бір қанат серпіп қияға қырандай самғауды аңсау. Соның белгісі-осы әні. Тоқтамаған, тынбаған, ұрланбаған, «жынданбаған» әні. .

Қол-аяққа арқан түсіп, кісен салынғанына аттай үш жыл толды.

Жел канатына ән мен жыр тоғытқан сергек ойдың қараспа қамалғанына да үш жылдың мұғдары болды.

Қызғылт өңді, кең маңдайлы сұлу жігіттің орнында ақ сақалы желбіреп, ұрты суалып, көзі үңіреніп, мұрны сорайып тірі аруақ отыр. Тірі аруақта сұр жоқ. Тіл жоқ. Құрмет-қадірі қашқанда құрбы-құрдас та алыстайды. Жоламай, жоғалып кетеді, Біржан соларды ойлағанда, ат ізін сирек салып, қара көрсетпей кеткен ағайын-туысты іздегенде жаны өртене күңіренеді. Қожа-молда, бай ағалардың елге тыйым сап, ауылға енер қара-құраны аластап қуатының байлауда жатқан Біржан қайдан білсін. Нелер зарлаған мен жылағанды жұбатқан әнші сал өзі еңіреген кезде маңайынан қол ұшын берер, сәлем сөзімен көңіл аулар жаубөрік көрмеген соң, ішінен сұмдық түйткілге кездесіп, бар тұлабойы қалтырап адам біткеннен үрке түседі. Сол сәттерде дүниеде екі аяқтыдан өткен жыртқыш та болмайтындай көрініп, бар түйсігі - ендігі еркіндігі мен бостандығы іспеттес «өлім», «ажал» деген ұғымға саяды. «Қазадан қашып құтылған пенде жоқ. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралаған Корқытты да ақы-

рында ажал құтқармаған. Содан артық емеспін. Келер болса тезірек келсе екен. Жетсе екен жылдам.... Мен ішпеген у жоқ, әлі келем итшілеп... Бұның несі тірлік. Жалғыздықтағы қайғы ауыр екен. Менің күңіренгенім кейбіреудің күлкісін көбейтсе, құз биіктің түпсіз шыңырау жиегіне тақалғаным болар. Құлайын да... Біржолата өшейін де...»

Мамырдың ортасында шуақ күндердің артын ала суық ызғарлы күндер келді. Сол ызғар ашық-тесігі көп қараша үйде ызғып тұр. Кіріп-шығар кісісі аз тұтқын қостың оты да жағылмайды. Қыбыр-тықырды аңдыған Біржанның санасы ғана сау, бірақ ұйқылы-ояудай бір халдің айықпай жеткені соншалық суық сорған еріндері көгеріп, қозғалмай, табжылмай сүлесоқ жатыр. Қол созып қасында жатқан күпіні де жамылуға әрекет жасамайды. Ауық-ауық ызыңдап оралатын ән жолдарын ақырын сыбырмен айтады,

Саясы кем болады қу қайыңның,
Жігіттер керегі не уайымның.
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ
Білмеймін не қыларын құдайымның...

Осы сыбыр, осы ызың үзілмейді. Айтқан өзі ме, өзге ме оны тексеріп жатқан жоқ. Әйтеуір ұзақ түннің баяу таңы сызат бергенше бір ұйқы, бір елеспен сарын мен ызыңға мидай араласып жатады.

Бірде таң алды болатын. Ап-анық дыбыс естілді. Кәдімгідей боп табалдырықтан аттап әлдекім кірді. Тізесін бүгіп, тал шоқы үкісін бұлғаң еткізе иіп сәлем берді

- Арқаның ақиығы асыл Біржан, халіңді ұғып, хабарынды естіп әдейі келдім. Мен сені ұғынып тауып, үміт етіп асылға балап қалып ем. Ардагерім, азаматым деп, ерекше туған замандасым деп қадір тұтып ем. Тұр! Серпіл. Мойыма!-деп жұбаныш айта келді.

- Апырай, Сарамысың?

- Иә, Сарамын. Ешкіөлместен кеп тұрмын. Уа, Біржан аға.

Жорға едің сарыныңмен самғайтұғын,
Бәйге аты серпініңді шалмайтұғын.
Әніңді он екі ызбот жіберсекші
Есімнен өле-өлгенше қалмайтұғын.

- Соныңды ұмыттың ба? Ұмытпа! Тұр! Көтеріл. Берілме қайғыға. Сен одан жоғарысың,- деп қызыл еріндері дірілдеп сәл езу тартты.

- Жақсы келдің-ау, Сара! Түңіліп кетермін бе деп Жатқанымда түнегімді серпіп жеттің-ау. Кім қалды, кі - мім қалды деп алақтай беруші едім.

Дем берді, Сара жаным, осы сөзің
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің,
Сөз айтар қандай кісі деген кезде,
Көтерер қолтығымнан нелді кезіңі

Рахмет! Кел, қасыма кел. Дос көңлің әлі баяғыдай екен. Бек ырзамын, жаным Сара!-деп қолын созғанда керегеге тиді. Көзін ашып алды. Тағы да елес екен. «Апырай, алдары бар, аңсатары бар елес деген де жауың болады екен-ау. Жеткізбесі бар неге шырмай береді. Қылмойынға төндіріп әкеп, асқындап, атқуылдап тұрған бір пәле...»

Қараша үйдің есігі күніне бір-ақ мезгіл ашылады Есікті ашатын да, тамақ әкеліп, салды сүйемелдеп аулаққа алып барып келетін де - саңырау Төреқұл. Саңырау Төреқұлға Біржан сал да бір, ала өгіз де бір, Он жасында екі құлағынан бірдей кереӊ боп қалған жанға ән де, зар да естілер ме. Ержан мен Нұржанның тауып қойған күзетшісі осы.

Бүгін де Төреқұл Біржанды орнынан көтеріп тұрғызды. Мойнына қарғыбаулап тағып қойған кілтті алып,кісенді ағытты. Әншіні жетектеп тысқа шығарды.

Аспанда өркеш-өркеш ауыр сұр бұлт баяу жылжып барады. Күн көрінбейді. Өкпек жел бар. Қыстан шыққан бірер тал қызыл қурайды дірдектетіп тұр.

Төреқұл Біржанға жыңғылды сайды ымдады. Әдеттегідей жұлқа тартып, сүйрелей жөнелген жоқ. Артынан жай басып ілбіп келеді.

Біржан тысқа шыққалы айналасына жиі көз тастайды. Күніне осы бір серуенін асыға күтетін. Қоңырқай үйлі қара лашықты ауылға жапақ-жапақ қарайды. Ауылдың тірлік белгісі аз. Түтін шамалы. Қарасирақ бұралқы иттер күлі ұшқан жер ошақтарды тінтініп, әлдебір сүйекке таласып ырылдасып қалады.

Қараша қоңыр үйдің есігі ашылып, сыртқа бір бала шықты. Теміртасы екен. Көкесіне алыстан қадалып тұр. Шолақ көйлек, шолақ дамбалдан басқа лыпасы жоқ. Біржан кібіртіктеп тоқтады. Саңырау да аялдады. Бала сайға қарай жүгірді. Қыбырсыз ауылға бұрылып қарап қойып безіп барады.

Теміртасым! Құлыным! Сағынған екенсің.

Біржан да сайға қарай жеделдете басты.

«Мына саңырау неме бөгет болмаса екен! Айтпаса екен апаларға...»

Теміртас әкесін көргенде жылап жіберд!. Құшағына сүңгіді. Біржанның да көзінен тарам-тарам жас ақты.

- Көке! Көке-тайым!

- Жылама, Теміртас! Ұл бала жылай ма екен. Сен мықты бол. Апаңның ендігі тірегі сенсің. Берік бол!

- Көке, сені неге босатпайды?

Біржан үндеген жоқ. Жас жуған ұлының жүзін көргенде қатты қобалжып ащы зәр жұтқандай тыжырынып кетті.

Саңырау Төреқұл әкелі-балалы екеу емін-еркін сөйлесіп, мауқын бассын дегендей аулақтап тұр. Екеудің не айтып жатқандарын естімесе де, жүздеріндегі қайғыны аңғарып толқын оймен түйіліп қалды.

«Жасын жетпей, бұғанаң бекімей жетім қаласын-ау. Алдында малың жоқ. Кімге көз салар екенсің...»

- Көке, қашып кетейік.- Бала діріл қағады. Дірілдеп тұрып бір амал айтады. Колынан бар келері де сол.

- Қашып қайда кетерміз. Уайымдама, құлыным. Мені ауру деп ұстап отыр ғой. Ертең жазылам. Сонсоң баяғыдай өзіңді қыдыртам әлі,- деп ұлының маңдайынан сүйді.- Ал, Теміртас қалқам, үйге қайт. Тоңып қалдың. Біреу-міреу көріп қалса, ұрсып жүрер.

Бала кібіртіктеп қайтып барады. «Көкем жазылады» деген қуанышы да бар. «Жазылмаса, босатпаса қайтеміз» деген күдігі де бар. Ұзаған сайын тоқтап бұрылып, әкесінің еріні тиген маңдайын ұстап-ұстап қояды. Біржан, «бар, бара бер, балам!» дегендей басын изеді. Көңлі жайланған Теміртас жүгіре жөнелді.

Үйге кіргізіп, Төреқұл салдың арқанын сәл босатып байлады. Шығып кетіп біраздан соң тайжақыдан тіккен жеңсіз әкеп кигізді. Соның бәрін бір ауыз ләм демей жасап жүр.

- Апырай, мына Төреқұл екі ағамнан артық жақсылық жасады-ау. Адамның асыл қасиеті ішінде болады екен. Дәл соны таныттың-ау. Сені ел саңырау деп атағанмен, құлағы саулардан гөрі мұн-зарды сен естігіш, ұққыш боп шықтың. Рақмет дейінші. Естімесең де айтайыншы...»

Біржан риза кейіппен басын изеді, Арқаға қақты. Тө-

рекұл басын шайқады. Қабағын түйді. Қалай шайқады, кімге қабақ түйді-айтқан жоқ.

Күн түнге,түн күндізге ауысып өтіп жатыр.

Ызғарды шуақ қуып, май күні, мамыр күні тамылжып тағы жетті. Аспаннан жылуы мол нұр сорғалады. Жан-жануар түлеп оянды. Тірлігі мол күнеске талпынды. Бәйшешек бой жазып, қызғалдақ қауызын ашты. Көлге саңқылдап ұшып қаз қонды. Желіге құлын байланды. Күмп-күмп етіп сабада қымыз пісілді. Жайлауға бет алған көп ауыл жылжып қонып, ірге ауыстырып, қоныс жаңартты.

Ақыл тірлігіне ғана өзгеріс енген жоқ.

Жаңғырып жаз шығар. Жанарып ән-жыр қалықтар. Қынаменде болар. Қыз-қыркын, жігіт-желең желкілдеп шығып желік қуар. Ән салар. Біржанның «Ләйлім шырақ», «Керкекіл», «Ақ серкеш», «Мәті-Дәулен», «Жамбас сипар», «Көкегіне» басар да. Бірақ сол қызық пен сайран, ойын мен той енді қас қағымға салға оралып қелер ме. Мынау толықсып өскен бойжеткендей шуақты. ғұмыр ақын кеудесіндегі ызғарын неге аластамайды-Жұпары аңқыған мерейлі мекені сонау дүбірлі думанды кезеңін еске түсіріп құсамен қинайтыны несі. Осы жайлауда Әпішін әкелмеп пе еді! Сондағы салтанат-сәні қайда? Сондағы ескен желдей гулеген шалқар шабыты қайда? Сондағы әншіл, өнершіл сал-сері нөкері қайда? Сондағы аялаған, ардақтаған ағайын-қайда? Бірде жылатып, бірде қуантатын қайғы мен қуанышты егіз ғой деуші еді. Күлкісі кетіп, өксігі қалғаны несі? Сондағы үміт пен күдікті бірдей бағып, алашақ, берешекті тең бөліскен достар қайда? Бұлт басса қашып, күн шықса ілесіп бой көрсететін көлеңке болғаны ма?

Мамыр күнінде шуақ мол. Бәйшешегі бойлап өсіп, тұнып барады. Далада тамылжыған жаңа өмірдің жас өркеннің үні бар. Жер бетінен ызғар мен суықты қуып, аластап жатыр. Әлі келмейтіні әнші көкірегіңдегі ызғар ғана. Аластамайтыны әнші жүзіндегі мұң ғана.

Ауыл көшкенде Біржанды түйеге мінгізген. Түйенің мұрындығын Төреқұл жетелеген. Төреқұлда етік жоқ, шоқай бар, Төреқұлға ат тимейді, жаяу жүреді. Жаяудын жүрісі өнбейді. Айдалада екеуі кейіндеп қалды.

- Әй, Төреқұл!

Төреқұл естімейді, жырық мұрын атан бақырады. Түйе үстіндегі аяқ-қолы таңулы Біржан итіндеп келеді. Ойға шомады. «Төреқұл! Мені саңырау сен түгіл есті-

құлақты ағайыным да тыңдамайды. Шыр етіп туғанда атан саған Төреқұл деп азан шақырып ат қойған. "Төресі" дұрыс «құлы» не? Төреден құл шықпайды. Құл төре болмайды. Қашанғы. Төреқұл бөлып үй-күйсіз жүре берерсің. Кетсеңші. Қашсаңшы бір жаққа. Мені тұтқын ғып ұстағанда сені аяр ма. Өзіңді өзің тұтқын қылмай босатсаңшы. Кетейік те үш мұңлық үш жаққа. Аяқ-қолымды шеш. Атанды қоя бер. Өзің құтыл»...

- Әй, Төрекұл!..

Төреқұл естімейді. Атан бақырады. Біржан ойға шомады.

Алыстан ән жетеді. Көш үстінде жорға-жүйрігін мінген қыз-бозбаланың жүрек тыныстары ол. Арқаның қоңыр бейуақ кештерін тіліп өтіп талай көзде жас тұндырған Біржанның сезім нұры - әуендері ол.

Ей, бозбала-ай,
Өтті-ау, заман-ай,
Қош бол, аман!-

деп бүлініп, қозыкөш жерден жетіп жатқан «Қозыкөші».

Ахау айдай
Жариям айдай,
Достың көңілін қалдырма
Қыз қалқатай!

деп үздігіп жалындаған «Бурылтайы» ол,

Қиын екен жалғанда сүйген ғашық,
Сөйлеспесе екеуі мауқын басып,-

дейтін опалы жастық тілімен үн қататын -«Ғашық жары» ол.

Бірақ Біржан селт етпейді. Жүректен шыққан толқынды ырғақ енші алған ұлдай, отау көтерген қыздай. Қайта оралмайды. Ол қалың көпшіліктің қанына сіңіп, бойына жайылған. Ендігі несі - халық. Бүлініп, бұлықсып жеткенімен бүркеу көніл қабылдамайды. Ақын жүзі селт етпейді. Сұп-сұр өңі алға қадалады- Дірілді саусақтары еркешке жабысады. Әнші ерні күбірлейді. Жаңа ырғақ, жаңа өрнек іздейді. Әнші кірпік қақпайды. Сонау ұбақ-шұбақ шұбырған көштен бала-шағасының қарасын бір шалып қалуға ынтық. Сол ынтық сағыныш ырғақ

боп толқындап келіп, бұрынғы бар әуенін ұмыттырып, тың сарынға жол берді. Біржан ақырын ғана қоңыр үнмен кең далаға зар қосты:

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.
Теміртас, Асыл, Ақық - қарақтарым
Иіскетіп кетсеңдерші мандайыңнан.

Ән алысқа ұзамайды. Қозыкөш жерге кетпейді, Ол сағыныш айтады, өкініш айтады. Баяу созылған әуенде зорлықшыл күшке әлсіз ғана ықылық атқандай қабақ түю бар. Ол қорлығын сезінген өр көңілдің әбден титықтап, жалығып шыққан жалын демімен ғана ұзарады да тез өшеді. Ән алдағы, көш маңындағы жігіт-желеңдерге жетпейді. Күйік үні көмескі, күңгірт. Жастықтың рақат жалыны мол асқақ әуендері оны көміп-көміп кетеді.

Атан ауық-ауық бақырады. Төреқұл басын бір көтермей ілби береді. Біржан ойға шомады. Ой сағынышқа бастайды. Асыл, Ақық, Теміртасын іздеттіреді.

Көктем бусанып, жер түлеп тұр. Ағаштар бүршік атып, бозторғай заңғар көкке іліп қойған ортекедей қалықтап тұрып, қоймай-қоймай құйқылжиды.

Тасырлатып әлдекім қуып жетті, Ауыздықпен алысқан атын шірене тартып қатарласып келді. Төреқұлға қарады, атанға қарады, Біржанға қарады. Төреқұлға қарап, ернін шығарды. Атанға қарап мұрнын шүйірді. Салға қарап, қарқылға басты. Мазақтап, менсінбей күлді. Ер үстінде бір бүйірлей қисая отырып, қамшының сабымен бір шекіп, бөркін кейін сырғытты. Қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған маңдайын сипап қойды.

- Аруақ-құдай барлығы рас екен. Салды аруақ атыпты. Атса атсын! Маған керегі де осы. Сазайыңды тартқан екенсің! Сен сал болғанда, мен кіммін? Ха-ха! Салдығыңа болайын сенің!..

Қамшысын қайқайта көтеріп Біржанға жақындап төне берді де, тайсақтап бұрылып кетті. Көтерілген ауыр дойыр Төреқұлдың жонарқасын осып түсті.

Атты адам ұзап барады. Қарқ-қарқ күліп мазақтап барады. Күлкісі, үні таныс. Біржан есіне түсіріп отыр. Поштабайдан естіген үні. Мынау поштабай емес. Бірақ поштабайдың өзі. Баласы. «Жауыздық-ай! Айналып со-

ғып қайталай береді екенсің-ау! Балалап өсіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысар сенің тамырына балта салар табылар ма?."

Төреқұлда үн жоқ. Арқасына тиген соққыны да ауыр - сынған жоқ. Аяңын үзбей, ілбіп келеді.

Аяқ-қолға қылбұрау түскеніне үш жылдың жүзі болыпты.

Жүйрік домбыраның шешен сөйлер қос ішегіне қол тигізбей, түйткілді жүрегінің ауыр ырғағын ғана сайратқанына да үш жылдың мөлшері, өтіпті.

Қапалы көңілдің қайғылы шеріндей уһілеу таусылғанымен, үнсіздік жойылмайды, Ақау түспеген жанының сау жері жоқ. Содан ба, қабақ шытып жасаурамайды. Күрсіп қалып тілек те күтпейді. Іздері, аңсары жоқ. Ашу-кейіске толы жүзі болушы еді, бүгін одан да айрылып қалды. Өңінен реніш те, сүйініш те білінбейді. Әншілік пен серілік ұйыған тал бойда енжарлық бейім. Еркін, бұлғаң, әзіл-сықақты жанның қазірде, самарқаулығы басым. Қат-қат тамған ыстық жас пен шып-шып шыққан қызыл қан ақын бойындағы шабытты қызу жүрегін түгел сарқып біткендей. Мезетсіз шақтың ұрланып жеткен тыйымсыз құдіретіне бас игендей күрт түсіпті.

Төрекұл бүгін әдеттегіден өзгеріп, екі-үш мәрте кірді. Ұрлап, жасырып әкелді ме, сұрап әкелді ме бір жанан сары уыз қымызды қойып кетті. Екінші оралғанда ауыз тиілмеген жананды көрді. Басын шайқады. Салдың қасына бір тізерлеп отырды. Насыбайын екі танауына жүгіртті. Біржанға ұсынды. Біржан саңырау, соқыр адамдай. Мәңгіріп отыр.

Төреқұл тағы тысқа шықты. Бұлт үйіріле бастапты. Батыстан сыбызғылатып жел көтерілді. «Дауыл болады..." Төреқұл үй іргесіндегі ораулы затын ашты. Қолдан шапқан домбыра екен. Соған ішек тағып, тиек орнатпақ. Пернесін өзінше қондырып, тыңқ-тыңқ шертіп қояды.

Жел күшейді. Бұлт қоюланды. Жалп-жалп үзік-туырлықтар жалпылдады. Бірі бақанын, бірі қазығын көтеріп ауыл адамдары әбігерге түсті. Әлгінде өркеш-өркеш бұлт арасынан ақшыл сәуле қиғаштана көрініп тұр еді, о да жоғалып кетті.

Аспанды бұлт тегіс бүркеді. Ұзақ ызың салып жел қатайды.

Төреқұл түңліктің төрт бауын қайта байлап, жел жақтан қазық қағып, белбауды қатайтты. Сонан соң ішке кірді. Салдың қарсысына отырды.

Біржан басын көтерді.

- Не айтайын деп ең, Төреқұл?

Төреқұл үндеместен артына бұрылып, домбырасын алды. Салға ұсынды.

- Қолымды босат.

Домбыра қолына тиісімен күмбірлеп шешен сөйлей жөнелген жоқ. Кібіртіктеген саусақтар қос ішекті бірбірлеп шертіп өтті. Ақырын күрсінген әлсіз кеудедей қатқат ызың шықты.

- Қасиетті қара домбыра-ай! Сен екеуміз ықтиярсыздың кебін тартып, бір-бірімізден айрылып қап едік. Ақырғы сәтте табысып отыр ма екеміз. Бір безілдеші, кәрі серігім!

Осыдан кейін үншіл аспап құйқылжып кетті. Алыстаң дауыл үйіріп, толқын аулады. Тыстағы дүрілдеп жеткен нөсерге қосылып бебеу қақты. Сонау жоғалып кеткен достарды бүліне іздеді. Сонау ыстық достық мейірді сағына шақырды. Перзенттеріне бақыт тілеп, аңырап шарқ ұрды. Көп-көп толғады. Сонау қызуы мол жастықты өгейсіді. Соншалық нәзік мұңмен тіл қатып отырып, ақтық қош-қошын айтты. Сонау дүбірлі кезеңін көз алдына елестетіп отырып, енді бір қайта қауышпас өкінішімен күрсін атып, ақырғы аманатын жолдады. Сонау тілек кешінде арманы қабысқан Әпішке сырын шертті. Қоштасып, бақұлдасып шертті. Сонау көркіне құмартып, көңілмен танитың көп құрбысына құпия назын арнады. Армандап, ащы жасы ағындап отырып арнады. Сонау әнімен ұйытқан тесік өкпе, алқынған демді ел-жұртын ойлай түсіп, қапастағы халінен ауыр күй төкті. Зарығып, аңсап, қоштасып отырып төкті.

Төреқұл жүзін жас жуды.

Домбыра жылады.

Нөсер төпеледі.

Сонау жазирада жай оғындай жалт-жұлт еткен жалынды жігіт үзілер шағының соңғы демін екі ішектен ықылық атқыза шығарып жатыр...

Қыл ішек үзіліп кетті. Саусақтар сұлқ қалды, Ақ са-

қал төске құлады Үш жылдың азабына төзген алып жүрек, ақын жүрек соғуын тоқтатты.

Алпыс төрт жасқа аяқ басқанда, 1894 жылдың көктемінде сал Біржан мәңгі көз жұмды.

Домбыра бебеуі тыстағы дауыл үніне жалғасты. Сонау-сонау күндердің мол ызыңын жоғалтпай, іліп әкетті.

*Алматы, 1972 жыл.*

## МАЗМҰНЫ

БӘСЕР, АЙКҮМІС ЖӘНЕ БАСҚАЛАР . . . . . . . . 3
АЛАУ . . . . . . . . . . . . . . . . . 92
БІР КҮЙ БАР . . . . . . . . . . . . . . .151

**Сматаев С.**

# СПЛАВ

***Повести***

**(на казахском языке)**

**Редактор** ***Қ. Жумадилов***
**Художник** ***Қ. Халистов***
**Худ. редактор** ***А. Смагулов***
**Тех. редактор** ***Қ. Заурěнбайұлы***
**Корректор** ***А. Бабагулова***

Сдано в набор 9/IV-74 г. Изд. № 97. Подписано к печати 5/VI-74 г. УГ03579. Бумага тип. № 2. Формат $84 \times 108^1/_{32}$ = 6,25 п. л. = 10,5 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 10,45). Тираж 41 000 экз. Цена 31 коп.

Издательство «Жазушы» пр. Коммунистический, 105.

Заказ 587. Фабрика книги Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

*Құрметті оқушылар!*

Осы кітап жайлы пікірлеріңізді мына адреске жазып жіберулеріңізді сұраймыз: Алматы қаласы, 480091, Коммунистік проспекті, 105-үй, «Жазушы» баспасы.